

Қ. Өскембаев,  
З. Сақтағанова, Ғ. Мұхтарұлы

# ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

(1945–2019 жж.)

**2-бөлім**

**8-9**

Жалпы білім беретін мектептің  
8–9-сыныптарына арналған оқулық

*Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрлігі бекіткен*



Алматы «Мектеп» 2019

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 63.3(5Қаз)я72  
Қ18

**Шартты белгі:**



– тақырыпқа қатысты жана және халықаралық  
қолданыстағы ұғымдар

**Өскембаев Қ.С., т.б.**

Қ18 **Қазақстан тарихы (1945–2019 жж.).** Жалпы білім беретін мектептің 8–9-сыныптарына арналған оқулық. 2-бөлім / Өскембаев Қ.С., Сақтағанова З.Ф., Мұхтарұлы Ф. — Алматы: Мектеп, 2019. — 248 б., сур.

ISBN 978—601—07—1282—9

К  $\frac{4306020600-106}{404(05)-19}$  4(1)-19

ӘОЖ 373.167.1  
КБЖ 63.3(5Қаз)я72

© Өскембаев Қ.С., Сақтағанова З.Ф.,  
Мұхтарұлы Ф., 2019  
© «Мектеп» баспасы, көркем  
бейнделісі, 2019  
Барлық құқықтары қорғалған  
Басылымның мүлкілік құқықтары  
«Мектеп» баспасына тиесілі

ISBN 978–601–07–1282–9

### Алғы сөз

*Қымбатты оқушылар !* Ұсынылып отырған Қазақстан тарихы оқулығының мақсаты – 1945 жылдан бүгінгі күнге дейінгі отанымыздың тарихы, кеңестік және посткеңестік кезеңдегі тарихи үдерістер мен олардың рөлі туралы жүйеленген білім қалыптастыру. Отан тарихында бұл кезең «Қазіргі заман тарихы» деп аталады.

Оқулық мазмұны дүниежүзі тарихымен, оның ішінде Кеңестер Одағының тарихымен, экономикамен, географиямен пәнаралық байланыста құрастырылған.

XX–XXI ғасырлар тарихын тұлғалар тарихы ретінде мазмұндауға ұмтылды. Өйткені тарихты жасайтын – өз халқын құрметтейтін, елінің болашағына сеніммен қарайтын қажырлы әрі білімді азаматтар. Оқулықтан Қазақстанның саяси-экономикалық және мәдени дамуына зор үлес қосқан қайраткерлердің есімдері мен олардың тағылымды істері туралы материалдарды көптеп кездестіруге болады.

Сондай-ақ өзекті оқиғаларға, тарихи кезеңдерге баға беріліп, олардың себеп-салдарлық байланыстары ашып көрсетіледі. Біз деректі құжат материалдарына сүйеніп, тарихи кезеңнің біртұтас келбетін қалпына келтіруді жөн көрдік.

Оқулық зерделеуге бағытталған ақпараттық мәтіндерден, тапсырмалар жүйесінен, танымдық айдарлар мен белсенді оқу түрлерінен тұрады. Оқулық құрылымы әрқайсысы бірнеше тақырыпты құрайтын бөлімдерді, карталар, суреттер, сызбалар, кестелер, диаграммалар, глоссарий сияқты қажетті ақпараттық және иллюстрациялық мәліметтерді қамтиды. Пікір таластыру, эссе жазу, хабарлама, реферат қорғау, ақпараттық технологияларды қолданып таныстырылым дайындау т.б. тапсырмаларды орындау сендерді бәсекеге қабілетті тұлға етіп тәрбиелеп, білімдерінді жетілдіруге ықпал етеді. Тақырып мәтінін оқу барысында қою қара бояумен немесе курсивпен берілген сөздерді естерінде сақтауларын керек.

Оқулықта қарастырылатын тақырыптар бойынша «Оқып біл», «Тірек сөздер», «Анықта!», «Ойлан!», «Орында!», «Қосымша мәлімет», «Бұл қызық» сияқты айдарлар берілген. Бұл айдарлар әрбір тақырыпты игеруде маңызды болып табылады.

Жас достар! 1945 жылдан бүгінгі күнге дейінгі Отан тарихын оқып-білу сендердің азаматтық ұстанымдарыңды қалыптастырып, Отанымызға сүйіспеншілік сезімдеріңді арттырады. Өткенді мақтан тұтып, жарқын болашақ үшін тарихты білу аса қажет!

*Авторлар*



## СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК- ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ

§1–2. Соғыстан кейінгі жылдардағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер. Пайдалы қазбаларды зерттеу және өнеркәсіптің дамуы

### Бүгін сабақта:

- соғыстан кейінгі жылдардағы экономика мен өнеркәсіптің жағдайын анықтаймыз;
- соғыстан кейінгі жылдардағы Қазақстан халқының өмірі мен тұрмысын қарастырамыз.

*Зерттеу сұрағы : Соғыстан кейін қазақстандықтардың өмірі қалай өзгерді?*

**Өнеркәсіптің соғыстан кейінгі даму ерекшеліктері.** КСРО үшін соғыс орасан зор материалдық және адам шығынын алып келді. Қалалар, ауылдар мен селолар, өндіріс орындары, теміржолдар қиратылды. Ел ұлттық байлығының шамамен үштен бірінен айырылды. Бейбіт өмірге қайта оралу әскери өнім шығаруға бағытталған бүкіл экономиканы қайта құруды талап етті. Соғыстан кейінгі өнеркәсіп дамуының басты міндеті кәсіпорынды қайта құрылымдау (реконверсиялау), яғни республика халқы үшін өнім өндіру бағытына қарай қайта құру болды. Экономиканы бейбіт өмірге көшіруге бағытталған шаралар атқарылды:

1) Мемлекеттік Қорғаныс комитеті (МҚК) жойылып, оның орнына Халық Комиссарлар Кеңесі (ХКК) құрылды;

2) өндірісте, көлікте, мемлекеттік мекемелерде соғыс кезіндегі кейбір шектеулер алынып тасталды: 8 сағаттық жұмыс күні қайта орнатылды, міндетті үстеме жұмыс тоқтатылды, жыл сайынғы демалыс қалпына келтірілді т.б.

КСРО экономикасын (Қазақстандағы сияқты) басқарудың әміршіл-әкімшіл әдісі соғыстан кейінгі кезеңде де жалғасын тапты. Қазақ КСР-ның экономикалық даму ерекшелігі – өнеркәсіптің дамуы соғыс кезінде де тоқтап қалған жоқ. Керісінше, үзіліссіз арта берді. Қалпына келтіруді қажет еткен Одақтың кейбір республикаларының өнеркәсібіне қарағанда, Қазақстан индустриясы оған мұқтаж болған жоқ. Көшіріп әкелінген кәсіпо рындар мен 20–30-жылдары индустрия-

### Тірек сөздер:

- соғыс
- өнеркәсіп
- тұрмыс жағдайы



ландыру кезінде құрылған өндірістік база соғыс жылдары майданды жабдықтаудың мықты қорына айналды.

**Назар аудар!** Соғыстан кейінгі жылдары Қазақ АКСР-і соғыс болған аймақтардағыдай өнеркәсібін қалпына келтірумен айналысқан жоқ. Ол өз дамуын одан әрі жалғастырды.

**Аймақтың пайдалы қазбаларын игеру және өнеркәсіпті дамыту.** Жалпы төртінші бесжылдықта (1946–1950 жж.) Кеңес Одағындағы сияқты республиканың индустриалдық саласының негізі болған ауыр өнеркәсіптің дамуына баса назар аударылды. 40–50-жылдары республикада кәсіпорындар, зауыт, фабрика мен шахталар іске қосылды. 1947 жылы Өскемен қорғасын-мырыш комбинаты алғашқы өнімін берді. Екібастұздағы көмір қабатын аршу істері аяқталды, Қарағанды көмір бассейніндегі көмір шығару жұмысы жалғасын тапты. Ақтөбе ферроқорытпа зауыты мен Балқаш мыс қорыту комбинатының қуаты арттырылды. Теміртау металлургия зауытында үш прокат станогі мен екі мартен пеші іске қосылды.

#### Қосымша мәлімет

Республикада соғыс жылдары басталған пайдалы қазбаларды барлау жұмысы жалғасты. Қазақстан пайдалы қазбаларын зерттеуде Қазақ КСР-і Ғылым Академиясы Президенті Қ.Сәтбаев маңызды рөл атқарды. Жезқазған мыс кенінің дамуы, Орталық, Солтүстік Қазақстан және Кенді Алтай өңіріндегі әртүрлі кен орындарының ашылуы мен пайдаланылуы оның атымен тығыз байланысты. Қазақ КСР-і Ғылым Академиясы жанынан төрт бөлімше жұмыс істеп, соның бірі геология-география бөлімшесі болды. Ондаған пайдалы кен орындарын тауып, зерттеген геолог-ғалымдар жемісті еңбек етті.

Мұнай шығаруды арттыруға мүмкіншілік жасаған Ембі алабының жана кәсіпорындары мұнай шығаруды бастады.

Жеңіл және тамақ өнеркәсібі дамығанымен, республика қажеттілігін өтей алмады. Семейдегі тері илейтін комбинат, Петропавлдағы «Комсомолка» тігін фабрикасы, Жамбыл (Тараз), Қызылорда және Павлодар тері өңдеу зауыттары өнім бере бастады. Қазақстанда 1950 жылы 65 жеңіл өнеркәсіп орындары ғана болды, оның көпшілігі революцияға дейін салынған болатын. Өнеркәсіптің басқа салалары (химия, ағаш өңдеу, құрылыс материалдарын шығару және т.б.) республиканың өнеркәсіп өндірісінде елеусіз орын алды.

Қазақстан сияқты зор аумақ үшін мақта өңдеу кәсіпорны республикалық өнеркәсіп өндірісінің 0,1%-ын, жүн өңдеу 1,6%-ын, ал былғары аяқ киім шығару 1,7%-ды ғана құрады. Мұндай жағдай тұтыну тауарларын шығаратын өнеркәсіптің барлық саласына тән сипат алды.



1949 жылы көктемде Алматыда автоматты телефон желісі жұмыс істеуін бастап, аудан орталықтарының бәрі телефон желісіне қосылды. Көлік желісі дамыды, 1950 жылы Мойынты–Шу теміржол құрылысы аяқталды.

Қазақ КСР-нің соғыстан кейінгі онжылдықта өнім қарқынының өсуі жалпы одақтық көрсеткіш бойынша ғана емес, сондай-ақ көптеген одақтас республикалардың өсу қарқынынан алда болды. Қазақ КСР-і төртінші бесжылдық жылдарында (1946–1950 жж.) өнеркәсіптің жалпы өнім қарқыны бойынша Эстония, Латвия, Армения КСР-інен кейін төртінші орынды алды. 1951–1953 жылдары Молдавия және Литва одақтас республикалары алға шықты.

**Өнеркәсіп орындарын жұмысшы күшімен қамтамасыз ету.** Жұмысшылардың кәсіби біліктілігін арттыру және жұмыс күшінің жетіспеушілігін жою мақсатында республикада еңбек мектептері мен училищелері құрыла бастады. Соғыстан кейінгі жылдары еңбек етудің озық әдістерін насихаттау, тәжірибе алмасу, ерекше көзге түскендерді марапаттау кең етек алды.

**Соғыстан кейінгі жылдардағы әлеуметтік жағдайлар.** Соғыстан кейінгі алғашқы бесжылдық жылдарында кеңес халқының еңбегі соғыс жағдайынан көп ерекшелене қойған жоқ. Жұмысшы отбасының көпшілігі барактар мен жертөлелерде тұрды. Өмір сүру жағдайы ауыр болып қала берді.

1947 жылы карточка жүйесі жойылып, ақша реформасы жүргізілді. 1946–1950 жылдары баға үш рет төмендеп, рубльдің сатып алу қабілеттілігі нығайды, еңбекшілердің жалақысы өсті.

Ұлы Отан соғысы және еңбек мүгедектеріне, майданда қаза болған отбасы мүшелеріне әлеуметтік көмек көрсетілді. Қарттық жасына жеткен, асыраушысынан айырылған, уақытша еңбек етуге қабілетсіз жандарға зейнетақы тағайындалды. Көпбалалы және жалғызбасты аналардың балаларына қосымша ақша төленді. Жұмысшылар мен қызметкерлерге жеңілдікпен демалыс орындарына, шипажайларға және пионер лагерьлеріне жолдамалар берілді. Біршама алға жылжуларға қарамастан, кеңес халқының соғыстан кейінгі онжылдықтағы тұрмыс деңгейі төмен болды.

**Ойлан!** Неге Кеңес елдері халқының соғыстан кейінгі жылдары өмір сүру сапасының жақсаратыны мен саяси тәртіптің жеңілдейтініне деген үміті ақталмады?

**Сұрақтарға жауап беріңдер.**

1. Неге соғыстан кейінгі жылдары Қазақстанда қалпына келтіру жұмыстары жүргізілмеді?

2. ҚазКСР-де өндірістің қандай салалары басым дамыды және не себепті?
3. Соғыстан кейінгі уақытта әлеуметтік жағдайлар қалай өзгерді? Осы уақыттағы өмірдің жақсарғанын неден көресіңдер?

#### Тапсырмалар.

1. Соғыстан кейінгі уақыттағы республиканың индустриалдық дамуының ерекшеліктерін атаңдар.
2. Қосымша материалдарды пайдалана отырып, қазақстандықтардың соғыстан кейінгі кезеңдегі жағдайын: жалақының өсуі, халықтың сатып алу қабілеттілігі, еңбек және тұрмыс жағдайлары, білім және денсаулық сақтау салаларын сипаттаңдар (кішігірім топтарда жұмыс істеуге болады).



**Реконверсия** – соғыстан кейін ел экономикасының азаматтық өнім өндіруге көшуі.

### § 3. Қазақ КСР ауылшаруашылығының дамуы

#### Бүгін сабақта:

- ауылшаруашылығында орын алған өзгерістерге баға береміз;
- осы жылдардағы ауыл халқының өмір сүру жағдайын анықтаймыз.

#### Тірек сөздер:

- Қазақ КСР ауылшаруашылығы
- аграрлық сектор

*Зерттеу сұрағы. Соғыстан кейінгі уақыттағы Қазақ КСР ауылшаруашылығының жағдайы қандай болды?*

#### КСРО аграрлық секторының жағдайы.

Өнеркәсіпке қарағанда ауылшаруашылығының жағдайы ауыр болды. Соғыстың салдары КСРО-ның аграрлық секторын апатты жағдайға жеткізген еді. Соғыс жылдары ұжымшар халқының саны қысқарды. Ұжымшардағы ауыр жұмыста әйелдер мен балалар еңбегі басым болды. Сондай-ақ егістік алаптар көлемінің қысқаруы мен агротехникалық дақылдардың аз себілуі егін өнімінің төмендеуіне алып келді.

1946 жылы КСРО-ның бірқатар республикаларындағы егістік аудандарын құрғақшылық пен ашаршылық жайлап алды. Соғыстан кейінгі жылдардағы алапат ашаршылық туралы айтылмады. Елді ашаршылық жайласа да, КСРО социалистік елдерге азық-түлік жағынан көмек көрсетумен болды. Бидай шетелге шығарылып (Болгария, Румыния, Венгрия, Чехословакия, Германия), ұжымшарлардан мемлекет қоймасына өнім жеткізуді арттыру талап етілді.

1946 жылы күзде егін шықпай қалып, ауылшаруашылық өнімдерін жеткізу қысқарғаннан кейін үкімет шаруаларға бақылауды күшейте түсті. КСРО ауылшаруашылығы терең дағдарысқа ұшырады.



**Қазақ КСР ауылшаруашылығы.** Қазақ КСР-інде аграрлық саланың жағдайы ауыр болды. Бірақ республика соғыстан зардап шеккен көптеген аймақтарға көмек көрсетіп отырды. Ірі қара, жылқы және қой мұндай аймақтарға арзан бағаға сатылып, тегін де берілді.

Республика бұрынғыдай малшаруашылығымен айналысатын аймақ болып қалды. Ауа райының қолайсыздығы салдарынан мал басы қысқара түсті. 1946 жылы жалпы мал саны ұжымдастыруға дейінгі мал санының 50%-ын ғана құрады. 1946–1951 жылдары малшаруашылығын ұйымдастырудың ешқандай жаңа әдістері жүргізілмеген және ойластырылмаған да еді.

#### **Қосымша мәлімет.**

Аграрлық сала жағдайы 1951 жылдан бастап күрт өзгерді. Қатал қыс Қазақстанның бірқатар аймақтарында малшаруашылығының күйреуіне алып келді. 1952–1953 жылдары мал саны азайып, 23 млн басты құрады. Малшаруашылығы аймақтың табиғи-климаттық жағдайына тәуелді экстенсивті түрде болып қала берді.

Елді азық-түлі кпен (ең бірінші кезекте, астықпен) қамтамасыз ету мәселесі жаңа шешімдер қабылдауға алып келді. 1946 жылы 26 желтоқсанда КСРО Министрлер Кеңесі «КСРО-ның шығыс аудандарында егіс алқаптарын кеңейту және дәнді дақылдарды, әсіресе жаздық бидай өсіруді арттыру» туралы қаулы қабылдады. Қазақ КСР-інің осы қаулысына сәйкес егіс алқаптарының көлемі жыл сайын арттырылып отырды.

Он жыл аралығында (1940–1950 жж.) ауылшаруашылығын қаржыландыру 3,4 есе өсті. Бірақ бұл салымдар нәтиже бермеді. Қазақстанның аграрлық дамуына сапалылық пен тиімділік тән болмады. Одақ бойынша Қазақ КСР-інің егін жинаудан жалпы өнімінің үлес салмағы (КСРО бойынша республика төртінші орында болғанымен) 1953 жылы республикада егін өнімі аса жоғары болғанның өзінде 6,6%-ды ғана құрады.

1950 жылы ұжымшарларды ірілендіріп, машина-трактор стансыларын (МТС) құруды жоспарлаған жаңа ауылшаруашылық реформасын жүргізу қолға алынды. Нәтижесінде ұжымшарлар саны қысқарды. Бұл жағдай бірқатар елді мекендердің жойылуына, шаруалардың жеке жер үлесінің азаюына, заттай төлемақылардың қысқаруына соқтырып, ауылшаруашылығының жағдайын жақсартуға еш пайдасы тимеді. Сөйтіп, XX ғасырдың 40-жылдарының аяғы мен 50-жылдардың басындағы КСРО-дағы аграрлық саясатта азық-түлік тапшылығы қайта туындады.

**Ауыл халқының өмір сүру жағдайы.** Кеңестік ауыл тығырыққа тірелді. Ұжымшарлар өз жұмысшыларына еңбегіне сай жалақы төлей

алмағандықтан, еңбекшілер жеке шаруашылықпен айналысуға мәжбүр болды. Сонымен қатар мемлекет үнемі заттай және ақшалай салықты өсіре отырып, ауыл халқына жеке жер телімдерінде өнім өндіруді арттыруға кедергі жасап отырды.

#### **Қосымша мәлімет**

Шаруалардың еңбегін шынайы бағаламау еңбекке ден қоюға кедергі болды. Кезекті реформадан кейін ұжымшар еңбеккерлері жұмысшылардан 4 есе кем жалақы алды. 1946–1949 жылдары аралығында ұжымшарлар меншігіне шаруалардың жер телімдері тартып алынды. Қосалқы шаруашылық өнімдерін сатудан түскен табысқа салынатын салық анағұрлым жоғарылады. Қиын жағдайға қарамастан, ұжымшар еңбекшілерін өз шаруашылығынан алынған өнімдер құнының 1–10%-ын ғана құрайтын бағаға сатуға мәжбүрледі. Әрбір шаруа қожалығы мемлекетке жер телімінің салығы есебінде ет, сүт, жұмыртқа, жүн т.б. өнімдерін өткізуге міндетті болды.

Ұжымшар еңбеккерлерінің еркіндігін шектейтін соғысқа дейінгі тәртіп сақталды. Олар қоныс аудару мүмкіндігінен айырылды. Шаруалардың жеке құжаты болмады, жыл сайынғы демалыс, зейнетақы, еңбекке жарамсыздық қағазы және т.б. берілмеді. Малшылардың тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени жағдайлары тым ауыр болды. Тұрғын үйлер, монша жетіспеді.

Шаруалардың ауыр жағдайы КСРО ауылшаруашылығы дағдарысының тағы бір себебіне айналды.

#### **Сұрақтарға жауап беріңдер.**

1. Соғыстан кейінгі жылдары ауылшаруашылығы дамуында қандай мәселелер байқалды?
2. Соғыстан кейінгі кезеңде ұжымшаршылардың әлеуметтік жағдайы қандай болды?

#### **Тапсырмалар.**

1. КСРО мен Кеңес Одағы республикаларындағы ауылшаруашылығы дағдарысының негізгі себептерін атаңдар.
2. Қазақ КСР-ның соғыстан кейінгі кезеңдегі ауылшаруашылығының дамуына баға беріп, жалпы қорытынды жасаңдар (жазбаша түрде).



## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘСКЕРИ-ӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕН

### § 4. Қазақстанда әскери-өнеркәсіп кешенін құру

#### Бүгін сабақта:

- XX ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы әскери-өнеркәсіптік кешеннің құрылуы салдарын сараптаймыз.

*Зерттеу сұрағы. Неге Қазақстан ядролық сынақ алаңына айналды?*

Қазақ КСР-дағы әскери-өнеркәсіптік кешен. Қырғиқабат соғыс саясаты Кеңес Одағында әскери-өнеркәсіптік кешеннің (ӘӨК) ауқымды дамуына негіз болды. Бұрын әскери өнім шығарған КСРО-дағы кейбір кәсіпорындар көпшіліктің сұранысына ие болған өнімдерді шығаруға бағыт алды. Дегенмен көптеген өнеркәсіптік кәсіпорындар өнімдер шығаруды жалғастыра берді. Мысалы, Қазақстандағы әскери өнімдер шығаратын ірі кәсіпорынның бірі Алматы ауыр машина жасау зауыты болды. Зауыт 1941 жылы Алматыға көшіріліп әкелінген Луганск паровоз зауытының 3 цехы негізінде құрылды. 1942 жылдан бастап ол әскери тапсырыс бойынша бомба, мина, снарядтар, соғыстан кейін торпедолар шығарды.

Қазақстан аумағында ірі әскери-кәсіпорын өндірісі жұмыс істеді. Елімізде көпшілігі Қорғаныс кешеніндегі электртехникалық және машина жасау кәсіпорындарының корпорациясына кіретін (ҚКЭМКК) 50-ге жуық қорғаныстық маңызы бар өндіріс орындары болды.

#### Тірек сөздер:

- Қазақ КСР әскери өнеркәсіп кешені
- атом сынағы
- ядролық сынақтар

**Бұл қызық!** Әскери, қорғаныс зауыттарында жаяу әскердің жауынгерлік машиналарының 18%-ы, бүкіл артиллерия жүйелерінің 11%-ы, атыс қарулары, Әскери-теңіз күштерінің жабдықтары, торпедолар мен әуе-корабль миналары, тактикалық зымырандарға арналған 88-21 ұшыру құрылғылары, жағалау қорғанысының зымырандық кешендері, қанатты зымырандарға арналған аппаратура, су асты қайықтарын басқару жүйелері, химиялық және биологиялық қарулар шығарылды. Қазақ КСР сынақ алаңдарында аталған қарулар мен әскери техника сынақтан өткізілді.



**Атом сынақ алаңдарының құрылысы және Семейдегі ядролық сынақтар.** Кеңес Одағында атом қаруын жасау жұмыстары қарқын алды. Қазақстанда ядролық қару жасаудан уран өндіруден бастап ядролық қаруды сынауға дейінгі барлық кезеңдерін қамтитын қуатты ядролық ғылыми-өндірістік кешені құрылды.


1947 жылы 1 тамызда Қазақ КСР-де сынақ алаңын құру туралы шешім қабылданды. Екі жыл өткен соң мемлекеттік комиссия сынақ алаңының нысандарын қабылдап, онда ядролық қару жеткізілді. Ядролық қару жасау жұмысына ірі кеңестік ғалымдар: И.Курчатов, К.Щелкин, Ю.Харитон, Я.Зельдович, А.Сахаров және т.б. тартылды. 1949 жылы 29 тамызда Семей ядролық сынақ алаңында КСРО-да ең алғашқы атомдық жарылыс жүзеге асырылды (бомбаның қуаты – 22 кт).

Сынақ алаңы үш облыстың: Семей, Қарағанды және Павлодар облысының түйіскен жерін алып жатты. 1953 жылы ең алғашқы термоядролық бомба (400 кт), 1955 жылы КСРО-дағы алғашқы сутегі бомбасы сыналды. 1961 жылы КСРО-да ең алғашқы ядролық жарылыс жасалды.

КСРО Қорғаныс Министрлігі мәліметтері бойынша, 1949 жылдан 1963 жылға дейін сынақ алаңында қуаты бірнеше тоннадан 100 кт-ға дейін жететін 113 жарылыс жасалған. Барлығы 40 жыл ішінде сынақ алаңында 470 ядролық жарылыс жүргізілген.



Семейдегі атом бомбасының жарылуы



Семейдегі сынақ алаңының сызбасы





Семейдегі сынақ алаңында жарған алғашқы сутегі бомбасы



Сынақ алаңындағы жарылыстан калған орындар

### Қосымша мәлімет.

1989 жылы ядролық қаруды сынауға мораторий жарияланды. 1991 жылы 29 тамызда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев «Семей сынақ алаңын жабу туралы» Жарлыққа қол қойды. 1995 жылы 1 маусымда Семей ядролық сынақ алаңында 130 м тереңдіктегі ұңғымада ұзындығы 592 м сынақ үшін дайындалған соңғы ядролық заряд жойылды.

Семей ядролық сынақ алаңы жұмыс істеп тұрған кезде төрт облыс – Семей, Қарағанды, Павлодар, Ақмола облыстары радиациялық уланудан зардап шекті. Семей атом сынақ алаңының жағымсыз экологиялық, әлеуметтік-демографиялық, генетикалық және басқа да салдары Қазақстан халқына әсер етпей қоймады.

### Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. ӨӨК деген не және қорғаныс кешеніндегі электротехникалық және машина жасау кәсіпорындарының корпорациясы деген не?
2. Қазақстандағы Семей ядролық сынақ алаңы туралы айтындар. Оның қандай салдары болды?

### Тапсырмалар.

1. Семей сынақ алаңының құрылысы, сынақтары мен оның салдары туралы қосымша материалдар табындар. Бұл сынақ алаңы туралы деректі фильм тауып, оны көріңдер.
2. Неге Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін КСРО-да ірі көлемді әскери-өнеркәсіп кешені пайда болды? Қосымша материалдарды пайдаланып, оны түсіндіріңдер.



**Мораторий** – белгілі бір мерзімге қандай да бір әрекеттерді кейінге қалдыру немесе тоқтата тұру туралы келісімге келу.

**Сынақ алаңы** – әртүрлі техника мен қаруларды, әскери құралдарды сынақтан өткізуге, әскери дайындық жүргізуге белгіленген құрлық немесе теңіз телімі.

## СТАЛИНДІК ИДЕОЛОГИЯНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ӨМІРГЕ ӘСЕРІ

### § 5. Соғыстан кейінгі жылдардағы қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктері

#### Бүгін сабақта:

- соғыстан кейінгі жылдардағы Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінің ерекшеліктерін айқындаймыз және сараптаймыз.

#### Тірек сөздер:

- қоғамдық-саяси өмір
- сталинизм
- репрессия

*Зерттеу сұрағы. Елімізде соғыстан кейінгі жылдары қоғамдық-саяси үдерістер қалай және неліктен өзгерді?*

**КСРО-дағы қоғамдық-саяси үдерістер.** Соғыста жеңіске жету халықтың тұрмыс-тіршілігінің жақсаруына деген үмітін оятты. Қоғамның саяси, экономикалық және мәдени өміріне өзгерістер алып келеді деген сенім пайда болды. Бірақ елде Сталиннің жекебасына табынушылық үстемдік құрып, тоталитарлық жүйе өз күшін сақтап қалды және одан әрі күшейе түсті.

Қатаң әкімшіл-әміршіл жүйеге байланысты Одақтас республикалардың ешқандай құқығы болмады. Қандай да бір бастама Мәскеудің келісімі арқылы жасалатын болды. Барлық шешімді тек орталықтың ғана қабылдауы республиканың қоғамдық-саяси өмірінің дамуына кері әсерін тигізді. Халық тоталитарлық жүйе құрсауында қалып, қоғамдық өмірге жаңа лептің қажеттігі байқалды.

Қуғын-сүргін өзгеше ойлаумен, өз бетімен әрекет жасаушылармен оппозициямен күрестің әдісі ретінде жалғаса берді. 1948–1953 жылдары 6,5 млн-ға жуық адам қуғын-сүргін құрбаны болды. Аса қатаң түрде жүргізілген жаппай қуғын-сүргін тек Сталин қайтыс болғаннан кейін ғана тоқтатылды.

Қоғамдық-саяси өмір мен ғылымның жағдайына 1946 жылғы 14 тамыздағы «Жұлдыз» және «Ленинград» журналдары туралы БК(б)П ОК қаулысы жағымсыз әсерін тигізді. Бұл зиялы қауымды қуғындаудың (оның ішінде М.Зоценко мен А.Ахматова бар) жаңа кезеңінің басталғанының белгісі болды. 40-жылдардың аяғы мен



50-жылдардың басында көркемөнер және ғылым саласындағы зиялы қауымның өкілдеріне жүргізілген саяси қуғын-сүргін кен етек алды. Осындай қиын жағдайда қоғамдық-саяси өмір партия комитеттерінің қатаң және қалтқысыз бақылауында дамыды. 1940 жылдың ортасы мен 1950 жылдың басында әкімшіл-әміршіл тәртіп шарықтау шегіне жетті.

**Қазақ КСР-індегі қоғамдық-саяси өмір.** Орталық ұлттық республикаларды партиялық жолдан таймайтындай қатаң бақылауда ұстап отырды. Соғыс аяқталғаннан кейін, 1945 жылы шілде айында, Қазақстанға Мәскеуден БК(б)П ОК Үгіт және насихат басқармасының бір топ жауапты қызметкерлері келді. Қазақстан партия ұйымы жұмысын мұқият тексеру барысында «маңызды қателер мен кемшіліктер ашылды». Комиссия қорытындысы бойынша «Қазақ КСР тарихы ...» кітабының тарихшы-авторлары (1943 ж. шыққан) маркстік-лениндік методологиядан ауытқыған, «феодалдық эпосты мадақтаған және кеңестік шындықты жеткіліксіз бейнелеген», баспалар өз жұмыстарын орындай алмаған болып шықты. Ал Қазақстанның БК(б)П ОК Үгіт және насихат жұмысы жөніндегі хатшысын орнынан босату ұсынылған. Сталиндік кезеңдегі орталықтың мұндай «ұсыныстары» үкіммен тең болған.

«Жұлдыз» және «Ленинград» журналдары туралы БК(б)П ОК қаулыларына сәйкес, Қазақстан партия комитеттері өз жұмысын жолға қойды. 1947 жылы 21 қаңтарда Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің «Қазақ КСР-і Ғылым Академиясының Әдебиет және тіл институты жұмысындағы өрескел саяси қателіктері туралы» Қаулысы жарияланды. Партия ОК шешімдерін орындай отырып, Қазақстанда «Қазақ Кеңес әдебиетінің жағдайы мен дамуы туралы» (1948 ж.), «Республикадағы театр өнерінің әрі қарай дамуының жағдайы мен міндеттері туралы» (1949 ж.) Қаулылар қабылдады. Қазақстан Компартиясы ОК шешімдерінде көркем шығармаларда, театр қойылымдарында «Қазақстанның ескірген өмірі жиі көрініс табады» деген ескертулер айтылды. 1940 жылдың аяғы мен 1950 жылдың бас кезінде қазақ зиялы қауымын қуғындау мен идеологиялық бағыттағы жұмыстар «космополитизммен» және «буржуазиялық ұлтшылдықпен күрес» ұранымен жүргізілді. Қазақстанда Компартия билігі «бай-феодалдардың ескірген сарқыншақтарына» қарсы күрес жүргізді. Мұндай белгілерді көркем әдебиеттен, оның ішінде қазақ ертегілерінен, оқулықтар мен оқу құралдарынан, ғалымдардың ғылыми еңбектерінен көптеп іздеп тапты.

«Космополит» немесе «буржуазиялық ұлтшылдар» деген айдар тағудан басқа, ғалымдар мен жазушыларға бай тұқымы, «Алаш»



партиясына катысы бар, «өткеннің ұлттық сарқыншақтарын ұстанады» деген түрлі айыптар тағылды. 1951–1953 жылдары Б.Сүлейменов, Е.Исмаилов, Ғ.Мұстафин, С.Аманжолов, Ғ.Мүсірепов, М.Әуезов, Қ.Жұмалиев, Н.Сауранбаев т.б. қуғын-сүргінге ұшырады. Қазақстандағы қуғын-сүргіннің бір көрінісі «Бекмаханов эпопеясы» немесе «Бекмаханов ісі» деген атқа ие болды.

Тек 1953 жылы И.В.Сталиннің өлімі және Сталиннің жекебасына табынушылықты айыптаған 1956 жылғы ақпандағы КОКП XX съезінің шешімдері қоғамның сталиншілдіктен арылуы үрдісінің басталуына алып келді.

### Қосымша мәлімет.

Танкілерді қолданып басқан сотталушылардың ең ірі көтерілісі 1954 жылы 16–26 маусымда Кеңгірде (Жезқазған аймағы) болды. Ол 40 күнге созылды. Көтеріліске 8 мың сотталушы қатысты. Олардың көпшілігі әскери, ауыр және саяси қылмыс жасаған украиндер, орыстар, латыштар, литвалықтар, эстондар, еврейлер, беларустар және т.б. болды. Сотталушылар Кеңес үкіметі өкілдерімен кездесуді талап етті. КСРО ІІМ министрінің орынбасары көтерілісшілердің талабын орындауға уәде беріп, олардың сақтығын әлсіретіп, лагерьді басып алуға бұйрық берді.



Кеңгір көтерілісінің ұраны

Басқалар сияқты Кеңгір көтерілісі де басып тасталды. Куәгерлердің айтуларына қарағанда, 600-ге жуық адам жараланған және қаза тапқан. Бірақ көтеріліс лагерьлік тәртіпті жеңілдетуге мәжбүр етті. Нәтижесінде тұтқындар жұмысқа сақшыларсыз баратын болды, ал кейбір жағдайларда, оларға отбасын құруға рұқсат етілді.

### Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қай жылдары және не себепті социализм идеологиясы шарықтау шегіне жетті? Қосымша деректерді пайдалана отырып, мысалдармен дәлелдеңдер.
2. Неге соғыстан кейін қуғын-сүргін тоқтамай, керісінше күшейе түсті?

### Тапсырмалар.

1. Саяси қуғын-сүргіннің жаңа кезеңінің басталуы туралы айтыңдар.
2. Қазақ КСР-нің соғыстан кейін қуғын-сүргінге ұшыраған саяси және қоғам қайраткерлері туралы эссе жазыңдар.



**Шарықтау шегі (апогей)** – не нәрсенің болмасын даму дәрежесінің шегі, жоғарғы нүктесі.

**Әкімшіл-әміршіл жүйе** – өз азаматтарына қатысты күштеу әдісін қолдана отырып жүргізілген Кеңестік мемлекетке тән қатал, нұсқаушыл, бұйрықшыл басқару жүйесі.



## § 6. Бекмаханов ісі

### Бүгін сабақта:

- ұлттық республика тарихын зерттеу және Е.Бекмахановтың «XIX ғ. 20–40-жылдардағы Қазақстан» кітабына қатысты жағдайымен танысамыз;
- Е.Бекмахановтың Қазақстанның тарих ғылымының дамуына қосқан үлесін бағалаймыз.

*Зерттеу сұрағы. Неге тарихшы Е.Бекмаханов 25 жылға сотталды?*

«Қазақ КСР тарихы» кітабын талқылау. Орталықтағы «Ленинград ісі», «Дәрігерлер ісі» атауымен жүргізілген қуғын-сүргін республикаларда аса кең көлемді шараларға ұласты. 1946 жылы бүкіл елдің қоғамдық-саяси және зияткерлік өмірі қатаң бақылауға алына бастады. КСРО-ның орталықтағы және ұлттық республикалардағы зиялыларының тәртіпін босансуы мен қудалаудың азаюына деген үміті ақталмады.

Қазақстан тарихшылары мен әдебиетшілері өткен тарихты көрсетуде жіберген «қателіктері» үшін тұрақты түрде сынға алынып, оларға қысым көрсетіле бастады. 1945 жылы маусым айында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті «Қазақ КСР тарихы» кітабының екінші басылымын дайындау туралы қаулы қабылдады. Талқылауға түсетін, пікірталас тудыратын аса маңызды мәселелердің бірі Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыс болды.

«Бекмаханов эпопеясы» немесе «Бекмаханов ісі». КСРО-дағы ұлттық республикалар тарихын қалыптастырудың алғашқы тәжірибесі – «Ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі Қазақ КСР тарихы» (И.О.Омаров пен А.М.Панкратованың редакцияларымен) 1943 жылы басылып шыққан болатын. Ол бірден Сталиндік сыйлыққа ұсынылған еді. Сыйлықтар комитетінің бірінші мәжілісінде кітап жалпы қауымның қолдауына ие болды. Алайда келесі мәжілісте профессорлардың бірі, КСРО ҒА корреспондент-мүшесі А.И.Яковлев қарсылығын білдірді. Ол комитеттің қателік жібергенін, «Қазақ КСР тарихы» мазмұны жағынан «орысқа қарсы» екенін айтты және Қазақстандағы ұлт-азаттық қозғалыстарды бағалаудағы көзқарастары үшін айыпқа тартылуы тиіс деген мәлімдеме жасады.

### Тірек сөздер:

- Бекмаханов эпопеясы
- Бекмаханов ісі
- пікірталас



Е.Бекмаханов



Жалпы «Қазақ КСР тарихын» даярлау отандық тарих ғылымының ірі жетістігі болған еді.

**Ойлан!** Тарихта өткенді бейнелеуде «жіберген қателіктері» үшін неге Қазақстан тарихшылары мен әдебиетшілері тұрақты нысанға айналды?

Кітаптың авторлары ішінде «XVIII–XIX ғасырларда қазақтардың ұлт-азаттық қозғалысы» тарауын жазған қазақстандық тарихшы Е.Бекмаханов болды. 1943 жылы Е.Бекмаханов «Қазақтардың Кенесары Қасымов (1837–1847 жж.) басқарған азаттық күресі» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғап шықты. Өз жұмысында ол көтерілісті патшаның отарлау саясатына қарсы бағытталған ұлт-азаттық қозғалыс ретінде бағалады.

1944 жылы мамыр-маусым айларында БК(б)П ОК тарихшылар мәжілісінде «Қазақ КСР тарихы» талқыланды. Кітапқа берілген оң пікірлерге қарамастан, барлық сын, ескертулер, оның ішінде әділетсіз бағалаулар «Большевик» журналы беттерінде жарияланған пікірлерде және 1945 жылғы 14 тамыздағы «Қазақ КСР тарихының екінші ба-сылымын дайындау туралы» БК(б)П ОК қаулысында айтылды.

**Бұл қызық!** Ол кезде Е.Бекмаханов жас әрі өте дарынды тарихшы еді. «Қазақ КСР тарихын» дайындауға қатысқан көрнекті кеңестік тарихшылар А.П.Кучкин, А.М.Панкратова, Б.Д.Греков, Н.М.Дружинин және т.б. бірге интернационалды ұжымның мүшесі болды. 1943 жылы күзде басылым жарық көрді. Бұл кітапта авторлар Кенесары Қасымов бастаған көтерілісті қазақ халқының Ресей империясының отарлау саясатына қарсы ұлт-азаттық күресі деп қарастырды. Отарлау саясатына қарсы берілген мұндай баға ғылыми ортада қызу пікірталас туғызды. Бұрынғы «Ресей – халықтар түрмесі» тұжырымдамасының орнына: «Ресей ұлттық шеткері аймақтарға өркениет әкелуші рөл атқарады» деген ұстаным қабылданды. Ендігі жерде Ресей империясына қарсы ұлт-азаттық қозғалыс реакциялық және ұлттық қозғалыс деп пайымдалуы қажет болды.

Сондықтан Е.Бекмахановты сынаушылардың пікіріндегі негізгі қорытынды мынаған саяды: *«Қарастырылып отырған кітапта құрастырушылардың жіберген қателіктерін талдау Қазақстан тарихының көптеген мәселелері дұрыс ашылмағандығын көрсетеді. Осы ұсынылған түрінде кітап Қазақстан тарихын меңгеруге көмектесуі былай тұрсын, керісінше оқушылардың көпшілік қауымының санасын шатастыруға әкеледі. Кітапты түбірімен өзгертіп, басып шығару керек»*, – деген қорытындыға келді.

Е.Бекмахановқа тікелей тиісу 1947 жылдың соңында басталды. Егер алғашқыда ғалымның Қазақстан тарихының жекелеген мәселелері бойынша жарияланымдарына қысым көрсетілсе, ендігі





Е.Бекмаханов дәріс жүргізуде

жерде оның «XIX ғасырдың 20–40 жылдарындағы Қазақстан» монографиясына қарсы сын-пікірлер айтылды. 1947 жылы жарық көрген Е.Бекмахановтың кітабы 1948 жылы 14–19 маусымда Алматыда қызу талқыға түсті. 1950 жылы 26 желтоқсанда «Правда» газетінің бетінде «Қазақстан тарихы мәселелерін маркстік-лениндік көзқарас тұрғысынан қарастыру» тақырыбында мақала жарияланды. Мақала авторлары Е.Бекмахановты Кенесары Қасымұлы бастаған қозғалысты прогрессивті және ұлт-азаттық қозғалыс ретінде бағалағанын өткір сынға алды. Олар Кенесары қозғалысын феодалдық-монархиялық қозғалыс ретінде сипаттады (бұл баға Қазақ КСР тарихында ресми түрде ұзақ жылдар бойы қалды).

Кенесары Қасымұлы көтерілісіне сипаттама беруге арналған пікірталастар біртіндеп қазақ зиялы қауымының көрнекті өкілдерінің сотталуына алып келді.

А.Панкратова және т.б. Е.Бекмахановты жақтап, оның теориясына қолдау көрсетті. Солардың көмегімен Е.Бекмахановты сол жылдары өте қауіпті болған И.Сталиннің пікіріне қарсы шыққаны үшін айыптауға жол берілмеді. Е.Бекмахановтың тұжырымдары дұрыс деп танылып, оның кітабын талқылауға арналған бірқатар пікірталас өтті. Бірақ қуғын-сүргін машинасы өз жұмысын бастап кеткен еді. Ақырында кітап «зиянды және ғылыми емес» деп танылды.

**Қосымша мәлімет.**

Е.Бекмахановтың «ХІХ ғ. 20–40-жылдарындағы Қазақстан» монографиясында айтылған ғылыми көзқарасы саяси зиянды деп жарияланды. 1951 жылы 6 қазанда Е.Бекмахановты ғылым докторы дәрежесінен айырды. Ол университеттен шығарылып, ауыл мектебіне мұғалім болып ауысты. Біраз уақыт Е.Бекмаханов Алматы, кейін Жамбыл облысының ауыл мектебінде тарих пәнінен сабақ берді. 1952 жылы 5 қыркүйекте Кеңес үкіметіне қарсы әрекеті үшін тұтқынға алынды. 1952 жылы 4 желтоқсандағы ҚазКСР Жоғарғы Сотының қылмыстық істер бойынша сот коллегиясының үкімінде: жеке мүлкін тәркілеп, 25 жыл еңбекпен түзеу лагеріне жабу жазасы тағайындалды. «Үкім шағым беру тәртібімен қайта қарауға жатпайды, соңғы шешім қабылданды» деген мәтін де берілді.

Сталин қайтыс болғаннан кейін оның ісі қайта каралып, қылмыстық құрамының жоқтығынан тоқтатылды. Рақымшылық берілгеннен кейін Е.Бекмахановқа бәрін қайта бастауға тура келді. Ол Қазақстанның Ресейге қосылуы туралы жаңа монография жазуға кірісті. 1958 жылы шілде айында Е.Бекмаханов докторлық диссертациясын сәтті қорғап шықты.

«Бекмаханов ісі» – әміршіл-әкімшіл жүйе идеологиясының аясына сыймаған ғалымның ауыр тағдырының куәсі болды. Жүйенің репрессиялық тетігі ең дарынды, өз ой-пікірін ашық айта алатын ғылыми және шығармашылық зиялы қауым өкілдерін аямады. Бұл жазалау шараларын жүздеген және мыңдаған қазақ халқының ұлдары бастарынан өткерді.

**Сұрақтарға жауап беріңдер.**

1. Соғыстан кейінгі жылдары қандай кітап «орысқа қарсы» деп аталып, қызу талқыға түсті?
2. «Бекмаханов ісі» неге және қалай пайда болды? Бұл үдерісті кім бастады?

**Тапсырмалар.**

1. Қосымша деректерді пайдалана отырып, Е.Бекмахановтың өмірбаянын айтып беріңдер.
2. Ғалым және педагог Е.Бекмаханов туралы эссе жазыңдар.



**Догмалық** – біржақты, қатып қалған қағидалар.



## «ЖЫЛЫМЫҚ» КЕЗЕҢІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОҒАМДЫҚ- САЯСИ ДАМУЫ

### § 7–8. Қазақстан «жылымық» кезеңінде (1954–1964 жж.)

#### Бүгін сабақта:

- «жылымықтың» мәні мен қарама-қайшылық сипатын анықтаймыз;
- Қазақстандағы қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсіндіреміз;
- Теміртау қаласындағы қайғылы оқиғалармен танысамыз.

*Зерттеу сұрағы.* «Хрущевтік жылымық» кезінде қоғамда қандай өзгерістер болды?

**КСРО мен «Хрущевтік жылымық».** 1953 жылы 5 наурызда И.В.Сталин қайтыс болды. Сталиннің қазасымен *сталиндік дәуір* аяқталды.

1953 жылы қыркүйек айында Н.С.Хрущев КОКП ОК бірінші хатшысы болып сайланды. КСРО-ны Хрущев басқарған 1953–1964 жылдарды «хрущевтік жылымық» немесе «хрущевтік онжылдық» деп атайды. Тарихшылардың Н.С.Хрущевтің рөлін бағалауы әлі күнге дейін қарама-қарсы пікір туғызуда. Бір жағынан, дәл осы Хрущев кезеңінде сталиндік жүйені бұзып, сталиншілдікті сынау басталды. Екінші жағынан қарасақ, осы жүйенің бір бөлігі болған Н.С.Хрущев күрделі реформалар жүргізуге күштар болмады.

#### Қосымша мәлімет.

И.В.Сталин қайтыс болғаннан кейін ел дамуының екі жолы қалыптасты:

- миллиондаған адам мен бүкіл халықтың өмірі мен игілігіне қатер төндіретін сталиндік саясатты жалғастыру (Л.П.Берия);
- елді басқарудың негізгі ұстанымы ретіндегі тоталитарлық жүйеден бас тарту, қоғамды саяси және экономикалық реформалау.

Бірақ бастамашысы Н.С.Хрущев болған үшінші нұсқа жүзеге аса бастады. Қайта құру басқару жүйесінің бір бөлігін ғана шарпыды. Н.С.Хрущев партия мен мемлекеттің жоғарғы басшыларына қатысты партия аппараты мен мұрағат

#### Тірек сөздер:

- «хрущевтік жылымық»
- басқару жүйесі
- 1959 жылғы Теміртау оқиғасы



Н.С.Хрущев



құжаттарын бақылауға алды. Бұл кезеңде «триумвират» деп аталған Г.М.Маленков, Л.П.Берия және Н.С.Хрущев аса ықпалды саяси фигуралар болды. Билік үшін күреске ұмтылған әрқайсысы оған өз жолымен қол жеткізуге талпынды: Л.П.Берия – ИМ органдары мен мемлекеттік қауіпсіздік әскерін бақылауға алу арқылы, Г.М.Маленков халықтың әл-ауқатын жақсарту саясатын жүргізу туралы мәселе қойды. Н.С.Хрущев басшылық мүшелерін Берияға қарсы біріктіруді ұйымдастыруды қолға алды. Л.П.Берияны тұтқындап, шеттету ол билікке келген жағдайда болмай қоймайтын жаппай қуғын-сүргіннің алдын алды.

**Ойлан!** Сталиншілдікті жоққа шығарудың салдары қандай болды? Зерттеушілер неге бұл кезеңді «қарама-қайшы шешімдер кезеңі» деп атады?

Н.С.Хрущевтің бастамасымен Сталиннің жекебасқа табынушылық саясатын айыптаған Коммунистік партияның XX съезі (1956 ж.) өтті. Осылайша қоғамдық-саяси өмірде «жылымық» басталды. Тарихта бұл кезеңді «жылымық» деп атау себебі – КСРО-ның қоғамдық-саяси өмірінде демократияландыру, рақымшылық жасау, ақтап алу үдерістері басталды. 1956 жылы Н.С.Хрущевтің бастамасымен және оның жеке бақылауымен ГУЛАГ жойылды. Бірақ Н.С.Хрущев әкімшіл-әміршіл жүйенің өкілі бола отырып, қоғамды қайта құруды аяғына дейін жүргізбеді. Мысалы, қазақстандық тарихшы Е.Бекмахановтың ісі қайта қаралып, рақымшылық алды, бірақ ақталмады. Хрущевтік кезеңде көптеген қазақстандық ғалымдар республикаға қайта оралып, қоғамдық-саяси өмір жандана бастады. Мыңдаған кінәсіз сотталғандар лагерьлерден шығарылды. Партияның кейбір көрнекті қайраткерлері, мемлекеттік және партиялық аппарат ақталғанымен, Н.С.Хрущев тез арада реформаларды тоқтата қойды. Өзгеше ойлайтындарды ескі әдіспен тоқтату мүмкін болмады. Сондықтан саяси қуғын жасырын түрде, аса сақтықпен жүргізілді.

#### **Қосымша мәлімет.**

Шығыс Қазақстаннан Н.С.Хрущевтің атына ұлттық саясаттағы кемшіліктер, қазақ мектептерінің саны төмендеп кеткені туралы хат жазған орыс тілі пәнінің мұғалімі М.Елікбаевтың тағдыры көрнекті мысал бола алады. Қауіпсіздік Комитеті жүргізген «тәрбиелік шаралардан» кейін М.Елікбаев партия қатарынан шығарылып, жүйке аурулары ауруханасына жатқызылды. КСРО Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметтері бойынша ауруханаға жатқызу жолымен жазалау акцияларын жүргізу барысында жүйке ауруларын емдейтін ауруханаға елдегі 90 мыңнан аса «өзгеше ойлайтындар» тіркелді.

Қазақстанда еркін пікірталасты басу саясатын білдірген құжат Қазақстан Компартиясы ОК «Қазақ әдебиеті» газетіндегі республикадағы мәдени дамудың кейбір мәселелерін баяндаудағы қателіктері туралы» қаулысы болды. Газет мәтінінен зиялы қауымның қазақ тілі тағдырына алаңдаушылығы, қазақ халқының көптеген ғасырлық мәдениетінің жақұттарын қайтаруға ұмтылыс жасағаны үшін «шу» шыққанын байқауға болады. Ұлы Абай феодализм сарқыншақтарын жырлаушы болып таны-



лып, кейбір «белсенді» жазушылар оның философиялық ойлары мен өлеңдерін жариялауды тоқтатуды талап етті.

Бұл кезеңдегі ішкі саясат билік диктатурасының жұмсаруымен, халықтың өмір сүру деңгейі мен жағдайының жақсаруы көріністерімен сипатталды. Н.С.Хрущев билік басында тұрған жылдары, әрбір отбасының тұрғын үйі болуына мүмкіншілік берген жаппай тұрғын үй құрылысы басталды. Осы кезеңде жаппай тұтыну заттарын шығару жолға қойылды, қазақстандықтардың пәтерлерінде заманауи жиһаз, кір жуатын және тігін машиналары, магнитофондар мен тоназытқыштар пайда болды.

Н.С.Хрущев ХХ ғасырдың 80-жылдары *кеңес халқы коммунизмде өмір сүретін болады* деп жариялады. Бірақ Хрущевтің уәделері шындыққа сай келмеді. Жастардың құлшынысын бетке ұстаған партиялық және кеңестік шенеуніктер жұмысшы күшіне байланысты мәселелерді білмеді және мәдени-тұрмыстық құрылыс мәселелерін шешуді ескермеді. Қарулану жарысына негізделген ғылыми-техникалық прогресс кеңес адамының әлеуетін жақсартуға емес, елдің соғыс-өнеркәсіптік басымдылығына жұмыс істеді.

**Қазақстандағы партиялық билік дағдарысы.** Осы кезеңде КОКП саяси ұйымдастырушылық міндетін екінші орынға қойып, мемлекеттік басқару жүйесімен бірігіп кеткен биліктің қатыгез құрылымына айналды.

#### Партиялық және мемлекеттік басқару

Партиялық органдар	Кеңестік органдар	Шаруашылық органдар
1	2	3
КОКП ОК Бас хатшысы	КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы	Министрлер Кеңесінің төрағасы
КОКП Орталық Комитеті	КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумы	Министрлер Кеңесі
Саяси бюро (Президиум) КОКП ОК	КСРО Жоғарғы Кеңесі	Министрлер
ҚКСР Компартиясы ОК Бірінші хатшысы	ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының төрағасы	ҚазКСР Министрлер Кеңесі төрағасы
ҚКСР Компартиясы ОК	ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі	ҚазКСР Министрлер Кеңесі
Облыстық комитеттер (обком)	Халық депутаттары Кеңесі облыстық атқару комитеті	Министрлер

Жалғасы

1	2	3
КОКП Қалалық комитеті	Қалалық атқару комитеті	Басқармалар
КОКП аудандық комитеті	Аудандық атқару комитеті	Трестер
Партия комитеті	Жергілікті кеңестер	Кәсіпорын әкімшілігі

Қазақстандағы партиялық билік дағдарысы ұлттық республикалардағы партияның бірінші жетекшілері Мәскеу арқылы тағайындалып, ұлттық республикалардың мүддесі есепке алынбауынан көрініс тапты. Әдеттегідей, партия тағайындаған адамдар республикада тұрмаған, жұмыс істемеген, халықтың мәдениетін, экономикасының ерекшелігін білмейтіндер болды. Тағайындауды қызметтік өсу баспалдағы ретінде пайдаланды. Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшылары КОКП Орталық Комитетінің ұсынысымен тағайындалып, аталған қызметте ұзақ тұрақтамады. Орталықтың басты міндеті: жергілікті жерлерде оның бұйрықтары мен нұсқаулары мүлтіксіз орындалуы болды. 1954–1964 жылдар аралығында Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшылары жеті рет ауысты. Республика басшыларының жиі ауысуы реформалар жүргізуге елеулі кыншылықтар туғызды, қарсылық көрсету қозғалыстарына ұласқан әлеуметтік мәселелердің жинақталып қалуына алып келді. Оның үстіне тағайындалған жеті басшының үшеуі ғана (Ж.Шаяхметов, Д.Қонаев және И.Юсупов) қазақстандық болды.

**Бұл қызық!** Ж.А.Шаяхметов 1946–1954 жылдары Қазақстан Компартиясы ОК Бірінші хатшысы қызметін атқарды, Н.С.Хрущевпен тың жерлерді игеру көлемі жөніндегі мәселелер бойынша келіспегендіктен орнынан алынды.

П.К.Пономаренко (1954–1955 жылы) – 1955 жылғы құрғақшылыққа байланысты егіннің шықпай қалуы себебінен орнынан алынды.

Л.И.Брежнев – 1955 жылдың тамызынан 1956 жылдың наурыз айына дейін; И.Д.Яковлев – 1956 жылдың наурызынан 1957 жылдың желтоқсанына дейін; Н.И.Беляев – 1957 жылдың желтоқсанынан 1960 жылдың қаңтарына дейін елді басқарды. 1959 жылы Теміртау оқиғасынан кейін орнынан алынды.

Д.А.Қонаев Қазақстан Компартиясы ОК Бірінші хатшысы қызметін екі рет атқарды: 1960–1962 жылдары (Маңғышлақты Түрікмен КСР-іне бермеу және басқа да аумақтық мәселелер бойынша Н.С.Хрущевпен келіспегендіктен үкімет басшысы қызметіне ауыстырылды); Н.С.Хрущев орнынан кеткеннен кейін 1964–1986 жылдары екінші рет партия жетекшісі болды.

И.Юсупов – 1962 жылдың желтоқсанынан 1964 жылдың желтоқсанына дейін ел басқарды.





1959 жылғы Теміртау оқиғасы

1961 жылы КП ОК Пленумында Жұмабек Тәшенов ҚазКСР Министрлер Кеңесі Төрағасы қызметінен босатылды. Ол – Қазақстанның мүддесін қорғап, одақ басшыларымен таласқа түскен ірі қоғамдық-саяси қайраткер.

**1959 жылғы Теміртау оқиғасы.** Кеңестік жүйе әлеуметтік-саяси шиеленістерді шеше алмайтын тоталитарлық жүйе болып қалғандығын 1959 жылғы Теміртау оқиғасы дәлелдейді.

Қарағанды облысы Теміртау қаласында Metallургия комбинатын салу Бүкілодақтық жастар құрылысы болып жарияланды. Комсомолдық рұқсатқағазбен, өз еркімен елдің түкпір-түкпірінен құрылысқа жас жұмысшылар ағыла бастады. Алайда жұмыс орны, тұрғын үй, басқа да қажетті жағдайларды облыс пен құрылыс басшылары дайындап үлгермеген еді. 1959 жылы Қарағанды металлургия комбинатында 25 мыңнан астам адам жұмыс істеді.

Құрылыста елеулі әлеуметтік-тұрмыстық мәселелер туындады (жатақханаларда орын жетіспеушілігі, дүкендерде азық-түлік, ауызсу тапшылығы, асхана, аурухана төсектерінің жетімсіздігі, нан жеткізу жүйелі түрде орындалмауы, құрылыс материалдарын уақытылы жеткізбеуден жұмыстың тоқтап қалуы т.б. біркатар шешуін таппаған мәселелер). Жұмысшылар палаткалы қалашықтарға орналастырылды. Бұл Кармет құрылысшыларының ашу-ызасын туғызды. Жергілікті басшылар жұмысшылардың өтініштері мен қарсылықтарын ескермеді. 1959 жылы 1–3 тамызда Теміртауда мыңдаған жұмысшы қатысқан толқулар болды. Толқулар қару қолданған әскер мен милицияның көмегімен басылып тасталды.

Бұл «Хрушев кезеңіндегі» кеңестік жүйеге қарсылық көрсетудің алғашқысы болды.

Осылайша, Теміртау оқиғасы биліктің толқуды басып-жаншуының алғашқы тәжірибесі болды. Кейіннен осындай оқиғалар Новочеркасскіде (1962 ж. маусым) және Қазақстанда (Алматы, 1986 ж. Желтоқсан оқиғасы) орын алды. Одақтық және қазақстандық басшылар бұл жағдайға шпеленістен кейін ғана назар аударды: азық-түлік және өнеркәсіп тауарларымен қамтамасыз ету жақсарды, жұмысшыларды палаткалы қалашықтардан көшірді, жұмыс қалыпқа келтірілді. 1959 жылы Теміртау оқиғасы соғыстан кейінгі онжылдықтағы КСРО-дағы тоталитарлық жүйеге алғашқы қарсылықтардың бірі болды.

#### Сұрақтарға жауап беріңдер .

1. КСРО-ны мемлекеттік-партиялық басқару деген нені білдіреді? КСРО-да және ҚазКСР-де шынайы билікке кім не болды?
2. Қазақстанда биліктің дағдарысқа ұшырауы неден көрініс тапты?
3. 1959 жылғы Теміртау оқиғасының себебі неде болды?

#### Тапсырмалар.

1. Қосымша деректерді, естелік әдебиеттерді пайдалана отырып, И.В.Сталин қайтыс боларда және қайтыс болғаннан кейінгі елдегі ахуалды сараптанғдар. Қалай ойлайсындар, «триумвираттың» қайсысының билік басына келгені дұрыс болар еді (Г.М.Маленков, Л.П.Берия және Н.С.Хрушев)?
2. Қосымша әдебиетті пайдалана отырып, Теміртау оқиғасы туралы айтып беріңдер.



**Десталиндік** – И.В.Сталиннің жекебасқа табынушылығын жөніп шығу үдерісі.

**Жылымық** – қоғамдық-саяси өмірде «жылымықты» демократияландыру үдерісі деп қабылдайды.



## ТЫҢ ИГЕРУ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН

### § 9–10. Қазақстандағы тың және тыңайған жерлерді игеру

#### Бүгін сабақта:

- Қазақстандағы тың игеру эпопеясымен танысамыз;
- хрущевтік кезеңде ауылшаруашылығында орын алған өзгерістерді бағалаймыз.

*Зерттеу сұрағы. Тың және тыңайған жерлерді игеру саясатының Қазақстанға қандай ықпалы болды?*

#### Тірек сөздер:

- тың эпопеясы
- тың жерді игеру
- дәнді дақылдар

**Н.Хрущевтің аграрлық саясатындағы жаңа бағдар.** Көптеген мәселелер ішіндегі ең күрделілерінің бірі ауылшаруашылығының дамуы мәселесі болды. И.Сталин қайтыс болғаннан кейін, 1953 жылы қыркүйек айында өткен КОКП ОК мәжілісі ауылшаруашылығында қалыптасқан жағдайға арналды. Мәжілісте ашаршылық пен тұрғындарды азық-түлікпен қамтамасыз етудегі сәтсіздіктер мойындалып, шаруалардың материалдық мүдделерін көтеру қажеттілігі айтылды.

Н.Хрущевтің пікірінше, жағдайды өзгертудің және дәнді дақылдар өндіруді арттырудың негізгі әдісі егістік алаңдарды кеңейту болды. Орталық Ресейде, КСРО-ның оңтүстігінде, елдің еуропалық бөлігінде жер қорының болмауы себепті, Н.С.Хрущевтің пікірінше, Солтүстік Қазақстандағы кең-байтақ даланы, Батыс Сібір және Орал маңындағы тың жерлерді игеру жұмысын жүргізу керек болды. Тың жерлерді игеру Хрущев кезеңінде жүзеге асқан ірі аграрлық жоба еді.

КОКП ОК қыркүйек Мәжілісінде (1953 ж.) Хрущев Қазақстан басшылығы өлкенің ауылшаруашылық мүмкіндігін жеткіліксіз пайдаланып отырғанын сынға алды. Республика басшыларына тың жерлерді игеру жоспарын жасау туралы ұсыныс жасалды. Мұндай жоспар КОКП ОК-не 1953 жылы қараша айында берілді. Онда Қазақстанның егістік жерлері төрт жыл ішінде 25 млн гектарға өсетіні белгіленді.



Қазақстандағы алғашқы тың игерушілер

Алайда тың игерудің белгіленген көлемі одақ басшылығын қанағаттандырмады, Н.С.Хрущев үшін тың игеру әлдеқайда ауқымды жоба болуы керек болды. Тың жерлер бос жатпаған еді. Қазақстанның байтақ даласы мал жайылымы ретінде, қазақтар шаруашылығының дәстүрлі саласы – жылқы шаруашылығымен айналысуға пайдаланылған болатын. Бірақ Қазақстан ірі егістік аудан ретінде жобаланып, ешқандай экономикалық есептеулер, ғалымдар мен Қазақ КСР-і басшыларының қарсылығы оны тоқтата алмады. Н.С.Хрущевтің пікірі республика басшыларының Қазақстанның жайылымдық жерлерін малшаруашылығының негізгі жем-шөп қоры ретінде сақтап қалу туралы пікірімен сәйкес келмеді. Н.С.Хрущевтің қалауы бойынша республика басшысы ауыстырылды. Ж.Шаяхметовтың орнына Қазақстан Компартиясы ОК Бірінші хатшысы болып П.К.Пономаренко тағайындалып, республика үкіметін Д.А.Қонаев басқарды.

#### Қосымша мәлімет.

Н.С.Хрущев шаруалардың тәуелділігі, еңбектеріндегі материалдық қызығушылықтарының жоқтығы, шаруа қожалықтарынан алынатын заттай және ақшалай салықтың жоғары болуы, ауылшаруашылығы өнімдерінің сату құнының төмендігі аграрлық саланың дамуына мүмкіндік бермейтінін түсінді.

Н.С.Хрущев шаруалар емес, ауылшаруашылығы жұмысшылары жұмыс істейтін жақсы механикаландырылған ірі қожалықтарды құруға бағыт алуды талап етті. Бұл бағыттың түпкі мақсаты – ауыл мен қаланы жақындастыру, шаруалар өміріндегі ұсақ буржуазиялық сарқыншақтарды жою болды.

Жаңа бағыт аталған онжылдықта елдің ауылшаруашылығының дамуына мүмкіндік жасайтын әртүрлі іс-шараларды қамтыды. Осы іс-шаралардың бірі – ауыл мен қаланы тұтастыруға, яғни, агроқалалар құруға талпыныс жасау болды. Осы шаралардың тағы бірі АҚШ-қа барып келгеннен кейін Н.С.Хрущевтің «ғажайып дақыл», «алқап ханшайымы» – жүгеріні КСРО-дағы барлық аймаққа – тундрадан бастап шөлейт жерлерге дейін өсіру болды. Хрущевтік аграрлық саясаттың тағы бір ұраны «жан басына шаққанда ет, сүт және май өндіруден Американы қуып





Н.Хрущев Қазақстанның тың игеру картасын қарауда.  
Ақмола, 1961 ж.

жетіп, басып озу» болды. Бірақ ел бойынша жаппай мал сою мен ет-сүт өнімдерінің жетіспеушілігі мәселесін шеше алмады. Аталған кезеңде ұжымшарларды ірілендіріп, 1957 жылы оларды кеңшар етіп қайта құру жүргізілді. Бірақ бұл шаралар да КСРО-дағы азық-түлік мәселесін шешпеді.

Н.С.Хрущев ұсынған жеке қосалқы шаруашылықтарды жою жөніндегі шаралар азық-түлік ахуалын нашарлатып жіберді. Бұдан базарларда ауылшаруашылық өнімдерін сату күрт төмендеп, қалалықтар азық-түлік тапшылығын сезінді.

**Қазақстанда тың және тыңайған жерлерді игеру.** «Елде астық өндіруді одан әрі арттыру мен тың және тыңайған жерлерді игеру туралы» қаулы қабылдаған КОКП ОК мәжілісі 1954 жылдың 23 ақпанынан 2 наурызына дейін өтті. Мәжілісте «қысқа мерзім ішінде астық өндіруді арттырудың маңызды және шынайы негізі Қазақстан аудандарында, Сібір, Орал, Еділ бойы және Солтүстік Кавказдың кейбір бөліктеріндегі тың және тыңайған жерлерді игеру жолымен дәнді дақылдар алқабын кеңейту қажеттігі» айтылды. 1954 жылы Кеңес Одағы бойынша 13 млн гектар тың және тыңайған жерлерді игеру қажет болса, Қазақстан ұжымшарлары мен кеңшарларының үлесіне 6,3 млн гектар жерді игеруге тапсырма берілді. Бұл іс-шаралар **«тың эпопеясы»** деген атқа ие болды.

Тың жерлерді анықтап, таңдап алу және зерттеу жұмыстары басталды. Республика Ғылым Академиясы жерді игеру ісіне ондаған кешенді экспедиция жіберді. 1954 жылы Қазақ КСР ҒА топырақтану институты қызметкерлері 22,6 млн га жыртуға жарамды жерлерді анықтады. Әртүрлі мекемелердің (КСРО Ғылым академиясы, В.И.Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық академиясы, Тимирязев атындағы ауылшаруашылығы академиясы және т.б.) игеруге жарамды жерлерді зерттеу және анықтау жұмыстарын



Тың игеруші озаттарға берілген төсбелгі

жүргізуі нәтижесінде 40 млн га-ға жуық жер тандап алынды.

Тың игеру шаралары уақытының тығыздығына орай реформа жасаудың дайындық кезеңін жүргізу тұрмақ, мұндай ірі көлемді жоба экономикалық жағынан түбегейлі зерттелмеді де. Мемлекет бұл жобаны жүзеге асыруға бар күш-қуатын, қаржылық, техникалық, еңбек ресурстарын салды.

Н.Хрущевтің пікірінше, дәнді дақылдар өндіруді арттыру үшін егіс алқаптарын кеңейту қажет болды. Астық жеткізуге

көліктің жоқтығы, мамандардың жетіспеушілігі, астық сақтайтын қоймалардың жоқтығы сияқты Қазақстан басшыларының айтқан ескертпелеріне ол құлақ аспады.

1955 жылы жоспарланған 7,5 млн га жердің орнына 9,4 млн га жер жыртылды. Қостанай, Ақмола, Көкшетау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан және Торғай облыстары тың игеру аймақтарына айналды.

Тың игеру кезеңінде ауылшаруашылығының материалдық-техникалық базасы қаржы салымдарын арттыру жолымен (1940 жылмен салыстырғанда 1955 жылы 18 есе артты) нығайтылып, трактор, комбайн және басқа да машиналар паркі кеңейе түсті. Тың игеруге қажетті жоғары сапалы техникаға тапсырысты Украина, Мәскеу және Мәскеу облысы, Ленинград, Волгоград, Челябин, Минск, Дондағы Ростов, Сібір, Балтық жағалауы республикалары және т.б. жүздеген зауыттар орындады.

Тың жерлерді игеруге он мыңдаған маман: агрономдар, инженерлер, механизаторлар, техниктер, құрылысшылар және т.б. келді. Мамандарды көбірек тарту үшін мемлекет тың жерлерге тегін жетуді қамтамасыз етті, мал сатып алуға қаржылай көмек, үй-жай салу үшін 10 жылға несие беріп, екі жылдан он жылға дейін салық төлеуден босатты. Осы мақсаттарға мемлекет 20 млрд сом қаражат бөлді. Алғашқы тың игерушілер 30–40 градустық аяздарда палаткаларда тұрып, тәулік бойы жұмыс істеді, ерен еңбектер атқарып, зор қиыншылықтарға төзе білді.

#### Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Н.С.Хрущевтің аграрлық саясатындағы жаңа бағыт деген не?
2. Қазақстанда тың және тынайған жерлерді игеру жоспары қандай болды және ол қалай жүзеге асты?



**Тапсырмалар.**

1. Тың жерлерді игеру шараларының жедел атқарылуы неден көрініс тапты?
2. Алғашқы тың игерушілер туралы қысқаша ақпарат дайындаңдар.



**Тың жерлер** – жыртылмаған, игерілмеген жерлер.

**Эпопея** – аса елеулі тарихи оқиғалар туралы эпикалық сипатта жазылған туынды.

## § 11. Тың жерлерді игерудің экономикалық, экологиялық, демографиялық салдары

### Бүгін сабақта:

- тың жерлерді игерудің экономикалық және экологиялық салдарын;
- демографиялық салдардың сипатын және олардың Қазақстан халқының ұлттық құрылымына әсерін анықтаймыз.

*Зерттеу сұрағы. Қазақ КСР-індегі тың эпопеясының нәтижелері мен салдарлары қандай?*

### Тірек сөздер:

- тың игерудің салдары
- жер эрозиясы

**Тың жерлерді игерудің экономикалық нәтижелері.** Тың игеру саясатының экономикалық жағынан жағымды нәтижелерін ерекше атап көрсетуге болады. Тың жерлерді игеру барысында Қазақстан ірі астық базасына айналып, В.И.Ленин орденімен марапатталды. Аймақтағы барлық дәнді дақылдар алқабы 4 еседен аса өсті. Осы жылдары астық даярлау көлемі жағынан Солтүстік Қазақстан тек Украина мен Батыс Сібірден қалып қойды.

Тың жерлерді игеру және ауылшаруашылығына қаржы салу жаңа қалалардың пайда болуына, ескі қалалар мен селолардың гүлденуіне ықпал етті.

Тың игерілген жерлерде қатты бидайдың жақсы сұрыптары өсірілді. Олардың құрамында ақуыз жоғары болғандықтан, одан даярланған ұннан жоғары сапалы нан пісіруге болатын. Осының арқасында Қазақстан жоғары сапалы астық шығарушы ел ретінде әлемдік нарыққа шықты. КСРО-ның бұрынғы республикалары ішінде мұндай мүмкіндікке тек Қазақстан ғана ие болды.

Тың жерлерді игеру ауқымды әлеуметтік және өндірістік инфрақұрылымның (МТС, жолдар, электр тарату жүйесі, байланыс және т.б.) пайда болуында маңызды рөл атқарды.

Тың игеру салдарының жағымсыз жақтарының ішінде экологиялық, экономикалық, әлеуметтік-демографиялық салдарды бөліп көрсету керек. Тың жерлерді жаппай жырту елеулі экологиялық мәселелерге алып келді. Тың игеру жылдары кең көлемде

жер жырту нәтижесінде, бүкіл тың аймақтарын қамтыған шаңды боран басталды. 1960 жылға қарай Солтүстік Қазақстанда сол кезде шамамен Францияның бүкіл ауылшаруашылық алқабына тең 9 млн га астам топырақ жел эрозиясына ұшырады.

Дәнді дақылдар егу үшін миллиондаған гектар жерді жырту, елді мекендер құрылысын жүргізу жайылымдық жерлердің қысқаруына, малға дайындалатын жемшөптің нашарлауына алып келді. Дәстүрлі малшаруашылығы орны толмас шығынға ұшырады. Бұл өз кезегінде ет және сүт өнімдерін өндірудің қысқаруына және тапшылығына әкелді. Тың игерілген аудандарда жылқы саны айтарлықтай азайды.

**Ойлан!** Тың эпопеясы Қазақстанның келбетін өзгертіп, жағымды және жағымсыз салдарға алып келгендігін дәлелдендер.

**Тың жерлерді игерудің демографиялық салдары және олардың Қазақстан халқының ұлттық құрылымына әсері.** XX ғасырдың 60-жылдарының бас кезінде тың жерлерді игеруге 2 млн адам келді. Бірақ олардың көпшілігі республиканың өнеркәсіпті қалаларына орналасты. Сондықтан қала халқының саны артып, Қазақстандағы халық саны 9 млн 295 мың адамға жетті.

КСРО-ның еуропалық бөлігінен көшіріп әкелу салдарынан Қазақстан халқының ұлттық құрамы өзгеріске ұшырады. Қазақтардың үлес салмағы жалпы халық санының (1962 ж.) 29%-ын құрады. Қазақ халқының үлес салмағының күрт төмендеуі нәтижесінде қазақ тілі мен мәдениетіне қауіп төнді. Қазақ мектептері жабылды, қазақ тілінде шығатын газеттер мен кітаптардың тара-



Тың игеруге өзге өңірлерден келген қоныс аударушылар



лымы азайды. Осындай жағдай бұқаралық ақпарат құралдарында да пайда болды. Қоғамдық орындарда, экономика мен іс жүргізуде орыс тілі пайдаланылды.

#### **Қосымша мәлімет.**

Қазақ халқының 1917 жылдың қазан айына дейінгі рухани және ғылыми мұрасын зерттеуге тыйым салған 1947 жылғы Қазақстан КП(б) ОК қаулысын есепке алсақ, онда қазақ халқының дәстүрі мен рухани құндылықтарының жойылу шегіне жеткенін көреміз. Сондай-ақ қазақтардың урбандалу үдерісі жасанды түрде баяулатылды.

Жалпы аталған кезеңде республика ауылшаруашылығы экстенсивті түрде дамыды. 50–60-жылдары белсенді жүргізілген реформалар, оның ішінде экономиканың аграрлық саласындағы шаралар бұл саланың құрылымын жетілдіруге алып келмеді. Тың жерлерді игеру республика ауылдарының келбетін айтарлықтай өзгертіп, Қазақ КСР-ін КСРО-дағы ірі астық өндірушіге айналдырды. Бірақ онымен қатар Қазақстан халқының әлеуметтік, экономикалық, мәдени және экологиялық өміріндегі бірқатар мәселелер мен қайшылықтарды да туындатты.

#### **Сұрақтарға жауап беріңдер.**

1. Жер жырту қазақтардың дәстүрлі малшаруашылығына қалай әсер етті?
2. Тың игеру жылдары қала халқының саны не себепті өсті?
3. Неліктен осы жылдары қазақ тілі мен мәдениетіне қауіп төнді?

#### **Тапсырмалар.**

1. Тың жерлерді игерудің қандай жағымды, жағымсыз жақтары болғанын анықтап, дәптерлеріне кесте түрінде толтырыңдар.
2. Хрущев кезеңіндегі Қазақ КСР-інің әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы жалпы қорытынды жасаңдар.



**Топырақ эрозиясы** – топырақтың құнарлы қабатының толықтай немесе ішінара бұзылуы.

## ҚАЗАҚ КСР ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ШИКІЗАТҚА БАҒЫТТАЛУЫ

### § 12–13. Қазақстанда Хрущевтік кезеңдегі өнеркәсіптің дамуы

#### Бүгін сабақта:

- Хрущев кезеңіндегі Қазақстанда өнеркәсіптің дамуы туралы білеміз;
- 1957 жылғы реформаның себептері мен мәнін айқындаймыз.

#### Тірек сөздер:

- Н.С.Хрущев
- ҚазКСР өнеркәсібі
- өнеркәсіп реформасы

*Зерттеу сұрағы. Қазақстанның табиғи қорын игеруде ұлттық мүдде қаншалықты ескерілді?*

**Қазақ КСР-і өнеркәсібінің дамуы.** Экономиканы реформалау, әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар шала, аяқталмаған сипат алды.

Республикадағы өнеркәсіптің шикізаттық бағыт алғаны айқын көрініп, өндіруші өнеркәсіп салалары басымдылықпен дамыды. «А» тобы кәсіпорындарының жалпы өнімінің өсу қарқыны (өндірістің немесе ауыр өнеркәсіп құралдарын өндіру) «Б» тобы кәсіпорындарынан алға озып шықты (тұтыну заттарын шығаратын жеңіл өнеркәсіп, тамақ өнеркәсібі және т.б. салалар). 1954–1958 жылдары 730 өнеркәсіп орны мен цех салынып, іске қосылды. 1958 жылы Қазақстан одақтас республикалар арасында (РСФСР мен Украинадан кейін) өнеркәсіп өнімдерін шығарудан үшінші орынға шықты.

**Ойлан!** Елді Н.С.Хрущев басқарып тұрған кезде өнеркәсіптегі реформалардың қарама-қайшылығы неден көрінді?

XX ғасырдың 60-жылдарында бұрын болмаған өнеркәсіп құрылысы жүзеге асырылды. Алайда республикада бұрынғыдай индустриалдық дамудың экстенсивті сипатының сақталғаны айқын көрінді. Өнеркәсіп өндірісі жетекші Еуропа елдері мен АҚШ-тағыдай тиімділікті жоғарылату есебінен емес, пайдалы қазбалар шығаруды арттыру, адамды көптеп пайдалану, жаңа зауыттар салу сияқты қосымша қорларды тарту есебінен дамыды. Республика экономикасының өндірістік саласын дамыту қаржы салымын



айтарлықтай өсіру, қуатын арттыру жолымен жүргізілді. Яғни, өнеркәсіп экстенсивті тәсілдер есебінен дамыды.

Қазақстандық жұмысшылардың соғыстан кейінгі бесжылдықтағы ерен еңбегінің нәтижесінде кара және түсті металлургия, химия өнеркәсібі өнімдерінің жаңа түрлерін шығару жолға қойылды. Мұнай мен көмір шығару өсті. Кара металлургия Қазақстандағы негізгі салалардың бірі болды. 1960 жылы Қарағанды металлургия зауытының қорыту пеші іске қосылып, республикада алғашқы шойын өндірілді. Ермак ферроқорытпа зауыты өнім бере бастады. Республика елдегі хромит кенін шығарудан бірінші орын, темір және марганец шығарудан үшінші орын алды. Республиканың ферроқорыту, прокаттау, құрыш шығарудағы рөлі арта түсті. Қазақстанда ашылған боксит кен орны негізінде Павлодар алюминий зауыты салынды, Өскемен титан-магний комбинаты іске қосылды.

Химия өнеркәсібі айтарлықтай қарқында дамыды. 1957 жылы Ақтөбеде Дон кен орны негізінде хром тұздары зауыты жұмыс істей бастады, 1960 жылы елде ең алғаш рет сирек кездесетін элементтер мен сирек металдардың тұтастай кешенін өндіретін Ертіс химия-металлургия зауыты іске қосылды. «Қаратау» комбинаты жетіжылдық (1958–1965 жж.) соңында құрамында фосфоры бар шкізат жеткізушілердің ең ірісі болды. Жамбыл суперфосфат зауыты, Ақтөбе хром қосындылар зауыты, Қарағанды синтетикалық каучук зауыты және т.б. кәсіпорындар қуатын арттырды.

Мақсатты түрде жүргізілген геологиялық іздестіру және барлау жұмыстары нәтижесінде мұнай шығару өнеркәсібі дамыды. 1950 жылы Мұнайлы және Ембі кен орындарын игеру нәтижесінде



Түсті металлургияға қажетті кенді өндіру

мұнай шығару артты. 1957 жылы «Маңғышлақмұнайгазбарлау» тресті құрылды. Қарсақ, Таңатар, Прорва, Өзен сияқты жаңа кен орындары ашылды.

Республиканың машина жасау өндірісі экономиканың жетекші салалары – аграрлық салаға, тау-кен, химия және мұнай өнеркәсібіне (Алматы ауыр машина жасау зауыты, Қазақауылмаш, Шымкент пресс-автомат және т.б. зауыттар) қызмет көрсетуге мамандандырылды. Бірақ республикадағы машина жасау қарқыны жеткіліксіз дамыды. Республикада пайдалы өнім – құрылғылар, автомобильдер, электр техникасы құралдары, машина және құрал-саймандар шығаратын өндіріс орындары болмады.

Жеңіл және тамақ өнеркәсібі дами бастады. Алайда олар да қоғамдық даму қажеттіліктерін өтей алмады. Сондықтан Қазақстан экономикасы (КСРО-дағыдай) тұтыну тауарлары жетіспейтін экономика болып қалыптасты.

Бұл кезеңде қоғамда экономиканы басқаруды жоғары деңгейге жеткізуге жол іздейтін ғылыми-техникалық прогресс тақырыбы көтерілді. Бірақ тек әскери және ғарыш салаларында ғана түбегейлі өзгерістер болды. Өнеркәсіпте бұрынғысынша қол еңбегі басым болғандықтан, дамудың басты бағыты өндірісті механикаландыру үрдісі болып қалды.

Жалпы 50–60-жылдары өнеркәсіптік өндіріс экстенсивті сипат алды. Өнеркәсіп (барлық экономика сияқты) өндіріс орындарын кеңейту, шаруашылық айналымға жаңа шикізат көздерін тарту, мамандар санын өсіру және т.б. есебінен дамыды.

**1957 жылғы реформа: салалықтан аумақтық принципке өту, халықшаруашылығы кеңесін (совнархоз) құру.** 1957 жылы өнер-



Маңғыстаудағы мұнай өндіру қондырғылары





Ақтөбе мұнайшылары

кәсіпті басқару саласында реформа жүргізіліп, салаларды басқару аумақтық принцип бойынша қайта құрылды. 1957 жылға дейін барлық кәсіпорындар салалық министрліктерге бағынды. Мысалы, көмір шығаратын шахталар Көмір өнеркәсібі министрлігіне; кәміт шығаратын фабрикалар, нан-макарон өнімдері, жеміс-жидек консервілеу зауыттары Тамақ өнеркәсібі министрлігіне қарады. Басқарудың бұл принципі салалық деп аталды. 1957 жылы бүкіл өнеркәсіптік салалық министрліктер жойылды. Енді аталған реформа бойынша, бір облыс аумағында тұрған барлық кәсіпорындар басқарудың бірыңғай органдарына – Халықшаруашылығы кеңесі басқармасына бағынатын болды. Бұл реформа аумақтық принцип бойынша басқаруды енгізіп, жаңа халықшаруашылығы кеңесі арқылы басқару жүйесі құрылды.

Қазақстанда республикалық халықшаруашылығы кеңесі басқаратын сегіз халықшаруашылық кеңесі құрылды (әр облыста). Салалық бағытына қарамастан, барлық өнеркәсіп орындары Облыстық халықшаруашылығы кеңесіне бағынышты болды.

Аталған реформаны бастаған Н.С.Хрущев облыстық кәсіпорындар жұмылдырылып, елеулі экономикалық тиімділік береді деп күтті. Алайда аталған реформа күткен тиімділікті көрсетпеді. Біртұтас салалық басқару бұзылып, жергілікті мүдделер басымдылық алды. 1965 жылы Н.С.Хрущев орнынан алынғаннан кейін өнеркәсіпті салалық басқаруға қайта көшті.

#### Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Соғыстан кейінгі бесжылдықта қандай өнеркәсіп өнімдерін шығару жолға қойылды?

2. 1957 жылғы реформаның мәні неде болғанын түсіндіріңдер. Оны сызба түрінде көрсетіңдер.

#### Тапсырмалар.

1. «Хрущев кезеңіндегі» Қазақстан өнеркәсібінің дамуын сипаттаңдар.
2. Халықшаруашылығы кеңесінің қызметі, Қазақстанда олардың саны қанша болғаны туралы айтып беріңдер.
3. Сөздікпен жұмыс істеңдер. Өндірістің экстенсивті және интенсивті сипатының ерекшеліктері туралы айтыңдар.

### § 14. Қазақстандағы әскери-өнеркәсіптік кешен. Байқоңыр ғарышайлағы

#### Бүгін сабақта:

- КСРО мен Қазақстандағы әскери-өнеркәсіптік кешеннің мәні мен маңызын зерделейміз;
- XX ғ. екінші жартысындағы Қазақстандағы әскери-өнеркәсіптік кешен құрудың салдарын анықтаймыз.

#### Тірек сөздер:

- әскери-өнеркәсіптік кешен
- Байқоңыр ғарышайлағы
- ядролық сынақ алаңы

*Зерттеу сұрағы. Қазақ КСР-індегі ядролық сынақтардың қандай салдары болды?*

**Қазақстандағы әскери-өнеркәсіптік кешен (ӘӨК).** КСРО-ның ӘӨК кәсіпорындарының көпшілігі Қазақ КСР аумағында орналасты. Мысалы, Курчатов қаласында ядролық зымырандардың қозғалтқыштары жиналды. Петропавл ауыр машина жасау зауытында орта қашықтықтағы зымырандар, Орал қаласында әскери кемелерге арналған ірі калибрлі пулеметтер, Өскемен Үлбі зауытында әскери-өндірістік маңызы бар химиялық элементтер – берилл, тантал шығарылды.

Қазақстан аумағында көптеген әскери, бактериологиялық, химиялық және ғарыш сынақ алаңдары орналасты. Жекелеп алғанда, Арал теңізіндегі Возрождение аралында бактериологиялық қаруды сынау алаңы құрылды. Қазақстанда стратегиялық маңызы бар әскери базалар мен сынақ алаңдары орналасты. Солтүстік Қазақстанда және Семей облысында әлемдегі ең ауыр, әрқайсысы қуаты 550 кт болатын 10 ядролық оқтұмсықтармен жарактандырылған континентаралық баллистикалық зымырандар орналастырылды. Әскери қорғаныста «РС-20» 104 зымыраны тұрды. Әскери аэродромдарда 240 қанатты ядролық зымырандары бар 40 стратегиялық бомбалаушы Ту-95 МС ұшақтары орналасты.

**Ядролық сынақ алаңдары.** Қазақстан аумағында КСРО ядролық сынақ алаңдары болды. Олар – Семей ядролық сынақ алаңы,



Капустин Яр (88–20 баллистикалық зымырандарының алғашқы бөліктерінің түсуіне арналған Тайсойғанмен қосқанда үш сынақ алаңын біріктіреді), Азғыр сынақ алаңы. Азғыр сынақ алаңында (Каспий маны ойпаты, Атырау облысы) 1966–1979 жылдары 160 м-ден 1500 м-ге дейінгі тереңдікте 17 жерасты ядролық жарылысы жасалды. Лира (Қарашығанак) нысанында 1983 жылдан бастап бірнеше жерасты ядролық жарылыстары жүргізілген. Приозерск қаласының орталығы Сарышаған сынақ алаңында зымыран шабуылына қарсы қорғаныс және әуе шабуылына қарсы қорғаныс стратегиялық жүйелері сыналды. Сонымен қатар лазерлік қарулар, әуе шабуылына қарсы қорғаныс жүйелері Ембі сынақ алаңында сынақтан өткізілді.



Ядролық қару жарылысы

**Байқоңыр ғарышайлағы.** 1955 жылы жұмыс істей бастаған Байқоңыр ғарышайлағы – 5000 шаршы км-ге созылып жатқан орасан зор нысан. Бұл кешеннің ұшу алаңдарынан биіктігі 20–40 мың км орбитаға 2,5 мыңға жуық зымыран ұшырылды. Олар ғарышқа әскери, ғылыми және әлеуметтік-экономикалық мақсаттарға белгіленген 1380 құрылғы шығарған. 1955 жылы 12 ақпанда Байқоңыр құрылысы басталып, 1957 жылы іске қосылды. Сонымен қатар ғарыш кешеніне зымырандардың ұшу жолындағы зымыран бөліктері құлайтын жерлер де жатады. Оның 4,6 млн га – Қазақстанда, 1,2 млн га – Түрікменстанда, 5,3 млн га Ресей Федерациясында орналасқан.

1961 жылы 12 сәуірде Байқоңырда маңызды оқиға орын алды. Бұл күні 9 сағат 07 минутта ғарыштық дәуір басталып, Юрий Алексеевич Гагарин алғаш рет ғарышқа ұшты.

70–80-жылдары Байқоңыр Кеңес Одағындағы ең ірі ғарыш алаңы болды. Байқоңыр ғарышайлағынан алғашқы жасанды Жер серігі ұшырылды. «Восток», «Восход», «Союз» ғарышкемелері ұшырылып, «Салют», «Мир» орбиталық стансылары, «Энергия», «Буран» планетааралық ғарыш аппараттары жіберілді.

Әлемдегі ғарышқа ұшырылған зымырандардың жартысынан астамы Байқоңыр ғарыш алаңына тиесілі болды. КСРО құлағаннан кейін, XX ғасырдың 90-жылдарының басында ғарыш алаңы Қазақстан меншігіне өтті. Бүгінгі таңда оны Ресей 2050 жылға дейін жалға алып отыр.





Байқоңыр айлағындағы ғарыштық зымыран

Әскери сынақ алаңдары жұмысының Қазақстан халқына тигізген зардаптары. Ғарыш алаңының жұмыс істеуі нәтижесінде, жердің басым бөлігі гептилмен уланып, соның салдарынан Қазақстанда 180 мың гектардан аса жемшөп алқабы іске жарамсыз болып қалды.

Ядролық сынақ алаңы мен жаппай қырып-жою қаруын сынақтан өткізген басқа да әскери нысандардың жұмыс істеуі республика халқына, Қазақстанның табиғатына шектен тыс зиянын тигізді. Семей ядролық сынақ алаңынан басқа Қазақстан аумағында әр жылдары 27 жерде 38 ядролық жарылыс жасалды.

Ядролық қалдықтар мәселесі туындады және ол қауіпті болып қала береді. Қазақстанда олардың жүзден астам қоймасы табылды. Ядролық қалдықтардың жалпы салмағы 419 млн т-ны құрады.

Арал теңізінде бактериологиялық қаруды сынау жұмыстары жүргізілген «Возрождение» аралы орналасты.

Қазақстан аумағының орасан зор бөлігі шаруашылыққа жараммай қалды. Сынақ алаңдарына жақын орналасқан халық арасында жүрек-қан тамыры, қатерлі ісік, қан айналымы мен тыныс алу



Семей ядролық сынақ алаңы аумағындағы Шаған радиоактивті көлі



жүйелері ауруларының ауыр түрлеріне шалдыққандар жиілеп кетті. Генетикалық аурумен ауыру, ана мен бала өлімі жиіледі.

Осылайша, Байқоңыр ғарышайлағы мен әскери-өнеркәсіптік кешендер Қазақстан табиғаты мен қазақстандықтардың денсаулығына орны толмас зиянын тигізді. Осы әрекет салдары аталған аумақта тұратын адамдарға әлі де кері әсерін тигізіп келеді.

#### **Сұрақтарға жауап беріндер.**

1. Қазақстанда қандай әскери зауыттар жұмыс істеді? Әскери өнеркәсіптің қандай өнімдерін шығарды?
2. Байқоңыр ғарышайлағы салуға не себепті Қазақстан аумағы таңдап алынды?
3. Қаруды сынау және ғарыштық кемелер ұшырудың Қазақстан халқы үшін қандай жағымсыз салдары болды?

#### **Тапсырмалар.**

1. Қосымша деректерді пайдалана отырып, КСРО-ның Қазақстандағы ӘӨК нысандары туралы айтып беріндер.
2. Байқоңыр құрылысы қалай жүргені туралы айтындар.



**Генетика** – адам денсаулығына зиянды ғарыштық зымырандарға арналған отын.

**Ғарыш алаңы** – ғарыштық аппараттарды ұшыруға арналған кешенді құрылыстары бар аумақ.

## 1965–1985 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК- ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ

### § 15–16. 1965–1985 жж. Қазақстандағы өнеркәсіптің ахуалы

#### Бүгін сабақта:

- көрсетілген мерзім ішіндегі өнеркәсіптің жай-күйін анықтаймыз;
- өнеркәсіптегі өзгерістер туралы қорытындылар жасаймыз.

#### Тірек сөздер:

- тоқырау кезеңі
- 1965 жылғы реформа
- экономиканың шикізаттық сипаты



Л.И.Брежнев

*Зерттеу сұрағы . 1965–1985 жылдарды неліктен «тоқырау» жылдары деп атайды?*

**КСРО-дағы «тоқырау» кезеңі.** КСРО тарихында КОКП ОК Бас хатшысы Л.И.Брежнев болған кезенді «тоқырау кезеңі» деп атайды. Осы кезеңде сырттай карағанда, әлеуметтік-экономикалық жағдай жақсы болғанымен, қоғамда терең және шешілмеген мәселелер мен карама-қайшылықтар пісіп жетілген еді. Осы тұста экономикалық-әлеуметтік салаларда тоқырау құбылысы бой көрсете бастады.

Бірақатар сандық көрсеткіштер бойынша елдің дамуы 1964–1986 жылдары калыпты жағдайда болғанымен, экономиканың экстенсивті сипаты, пайдалы казбалар экспортына тәуелділік тоқырау үдерісіне әкеп соқтырды. Мұның белгілері жоғары технология салаларында артақалушылық, өнімнің төмен сапасы, өндірістің тиімсіздігі мен еңбек өнімділігінің азаюы болды.

Осы кезеңде кеңес мемлекетінің дағдарысына алып келген мәселелер жинақталды.

Қазақстан бұл онжылдықта РКФСР мен Украинадан кейін үшінші орынды иеленіп, Кеңестер Одағының аса ірі индустриялық-аграрлық аймақтарының біріне айналды. Қазақстанда бұл кезеңде өнеркәсіптік құрылыс белсенді жүрді, қалалардың өсуі орын алды. Бірақ ел экономикасында сапалы құрылымдық қайта құру болған жоқ. Республика экономикасы экстенсивті, шикізаттық сипатын сақтады .



**Ойлан!** Экономикада 1965–1985 жылдары қандай үдеріс жүрді?

**1965 жылғы өнеркәсіптегі реформа.** 1964 жылы қазан айында КОКП ОК мәжілісінде Н.С.Хрущев партия жетекшісі және КСРО үкіметінің басшысы лауазымынан шеттетілді. КОКП ОК Бас хатшысы Л.И.Брежнев, Министрлер Кеңесінің төрағасы А.Н.Косыгин болды. Л.И.Брежнев бұған дейін КСРО Қаржы министрі, КСРО Мемлекеттік жоспарлау төрағасы болып жұмыс істеп, 1965 жылғы реформаның жүргізілуін басқарды.

1965 жылы экономиканың дағдарыстық жағдайынан шығу жолдарын қарастыру үшін, бірқатар реформа жүзеге асырылды. 1965 жылғы реформаның басты мақсаттарының бірі кәсіпорындарды басқаруды орталықсыздандыру, дербестігін арттыру және өндіріс өнімділігін көтеру болды.

1965 жылғы шаруашылық реформасының мәні:

- экономикалық аудандарды халық шаруашылығы кеңестері арқылы басқару жүйесі жойылды; Н.Хрущевтің кезінде, 1957 жылы жойылған басқарудың салалық жүйесі қалпына келтірілді;
- өнеркәсіптік өндірісті экономикалық ынталандыруды күшейту;
- ғылыми-техникалық прогресті жылдамдату;
- кәсіпорындардың шаруашылық дербестігін кеңейту, оларды толықтай шаруашылық есепке көшіру;
- табыс, баға, сыйақы, несие сияқты аса маңызды тетіктерді неғұрлым ұтымды пайдалану;
- жұмыскерлер мен ұжымның жоспарлы тапсырмаларды орындауға, өндіріс техникасын жетілдіру мен өнім сапасын жақсартуға материалдық қызығушылықтарын арттыру шаралары қолданылды.

**8-бесжылдық (1966–1970 жж.) қорытындылары.** 1965 жылғы реформаның экономикаға әсері уақытша болды. Ол тарихқа «алтын бесжылдық» ретінде кірген 8-бесжылдық нәтижелерінен көрініс тапты. Ол соңғы 30 жылдың ішіндегі ең үздік бесжылдықтардың бірі болды. 8-бесжылдық жылдары КСРО халықшаруашылық кешені ең жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді.

Қазақстан экономикасында да ілгерілеушіліктер болды. 8-бесжылдықта жалпы өнім 1,5 есе өсті. Өнеркәсіптік өндіріс көлемі 1,6 есе, ал пайдалылығы 3 еседен аса артты. Өнеркәсіп өндірісінде заманауи салалардың меншікті үлесі жоғарылады. Өнеркәсіпте кара және түсті металлургия, көмір және мұнай өнеркәсібі жетекші салалар болып қала берді. 1970 жылға қарай көмір, темір кенін өндіру, шойын қорыту мен кара металдар прокаты бойынша Қазақстанның үлесі айтарлықтай өсті. Республика бүкілодақтық қорғасын, мыс пен титан өндірісінің басым бөлігін берді.



**Ойлан!** 8-бесжылдық неліктен «алтын бесжылдық» деп атала бастады? Мұны дәлелдермен көрсетіңдер.

1965 жылғы шаруашылық реформасы бойынша жасалған қадамдар техникалық жабдықтау, еңбек пен өндірісті ұйымдастыруды жетілдіру үдерісін жеделдетті.

Жетекші бағыттардың қатарына химия өнеркәсібі қосылып, осы жылдары оның көлемі 2,4 есе артты. Жамбыл-Қаратау және Шымкент өнеркәсіптік кешендері неғұрлым қарқынды дамыды. Машинажасау өнімдері жаңғыртылып, машиналардың жаңа түрлерін жасау игерілді. Өнімнің көпшілігі экспортқа жіберілді.

Экономиканың жақсаруы мен өнеркәсіпте еңбек өнімділігінің артуы жан басына шаққандағы электр энергиясын тұтынудың артуымен байланысты болды. Қазақстанда энергетика елеулі қарқын ала бастады. Республика электр энергиясын жан басына шаққанда көптеген жоғары дамыған елдерге (АҚШ, Жапония, Канаданы қоспағанда) карағанда артық өндірді. Республиканы электрлендірудегі маңызды істер электр желілерінің көптеп тартылуы болды. Өртүрлі аймақта олардың 90 мыңнан аса километрі тартылған.

«Алтын бесжылдық» кезеңіндегі экономикадағы тамаша нәтижелерге карамастан, реформалау КСРО-ның саяси жүйесін камтыған жоқ. Өйткені кенестік басшылық түбегейлі өзгерістерді каламады және қорықты. Экономиканы жаңғырту мен кенестік саяси жүйенің арасындағы карама-қайшылықтар 70–80-жылдары экономикалық және саяси «тоқырау» мен дағдарысқа ұласып, оның салдары Кенестер Одағының ыдырауына әкелді.

**Қазақстан экономикасының шикізаттық бағыт алуы.** 1965–1985 жылдары республика КСРО-ның аса ірі өнеркәсіптік аймақтарының біріне айналды. 1980 жылдардың бас кезінде республиканың жалпы өніміндегі өнеркәсіптің үлесі 50%-ға жетті. Бұл жерде елдің түсті металлургиясының негізгі базасы орналасты, көлемді отын-энергетикалық кешен, дамыған химия саласы болды, көмір өндіру өнеркәсібі жұмыс істеді. Мұнай өндірудің орасан зор (тіпті дүниежүзілік стандарттар бойынша) күш-қуаты болды.

60-жылдары Қазақстанда ауқымды өнеркәсіптік құрылыс жүзеге асырылды. Бірақ республика экономикасының шикізаттық сипат алуына орай өндіруші салалар басым дамыды.

Соколов-Сарыбай мен Қарағанды комбинаттарында, Ермак феррокорытпалар зауытында кара металлургия; Лениногорск, Жезқазған, Павлодар, Өскемен комбинаттарында түсті металлургия қарқынды дамыды. Маңғыстаудағы мұнай кен орындары бір-



тіндеп елеулі мұнайлы аудандардың біріне айналды. 1961 жылдан 1970 жылдарға дейін Қазақстанда жаңа кәсіпорындар, цехтар іске қосылды, сондай-ақ қайта құрылымдалды және техникалық жағынан қайта жаракталды. Сандық көрсеткіштердің өсуіне қарамастан, экономиканың ресурс шығындаушылық (үнемсіз) сипаты бұрынғыдан да елеулі көрініс бере бастады. Қазақстан экономикасы да Кеңестер Одағының экономикасына тән жалпы деформациялар мен дағдарыстық көріністерден қашып құтыла алмады. 1970–1985 жылдары КСРО-ның әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық даму деңгейі бойынша еуропалық жетекші державаларға ілесуі іс жүзінде тоқтады. Республикадағы өнеркәсіп өнімін өндірудің жылдық орташа қарқыны мен ұлттық табыс азайды.

Қазақстанда өндірістің аяқталған циклі бар жоғары технологиялық өнім шығаратын кәсіпорындар жоқ еді. Қазақстан шетке төменгі бағамен арзан шикізат шығарып, қымбат тұратын дайын өнімдер әкелді. Қазақстан экономикасының шикізаттық бағыт алуы 70–80-жылдары өндеуші өнеркәсіп пен халық тұтыну тауарлары өндірісінің нашар дамыған салалар болып қалуына әкелді. Халық тұтынатын азық-түліктен өзге тауарлардың 60%-ға жуығы басқа одақтас республикалардан әкелінді. Олардың көпшілігі қазақстандық шикізаттан дайындалды.

Бұл жылдары Павлодар трактор зауыты, Шевченко пластмассалар зауыты, Қарағанды резина техникалық бұйымдар зауыты бой көтеріп, олардың әрқайсысында ондаған мың жұмысшы еңбек етті. КСРО-да ғана емес, тіпті Еуропамен салыстырғанда ең ірі кәсіпорындар бола тұрып, олар біртіндеп көпсалалы мамандандырылмаған зауыттарға, тіпті қосалқы ауылшаруашылық кәсіпорындарына айналдырылды.

Республика экономикасының барлық саласы өнімді жұмыс жасай алмады. Металлургия, химия өндірісі қалдықтарының құрамында кейде жаңадан қазып алынған кен құрамынан гөрі көп пайдалы металдар болатын. Мұндай жағдайды өнеркәсіпке ресурс үнемдеуші техно-



Павлодар трактор жасау зауыты

логияларды енгізе отырып, қайта құру ғана өзгерте алатын еді. Алайда ол жүзеге асырылған жоқ.

Экономикадағы дағдарыстық құбылыстардың артуы өнеркәсіп өнімін өндіру қарқынының төмендеуінен, ұлттық табыстың азаюынан көрінді. Экономиканы басқарудың әміршіл-әкімшіл әдістері, экономикалық ынталандыруларды жоққа шығару, экстенсивті даму, меншіктің мемлекеттік түрінің үстемдігі, жұмысшыларды өндіріс құралдарынан айыру, орталықтың өктемдігі 60-жылдардың ортасында КСРО мен Қазақстан экономикасын дағдарысқа әкелді.

#### Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Өнеркәсіптің дамуындағы жоғары көрсеткіштерге ненің есебінен қол жеткізілді?
2. 1965–1970 жылдары Қазақстан өнеркәсібінің дамуында қандай жетістіктер болды?
3. 70–80-жылдары Қазақстан өнеркәсібінің дамуында қандай жетістіктер болды?
4. Неліктен 1970–1985 жылдардағы Қазақстан өнеркәсібіне шкізаттық бағыт алу тән болды?

#### Кестемен жұмыс.

Қазақстанда өнеркәсіптің дамуы туралы қосымша материал жинап жүйелендер. Бұл мәліметтерді кесте түрінде дәптерге жазыңдар.

Қазақстан өнеркәсібінің салалары және кәсіпорындары	Дамуындағы артықшылықтары	Кемшіліктері мен мәселелері



**Деформациялар** – сыртқы күштердің әсер етуімен болатын өзгерістер.

**Дағдарыс** – жасырын шиеленістер мен үйлесімсіздіктер көрініс беретін жай-күй.

**Экстенсивті** – сапалық емес, сандық өзгерістермен байланысты даму.



## §17–18. 70–80-жылдардағы Қазақстан ауылшаруашылығындағы дағдарыстық көріністер

### Бүгін сабақта:

- кеңес уақытындағы ауылшаруашылығында орын алған өзгерістерді бағалаймыз;
- Қазақстан ауылшаруашылығындағы дағдарыс құбылыстарын айқындаймыз;
- 1982 жылғы Азық-түлік бағдарламасының тиімділігін болжаймыз.

**1965–1970 жылдардағы ауылшаруашылығындағы реформалар.** XX ғасырдың 60-жылдары ауылшаруашылығын интенсификациялау әрекеттері жасалды. Мысалы, ірі жылу және су электр стансыларының құрылысы Шығыс Қазақстан, Семей, Солтүстік Қазақстан облыстарының кеңшарлары мен ұжымшарларын электрлендіруге мүмкіндік берді. Бірақ бұл шаралар жеткілікті түрде тиімді болған жоқ.

КОКП ОК-нің 1965 жылғы наурыз Пленумында кеңшарлар мен ұжымшарлардың экономикасын көтеру жөніндегі іс-шаралар талқыланды. Ауылшаруашылығын көтеру мақсатында:

- ауылшаруашылық өнімдерін мемлекеттік сатып алу бағалары екі есе арттырылды;
- жоспардан тыс өнім үшін қосымша ақы енгізілді;
- салық есептеу өзгертілді;
- ауылшаруашылығын қаржыландыру арттырылды;
- кеңшарлар мен ұжымшарлар жаңа техника алды;
- ауылшаруашылығында шаруашылық есепті енгізу шаралары қабылданды.

Олардың жартыкеш сипаты болғанымен де, бірқатар нәтижелер де берді. 60-жылдардың екінші жартысында аграрлық саланың жиынтық өнімінің өсуі 28%-ды құрады.

**70–80-жылдардағы ауылшаруашылығындағы дағдарыс құбылыстары.** 70–80-жылдары ауылшаруашылығын дамыту бойынша ауқымды шешімдер аталып өтті. Олар материалдық-техникалық базаны нығайтуды, интенсификациялауды, мамандандыруды, жерді суландыруды, химияландыруды көздеді. Республиканың аграрлық саласына қаржы салу арттырылды. Бұл кезеңде кеңшарлар мен ұжымшарлар трактор, автомобиль, комбайн және т.б. ауылшаруашылық техникасын алды.

Алайда 70-жылдардың басына қарай экономиканың аграрлық саласында ауыр жағдай қалыптасты.

### Тірек сөздер:

- дағдарыс көріністері
- КСРО ауылшаруашылығы
- суландыру
- химияландыру



**Ойлан!** Мысал келтіре отырып, Қазақстан ауылшаруашылығының экстенсивті сипатта болғандығын дәлелдеңдер.

70–80-жылдары ауылшаруашылығында «егін түсімі үшін күрес» әскерилер, қалалықтар, студенттер мен мектеп оқушыларын тұрақты түрде тегін жұмысқа тарту ретінде жүргізілді. Ең сәтті 1966–1970 жылдары ауылшаруашылық өндірісінің өсімі тіркелсе, бұдан кейін едәуір төмендей бастады. Ауылшаруашылығында дағдарыстық құбылыстар қарқыны жалғаса берді. Егіндік аудандары орасан зор артқанымен, олардың өнімділігі төмендей берді.

Малшаруашылығында өнім өндіру (құс өсіруді қоспағанда) тиімсіз болды. Шығыны көп кеңшарлар мен ұжымшарлардың үлесі артты.

#### **Қосымша мәлімет.**

КСРО-дағы өндіріс жүйесінің дағдарысы 1981–1985 жылдары дүниежүзіндегі ең көлемді ауылшаруашылық жерге ие бола тұрып, КСРО азық-түлік өнімдерінің ең ірі импорттаушысына айналуына әкелді. 1985 жылы әрбір үшінші бөлше нан, әрбір екінші қорапшадағы макарон АҚШ, Канада, Аргентина, Түркиядан сатып алынған импорттық астықтан дайындалды.

Ауылшаруашылық өндірісі миллиардтаған несиелер мен жәрдем ақша алғанымен, олар ұтымды пайдаланылмады. Бұл кеңшарлар мен ұжымшарларда селкостық көңіл күй туындатты, яғни өндірістің ұжымшарлық-кеңшарлық ұйымының пайдалы болмағандығын айғақтады. Ауылшаруашылығына салынған максатты қаржының орасан көлемді болғандығына қарамастан, ол пайда бермеді.

Ұжымшарлар мен кеңшарлар КСРО халқын азық-түлікпен қамтамасыз ете алмады. Өз аумағында дүниежүзілік қара топырақты жерлердің 2/3-сі бар, дүниежүзінде ауылшаруашылық жерлерінің ауданы бойынша бірінші орынды иеленген, ірі қара мал, қой, шошқа мен құс басының саны бойынша сөзсіз көшбасшы бола тұрып, ауылшаруашылығына 23 млн адамның қамтылуына қарамастан, ел азық-түліктің аса ірі импорттаушысы болып қала берді.

**Бұл қызықты!** Ауылшаруашылығы үнемі жем қорының жетіспеу мәселесіне тірелді, ол негізінен, ірі жем мен астық есебінен шешілді. Мал жыл сайын 40–45 млн т-ға дейін астықпен қоректендірілді. Астық нан пісіру үшін жетпеді және мемлекет астықты шетелден сатып алды. Алғашқы ең ірі астық жеткізілімі 1963 жылдан басталды, ал 1972–1973 жылдардан бастап, олар тұрақты жүргізіле бастады.

ҚазКСР-нда да астықтың орасан зор көлемі экстенсивті малшаруашылығына жұмсалды. Миллиондаған тонна астық малды азықтандыру үшін пайдаланылса да, малшаруашылығының нәтижелілігі өте төмен болды.

Кеңшар мен ұжымшарларда қол еңбегінің үлесі елеулі болып қала берді, шопандар жетіспеді. 1971 жылы қой шаруашылығы



дамыған Семей облысы Шұбартау ауданының комсомол ұйымы мектеп бітірушілерді қой шаруашылығында жұмыс істеуге шақырды. Жер-жерде шаруашылықтық комсомол-жастар бригадалары құрыла бастады. Қазақстан Компартиясы мал басын 50 млн-ға жеткізу міндетін қойды. Бірақ қойшаруашылығы бригадалары бұл міндеттерді орындай алмады. Бастамаға қатысуға мәжбүр болған комсомолдарда ниет те, қажетті дайындық та жоқ болды. Нәтижесінде мал басын көбейту мәселесі шешілген жоқ.



К. Дөненбаева

**Ауылшаруашылығын көтеруге бағытталған іс-шаралар.** 1982 жылғы азық-түлік бағдарламасы. Аграрлық мәселелерді шешу бойынша ірі іс-шаралардың бірі – 1982 жылы қабылданған *Азық-түлік бағдарламасы* неғұрлым қысқа мерзімде ел халқын азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету міндетін шешуге бағытталған кешенді бағдарлама болды. Бағдарлама КОКП ОК мамыр (1982 ж.) Пленумында 1990 жылға дейінгі кезенге қабылданды. Бағдарламаның басты ерекшелігі ауылшаруашылық өндірісін ғана емес, сондай-ақ оған қызмет көрсететін өнеркәсіп, көлік, сауда салаларын да біріктіргендігінде еді. Олардың бүкіл қызметі жоғары сапалы азық-түлік өнімдерін өндіру және оларды тұтынушыға дейін жеткізуге жұмылдырылды.

**Ойлан!** Азық-түлік бағдарламасы қандай мақсатта қабылданды?

Ауылшаруашылығы өндірісі дағдарысын тоқтатудың жана әрекеті ретінде жасалған 1982 жылғы Азық-түлік бағдарламасы елеулі нәтижелер бермеді. Бағдарлама сәтсіздігінің себептері басқарудың ескірген жүйесі шеңберінде әзірленгендігі және шаруалардың түбегейлі экономикалық мүдделерін қозғамағандығы болып табылды. Ауылшаруашылық өнімдеріне бағалардың көтерілуі минералдық тыңайтқыштар бағасының 2–5 есе көтерілуіне әкелді, ал бұл оның жүзеге асырылуына бөгет жасады.

Басқарудың әміршіл-әкімшіл әдістері еңбекшілерді өндірістен жіргендіріп, жұмысқа құштарлықты жойды және өздігінен әрекет жасамауды қалыптастырды. КОКП-ның мәні жағынан экстенсивті және халыққа қарсы экономикалық саясаты бұл жылдары өз мүмкіндіктерін толықтай сарқыды. Кеңестік жүйе түбегейлі қайта құруды қажетсінді.

**Өндіріс озаттары.** Ауылшаруашылығын дамытудағы қиындықтарға қарамастан, ауылдың қарапайым еңбекшілері жоғары жетіс-





Ы.Жақаев ескерткіші

рет «Орақ пен балға» алтын медалімен марапатталды. С.Абшапов, Ы.Жақаев, К.Дөненбаева, Н.Головацкий, Я.Геринг және т.б. Социалистік Еңбек Ері атағын иеленді.

тіктерге қол жеткізді. Мысалы, бұл жылдары малшаруашылығындағы негізгі ауырлықты шопандар көтерді. Республикада Жамбыл облысы Мойынқұм ауданындағы «Айдарлы» кеншарының шопаны Жазылбек Қуанышпаевтың есімі кеңінен белгілі болды. Селекциялық жұмыс жолымен оған жүн мен қаракөлдің сапасын арттырудың сәті түсті. Ж.Қуанышпаев өсірген қойлардың елтірісі Дели, Бухарест, Познань мен Нью-Йорктегі халықаралық көрмелерде, аукциондарда көрсетілді. Өзінің ауыр еңбегі мен аса көрнекті табыстары үшін ол екінші

**Бұл қызық!** Осы жылдары шаруашылық жүргізу жүйесін өзгертуге әрекеттенген И.Н. Худенко сияқты адамдар пайда болды. «Іле» кеңшары мен Алматы облысы Күрті ауданындағы Ақши тәжірибе шаруашылығында оның бастамасы бойынша басқару мен шаруашылық жүргізудің жаңа нысандары енгізілді. Фермерлік шаруашылықтарды құрып, ол шаруалардың еркін еңбегі үшін жағдайлар жасады. Еңбек өнімділігі артты, тәртіп нығайды. Жұмысшылар жоғары жалақы ала бастады. Кеңшарға оның қызметін тексеру үшін әртүрлі комиссиялар көптеп келе бастады. Олар И. Худенконың әдістерін «социалистік емес және зиянды» деп бағалады. Иван Никифорович Худенко сотталып, түрмеде қайтыс болды. Бұл жүйені өзгертуге әрекеттенген адамның қайғылы тағдырының мысалы еді.

Осылайша, Қазақстанның ауылшаруашылығында дағдарыс құбылыстары өнеркәсіпке қарағанда жоғары дәрежеде көрініс берді. Аграрлық дамудың экстенсивті жолы ресурстарды тиімді пайдалануға жағдай жасаған жоқ. Бұл ауылшаруашылық шикізаты мен азық-түліктің тапшылығына әкелді.

#### Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қабылданған іс-шараларға қарамастан, ауылшаруашылығындағы жағдай неліктен нашарлады?
2. Ауылшаруашылығындағы дағдарыстық құбылыстардың өнеркәсіпке қарағанда неғұрлым елеулі болғандығын дәлелдендер.
3. Азық-түлік бағдарламасы дегеніміз не? Бұл құжаттың қабылдануы нені айғақтайды?



### Тапсырмалар.

1. XX ғасырдың 60-жылдарындағы ауылшаруашылық реформасының мақсаттары мен негізгі іс-шараларын анықтаңдар.
2. «Сіздер үшін брежневтік уақыт несімен есте қалды?» тақырыбына туысқандарымен немесе таныстарымен сұхбат жүргізіңдер. Олардың әңгімелерін талдап, жазып алыңдар.
3. Параграф материалдарын сұхбат нәтижелерімен салыстырыңдар. Өртүрлі көзқарастарды салыстыру негізінде қорытындылар жасандар.



**Интенсивтендіру** – ғылыми-техникалық прогресс базасында техникалық, материалдық және еңбек ресурстарын неғұрлым толық және ұтымды пайдалануға негізделген өндірісті дамыту үдерісі.

**Суландыру** – жерді жақсартуға бағытталған ұйымдастырудағы шаруашылық және техникалық іс-шаралар.

**Мамандандыру** – қызметті қандай да бір мамандыққа, кәсіпке шоғырландыру.

**Химияландыру** – ауылшаруашылығында химиялық технологиялар мен химиялық өнімдерді кеңінен пайдалану.

## XX ҒАСЫРДЫҢ 60–80-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ДАМУЫНДАҒЫ ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҚТАР

### § 19–20. 1965–1985 жылдардағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктері

#### Бүгін сабақта:

- қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктерін түсінеміз;
- 1965–1985 жылдардағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси өмірдің мәселелеріне, қиындықтары мен қарама-қайшылықтарына салыстырмалы талдау жүргіземіз;
- Қазақстан Компартиясы, кәсіподақтар, комсомол қызметінің мәнін айқындаймыз.

#### Тірек сөздер:

- қоғамдық-саяси өмір
- Қазақстан Компартиясы
- комсомол
- кәсіподақтар

**1965–1985 жылдардағы саяси өмірдің мәселелері, қиындықтары мен қайшылықтары.** КОКП ОК 1964 жылғы қазан Пленумында партия мен ел басшылығы ауысты. КСРО жоғары саяси басшылығы кайраткерлерінің тобы Н.С.Хрущевті орнынан алуды күшпен түрде дайындады. КОКП ОК Бас хатшысы болып Л.И.Брежнев сайланды. Көп ұзамай хрущевтік мамандар өз лауазымдарынан босатылды. 1962–1964 жылдары Қазақ КСР Министрлер кеңесінің төрағасы болған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің (ҚКП ОК) 1-хатшысы болып қайта сайланып, бұл қызметті 1986 жылғы желтоқсан айына дейін атқарды.

**Ойлан!** Саяси өмірге қандай белгілер тән болды? Халықтың мемлекетті басқаруға шынайы көзқарасы қандай болды?

#### Қосымша мәлімет.


Саяси өмірді демократияландырмай жүргізілген 60-жылдардағы сәтсіз экономикалық реформалардан кейін қоғамның дамуы баяулай бастады. 1967 жылы Қазан төңкерісінің 50 жылдығына арналған салтанатты мәжілісте Л.И.Брежнев кеңес халқы жүріп өткен тарихи жолдың басты қорытындысы дамыған социалистік қоғамды құру болып табылғанын мәлімдеді. Осыншама кеудемсоқтық мәлімдемеге қарамастан, КСРО және Қазақ КСР қоғамдық-саяси өмірінде қоғам дамуын тежеген және елді біртіндеп тұйыққа тіреген дағдарыстық белгілер көрініс берді.

XX ғасырдың 70-жылдары билік әлі де партиялық мемлекеттік аппараттың қолына жинақталды. Ол басқарудың күнделікті және



ағымдағы мәселелерін қоғамның мүдделері үшін емес, басқарушы партия мен коммунистік идеология мүдделеріне қарай шешті.

XX ғасырдың 60–80-жылдары КСРО-ның көрші елдермен сыртқы саяси жағдайы күрт нашарлады. Бұл «қырғиқабақ соғыс» деп аталған уақыт еді. Осы кезде Венгрияда (1956 ж.), Чехословакияда (1968 ж.) қарсылықтар өтті. ҚХР-мен қатынастар шиеленісті. 1969 жылы 13 маусымда Даман аралында және сол жылы 13 тамызда Семей облысында (Жаланашкөл аймағында) шегаралық қақтығыс орын алды. КСРО мен АҚШ сияқты екі ірі державаның жанталаса қарулануы 1979 жылы кеңес әскерлерін Ауғанстан аумағына кіргізуге әкелді.



**Қазақстан Компартиясының қызметі. Кәсіподақтар. Комсомол.** Қазақ КСР-ның 1978 жылғы Конституциясы. Коммунистік партияның басшылық рөлі 1977 жылы қабылданған КСРО және Қазақ КСР Конституцияларымен (1978 ж) бекітілді. КСРО Конституциясының 6-бабында былай делінді: «КОКП – кеңес қоғамының басқарушы және бағыттаушы күші, оның саяси жүйесінің, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдарының ядросы». Компартия саяси биліктің бірден-бір иеленушісі. Республиканың жоғарғы органдары – Жоғарғы Кеңес пен Министрлер кеңесі партияның тұрақты және толық бақылауымен жұмыс істеді. Коммунистік партия Министрлер Кеңесі отырыстары мен Жоғарғы Кеңес сессияларында қандай мәселелер мен шешімдер қаралып қабылданатынын, халықшаруашылығының қандай бағытта және қалай дамитынын, кадрлық мәселелерді қалай шешетінін, кәсіподақтар, комсомол және басқа да қоғамдық бірлестіктердің немен айналысатынын белгіледі. Партия бүкіл билікті қолына алып, Кеңес мемлекетін басқарды.



## Саяси жүйе институттарының қоғамдағы ролі және орны

Саяси жүйе институттары және қоғамдық ұйымдар	1977 жылғы Конституция бойынша олардың қызметтері және нақты жағдайы
КОКП (Кеңестер Одағының Коммунистік партиясы)	Партия – қоғамның басшылық жасайтын және бағыттаушы күші, саяси жүйенің ядросы (б-бап). Партияның жоғарғы тобы мемлекеттік аппаратпен қосылып, биліктік функцияларды атқарды.
Халық депутаттарының Кеңестері	Атқарушы органдар. Шынайы билік өкілеттіліктері болған жоқ, олардың қызметін партиялық ұйымдар бақылады және қайталады.
БЛКЖО (Бүкілодақтық Лениншіл Коммунистік Жастар Одағы)	Комсомол (БЛКЖО-ның қысқаша атауы). Саяси жастар ұйымы. Партияның резерві. Саясатта дербес рөл атқарған жоқ.
Кәсіптік одақтар	Қоғамдық ұйым. Еңбекшілердің кәсіптік мүдделерін қорғауға тиіс болды. Саяси рөл атқарған жоқ. Нақты құқықтары болған жоқ.

Мемлекеттендірілу үдерісі кәсіподақтарға, комсомол, басқа да қоғамдық ұйымдарға (одақтар, бірлестіктер, қоғамдар) таралды. Қоғамдық ұйымдардың партиялық-мемлекеттік аппаратпен қосылып кетуі олардың дербестігін жоққа шығарды.

Республика кәсіподақтары еңбек заңнамасы мен еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы ережелері мен нормаларының қатаң сақталуын қадағалау өз жұмыстары деп санады. Олардың қызметін партия қатаң бақылауға алып, реттеді. Әйелдер мен жасөспірімдерді сауықтыру мен еңбегін қорғау бойынша әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-гигиеналық іс-шараларды жүзеге асырды. Кәсіп-одақтар балалар мен еңбекшілерді шипажайлар, сауықтыру орталықтары, балалар демалыс лагерлеріне емделуге және демалуға жіберді. Клубтар, мәдениет үйлері мен сарайлар сияқты мәдени-ағарту мекемелерінің саны артты.

Жастар саясатын негізін Қазақстан ЛКЖО (Лениндік Коммунистік Жастар Одағы) құрайтын комсомол ұйымдары жүргізді. Республикалық ЛКЖО БЛКЖО-ның (Бүкілодақтық Лениншіл Коммунистік Жастар Одағы) құрамдас бөлігі болды. XX ғасырдың 70-жылдары Қазақстан комсомолы 7 Бүкілодақтық, 11 республикалық және облыстық құрылыстарда көмек көрсетті. Комсомол өкілдері Жезқазған металлургия комбинаты, Қарағанды металлургия зауыты, Шымкент фосфор зауыты және т.б. құрылыстарында еңбек етті. 1974–1977 жылдары екпінді құрылыстарға комсомол жолдамасымен 25 мыңнан астам жас жігіттер мен қыздар жіберілді. 65 мыңдай жас жігіттер мен қыздар малшаруашылығына, көпшілігі қой шаруашылығына келді.

1978 жылы наурызда Қазақ КСР жаңа Конституциясының жобасы бүкілхалықтық талқылауға ұсынылды. Қазақ КСР-нің 1978 жылғы Конституциясы (Қазақ КСР-нің Негізгі заңы) республика



Жоғары Кеңесінің 1978 жылғы 20 сәуірдегі кезектен тыс VII сессиясында қабылданды. Қазақ КСР Негізгі заңына сәйкес, бүкіл өкімет билігі жұмысшыларға, шаруалар мен зиялы қауымға тиесілі болды. Одақтық Конституция сияқты, республикалық Конституция да 6-бапта партияның басшылығын заңнамамен бекітті. Билік және басқару органдары жүйесінің үстінен Қазақ КСР Коммунистік партиясы қарайтын болды. Республиканың экономикалық жүйесінің негізі мемлекеттік, кооперативтік-ұжымшарлық меншік пен кәсіподақ және өзге де қоғамдық ұйымдардың меншігі жарияланды. Қазақ КСР Конституциясында негізгі демократиялық бостандықтар: сөз, жиналыстар, шерулер, ар-ұждан бостандығы жарияланды және қоғамдық ұйымдардың рөлдері белгіленді.

**Қазақстандықтардың «тоқырау» кезеңіндегі материалдық жағдайы.** 1970–1985 жылдары КОКП-ның әрбір съезінде халықтың әл-ауқатының артуы туралы баяндалды. Бірақ халықшаруашылығындағы олқылықтар халық өмірінің сапасына тікелей ықпал етті. Кеңестік жоспарлы шаруашылықтың барлық жылдарында тауарлардың негізгі топтары, әсіресе көпшілік тұтынатын тауарлар аса тапшы болды.

Мемлекет халықтан ақшаның құнсыздану фактісін жасырды. Шын мәнінде, ақша құнсыздануының жыл сайынғы қарқыны 4% болған кезде, нақты жалақы деңгейінің төмендеуі 1970–1986 жылдары 20%-ды құрады. Партиялық-мемлекеттік аппараттың қызметкерлері жеңілдіктер мен артықшылықтарды пайдаланып, тапшы тауарлармен жабдықталды. Бұл жұртшылықтың наразылығын күшейтті және өнегелілік негіздерінің жойылуына әкелді.

Тұрғын үй құрылысының мәселелері өте өткір күйінде қалып отырды. Тұрғын үй құрылысы халықтың өсуінен әлдеқайда артта қалып келді. Тұрғын үйге деген кезек шексіз болды. Барлық қалалық отбасылардың ширегіне жуығы жатақханаларда, барак үлгісіндегі үйлерде тұрды, пәтер жалдады.

**Бұл қызық!** Керекті тауарларды іздестіруге және оларды алу кезектерінде халық көп уақытын жоғалтты. Қоғамдық санаға социалистік жоспарлы шаруашылық жағдайларында инфляция орын алуы мүмкін емес, өйткені ол тек капиталистік экономиканың белгісі екендігі туралы идея енгізілді. Инфляцияның жоғары деңгейін сұраныс пен ұсыныстың аса үлкен айырмашылығы да көрсетіп берді. Тауарларға бағалар іс жүзінде төмен және тұрақты болды, бірақ тауарлар түрі аз болды. Көптеген тауарлар бойынша тапшылық үнемі сезілді. Сапалы өнімге қолжетімділік төмен болды немесе сапасыз, сұранысқа ие болмайтын тауарларды артық өндіру орын алды. Бұл тауарлар дүкен сөрелерінде жылдар бойы жатты немесе тапшы тауарға жүктеме ретінде сатылды. Кеңестік насихатта халық табысының өсуін кеңес қоғамы әл-ауқатының артуы ретінде көрсетті. Іс жүзінде XX ғасырдың 70–80-жылдарында КСРО-да жасырын инфляция болды, халықтың нақты табысы төмендей берді. 1985 жылы халық тұтынатын тауарлардың ЖІӨ 25%-ға төмендеді.



Ауылдық жерлердегі әлеуметтік өмір сапасы мен әлеуметтік сала бұдан да нашар болды. 80-жылдардың ортасында ауыл халқы, әсіресе жастар «жақсы өмір» іздеп қалаларға ұмтылды. Қалаға келген ауылдықтар қалаларға бейімделіп, ауылдық жерлер біртіндеп қоғамның ең өнімді бөлігі – жастардан айырылды.

**Сұрақтарға жауап беріңдер.**

1. 60-жылдары қоғамның дамуы неліктен баяулай бастады? «Тоқырау кезені» дегеніміз не?
2. КОКП қоғамда қандай рөл атқарды? Ал басқа ұйымдар ше? Өз пікірлеріңді айтыңдар.

**Тапсырмалар.**

1. Қазақстандағы қоғамдық ұйымдар (ККП, Кеңестер, кәсіподақтар, БЛКЖО) жөнінде хабарлама дайындаңдар.
2. Қазақ КСР-інің 1978 жылғы Конституциясының мазмұнын талқылаңдар.

## § 21. Ұлттық саясаттағы бұрмалаушылық. 1979 жылғы Целиноград оқиғасы

**Бүгін сабақта:**

- КСРО халықтарын интернационализм ұрандары негізінде ассимиляциялау және орыстандыру әрекеттері Қазақстан халқының басым бөлігінің қарсылығын туындатқанын және бейресми топтардың құрылғандығын білеміз;
- 1979 жылғы Целиноград оқиғасын әміршіл-әкімшіл саясатқа қарсы халық наразылығының көрінісі ретінде қарастырамыз.

**Тірек сөздер:**

- ұлттық саясат
- бейресми ұйымдар
- Целиноград оқиғалары

**КСРО-дағы ұлттық саясат: мәселелері мен бұрмалаушылықтары.** Хрушев-брежневтік кезеңде орталықта КСРО аумағында адамдардың жаңа тарихи қауымдастығы – кеңес халқын қалыптастыруға шешім қабылданды.

Бұл іс-әрекеттердің теориялық негізін «ұлттық мәселенің толық және түпкілікті шешілуі», «халықтардың мәңгілік достығы», «ұлттар мен ұлыстардың жақындасуы мен қосылуы» туралы маркстік теориялар құрады. Жаппай депортациялардан және т.б. кейін Қазақстанды «халықтар достығының зертханасы» деп атай бастады.

Бұл кезеңде ұлттық республикалардағы КОКП-ның ұлттық саясатына халықтың әлеуметтік және рухани наразылығы арта түсті. Партия комитеттері интернационализмді ресми түрде жариялай отырып, ұлттық қадір-қасиеттің кез келген көрінісін, өткен тарихқа, мәдениетке, тілге қызығушылықты ұлтшылдықтың көрінісі ретінде



карастырған еді. XX ғасырдың 60–70-жылдары КОКП күштеу министрліктеріне сүйене отырып, КСРО халықтарының мүдделеріне қысым жасайтын мамандар саясатын жүргізді.

Ұлттық тіл мен мәдениетті қайта дамыту туралы балама идеяларды ұстанушылар Мәскеуде оқитын қазақ студент жастары болды. Олар ұлттық республикалардың экономикалық дамуындағы артта қалушылықты, қазақ тілі мен мәдениетіне қатысты жасырын кемсітушілікті байқай білді. Олар қазақ халқының руханилығы мен дамуын қайта дамыту мәселелері бойынша бірқатар әлеуметтік бастама ұсынды. 1962 жылы студенттер «Жас тұлпар» бейресми (ресми құрылымдарда рәсімделмеген) ұйымын құрып, ол 1966 жылға дейін өмір сүрді. «Жас тұлпар» тобына қатысушылар ұлттық республикалардың мәртебесін көтеру және құқықтарын кеңейту идеяларын ұсынды.

Ұлттық республикада дербес бейресми топтардың құрылуы одақтық партия комитеттері мен арнаулы қызметтердің алаңдаушылығын туындатты. «Жас тұлпар» үкімет билігіне тікелей оппозицияны құраған жоқ, еркін ойлаған топ мүшелері қолданыстағы режимнің негіздерін қозғаған жоқ. Солай болса да, «Жас тұлпар» қызметін талқылағаннан кейін, Қазақстан Компартиясы ОК-де оны тарату жөнінде шаралар қабылданды. Режимнің айтарлықтай жұмсарғандығына байланысты билік бұл жолы қатал емес іс-шаралармен ғана шектелді. Студенттер тікелей қуғындауға ұшыратылған жоқ. Бұл олардың оқу орындарын аяқтауына және мамандықтары бойынша жұмысқа кіруіне мүмкіндік берді. «Жас тұлпар» ұйымы қазақ жастарының бір бөлігінің ұлттық өзіндік санасының өсуіне жағдай жасады. Мұндай бейресми қозғалыстар кеңес тарихында «алпысыншы жылғылар» (олардың құрылуы мен қызметінің белсенділігі XX ғасырдың 60-жылдарына тура келгеніне байланысты) деген атауға ие болды.

Бытыранқы, бейресми, партиялық емес топтар Қазақстанның әртүрлі аймақтарында пайда бола бастады. Мысалы, Қарағандыда астыртын «ЕСЕП» партиясының, Павлодарда «Жас ұлан» ұйымының болғандығы туралы мәліметтер белгілі. Екі ұйымда да бағдарлама жарғысы, бөлімдері болды және өңірлермен байланысты жолға қойды. Бұл саны аз ұйымдардың белгіленген мақсаты қазақ мәдениеті мен тілін қорғау, республиканың аумақтық біртұтастығын талап ету болды. Көп ұзамай оларды КСРО Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің органдары күшпен таратты. 1973–1974 жылдары ҚазМУ-дің тарих факультеті студенттерінің арасында «Сарыарқа»



тобы пайда болды. Оның өз жарғысы болды және бағдарламалық мақсаттары ретінде Қазақстанның мәртебесін көтеру, ұлттық тіл мен мәдениетті қайта дамытуды белгіледі. Топ үгіт жұмысын жүргізіп, астыртын ұнпарақтарын таратты. МҚК-нің бақылауына түскен топ ыдырап кетті, ал көшбасшылары қуғындауға ұшырады. XX ғасырдың 70-жылдары жастардың осындай 20-ға жуық бейресми ұйымдары болған.

Тұтастай алғанда, бұл кезеңде «кеңестік қоғамның интернационалдануы» мен «халықтар достығы зертханасын» құру, «кеңес халқы» бірыңғай қауымдастығы ұрандарымен қоғамның рухани өмірінен қазақ тілі мен қазақ мәдениетін біртіндеп ығыстыру үдерісі жүрді. Қазақ мектептері, балабақшалары жабылып, қазақ тіліндегі газет-журналдар мен кітаптар таралымы азайды. Мұндай жағдай бұқаралық ақпарат құралдарында да қалыптасты, қазақ тіліндегі теле және радиохабарлар сағаттарының саны қысқарды. Қоғамдық орындарда, экономика мен ісқағаздарын жүргізуде орыс тілі басым қолданылды.

Интернационализмнің игі ниетті ұрандарының астарында ұлттық саясат саласындағы бұрмалаушылықтар, кеңес халқының тегін өзгерту мен орыстандыру әрекеттері қазақ халқының қарсылығы мен наразылығын тудырды.

**1979 жылғы Целиноград оқиғасы.** Орталықтың Қазақстан мүдделерін жоққа шығаруының және ұлттық қатынастарда қайшылықтар өрістеуінің көрсеткіші Целиноградтағы 1979 жылғы оқиғалар болып табылды. Немістерді депортациялау кезеңінде (Еділ бойындағы Неміс автономиялық облысы таратылған кезде) жүздеген мың неміс Қазақстан аумағына қоныс аударылған болатын.

#### **Қосымша мәлімет.**

1979 жылы 31 мамырда КОКП ОК Саяси бюросының «Неміс автономиялық облысын құру туралы» қаулысы шықты. Онда: «Неміс халқының ұлттық мәдениетін дамыту үшін қажетті жағдайлар жасау және олардың арасында идеялық-тәрбиелеу жұмысын жақсарту, сондай-ақ облысқа кіретін аудандардың табиғи байлықтарын игеру мен экономиканы үздік дамыту мақсаттарында Қазақ КСР құрамында оның республикалық органдарға тікелей бағынуымен Неміс автономиялық облысын құруы лайықты деп есептелсін» делінді.

Неміс автономиясын құру туралы шешім қабылданғаннан кейін Қазақстан басшылары оны іске асыруға кірісті. Жаңа облыстың шегараларын нақтылау, облыстық ұйымдарды орналастыру, жаңа әкімшіліктің құрылымы мен штаттарын бекіту мәселелері қарастырылды. Неміс автономиясын құру жөніндегі комитеттің



басшысы болып А.Коркин тағайындалды. Автономияның әкімшілік орталығы Ерейментау қаласы болып ұйғарылды. Жаңа автономияның құрамына Ақмола, Павлодар, Қарағанды, Көкшетау облыстарының бірқатар аудандарын енгізу жоспарланды.

Автономия құру таралы шешім жергілікті халықтың арасында наразылық тудырды. 1979 жылы 16 маусымда Целиноград (қазіргі Нұр-Сұлтан қ.) қаласында қолдан жазылған үнпарақтар таратыла бастады. Көшелерде митингілер мен шерулер өткізілді. Целиноградтың орталығына «Қазақстан бөлінбейді!», «Неміс автономиясы болмайды!» деген транспаранттарымен қазақ жастарының үлкен тобы жиналды. Қазақстан тек қазақтардың ғана емес, сондай-ақ орыстардың, украиндардың, татарлардың, басқа да ұлт өкілдерінің Отаны болып табылатынын айта отырып, республикада тұратын халықтың пікірімен санаспай, автономия құру мүмкін емес екенін және оның заңға қайшы келетінін мәлімдеді. 19 маусымда, екінші митинг кезінде, облыс басшылары халықты Целиноградта ешқандай автономияның болмайтындығына сендірді. ҚазКСР аумағында Неміс автономиясы құрылмайтын болды. Партиялық органдар МКК-нің қолдауымен Целиноградтағы оқиғалар туралы ақпараттың кеңінен жария болмауын қамтамасыз етуге тырысты.

Сонымен, бұл кезеңде республиканың қоғамдық-саяси өмірі Коммунистік партияның ел өмірінің барлық саласындағы жетекшілік рөлімен, демократия белгілерінің жоқтығымен сипатталды. Ұлттық саясат саласында дағдарыс құбылыстары мен қайшылықтар өрістеп, қоғамда оларды шешу қажеттігі туындаған болатын.



Целиноград оқиғасына қатысушы жастар. 1979 ж.

**Сұрақтарға жауап беріңдер.**

1. XX ғасырдың 60–70-жылдары республикада жастардың қандай бейресми ұйымдары құрылды? Олардың мақсаттары қандай болды?
2. Целиноград халқы Неміс автономиясына қарсы наразылықтың қандай түрлерін пайдаланды?
3. Целиноград оқиғаларының тарихи маңызы неде?

**Тапсырмалар.**

1. Орталық басшылығымен болған Қазақстанның ұлт саясатындағы бұрмалаушылықтарды дәлелдендер.
2. Целиноградтағы 1979 жылғы оқиғалардың себептерін атаңдар.



**Наразылық қозғалыстары** – XX ғасырдың екінші жартысындағы қолданыстағы тәртіптерге қарсы қоғамдық қозғалыстар.

**Бейресми ұйым** – ресми құрылымдарда ресімделмеген ұйым.

**Саяси жүйе немесе қоғамның саяси ұйымы** – белгілі бір қоғамға тән саяси қызмет құрылымдары және саяси үдеріс үлгілері.

**§ 22. «Тұлғалар» тарихы: Қазақ КСР басшыларының қызметі: Ж.Шаяхметов, Д.Қонаев, Ж.Тәшенев**

**Бүгін сабақта:**

- Республика басшылары Ж.Шаяхметов, Д.Қонаев, Ж.Тәшеневтердің қоғамдық-саяси қызметімен танысамыз;
- елдегі қоғамдық-саяси қайраткерлердің республика мүдделерін қорғаудағы рөлін бағалаймыз.

**Тірек сөздер:**

- қоғамдық-саяси қайраткерлер
- Қазақ КСР партиялық басшылары
- ұлттық мүдделер



Ж.Шаяхметов

*Зерттеу сұрағы. 20-ғасырдың екінші жартысында ұлттық мүдделерді қорғау қалай жүзеге асырылды?*

**Жұмабай Шаяхметов** (1902–1966 жж.) – кеңестік партия және мемлекет қайраткері, басшылыққа саяси жағдайлар мен жеке қасиеттерінің арқасында келді. Жаппай тұтқындаулар мен ату жазасына кесу барлық деңгейдегі мамандардың жетіспеушілігін тудырған еді. Олардың орнын толықтыру керек болды. Мұндай жағдайда көреген, істің мән-жайын бірден білетін Алматы БМСБ ІХК бастығының орынбасары Ж.Шаяхметовтің елеусіз калуы мүмкін емес еді. Л.Мирзоянның тұтқындалуымен және оны Н.Скворцовпен алмастырған кезде Ж.Шаяхметовті 1938 жылы Қазақстан Компартиясы ОК-нің үшінші хатшылығына, бір



жылдан кейін екінші хатшылығына көтерілді. 1946–1954 жылдары Ж.Шаяхметов Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болды.

#### Қосымша мәлімет.

Ж.Шаяхметов кедей шаруа отбасында дүниеге келген; 1910–1913 жылдары бастауыш мектепте оқыған. 1917 жылы екі сыныптық қазақ-орыс училищесін бітірген. 1917–1919 жылдары байларда жалшылықта болды. 1919 жылы желтоқсаннан – мұғалім, 1921–1923 жылдары – Теке болыстық атқару комитетінің хатшысы. 1923–1926 жылдары қылмыстық істер органдарында, 1928–1938 жылдары БМСБ-ІІХК органдарында оперативтік жұмыс істеді. 1936 жылдан ІІХК облыстық басқармасы бастығының орынбасары (Солтүстік Қазақстан, Алматы) болды. 1932–1933 жылдары Нариманов атындағы Мәскеу Шығыстану институтында оқыды. 1946–1954 жылдары Қазақстан КП ОК-нің бірінші хатшысы, 1950 жылдан 1954 жылға дейін КСРО Жоғарғы Кеңесі Ұлттар Кеңесінің төрағасы қызметін атқарды. И.Сталин Ж.Шаяхметовті «Шығыс қыраны» деп атаған.

Ж.Шаяхметовтің бастамасы бойынша Қыздар педагогикалық институты, Алматы консерваториясы, Шетел тілдері институты, Шымкент химия-технологиялық институты, Дене тәрбиесі институты ашылды. Сол тұста елімізде республика жоғары оқу орындары дайындамайтын әр алуан мамандардың тапшылығы байқалатын. Шаяхметов жыл сайын Мәскеу, Ленинград және Ресейдегі басқа да жоғары оқу орындарына екі мың казак жігіттері мен қыздарын оқуға жіберіп отырды.

Ж.Шаяхметов тың игерудің малшаруашылығының жайылымдық базасына нұқсан келтіруінен қауіптеніп, орасан көп жерді жыртуға ашық қарсы шықты. Мұндай қарсылыққа төзбеген Н.Хрущев Ж.Шаяхметовті «республиканы басқаруға қабілетсіз» деп жариялады. Ол осы себептен Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы лауазымынан босатылды.

**Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев** (1912–1993 жж.) – кеңестік партия және мемлекет қайраткері, Қазақстан КП ОК Бірінші хатшысы. Алматы облысында туған. Мектепте оқып жүрген кезінде-ақ Д.Қонаев тау-кен инженері болуға шешім қабылдаған. 1931 жылы ол Қазақстан өлкелік комсомол комитетінің жолдамасымен Мәскеуге М.И.Калинин атындағы түсті металдар және алтын институтына оқуға түсуге аттанды. Институтты бітіргеннен кейін оны 1936 жылы шілдеде Балқаш-Қоңырат құрылысына жібереді.



Д.Қонаев



**Қосымша мәлімет.**

Дінмұхамед Қонаев өзінің естеліктерінде былай деп жазады: «Менің еңбек қызметім Балқаш-Қоңыратта басталды. Бұл жерде бес айлық тәжірибеден өткен кезде Қоңыратпен және оның адамдарымен танысқан болатынмын. Ол кезде мен жаңадан құрылған шығыс үйіндісінде десятник болып жұмыс істедім. Жұмыс істей жүріп, «Жылына 90 мың тонна қара мыс өндіру үшін Қоңырат карьерінің қуаттылығын анықтау» тақырыбындағы диплом жұмысым үшін материал жинадым. Дипломды «үздік» бағаға қорғадым. Менің алғашқы қадамдарым Қазақстан түсті металлургиясын дамытумен байланысты болып шықты. Мен осы күнге дейін өзімнің Орталық Қазақстанда елдегі қуатты мыс өнеркәсібінің, одан кейін Кеңді Алтайда қорғасын-мырыш өнеркәсібінің дүниеге келуіне қатысушылардың бірі екендігімді мақтан тұтамын».

Көп ұзамай Д. Ахметұлы Риддер полиметалл комбинаты Кен басқармасының директоры ретінде жіберілді. Аз уақыт ішінде кеніштің жас директоры комбинаттың өндіріс көлемін бірнеше есе арттырып, оны артта қалғандардың қатарынан алдыңғы қатарлы кеніштер қатарына шығарды. 1941 жылы Риддердің аты Лениногорск болып өзгертілді. 1942 жылы сәуірде Д.А.Қонаев ОК карамағына шақырылды. Бұл жерде ол 20 сәуірде республика Халық Комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасары болып тағайындалды. 1952 жылдан бастап Д.Қонаев Ғылым Академиясын басқарды. 1955 жылы ҚазКСР Министрлер Кеңесінің төрағасы болып бекітілді. 1960 жылы Д.А.Қонаев бірауыздан ҚКП ОК Бірінші хатшысы болып сайланды. Жеті жылдың ішінде Қазақстанның экономикалық әлеуеті екі еселенді, ал өнеркәсіп өнімді Қазақстан құрылғаннан бергі барлық жылдармен салыстырғанда көп берді. Жоспарды мерзімінен бұрын орындағаны үшін Балқаш және Жезқазған тау-кен-металлургиялық комбинаттары Ленин орденімен, Соколов-Сарыбай тау-кен байыту комбинаты, Ақтөбе химия комбинаты, Қарағанды синтетикалық каучук зауыты, Ертіс көмір, Қарағанды ет комбинаты Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталды. 1962–1964 жылдары қайтадан Қазақ КСР үкіметінің басшысы болып қызмет істеді. 1964 жылдан 1986 жылғы желтоқсан айына дейін Қазақстан КП ОК Бірінші хатшысы болып, республикалық партия ұйымын үздіксіз басқарды. Д.А.Қонаев – үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, сонымен қатар 8 Ленин орденімен, басқа да ордендермен және медальдармен марапатталған.

**Жұмабек Ахметұлы Тәшенев (1915–1986 жж.)** – кеңестік мемлекеттік және партия қайраткері. Қазақстан КП ОК мүшесі, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы, экономика ғылымдарының кандидаты. Ақмола облысының Танағұл ауылында туған. 1933 жылы Ақмола құрылыс техникумына оқуға



түскенімен, бір жылдан кейін оқуды тастауға мәжбүр болды. Оқуын қайта қалпына келтіріп, техникумды тек 1955 жылы ғана бітірді. Кеңес және партия жұмыстарын атқарды. 1952 жылы қаңтарда ҚКП Ақтөбе облыстық комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды. 1955 жылдан 1960 жылға дейін – Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі төралқасының төрағасы, 1960–1961 жылдары – Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы болды. Ж.Тәшенев Солтүстік Қазақстанның бірнеше облысынан Тың өлкесін құру жобасына қарсы болды. Сондай-ақ республикадағы Оңтүстік Қазақстан облысының бірқатар ауданын Өзбекстанға беруге табанды түрде қарсы шықты. Ж.Тәшеневтің Орталық саясатына қарсы үзілді-кесілді қарсылығынан кейін Н.С.Хрущевтің талап етуімен ол республикадағы жоғары лауазымдардан босатылды. 1961–1975 жылдары Оңтүстік Қазақстандағы Шымкент облыстық Кеңесі Атқару комитеті төрағасының орынбасары болып жұмыс істеді. 1962 жылы диссертация қорғап, экономика ғылымдарының кандидаты дәрежесін алды.



Ж.Тәшенев

**Білгенің абзал!** 1956 жылдың өзінде Оңтүстік Қазақстан облысындағы Бостандық ауданы орасан зор аумағымен – 418 мың га құнарлы жерлерімен және мыңдаған бас қойымен Өзбекстанға «кетті». Кейін Д.Қонаевқа Л.Брежневтің көмегімен оның жартысын қайтарудың сәті түсті. Сол тұста Жұмабек Ахметұлы Тәшенев тың игеру жылдары республикадағы бірінші басшылардың бірі болды. 1960 жылы республика жерін бөліп алудың жаңа әрекеті жасалды. Солтүстіктегі астықты бес облыс Ресейге; Маңғыстау мұнай кен орындары Түрікменстанға; ал мақта егетін аудандар Өзбекстанға берілуі тиіс болды. Ақмоладағы кеңесте Хрущев бұл мәселе бойынша Ж.Тәшеневтің пікірін тыңдағысы келетінін айтады. Ж.Тәшенев Н.Хрущевке бірден қарсылық танытты: «Егер Жоғарғы Кеңес әрбір республиканың аумақтық мәселесіне өздігінен араласатын болса, КСРО Конституциясын жою керек. Өйткені онда әрбір республика өзінің тарихи қалыптасқан аумағына меншік құқығын иеленетіні айтылған. Сондай-ақ бұл заң бұзылатын болса, біз әділдік үшін халықаралық құқық қорғау ұйымдарына жүгінуге құқылымыз, солай емес пе?». Осыдан кейін Ж.Тәшенев үкімет басшысы лауазымынан босатылды, бірақ аумақтар Қазақстаннан бөліп алынған жоқ.

Тарихи тұлғалар – Ж.Шаяхметов, Д.Қонаев, Ж.Тәшенев соғыстан кейінгі онжылдықта республиканың дамуына орасан зор үлестерін қосты. Қазақстанда туып, оның тарихын, өлкенің табиғи байлықтарын зерделей отырып, өз жерінің үлкен патриоттары бола

білді. Олар елдің дамып, өркендеуіне бар мүмкіндіктерін салды. Республиканы басқарған кезеңде КСРО-дағы жетекші орындарды иелене отырып, елдің өнеркәсіп әлеуетін, аграрлық саланы дамытты.

**Сұрақтарға жауап беріңдер.**

1. Ж.Шаяхметов 1946–1950 жылдары Қазақстан тарихында қандай рөл атқарды? Ол Қазақ КСР Компартиясы ОК бірінші хатшысы лауазымынан не үшін босатылды?
2. Д.Қонаевтың кезінде Қазақстанның өнеркәсіптік әлеуеті қалай өзгерді? Оның республика дамуындағы рөлін сипаттаңдар.
3. Ж.Тәшенев қандай іс-әрекеттерімен республика тарихында қалды? Ол Қазақ КСР үкіметі басшысының лауазымынан не үшін босатылды?



## «ТОҚЫРАУ» ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР

### § 23. «Тоқырау» жылдарындағы демографиялық өзгерістер және урбандалу

#### Бүгін сабақта:

- «тоқырау» кезеңіндегі демографиялық өзгерістерді қарастырамыз;
- Қазақстандағы қалалану деңгейі мәселесін айқындаймыз.

*Зерттеу сұрағы. Қазақстандағы қалалану үдерісіне қандай факторлар әсер етті?*

**«Тоқырау» жылдарындағы демографиялық үдерістер.** Республиканың «халықтар достығының зертханасы» деп аталуы кездейсоқ емес. 60-жылдары Қазақстанда 100-ге жуық этнос өмір сүрді. КСРО-да жүргізілген интернационалдандыру саясаты Қазақстанда елеулі өзгерістерге ұшырағанымен, нақты жүзеге асырыла бастады.

50–70-жылдары орын алған көші-қон Орталықтың әлеуметтік-экономикалық саясатынан туындаған еді. Өнеркәсіптік көші-қон ірі өнеркәсіптік кәсіпорындар құрылысымен байланысты болды. Олар бүкілодақтық құрылыстар болып жарияланды. Одақтың түкпір-түкпірінен Қазақстандағы өнеркәсіп құрылысына жұмысшылар ағылып келе бастады. Аграрлық көші-қон тың және тыңайған жерлерді игеру кезеңінде артты. Бұл кезде тың өлкесіне 2 млн-нан астам алғашқы тың игеруші келді. Мұндай көші-қондар республикада байырғы қазақ халқының меншікті үлесін күрт азайта отырып, халықтың этникалық құрамына әсер етті. 1968 жылдан бастап көші-қон ағындары азайды, бірақ көшіп келген халық салыстырмалы түрде жоғары табиғи өсім есебінен көбеюін жалғастырды.

1970 жылы Қазақ КСР халқының саны 13 млн, 1979 жылы 14,6 млн адамды құрады. 1979 жылғы санаққа сәйкес, қазақтардың саны 5,3 млн адамды құрады, ал үлесі 36%-ға жетті.

КСРО-дағы соңғы халық санағы 1989 жылы болды. Санақ бойынша кеңестік кезеңде Қазақстан халқының саны ең жоғары көрсеткішке – 16,5 млн-нан астам адамға жетті. 1989 жылғы

#### Тірек сөздер:

- демографиялық үдерістер
- Қазақ КСР халқының саны
- қалалану

санак бойынша, Қазақстанда 130-дан аса этнос өмір сүрді. 9 этнос – қазақтар, орыстар, немістер, украиндер, өзбектер, татарлар, ұйғырлар, беларустар мен корейлер бүкіл халықтың 95,6%-дан астамын құрады. Екі неғұрлым ірі этнос: қазақтар 40%-дан астамын, орыстар 37,4%-ын құрады.

**Урбандалу** – заманауи әлемдегі жаһандық үдерістердің бірі болып табылады. Қазақстанда өнеркәсіптік құрылыс барысында қалалар жылдам өсті, жұмысшы кенттері салынды, қала халқының саны артты. 80-жылдары республика ішіндегі көші-қон, әсіресе ауылдан қалаға көшу артты. Республика халқының құрамында қала халқы басым бола бастады. Ал оның халық құрамындағы меншікті үлесі жалпыодақтық көрсеткішке жақындады. Ауыл халқына келетін болсақ, оның саны жылдам қарқынмен өскен жоқ. 1959 жылы жалпы халық санында ауыл халқы санының үлесі жоғары болды. Бұдан кейін ауылдықтардың меншікті үлесінің төмендеуі басталды.

1970 жылғы Бүкілодақтық халық санағының мәліметтері бойынша, республикадағы қала халқының меншікті үлесі 50,3%-ды құрады. Нақ осы уақыттан бастап қала халқының саны Қазақстан халқының көп бөлігін құрай бастады. Бұдан әрі қала халқының үлесі баяу, бірақ үздіксіз артып отырды.

Кеңестік уақытта Қазақстандағы қалалар санының өсуі өнеркәсіптің дамуы әсерімен жүрді. Олардың ішінен табиғи ресурстарды игеруді, көліктік инфрақұрылымның дамуын атап көрсетуге бола-



Қарқынды қала құрылысы – урбандалудың көрсеткіші



ды. Өйткені теміржол магистралдары мен стансыларда шағын және орташа қалалар пайда болды.

60–80-жылдары урбандалудың жылдам өсуі ауыл халқының қалаларға көші-қон ағыны есебінен болды. Бұл қалалар мен ауылдық жерлердегі өмір сапасының елеулі айырмашылығымен байланысты еді.

**Ойлан!** Қазақстанда 70–80-жылдары қалалану үдерісі ненің есебінен жүрді?

Бүгінгі күні барлық елдер бұл құбылыспен әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне, географиялық орналасуы мен демографиялық үдерістердің ерекшелігіне қарай әртүрлі нұсқада кез болып отыр. Ауыл халқымен салыстырғанда, қала халқының жылдам өсуі – заманауи урбандалудың белгісі. Урбандалуға халықтың үлкен және аса үлкен қалаларға жинақталуы тән. Халқының саны 100 мыңнан асатын үлкен қалалардың өсуі, олармен байланысты қоныстанудың жаңа нысандары мен қалалық өмір салтының таралуы халықтың урбандалу үдерісін неғұрлым айқын бейнелейді.

**Сұрақтарға жауап беріңдер.**

1. Урбандалу дегеніміз не? Қосымша дереккөздерден оның қандай елдерге тән екендігін анықтаңдар.
2. Қазақстандағы қалалану үдерісіне қандай факторлар әсер етті? 60–80-жылдары ҚазКСР қала халқының саны қандай факторлар есебінен артты?

**Тапсырмалар.**

1. 70–80-жылдардағы Қазақстан қалалары туралы қосымша ақпараттар табыңдар.
2. Өздерін тұратын немесе өздеріне көбірек ұнайтын қала туралы әңгімелендер.



**Мегаполис** – халқының саны 1 млн адамнан асатын қала.

**Урбандалу** – қала халқының меншікті үлесінің артуы.

## XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫ

### § 24–25. 1945–1985 жылдардағы Қазақстандағы білім беру жүйесі

#### Бүгін сабақта:

- соғыстан кейінгі кезеңдегі Қазақстандағы білім беру жүйесінің дамуына сипаттама береміз;
- жалпы орта білім беру жүйесіне көшу не үшін қажет болғанын анықтаймыз;
- 1984 жылы жалпы білім беру және кәсіби мектептердегі қайта құрудың негізгі бағыттарымен танысамыз.

#### Тірек сөздер:

- кәсіби-техникалық мектептер
- училищелер
- техникумдар
- материалдық-техникалық база
- педагогикалық мамандар
- мектеп реформасы

**Білім беру.** Соғыс жылдары үзіліп қалған міндетті жетіжылдық білім беру 1949 жылы қайта жанданды. Балаларды мектепке қабылдау саны өсті. XX ғасырдың 50-жылдары мектептерде политехникалық білім беру, балаларды өндіріске тарту ісіне баса көңіл бөлінді.

1959 жылы қазан айында ҚазКСР Жоғарғы Кеңесі: «Қазақ КСР-інде мектептің өмірмен байланысын арттыру және халыққа білім беру жүйесін дамыту туралы» Заң қабылдады.

Жаңа заң 1962 жылдан бастап міндетті жалпы білім берудің жаңа сегізжылдық жүйесіне көшу, он бір жылдық политехникалық еңбек мектебін құру, мектеп-интернаттар желісін кеңейту, кәсіби-техникалық мектептер, училищелер мен техникумдарды көбейту мәселелерін қарастырды. Республикада 1954 жылдан бері ашылған техникалық училищелер, негізінен, орта білімі бар жастарды қабылдап, токарь, машинист, кран жұмысшысы және экскаваторшыларды дайындады.

**Ойлан!** Соғыстан кейінгі жылдары Қазақстанның білім беру жүйесі мен мәдениеті дамуының айырмашылықтары неден көрінді? XX ғ. 20–30-жылдары мәдени құрылыстың міндеттері 1946–1985 жылдардағы міндеттерден несімен ерекшеленді?

1965 жылы республиканың 39 жаңа оқу орнында 144,7 мың студент білім алды.



XX ғасырдың 70-жылдары жалпы орта білім беруге көше бастады. 50–70-жылдары орыс тілінде оқытатын мектептер саны өсіп, қазақ тілінде оқытатын мектептер саны кеміді.

XX ғасырдың 80-жылдарының басында міндетті жалпы орта білім беруге көшуді толықтай жүзеге асыру қажеттігі белгіленді (кесте).

#### Қазақстанда күндізгі жалпы білім беретін мектептердің дамуы

Негізгі көрсеткіштер	1960– 1961 жж.	1970– 1971 жж.	1980– 1981 жж.	1985– 1986 жж.	1986– 1987 жж.
Мектептер саны	10 444	10 147	8724	8728	8654
Оқушылар саны, мың	1820	3226	3272	3348	3262
Оның ішінде мектеп бітірушілер (9–10/11-сыныптар) саны, мың	99	431	691	596	512
Оқытушылар саны, мың	104	178	212	237	242

1946 жылы 1 тамыздағы БК(б)П ОК «Жұлдыз» және «Ленинград» журналдары туралы» Қаулысы 40-жылдардың екінші жартысындағы мектептердегі тәрбие жұмысына негіз болды. Онда «Кенестік құрылыс жастар тәрбиесінің саясатқа немқұрайды қарауына, идеясыздық рухында тәрбиеленуіне төзбейді» деп атап көрсетілген. Сол кезде осындай нұсқауларды орындау кенінен етек алды. Сталиннің жекебасына табынушылық гүлденген кезеңінде, әсіресе 1949 жылы еліміз халықтар көсемінің 70 жылдық мерейтойын атап өтіп жатқан кезде тым шектен шыққан еді.

**Анықта!** БК(б)П ОК «Жұлдыз» және «Ленинград» журналдары туралы қаулысы қандай рөл атқарды?

**Міндетті сегіз жылдық және жалпы орта білім беру ісі.** 1959 жылдан бастап білім беру жүйесіне бірыңғай сегізжылдық мектеп енгізілді. Оны бітірген оқушылар міндетті түрде өндірісте немесе ауылшаруашылығында үш жыл жұмыс істеуге тиіс болды. Тың жерлерді игеру аудандарында 300-ден аса жаңа мектеп ашылды. Сонымен қатар тың игерушілерді мектеппен қамту аралас және қазақ мектептерін орыс мектептері етіп қайта құру жолымен жүзеге асырылды. Нәтижесінде, қазақ тілінде оқытатын мектептер саны қысқарып кетті.

Әйел педагогтер даярлауға үлкен көңіл бөлінді. Барлық мектепті оқулықпен қамтамасыз ету үшін 1947 жылы қазақ, орыс және ұйғыр тілдерінде кітап басып шығаратын оқу-педагогикалық баспа өз жұмысын бастады. Оған 1946 жылы 21 желтоқсандағы БК(б)П ОК



Кенес мектебіндегі сабақ

Пленумының әрбір оқушыны ана тіліндегі оқулықтармен толықтай қамтамасыз етуді міндеттеген «Мектептерді оқулықпен қамтамасыз ету» туралы шешімдері ықпал етті.

Соғыстан кейінгі жылдары жоғары және орта оқу орындарына үлкен көңіл бөлінді. 1947 жылы 16 қарашада Кеңес үкіметі «Қазақ КСР-де жоғары және орта білім беру ісін әрі қарай дамыту шаралары туралы» Қаулы қабылдады. Онда жаңа жоғары оқу орындары мен факультеттер ашу, студенттер санын көбейту, қазақ жастарын Мәскеу, Ленинград қалаларына оқуға жіберу және т.б. шаралар белгіленді. Осы жылдары Қарағандыда медициналық және тау-кен институты, Семейде медициналық және малдәрігерлік, Ақмолада ауылшаруашылық, Өскеменде педагогикалық және құрылыс-жол, Ақтөбеде медицина институттары ашылды. Қарағанды, Шымкент, Қостанай, Гурьев, Петропавлдағы мұғалімдер институты педагогикалық институттар болып қайта құрылды. Олардың ішінде 30 мамандық бойынша маман дайындайтын С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университеті ең ірі оқу орны болды. Алматыдағы медициналық, ауылшаруашылық, педагогикалық және тау-кен институттары ірі жоғары оқу орындарының қатарына жатты.

1946–1958 жылдары студенттер саны артып, олар Қазақ КСР-інің болашақ мамандар әлеуетін құрады. Жоғары оқу орындарының мамандар құрамы нығайып, оның 1000-ға жуығының ғылыми дәрежесі болды.

Жалпы, соғыстан кейінгі жылдары мамандар даярлау шамамен 11 есеге өсті. 40–80-жылдары республиканың білім беру жүйесінде айтарлықтай өзгерістер орын алды. Жоғары оқу орындарының





С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің негізгі ғимараты. Алматы қ., 1934 ж.

материалдық-техникалық базасы нығайды, білім беру жүйесіндегі мамандар әлеуеті сапа жағынан жаңарып, өсе түсті.

**Орында!** Қосымша деректер негізінде ХХ ғ. 40–80-жылдарындағы білім беру жүйесінің материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етілуіне сараптама жасаңдар.

**1984 жылы жалпы білім беру және кәсіби мектептердегі реформалар.** Қазақстанның рухани өміріндегі өзгерістер ХХ ғасырдың 80-жылдарының екі кезеңімен байланысты болды:

*Бірінші кезең* (1981–1984 жж.) – жалпы білім беретін және кәсіби мектептерде реформаны дайындау және жүргізу. Он бір жылдық білім беру енгізілді, салалық сыныптар құрылды, жалпы білім беретін мектептер лицей, гимназия, колледж, арнайы мектептер мәртебесіне ие болды. Оқу 6 жастан басталып, адамгершілік бағытында тәрбиеленді.

*Екінші кезең* (1985–1990 жж.) – кеңестік республикаларда білім беру жүйесіндегі реформаларды жүзеге асыру кезеңі. Орта мектептердің оқу жоспарына төрт жаңа пән: «Қоршаған ортамен танысу», «Өндіріс негіздері (мамандық таңдау)», «Отбасылық өмірдің этикасы мен психологиясы», «Есептеу техникасы мен информатика негіздері» енгізілді. Бұл кезеңде оқытудың жаңа технологиясы пайдаланылды. Кеңестік теледидар жаңашыл-педагогтердің тәжірибесін насихаттады. 1988 жылы алғаш рет КСРО бойынша он екі жылдық білім беруге көшу идеясы талқыланды.

Бұл уақытта Қазақстан мектептері қоғамдық өмірдің барлық саласына тән дағдарысты басынан өткізді. Қаржыландырудың қысқаруы

және оның салдары, жана мектептердің құрылысын қысқарту, оқу орындарының материалдық-техникалық базасының жеткіліксіз дамуы, мұғалімдер даярлау мен қайта даярлау мәселелері, мұғалімдер еңбегі мәртебесінің төмендеуі орын алды. Жалпы білім беретін және кәсіби мектептерде басталған реформалар КСРО-ның ыдырауына байланысты тоқтап қалды.

#### **Сұрақтарға жауап беріндер.**

1. 40–80-жылдары Қазақстанда білім беру жүйесі қалай дамыды? Білім беру жүйесінің дамуын кезеңдерге бөлуге бола ма?
2. КСРО-да жалпы білім беретін және кәсіби мектептердегі реформа қашан жүргізілді?
3. Осы кезеңде қандай жаңа пәндер енгізілді?
4. Республика мектептерін материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуде қандай өзгерістер болды?

#### **Тапсырмалар.**

1. Қосымша деректерге сүйене отырып, білім беру жүйесіндегі реформалар, білім беру мекемелерінің материалдық-техникалық базасының нығаюы туралы айтып беріндер.
2. 20–30-жылдардағы білім беру жүйесін соғыстан кейінгі жылдардағы кезеңмен салыстырындар. Салыстыруға қажетті белгілерді таңдап алындар.
3. Кенес дәуіріндегі мектепте оқыған адамдардан сұхбат алындар.



## XX ҒАСЫРДЫҢ 40–80-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҒАЛЫМДАРДЫҢ ҒЫЛЫМДЫ ДАМУДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІ

### § 26. Кеңестік Қазақстандағы ғылымның дамуы

#### Бүгін сабақта:

- мемлекеттің ғылым саласындағы саясатын сипаттаймыз;
- XX ғ. екінші жартысында қандай ғылым дамығанын анықтаймыз;
- қазақстандық ғалымдардың ғылымның дамуына қосқан үлесін бағалаймыз.

**Соғыстан кейінгі кезеңдегі ғылымның дамуы.** Соғыстан кейінгі жылдары мәдениеттің басқа салалары сияқты, ғылым да партияның толық бақылауында болды. Партия тарих және философия ғылымдары сияқты тіл білімі, биология мен математиканың кейбір салаларын «буржуазиялық жалған ғылым» деп сынап отырып, қысым көрсетті. Осындай жағдай толқынды механика, кибернетика, психоанализ және т.б. салаларды да шарпыды.

1950 жылы Н.В.Сталин тіл білімі мәселелері бойынша талқылауға қатысып, Кеңестік мемлекет идеологиясындағы шексіз басымдылық туралы айтты. Жаратылыстану ғылымдарына, оның ішінде биология ғылымына қысым көрсетілді. Бұл елдегі ауылшаруашылығында туындаған қиыншылықтарға байланысты болды. Биология ғылымында Т.Лысенконың «тірі организмдердің табиғатын генетика емес, адамның іс-әрекеті анықтайды» деген тұқымқуалаушылық туралы жалған ғылыми теориясы басымдылық көрсетті. Лысенконың теориясы бойынша табиғаттың барлық заңдарын қалауынша өзгертуге болады. «Лысенкошылдық» биологтер мен генетиктерді қудалауға алып келді. Елде айқындылық жоқ ғылым түрлері ретінде қарастырған барлық салаларға тыйым салынды. Кванттық физика, ықтималдық теориясы, әлеуметтанудағы статистикалық сараптама соның қатарында болды.

Бірақ соған қарамастан Қазақстан ғылымы дами берді. 1957 жылы В.И.Ленин атындағы Ауылшаруашылық ғылымдарының бүкілодақтық академиясы қазақ бөлімшесі негізінде 11 зерттеу

#### Тірек сөздер:

- ғылым
- Лысенкошылдық
- Қазақ КСР ғылым академиясы
- партия цензурасы
- медицина
- геология
- тарих



институты мен 17 зоналық республикалық бекеттерді біріктірген Ауылшаруашылық ғылымдары академиясын құрды.

1958 жылы КСРО Архитектура және құрылыс академиясының Қазақ бөлімшесі құрылды.

XX ғасырдың 50-жылдарының екінші жартысында Қазақ КСР Ғылым академиясы республикалық академиялардың ең ірілерінің бірі болды. 50-жылдардың аяғында ҚазКСР ҒА жүйесінде 50 ғылыми-зерттеу мекемесі, оның ішінде 22 ғылыми-зерттеу институты, 13 сектор, обсерватория, 3 ботаника бағы және 8 ғылыми база болды.

60–70-жылдары ҚазКСР Ғылым Академиясы Кеңес Одағының ірі ғылыми орталығы болды. Көптеген қазақстандық ғалымдардың еңбектері шетелге таныла бастады.

Қазақстанның ғылыми мекемелері үлкен зерттеу жұмыстарын жүргізді. Геологтер пайдалы қазбаларға бай кен орындарын ашты. Олар республикада Менделеев таблицасындағы бүкіл элементтердің кездесетінін дәлелдеді. Ғылым Академиясының минералды қорлар бөлімшесі кара, түсті және сирек металдар геологиясына, отын қорларына кешенді зерттеу жүргізді. Соғыстан кейінгі жылдары Қазақстан ғалымдары пайдалы қазбалардың кен орындарына барлау жұмыстарын жүргізді. Кейінірек Орталық Қазақстанның металлогенетикалық картасын жасағаны және әдістерін тапқаны үшін бірқатар ғалымдар Қ.Сәтбаев, П.И.Бок, Р.А.Борукаев, Г.Ц.Медоев, Д.Н.Казанли және т.б. Ленин сыйлығын алды.

Жаңа кен орындарының ашылып, игерілуі жаратылыстану ғылымдарының дамуына ықпал етті. Мысалы, академик Д.В.Сокольский электрохимиялық әдіс бойынша катализаторларды зерттеуді ұйымдастырды. Академик У.М.Ахмедсафин гидрогеология және гидрофизика саласында жемісті еңбек етті. Алматыда ядролық физика институты, Қарағандыда химия-металлургиялық институты ашылды. Академик-химик, публицист және қоғам қайраткері Е.А.Бөкетовтің есімі тек ғылыми ортада ғана емес, көпшілік қауымға да белгілі болды.

**Зертте!** Қазақстандық ғалымдардың жаңа бағыттары мен жетістіктерін анықтаңдар. Қандай ғылыми орталықтар дамыды және қалай?

Орталық Қазақстанды сумен қамтамасыз ету мәселелері, энергетика мен жергілікті шикізаттан отқа төзімді және құрылыс материалдары индустриясының дамуы зерттелді. Орталық Қазақстанды сумен қамтамасыз ету мәселесін шешу үшін академик Ш.Чоккин



жетекшілік еткен бір топ ғалым Ертіс-Қарағанды магистралды каналын салудың негізгі мәселелерімен айналысты.

Астрофизика, математика институттары, биология және ауылшаруашылығының ғылыми өкілдері қарқынды зерттеулер жүргізді. М.А.Айтқожиннің жетекшілігімен бір топ ғалым генетика мен микробиология ғылымында айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді. 1976 жылы моноформаларды (жасуша ішіндегі бөлшектердің жаңа түрлері) ашу және зерттеу жұмыстары үшін авторлық ұжым қатарында М.Айтқожин Лениндік сыйлыққа ие болды.

Академик А.П.Бараев басқарған В.И.Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық ғылымдарының Шығыс бөлімшесі топырақты қорғау жүйесін құру бойынша зерттеулер жүргізді. Биология және ауылшаруашылық ғылымдары саласының ғалымдары бидайдың жаңа түрін ойлап тапты.

Медицина (аллергология, онкология, вирусология) саласында елеулі жетістіктерге қол жеткізілді.

Ғылымды мақсатты қаржыландыру гуманитарлық ғылымдардың да дамуына жағдай туғызды. XX ғасырдың 70-жылдары құқық, философия, филология және басқа да ғылым салаларында жаңа бағыттар пайда болды. Әдебиетшілер қазақ халқының ауыз әдебиеті мұраларын жинап, зерттеу жұмыстарын жалғастырды. Қазақтың кеңес әдебиеті тарихы бойынша жалпылама қорытынды еңбек шығарылды.



Ғылым академиясының бірінші президенті Қ.Сәтбаевтың жұмыс бөлмесінде ғылым саласындағы жаңа идеяларды талқылау

Археолог, тарихшы, этнограф Ә.Х.Марғұлан жаңа археологиялық мәдениеттерді ашып, жеке тарихи және археологиялық ғылыми мектебін құрды. Отырар және республиканың басқа да аймақтарында қазба жұмыстарын жүргізген археологтер үлкен жетістіктерге қол жеткізді. 1969 жылы К.А.Ақышев тапқан б.з.д. IV–III ғасырларда өмір сүрген Алтын адам бүкіл әлемге әйгілі болып, бүгінгі таңда тәуелсіз Қазақстанның белгісіне айналды.

Бірақ елеулі жетістіктерге қол жеткізілгеніне қарамастан, Қазақстан ғылымының дамуында шешілмеген мәселелер болды. Халықтың жалпы санына шаққандағы ғылыми қызметкерлердің үлесі КСРО көрсеткіштеріне қарағанда екі есе төмен көрсеткішті құрады. Барлық ғылыми еңбектер орыс тілінде жазылды. Идеологиялық жағынан қоғамдық ғылымдар қысым мен бұрмалаушылықтарға ұшырап отырды. Көптеген мәселелер зерттеу аясынан ығыстырылып, ғалымдар үшін жабық болып қалды. Партиялық цензура зерттеу мәселелерін шектеп қана қоймай, ғылымның кейбір салаларына: психология, кибернетика, әлеуметтану, демография және т.б. тыйым салды.

#### Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Соғыстан кейінгі жылдары ғылыми және шығармашылық зиялы өкілдері неге қудаланды?
2. Қандай ғылымдарға тыйым салынды және неге?
3. XX ғасырдың екінші жартысында Қазақстан ғылымының дамуында қандай мәселелер көтерілді? Олардың әрқайсысының ғылымның дамуы үшін маңыздылығын анықтаңдар.
4. Республика ғылымының көрнекті өкілдерін атап көрсетіңдер. Олар қандай салаларда қызмет істеді?
5. Қазақстан ғылымы дамуының жағымсыз нәтижелерін атап көрсетіңдер.

#### Тапсырмалар.

1. Көрсетілген кезеңдегі Қазақстан ғылымына сипаттама беріңдер.
2. Қазақстан ғалымдарының біреуіне таныстырылым дайындаңдар.



**Космополит** – өз Отанының мүдделерінен алыстап, патриоттық сезімнен айырылған адам.



## XX ҒАСЫРДЫҢ 40–80-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ПЕН ӨНЕРДІҢ ДАМУЫ

### § 27–28. Кеңестік Қазақстандағы әдебиет және өнер

#### Бүгін сабақта:

- әдебиет пен өнердегі «идеологиясыздандыру» үдерісі, «алпысыншы жылдықтар» шығармашылығы туралы білеміз;
- ұлттық дәстүрлі поэзия жанрын анықтап, қазақ әдебиетшілерінің шығармашылығын сипаттаймыз;
- әдебиет пен өнерді «идеологиясыздандыру» үдерісін бағалаймыз.

**1946–1985 жылдардағы әдебиет пен өнер.** 1949 жылы Мәскеуде қазақ әдебиетінің онкүндігі өтті. Қазақ әдебиетінің соғыстан кейінгі жылдардағы тарихында 1949 жылы Мұхтар Әуезовке «Абай» романы үшін Сталиндік (кейіннен Мемлекеттік) сыйлық берілуі елеулі оқиға болды. Соғысқа дейінгі жылдары саяси-идеялық және стильдік жағынан бір үлгіге негізделіп, «социалистік реализм» деп аталған тұжырымдама соғыстан кейінгі жылдары да жалғасын тапты. Қазақ жазушыларының шығармашылығы, негізінен, үш тақырыптық бағытта дамыды:

- кеңес халқының жемісті еңбегі;
- Ұлы Отан соғысындағы ерлік;
- тарихи өткеніміз.

#### Тірек сөздер:

- әдебиет
- жанрлар
- идеологиясыздандыру
- декада
- өнер
- театр
- кино
- бұқаралық ақпарат құралдары

**Зертте!** Мұхтар Әуезовтің өмірі мен шығармашылығын, «Абай» романының маңызын бағаландар.

Осыған сәйкес жазушылар еңбек адамын, бейбітшілік үшін күрескен, соғысқа қатысқан майдангер, Отан қорғаушы және тарихи қайраткер бейнелерін сомдады. Сол жылдардағы әдебиеттің жағымды бейнесі еңбек адамы – алдыңғы қатардағы еңбекші және өндіріс жанашылдары болды. Осындай шығармалардың қатарында С.Мұқановтың «Сырдария» (1947 ж.) романы, Х.Ерғалиевтің



«Біздің ауылдың қызы» поэмасы, Ә.Әбішевтің «Достық пен махаббат» пьесасы, Ғ.Мұстафиннің «Миллионер» шығармасы жарық көрді. Соғыс туралы прозалық шығармалардың алғашқысы Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романы болды. «Оянған өлке» романында казак жұмысшысының қалыптасуы туралы баяндады. Қазақ жұмысшыларының бейнесі Т.Жароковтың «Қырда туған құрыш», Д.Әбілевінің «Отты толқындар» поэмаларында бейнеленді.

XX ғасырдың 50-жылдарының екінші жартысынан бастап әдебиеттегі жетекші тақырыптардың бірі тың игеру тақырыбы болды. С.Мұқановтың, М.Әуезовтің, И.Шуховтың «Тың жерлерді игеру» туралы очерктері одақ көлемінде әйгілі болды.

1951–1956 жылдары КСРО халықтарының 20 тілінде жарық көрген және 16 шетел тілінде шыққан кітаптар қазақ тіліне аударылды. Мәскеуде өтетін қазақ әдебиеті мен өнерінің екінші онкүндігіне дайындық кезінде қазақ жазушыларының көптеген шығармалары басып шығарылды. Олардың ішінде С.Сейфуллиннің, І.Жансүгіровтің, Б.Майлиннің шығармалары, өлеңдері мен әндер жинағы, «Қазақ эпосы», әдебиеттану, музыка, мәдениет және театр тарихы туралы шығармалар, суретшілер мен мүсіншілердің альбомдары жарық көрді. Қуатты полиграфиялық база құрылып, Алматыда ірі полиграфиялық комбинат іске қосылды.

1954 жылы жазушылардың соңғы 15 жылдағы шығармашылығын қорытындылаған Қазақстан жазушыларының III съезі өтті. Бұл кезеңде С.Мұқановтың автобиографиялық «Өмір мектебі» повесі және Шоқан Уәлиханов туралы пьесасы аяқталды. Қ.Бекхожиннің «Мәриям Жағорқызы» поэмасы жарық көрді.

Соғыстан кейінгі жылдары поэзия мен прозада жана есімдер шыға бастады. Әскери-патриоттық тақырып қазақ жазушыларының шығармашылығында маңызды орын алды.

Халықтық поэзия дәстүрлері Жамбыл өлеңдерімен, Кенен Әзірбаевтың, Омар Шипиннің және т.б. ауыз әдебиеті өкілдерінің шығармаларымен байи түсті. Айтыс әрі қарай дамыды. Қазақстанның кеңестік әдебиетін бүкілодақтық оқырман көпұлтты ретінде таныды. Мәскеуде өткен алғашқы әдебиет және өнер онкүндігінен бері орыс авторларының кітаптары азғана болса, XX ғасырдың 50-жылдарының соңында республикада Қазақстан орыс жазушыларының 150-ден астам кітабы жарық көрді. Олардың 20-сы Мәскеу баспаларында басылған.

Соғыстан кейінгі жылдары қазақстандық орыс әдебиеті тарихында барлық жанрдың даму кезеңі болды. Бұл жылдары Ұлы Отан соғысы туралы шығармалар жалғасын тапты. Мысалы, майдангер-



офицер Дмитрий Снегиннің құжаттық материалдар негізінде жарияланған «Шалғай шепте» повесі (1949 ж.) жарық көрді.

Соғыстан кейінгі алғашқы онжылдықта соғыс пен тылда ерлік көрсеткен батырлардың өзінің өмірлік жолы немесе ұлы сынақ жылдары туралы естеліктері жарық көрді. Майдангерлер арасында алғашқы болып қолына қалам алған атақты батыр генерал-майор П.В.Панфиловтың серіктестері болды. Қазақ жазушысы Бауыржан Момышұлы соғыс және патриотизм туралы көп еңбектер жазды.

Б.Момышұлының шығармалары Ұлы Отан соғысы оқиғаларына арналған. Оның «Артымызда Мәскеу» (1958 ж.), «Генерал Панфилов» (1963 ж.), «Біздің отбасымыз» (1976 ж.) туындылары кеңінен таралып, әлем халықтарының бірнеше тіліне аударылды.

Әбдіжәміл Нұрпейісовтің Арал балықшыларының өмірі туралы баяндаған «Қан мен тер» трилогиясы 1974 жылы КСРО Мемлекеттік сыйлығына ие болды.

Қазақ жазушысы Ілияс Есенберлин үлкен өмір мектебінен өтті. Ол 1915 жылы Орталық Қазақстанда Атбасар жұмысшысы отбасында дүниеге келді. Балалар үйінде тәрбиеленді. 1935 жылы Қазақ тау-кен институтына оқуға түсіп, оны аяқтаған соң Жезқазған мыс қорыту комбинатында инженер болып жұмыс істеді. Ұлы Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап офицер-артиллерист болды. Жарақат алғаннан кейін, 1942–1947 жылдары Қазақстан КП ОК аппаратында, содан кейін мәдени мекемелерде басқарушы қызмет атқарды.

І.Есенберлиннің алғашқы «Айша», «Сұлтан» поэмалары әлемді поэтикалық қабылдауымен, бейнені шебер сомдауымен көзге түсті. І.Есенберлин заманауи тақырыптармен қатар тарихи шығармалар жазумен көп айналысты. І.Есенберлин «Қаһар», «Алмас қылыш», «Жанталас» тарихи романдарын жазды. Романдар XV ғасырдың ортасына дейінгі қазақ тарихы суреттелген «Көшпенділер» трилогиясына біріктірілді.

Олжас Сүлейменов жаңа әдебиеттің жарқын өкілі болды. Ол – көптеген поэтикалық жинақтардың, «Азия», «Жазу тілі» ғылыми еңбектерінің авторы. Оның шығармашылығына модернизм үдерісі,



Б.Момышұлы



І.Есенберлин





О.Сүлейменов

поэтикалық ассоциациялардың күрделілігі, казак, орыс және әлемдік шығармашылық дәстүрлерінің астасуы тән. 1961 жылы сәуір айында «Комсомольская правда» газетінің беттерінде Юрий Гагариннің ғарышка ұшуы құрметіне арналған О.Сүлейменовтің «Адамға табын, Жер, енді» өлеңі жарияланды. XX ғасырдың 70–80-жылдары шығармашылық қуаты күшті, жаңа «Азия» шығармасы жұртшылықты елен еткізді. «Жұлдыз», «Мәскеу», «Жас гвардия» журналдарында өткір сын айтылды.

КОКП ОК идеологиялық мәселелерді бақылаушы М.А.Суслов ол кітапты «орыстарға қарсы ұлтшылдық бағытта» жазылған деп көрсетті. Кітап кітапханалардан алынып тасталып, тыйым салынды. Ал авторға қазақстандық басшылар араша түсті.

Мұхтар Шаханов шығармалары әлемнің көптеген тіліне аударылды. 60–70-жылдары оның «Бақыт», «Ай туып келеді», «Қырандар төбеге қонбайды» өлеңдер жинағы және т.б. шығармалары жарық көрді. Сондай-ақ пьесалары М.Әуезов атындағы Қазақ академиялық драма театрында қойылды.

XX ғасырдың 80-жылдарындағы әдеби өмірдегі маңызды оқиға қуғын-сүргінге ұшыраған Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытов, М.Дулатов (1988 ж.) шығармашылық мұрасының оқырман қауымға және ғылыми айналымға қайтып оралуы болды. Қазақстан жастары XX ғасырдың бас кезіндегі ұлттық әдебиеттің көрнекті өкілдерінің еңбектерімен танысу мүмкіндігіне ие болды.

**Өнер, театр, кино.** 1949 жылы 18 қазандағы Қазақстан КП ОК қабылдаған «Республиканың театр өнерінің ары қарай дамуының жағдайы мен міндеттері туралы» қаулысы қазақстандық өнер адамдарының алдына бірқатар міндеттер қойды.

Театрға «республикадағы зор социалистік қайта құруларды насихаттау» ұсынылды. Одақтық қаулыларды басшылыққа ала отырып, Қазақстан Компартиясы ОК Қазақ академиялық театрынан «идеологиялық жағынан теріс әдеттерден және көркем образы аз пьесалардан тазартуды» талап етті, заманауи кеңестік тақырыпқа баса назар аударуға шақырды.

Жұмысшы табы, ауыл еңбеккерлері мен зиялы қауым және қазақ ағартушылары Абай, Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин және т.б. туралы спектакльдер қойылды.



1949 жылы «Абай» романы бойынша жоғары шығармашылық деңгейде спектакль қойылды. Басты рөлдерде ойнаған Қ.Қуанышбаев пен Ә.Өмірзақоваға Сталиндік сыйлық берілді. 1956 жылы опера театры сахнасында алғашқы ұйғыр композиторы Қ.Қожамьяров жазған «Назугум» операсы қойылды.

Опера өнерінің дамуында белгілі рөл атқарған КСРО Халық әртісі Сталиндік сыйлықтың иегері Күләш Бәйсейітова болды. Үлкен дарын иесі өз шығармашылығымен замандастарын тәңгі етті. Ұлы актриса сахнада әртүрлі бейнелерді сомдады. Бұл жылдары қазақ музыкасы жаңа жанрлармен – симфония, хор және камералық музыкамен толықтырылды.

Көпшілікке арналған өлеңдер мен романстарды дамытуда Е.Брусилловский, М.Төлебаев, Л.Хамиди, Б.Байқадамов орасан зор рөл атқарды. Шығармашылығының әртүрлілігіне қарамастан, олардың туындыларынан қазақ халық музыканттарының тілін бойларына сіңіріп, орыс музыкалық мәдениеті дәстүрлеріне бейімдегенін көреміз.

1951 жылы «Кеңестік Қазақстан» хроникалық фильмін шығару жұмысы басталды. 1959 жылы Алматы киностудиясы «Кеңестік Қазақстан» журналының мыңыншы нөмірін шығарды. 1953–1959 жылдары шығарылған «Махаббат туралы аңыз», «Шабандоз қыз», «Ботагөз», «Біздің сүйікті дәрігер» және т.б. көркем фильмдер одақтық табысқа ие болып, қазақ киносының алтын қорына енді. Бүгінгі күні бұл фильмдер кино көрермендерінің үлкен қызығушылығын тудыруда.

Қазақстанның халық суретшісі Ә.Қастеев, белгілі суретші А.Черкасский, С.Калмыков, Қ.Телжанов бұл жылдары көптеген жарқын және қызықты туындыларын салып шықты. Қазақстандық суретшілер мен қолданбалы өнер шеберлерінің 500-ден аса жұмыстары 1958 жылы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнері онкүндігінде көрсетілді.

Соғыстан кейінгі жылдары Қазақстан ғылымы мен мәдениеті қиын кезеңді бастан кешірді. Бұл кезеңнің ең таңдаулы шығармалары уақыт



К.Бәйсейітова



Ә.Қастеев



сыны тезінен мүдірмей өтіп мейірімділік, әділеттілік идеалдарына, өз халқы мен елінің болашаққа деген сенімі үшін қызмет етуін жалғастырды.

**Әдебиет пен өнерді идеологиясыздандыру** . XX ғасырдың 60-жылдары зиялы қауымды қудалау тоқтатылды. Ал ғылыми және көркем шығармашылыққа араласу партия қызметкерлері тарапынан қайта жөндеу жүргізу, табанды «кенес» беру сипатына ие болды. Дегенмен, «Хрушев жылымығы» кезінде биліктің зиялы қауымға қысым жасауының жұмсарғаны байқалды. Әдебиетте «алпысыншы жылдықтар», яғни XX ғасырдың 60-жылдарының ұрпақтары деген ұғымның пайда болуы кездейсоқ жағдай емес. Осылай деп сталиншілдікті жокқа шығарған, идеологиясыздандыру үдерістерін сезіне бастаған зиялы қауымның серпін алған жана толқынын атаған. Дәл осы кезде әдебиет пен өнер үшін жанрлардың әртүрлілігі, жана әдістер, тақырыптар, түрлерді іздестіру, көптеген озық шығармалардың пайда болуы тән болды.

XX ғасырдың 70–80-жылдары әдебиет пен өнерде көптеген маңызды қоғамдық және саяси оқиғалар болды. Қазақстан жазушыларының съездері өтіп, КОКП ОК-ның әдеби-көркем сын туралы қаулылары шықты. Қазақстанның әдеби өміріндегі маңызды оқиға қуғын-сүргінге ұшыраған жазушылардың шығармашылық мұрасы оқырмандарға қайта оралды. Осы оқиғалар қазақ жазушыларының, суретшілерінің, кинематографистерінің шығармашылығына жағымды әсер етті.

Қ.Бекхожин, Ә.Сәрсенбаев, Ж.Молдағалиев, М.Әлімбаевтардың шығармаларында патриоттық және интернационалдық тақырып-

тар орын алды. Халықтың тарихи тағдыры, адамның әлемдегі орны М.Мақатаев, Ә.Тәжібаев, Қ.Мырза Әлі шығармаларында көрініс тапты. Есенберлиннің көптеген шығармалары тарихи тақырыпқа арналды. Қазақ әдебиетшілері театрға арналған қызықты драмалық шығармалар жазды. М.Әуезов, Ғ.Мүсіреповпен қатар театр сахналарында Т.Ахтановтың, С.Шаймерденовтың, Қ.Мұхамеджановтың пьесалары ко-йылды.

Қазақ кино өнерінің сәтті шыққан шығармалары «Менің атым Қожа», «Алдар Көсе», «Ана туралы аңыз», «Әке



«Қыз Жібек» фильмінен көрініс



аманаты», «Тақиялы періште» фильмдері болды. «Қазақфильм» киностудиясында лиро-эпосты жарыққа шығарудың бірінші тәжірибесі «Қыз Жібек» эпосы болды. Сценарий авторы Ғ.Мүсірепов драма, поэзия, эпостың бейнелеу әлемі, қазақтың суырыпсалма өнерінің үйлесімділігін тауып көрсете білді. ХХ ғасырдың 70-жылдары «Атаманның ақыры», «Қан мен тер», «Даладағы қуғын», «Транссібір экспресі», «Бидай пісі» фильмдері түсірілді.

**Зертте!** Не себепті «алпысыншы жылдықтардың» дарынды шығармалары орасан көп болды?

**Мәдени-ағартушылық мекемелер мен бұқаралық ақпарат құралдары.** Республиканың мәдени өмірінде мәдени-ағартушылық мекемелер: кітапханалар, клубтар, мұражайлар маңызды орын алды.

Соғыстан кейінгі жылдары республикада кітапханалар саны өсті. Мәдени-ағарту мекемелерінің дамуына, ауылдық жерлердегі бұқаралық ақпарат құралдары желісінің болуына баса назар аударылды. Бұл жылдары ашылған кітапхана, клуб, бөлінген киноқұрылғылардың жартысы тың игерілген аудандарда орналасты.

Ұжымдық насихатшы, үгітші және ұйымдастырушы ретінде баспа ісінің дамуына зор көңіл аударылды. Газеттер қазақ, орыс, ұйғыр тілдерінде шықты.

Радио тарату орындарының саны артты. Кеңшарлар, жоғары оқу орындары мен өнеркәсіп орындарының жеке радиотораптары болды. Хабарлар орыс, қазақ және ұйғыр тілдерінде жүрді. 1958–1959 жылдары теледидар дами бастады. Телеорталықтар Алматы, Қарағанды, Өскемен және басқа облыс орталықтарында жұмыс істеп тұрды.

Қазақстан әдебиеті мен ұлттық өнері КСРО халықтары көркем мәдениетінде лайықты орынға ие болды. Қазақ авторлары шығармаларының көпшілігі әлем мәдениетінің классикасына айналып, әлемнің көптеген тілдеріне аударылды. Қол жеткізілген жетістіктер мен үлкен табыстарға карамастан, ұлттық әдебиет пен өнер биліктің партия және мемлекеттік органдары тарапынан қатаң бақылауда болуы жалғаса берді.

**Сұрақтарға жауап беріңдер.**

1. 40–80-жылдары үш әдеби бағыттың қайсысы дамудың шарықтау шегіне жетті?
2. 1946–1985 жылдары Қазақстанның кеңестік әдебиетінің қандай ерекшеліктері болды?

3. Бауыржан Момышұлының қандай шығармаларын оқыдыңдар? Автор қандай оқиғалар туралы жазды?

**Тапсырмалар.**

1. Ұлттық әдебиеттің жарқын өкілдері мен олардың шығармаларын атаңдар.
2. Бір жазушы немесе ақынның тарихи портретін жазыңдар.
3. Осы кезеңдегі жазушылар туралы немесе олардың біреуінің шығармашылығы туралы хабарлама даярлаңдар.
4. Театр, кино сияқты жанрларға сипаттама беріңдер.
5. Аталған кезеңдегі Қазақстан мәдениетінің жанрларының біріне таныстырылым дайындаңдар.



**Идеологиясыздандыру** – қоғамды басқарушы идеологиядан босату үдерістері.



## ҚАЗАҚСТАН ҚАЙТА ҚҰРУДЫҢ БАСТАПҚЫ КЕЗЕҢІНДЕ

### § 29–30. Қайта құрудың себептері, мазмұны және салдары

#### Бүгін сабақта:

- 1985 жылы М.Горбачевтың келуімен басталған «Қайта құру» реформасының себеп-салдарымен танысамыз;
- «Қайта құру» реформасының Қазақстанға әкелген өзгерістерін оқып-білеміз.

*Зерттеу сұрағы. КСРО-ның ыдырауы заңдылық па, әлде кездейсоқтық па?*

**80-жылдардың ортасындағы қоғамдық-саяси өмір.** 1980 жылдардың ортасында Кеңес Одағы экономикалық, әлеуметтік және саяси дағдарыста болды. Әкімшіл-әміршіл жүйе жаңа дәуірдің шынайылығын қанағаттандыра алмады. Қоғамның барлық саласын, оның экономикалық негіздерін, әлеуметтік өмірін, саяси құрылымын, рухани саласын жаңарту қажеттігін талап етті.

#### Тірек сөздер:

- Қайта құру
- жеделдету
- жариялылық
- оппозиция

**Білгенің абзал!** 1982 жылы қараша айында қайтыс болған Л.И.Брежневтің орнына МҚК-нің бұрынғы төрағасы Ю.В.Андропов келді. Оның әкімшілік әдістер арқылы тәртіп орнатқысы келген әрекеті зая кетті. Көп ұзамай ол да қайтыс болып, 1984 жылы ақпан айында Саяси бюроның басшылығы К.У.Черненкоға көшті. Ол да бір жылдан сәл-ақ астам уақыт КСРО-ның басшысы болды. Алайда Кеңес үкіметінің басшылары ауысқанымен әміршіл-әкімшіл жүйе өзгеріссіз қала берді.

**1985 жылдың 10 наурызында** КОКП басшылығына Саяси Бюроның ең жас мүшесі 53 жастағы Михаил Сергеевич Горбачевтың билікке келуімен КСРО-да реформалар кезеңі басталды. М.Горбачевтың басқару мерзімі 7 жылға созылып (1985–1991 жж.), тарихқа «Қайта құру» деген атпен енді.

**КСРО ОК-нің 1985 жылғы сәуір пленумы және «Қайта құру».** Билікке келген М.Горбачев бір айдан кейін 1985 жылғы сәуірдегі Орталық Комитеттің Пленумында жаңа саяси бағытқа көшу





Қайта құруға қатысты ұрандар жазылған плакат

жаңа кәсіпорындар салу және модернизация жүргізу керек деп көрсетілді.

Сол тұста жүргізілген «жариялылық» саясаты қоғамдық-саяси өмірді жаңартуда ерекше рөл атқарған еді. Цензура жойылып, барлық аймақта әртүрлі бағыттағы газет-журналдар мен кітаптар шығаруға рұқсат берілді. Осының барлығы халықтың арасында әлеуметтік белсенділік туғызды. Қысқа мерзімде көптеген қоғамдық ұйым құрылып, олар М.Горбачев реформасының «жеделдету», «жариялылық» және «қайта құру» деген үш ұранын қолдап шықты. Ал бұқаралық ақпарат құралдары КСРО-ның даму стратегиясы бойынша көптеген пікірсайыс өткізді. Қоғамда әртүрлі көзқарастар байқалды.

М.Горбачевтің билік басына келуімен Қазақстанның саяси қызметі орталықтың қатаң партиялық бақылауымен жүре бастады. 1980 жылдың ортасында атқарушылық тәртіп деңгейінің төмендеуіне, ұрлық пен домалақ арыздың артуына байланысты бірқатар орталық республикалық баспасөздер қатаң сынға алынды. Соған қарамастан 1986 жылы ақпан да өткен Қазақстан Коммунистік партиясының XVI съезі Д.А.Қонаевты республикалық партия ұйымының Бірінші хатшысы лауазымына қайта сайлады.

Республикалық деңгейдегі бірінші басшының билікке қайта келуі М.Горбачевке ұнамады. Ол жергілікті жерлердегі партия ұйымдары жоғары тұрған органдарға, Мәскеуге бағынуы міндетті деп есептеді. Көп ретте бұл ой іске асырылды да. Мәселен, 1985–1986 жылдары Орталық Азияның барлық бес республикасында жергілікті компартиялардың Орталық комитеттерінің бірінші хатшылары ауыстырылды. Қазақстанда Д.Қонаевты Г.Колбинге ауыстыру жергілікті



халықтың ұлттық мүддесін ескермегендік болды. Өлкенің мүддесі мүлде есепке алынбады.

1986 жылы елдің экономикалық өмірінде пайда болған жаңалық – мемлекеттік қабылдаудың енгізілуі. Өндірушілердің дайын өнімдерін мемлекеттік арнайы комиссия қабылдайтын болды. Ол өнім өндірушілердің жауапкершілігін арттырып, өнім сапасын жақсартады деп есептелді. Бірақ оның нәтижесі көңілге толмады. Себебі 1987 жылы мемлекеттік қабылдаудан өнімнің 15–18%-ы өте алмады. Осы кезеңде экономиканың барлық саласында дағдарыс анық байқалды. Әсіресе тауардың жетіспеушілігі халықтың әлеуметтік жағдайын нашарлата түсті.

**Білгенің абзал!** Қайта құру жылдары 3 кезеңнен тұрады:

1-кезең (1985 жылдың сәуірінен 1987 ж. жазына дейін) – елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын жеделдету тұжырымдамасын жүзеге асыруға тырысу кезеңі;

2-кезеңнің (1987 жылдың жазынан 1989 жылдың мамырына дейін) сипатты белгісі – мемлекеттік кәсіпорындар мен кооперациялар туралы жартыкеш әрі солқылдақ заңдардың қабылдануы;

3-кезең (1989 жылдың мамырынан 1991 жылдың тамызына дейін) – «социалистік нарықтық экономиканы» құруға ұмтылу кезеңі.

Қайта құрудың 1-кезеңінде экономиканы ғылыми-техникалық прогресс негізінде қайта құру тұжырымдалды. Алайда мемлекеттің өнеркәсіпке монополиялылығы жағдайында зауыттар мен фабрикалар импорттық қайта жабдықтаудан бас тартты. Тіпті жабдықтар әкелінгеннің өзінде олар жәшіктерде сол қалпында немесе мекеменің артында ашылған күйінде пайдаланусыз қалып отырды.

1987 жылы қабылданған «Мемлекеттік кәсіпорындар туралы» Заңға сәйкес мемлекеттік кәсіпорындар өзін-өзі қаржыландыруға, шаруашылық есепке көшірілді. Кәсіпорындар серіктестерімен келісімшарт жасауға, кейбір ірі өндіріс орындары сыртқы нарыққа шығуға мүмкіндік алды. Бірақ 1987 жылдан бастап реформалардың сәтсіздігі байқала бастады. Ғылыми негізделмеген, терең ойластырылған тұжырымдамасыз қабылданған шешімдердің сәтсіз болуы күтпеген нәтиже емес еді.

Әлеуметтік салада бірнеше іс-шара қолға алынды: мектептерді жаппай компьютерлендіру, маскүнемдікке қарсы күрес және еңбексіз табылған табысқа қарсы күрес күшейді. Алайда азық-түлік пен тұтыну тауарларының жетіспеушілігі айқын байқалды. Күнделікті өмірде тауарлар *қара базар* бағасымен есептеліп, *қант танышылығы*, *шай танышылығы*, *сабын танышылығы* деген ұғымдар пайда болды. Сауда мафиясының өкілдері азық-түлік пен тауарларды



алыпсатарлар арқылы сатып, миллиардтаған кірісті қалталарына салды.

Осыған байланысты ақпарат құралдарында, митингтер мен шерулерде үкімет қатты сынға ұшырады.

*Мамандар саясаты* қайта ұйымдастырылды. Дегенмен көптеген партия қызметкерлері, шаруашылық басшылары қоғамды бұрынғысынша нұсқаулар және жарлықтар арқылы басқару жүйесін ұстанды.

*Ұлт саясатында ешқандай өзгеріс болмады*. Ұлт мәселесін шешудегі солақайлық пен жазалау әдісі Қазақстанда 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасында кеңінен көрініс тапты.

*Партия жұмысы* ұлттық мәселесімен кеңестерге айналысуды тапсырып, арнайы бөлімдер құрылды. Ең аяғы ауылдық Кеңестердің өзінде ұлтаралық қатынастар мәселесі туралы бөлім ашылды. Алайда орган ұлт мәселесіне терең үңілуден гөрі, жалаң ұлтаралық достықты нығайтуды желеу етті.

Қайта құрудың *2-кезеңі* 1987 жылғы жаздағы КОКП-ның маусым Пленумынан бастау алды. Бірақ пленумның шешімдері жартыкештік сипатта болды. Қоғамдық сана өзгергендіктен, халықтың әлауқатын жақсартудың бірден-бірі жолы *нарық пен жекеменшік* болып табылатындығы айқындала түсті. Алайда ел басшылары бұрынғысынша дәйексіздік, сылбырлық, орынсыз қырағылық танытты. Шаруашылықтың *арендалық, мердігерлік жүйесін*, жеке кәсіпкерлікті дамыту көзделді және оны іске асыру шұғыл түрде қолға алынды. Алайда аталған шараларды жүзеге асыру мүмкін болмады. Өйткені заң шешімдерді жартылай орындауға ғана мүмкіндік берді. Мемлекеттік меншік пен нарықтық қатынас сияқты үйлеспейтін екі нәрсені қабыстыруға әрекет жасады. Бұл Кеңес үкіметінің *социалистік нарықтың* өзінше бір түрін қалыптастыруға бел бұғандығы еді.

**Орында!** «Қайта құру кезеңіндегі Қазақстан» деген тақырыпта таныстырылым жасаңдар.

Партия өркендетті түрде *нарықтық экономикаға* өту мемлекеттің жоғарыдан түсірілетін *жоспарымен емес, жекеменшіктің дамуымен* сабақтаса отырып жүретіндігін біле тұра, ескі жолдан ауытқымады.

*3-кезеңде* қайта құру идеялары кең қанат жая алмады. Себебі, біріншіден, партияның, мемлекет басшыларының реформистік қанаты жалтақтап, реформаны батыл түрде іске асыра алмады. Екіншіден, барлық сатыдағы төрешілдік жүйе өз қарсылығын білдіруімен болды.



Сонымен, қайта құру алғашқыда қоғамдағы істің жағдайын тез арада жақсартындай көңіл күй туғызғанымен, үміт ақталмады. Өйткені қайта құрудың мақсат-міндеттері айқындалмады. Әдіс-тәсілі талданып, шешілмеді. Ол құрғақ сөзбен басталып, дауға ұласты. Елді басқарып отырған адамдардың мемлекеттік органдарды жоғарыдан төмен қарай қайта ұйымдастыру шараларының салдары экономиканы басқаруға және халықтың әлеуметтік жағдайына жеткілікті дәрежеде көңіл бөлмеуге әкелді. Орталықта және жергілікті жерлерде бұрынғы басшылардың беделін түсіретін материалдар іздестіріліп, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жария етіле бастады. Жаңа басшылық өздерін жақсы етіп көрсеткісі келді. Алайда биліктің тізгінін өз қолдарына «берік ұстағанымен», экономиканың тұралауына, қылмыстың күрт көбеюіне және дүкен сөрелерінің қанырап бос қалуына бұрынғы және жаңа басшылық та жауапты еді.

#### Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Кенестік жүйе дағдарысының себептері неде?
2. Қайта құру саясатын бастау неліктен қажет болды?
3. 1985 жылы сәуір пленумында қандай бағыт жарияланды?
4. Қайта құруды қандай кезеңдерге бөлуге болады?
5. Қайта құру жылдары Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінде қандай өзгерістер орын алды?
6. «М.С.Горбачев – КСРО-ның соңғы басшысы» тақырыбына хабарлама дайындаңдар.
7. Мәтіндегі плакатқа қарап, «қайта құрудың» жалаң ұрандарының түпкі мәнін түсіндіріңдер.



**Қайта құру** – кеңес қоғамын «жоғарыдан» саяси-экономикалық реформалауға ұмтылыс. Реформаны жүзеге асыруға ұмтылған М.С.Горбачевтың есімімен байланысты. Хронологиялық шеңбері 1985–1991 жж.

**Мердігерлік** – экономикалық агенттердің құқықтық қатынасы. Мұнда бір тарап (мердігер) екінші тараптың (тапсырыс берушінің) тапсырысы бойынша белгілі бір жұмысты орындауға және оның нәтижесін тапсырыс берушіге өткізуге, ал ол өз кезегінде жұмысты қабылдап алуға және ақысын төлеуге міндеттенеді.

**Плюрализм** (лат. *Pluralis* – көп, көбейтілген) – әлеуметтік топтар өздерінің мүдделерін, ой-пікірлерін өз өкілдері арқылы білдіруге мүмкіндігі бар қоғамның демократиялық саяси жүйесінің сипаттамасы.

**Митинг** – бір мәселе бойынша жиналып талқылау.

## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1986 ЖЫЛҒЫ ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫ

### § 31. Қазақстандағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы: себептері, барысы мен салдары

#### Бүгін сабақта:

- Қазақстандағы 1986 жылғы желтоқсан оқиғасының себептерімен, барысымен танысамыз.

#### Тірек сөздер:

- командалық бюрократия
- ұлтшылдық
- «Құйын-1986»

*Зерттеу сұрағы. Қазақстандағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының сипаты қандай болды?*

**Қазақстандағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы: себептері және барысы.** 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы Орталық билік пен КСРО

әкімшіл-әміршіл басқару жүйесі саясатының нәтижесі болды. Қазақстанға төмендегідей белгілер тән:

– жері мен табиғат байлығының молдығына қарамастан, республика халқының мүддесі еш ескерілмей, тұрмыс дәрежесі төмен болуы;

– Қазақстанның елдің дамыған аймақтары үшін шикізат көзіне айналуы және өлкенің экологиялық апатқа ұшырауы;

– халық тұтынатын тауардың 60%-ның сырттан әкелінуі;

– ұлт мәселесінің шешелісуі мен орыстандыру саясатының кең етек алуы;

– мәдени салаларды қамтыған кемшіліктер: идеологияның біржақтылығы, білім -ғылымның «қалдық» принципі бойынша қаржылануы; адамдардың рухани дамуына жасалған кедергілер.

Әкімшіл-әміршіл жүйе саясатының салдарынан қазақ тілі барлық саладан жедел түрде ығыстырыла бастады. Қазақ мектептерінің саны 60–90-жылдары, әсіресе Көкшетау, Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қостанай, Шығыс Қазақстан облыстарында күрт қысқарып кетті. Қазақ тілінде ісқағаздарын жүргізу, әсіресе қалаларда шектелді. Тіл мәдениетіне деген мұндай көзқарас қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан әдебиетіне, тарихына және салт-дәстүріне сызат түсірді.



Қазақстан комсомолы айрықша сынға ұшырады. Қазақстан Коммунистік партиясы ұйымындағы кемшіліктер «Правда» газетінде талқыланды. Д.А.Қонаев пен М.С.Горбачевтың арасындағы ел басқару мен шаруашылықты дұрыс ұйымдастыру, мамандар жүйесіне қатысты көзқарастар қақтығысы он сегіз айға созылды.

**Желтоқсан оқиғасына** ұшығып отырған жағдайды шиеленістірген, **16 желтоқсандағы** Қазақстан Компартиясының танертенгі 18 минутқа созылған **V пленумының шешімі түрткі болған** еді. Мұнда КОКП ОК-нің сол кездегі хатшысы Г.П.Разумовскийдің басшылығымен, Мәскеуде отырған жоғарыдағылардың шешімімен Д.А.Қонаев республика Компартиясы ОК-нің Бірінші хатшысы міндетінен босатылды. Оның орнына бұрын Ульянов облыстық партия комитетінің Бірінші хатшысы болған Г.В.Колбин «бірауыздан» сайланды.

Пленумның шешімі жөніндегі хабар республикалық радиодан берілді. Сол күні кешке қалалық Ішкі істер басқармасы мен Мемлекеттік қауіпсіздік комитетіне жергілікті халық арасында Пленум шешіміне наразылық туып жатқандығы жөнінде хабарлар түсіп жатты. Орталық Комитеттің қайта құру кезеңіне дейінгі ескі дағды бойынша республика басшылығына Қазақстан халқының пікірімен санаспай, өлкенің жер жағдайын білмейтін, оның өзіндік ерекшеліктерінен бейхабар адамды әміршіл әдіспен отырғызуы бұқараның наразылығын туғызды. Наразылықтың көш басында жастар, студенттер мен жұмысшылар тұрып, Желтоқсан оқиғасының қозғаушы күші болды.



Алматы қаласындағы бұрынғы Брежнев аланы (бүгінде Республика аланы). 17 желтоқсандағы көрініс.  
«Құйын-1986»

**Ойлан!** Неге кеңестік басшылар өз қарсылықтарын білдіруші жастармен ортақ тіл табыса алмады?

1986 жылғы 17 желтоқсандағы Алматы қаласының студенттері мен жұмысшыларының қарсылығы түрі жағынан ұлттық болғанымен, ұлтшылдық сипатта емес еді. Жастардың ұрандарының бірі «Тіліміз жоғалтпасын, жеріміз тоналтпасын!» болатын. Сол кездегі өмір шындығы солай еді. Шеру бейбіт және саяси сипатта болды. Аланға жиналған жастар қазіргі әнұранымызға айналған «*Менің Қазақстаным*» әнін шырқап тұрды. Әкімшілікке дағдыланған республика басшылары жастармен теңқұқылы келісімге келе алмады. Желтоқсан оқиғасының барысын академик М.Қ.Қозыбаев 3 сатымен көрсеткен.

**1-сатысы:** желтоқсанның 16-сынан 17-сіне қараған түні. Желтоқсан қозғалысының сол бір түні жастар үшін толқу, тербеліс, үміт кезеңі болатын.

**2-сатысы:** желтоқсанның 17-сі, таңғы сағат 7–8-ден кешкі сағат 18-ге дейінгі кезең. Бұл әміршіл-әкімшіл жүйе мен жас балғын демократияның бетпе-бет бейбіт жүздесу сәті, арбасу кезеңі.

**3-сатысы:** 17 желтоқсанның кешкі сағат 18-інен 18 желтоқсанға дейінгі уақыт. Бұл екі жақ күштің арбасудан алысуға ауысқан, қозғалыстың стихиялық көтеріліске айналу сәті. Әміршіл жүйенің қарулы жазалаушы отрядының күшін жұмсап, наразы топты еріксіз қорғаныс жасауға, күшке күшті қарсы қоюға итермелеу сатысы.

**Ойлан!** Неге жастар КОКП ОК саясатына қарсы шықты? Неліктен КСРО басшылары Желтоқсан оқиғасын бұрмалауға тырысты?



1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы



Демонстранттарды қуып таратудың арнайы жоспары «Құйын-1986» деп аталды. Шешімді Орталықтың мақұлдауымен жергілікті басшылық қабылдады. «Құйын» операциясына КСРО ІІМ (МВД) Ішкі әскер басшысының 1-орынбасары В.С.Дубиняк, генерал-полковник Б.К.Елисов және Қазақ КСР Ішкі істер министрі Г.К.Князев басшылық жасады. Қуып тарату жөніндегі тікелей бұйрықты Қазақ КСР Ішкі істер министрі Г.Н.Князев берді. Осы сәттен бастап Алматыда жаппай тәртіпсіздік басталды. Қаруланған солдаттар жастарды сапер күректермен, дубинкамен ұрып, зорлық-зомбылық жасады. Желтоқсанның суық аязында су шашып, кезекті операциядан кейін ұсталған жігіттер мен қыздарды солдаттар бірнеше сағат бойы қақаған аязда жер бауырлап жатуға мәжбүрледі. Ұсталған адамдардың көпшілігі прокурордың рұқсатынсыз және соттың қаулысынсыз, ешқандай ресми тіркелместен, тергеу изоляторлары, арнайы қабылдайтын орындар, уақытша ұстайтын изоляторлар мен медициналық айықтырғыштарға отырғызылғаны анықталды.

**Білгенің абзал!** Желтоқсанның 19–23 күндері аралығында халықтың наразылық шерулері мен митингілер Жезқазған, Талдықорған, Көкшетау, Қарағанды, Арқалық, Павлодар, Жамбыл, Талғар, Сарқан т.б. қалалар мен Сарыөзек, Шамалған, Шелек елді мекендерінде жалғасты.

Операцияны іске асыру барысында милиция және ішкі әскер тартылды. Қаланың әрбір аудандық комитетіне екі мың адамнан халық жасақшыларын жасақтауға нұсқау берілді. Халық жасақшылары төтенше тәртіппен топталды. Олардың саны шамамен 16 мыңдай болды. 18 желтоқсанның кешінен бастап жалпы басшылықты Мәскеуден келіп қолына алған М.С.Соломенцев жастардың бейбіт шеруін «барып тұрған ұлтшылдық» деп бағалап, шындықты одан әрі бұрмалады.

#### Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. 1986 жылғы кезектен тыс пленумда қандай мәселелер қаралды? Шешімі туралы не білесіңдер?
2. Д.А.Қонаевтың қызметтен кетуі мен Желтоқсан оқиғасының қандай байланысы бар?
3. Желтоқсан оқиғасының себептері неде?
4. Студент жастар мен жұмысшы топтардың қарсылығын сендер қалай бағалайсыңдар? Мәтіндегі суреттерге қарап әңгімелеп беріңдер.

#### Тапсырма.

Параграфтағы суреттерді пайдаланып, 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы туралы шығарма жазыңдар.

## § 32. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысушыларға қатысты жазалау шаралары

### Бүгін сабақта:

- Желтоқсан оқиғасына қатысқан жастардың ерлік істерімен танысамыз;
- орталық биліктің қатысушыларға қарсы қуғын-сүргін әрекеттерін, сонымен бірге әділдік орнап, «желтоқсаншылдардың» ақталуын, бұл оқиғаның тарихи маңызын талдаймыз.

### Тірек сөздер:

- интернационалдық
- патриот
- Шаханов комиссиясы
- қазақ ұлтшылдығы
- егемендік

1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысушыларға қарсы қуғын-сүргін және КСРО ОК-нің арнайы қаулысы. Алматыда өткен 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасын орталық басылымдар, басқа да бұқаралық ақпарат құралдары ұлтшылдардың, бұзақылар мен нашақорлар тобырының бұзақылығы деп хабарлады. Желтоқсан оқиғасынан кейін де республика саяси өмірі бұрынғы басқару әдістерімен жүзеге асты. Бұқаралық ақпарат құралдары жаңа басшыны барынша дәріптеп, кемшіліктің бәрін бұрынғы басшыға аударды. Д.Қонаевты сынау, жамандау, бұрынғы аппарат қызметкерлерін тазартудан өткізу, анық-қанығын білмей қызметтен босату, әдеттегідей, науқаншылдықпен астасып жатты. Жоғары оқу орындарына оқуға қабылдауда қазақ ұлтының пайыздық үлесі басым болмауы бақыланды.

**Ізден!** «Желтоқсан – оқиға емес, көтеріліс» деген тұжырымға зерттеу жұмысын жасаңдар.

1987 жылы 16 шілдеде қабылданған КСРО Компартиясы Орталық Комитетінің «Қазақ республикалық партия ұйымының еңбекшілерге интернационалдық және патриоттық тәрбие жөніндегі жұмысы туралы» қаулысында теріс баға беріліп, бүкіл қазақ халқына ұлтшылдық таңбасы таңылды.

Ұйғарым ресми партиялық құжатта жарық көргеннен кейін-ақ қудалау басталды. Олардың қателіктерін іздеп, жұмыстан қуды. Партия ұйымдарының көптеген хатшылары қайтадан сайланып, облыстық, аудандық комитеттер бюросы тазартылды. Партия, Кеңес, кәсіподақ, комсомол қызметкерлері аттестациядан өтті. Партия және комсомол билеттерінен айырылды, жоғары оқу орындарының студенттері оқудан шығарылды.



М.Шаханов комиссиясының қорытындысы бойынша сол күндері 8500 адам қамауға алынған. Мәліметтерге сүйенсек, 1720 адам жаракат алып, 110 адам сотталған. **Қайрат Рысқұлбеков, Мырзагүл Әбдіқұлов, Ербол Сыпатаев, Ләззат Асанова, Сәбира Мұхамеджанова** т.б. казактың жігіттері мен қыздарының қаза табуы Желтоқсан оқиғасының қайғылы беттерінің бірі болды. Сол кездегі қыздарымыздың ерлігі мен батырлығы ел ішінде аңызға айналды.



Қ.Рысқұлбеков

Тергеулер асығыс, ойдан шығарылған және тек айыптау түрінде жүргізілді. Жазықсыз айыпталғандардың бірі – Алматы сәулет-құрылыс институтының 1-курс студенті *Қайрат Рысқұлбековке* «жасакшыны өлтірді» деген айып тағылды. Қ.Рысқұлбеков өлім жазасына кесіліп, артынан 20 жыл бас бостандығынан айырумен алмастырылды. Алайда Семей түрмесінде белгісіз жағдайда қайтыс болды.

**1986 жылғы Желтоқсан қозғалысының тарихи маңызы.** Желтоқсан оқиғасының тарихи маңызы өте зор. Біріншіден, казак халқының ұлттық санасының өсуіне айрықша ықпал етті, казактың сана-сезімін, ұлттық мақтаныш пен тәуелсіздік туралы ұғымын түбірімен өзгертті. Тоталитарлық жүйеге қарсы тұрған жастарға деген мақтаныш сезімі мен бюрократиялық аппараттың тарапынан бүтіндей бір халықтың ұлтшыл деп айыпталуы казак халқының этникалық дамуын, топтасып бірігуін, ұлттың кемелденуін одан



1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы жөніндегі істі қараған сот отырысы.  
Солдан оңға қарай: Е.Көпесбаев, Т.Төшенов,  
Қ.Рысқұлбеков және Қ.Күзембаев



Алматы қаласында орналасқан  
1986 жылғы Желтоқсан  
көтерілісін еске алу  
монументі

әрі тездетті. Екіншіден, халықаралық тұрғыда танылған ұлттардың өзі-өзі басқару құқығы принципі мүлде басқа мағынаға ие болып, дербес мемлекет жолындағы күрес күшейді. Ендеше, бұл оқиға одақтас республикалардың егемендігіне серпін берді (Тбилиси–1989, Баку–1990, Вильнюс–1991 т.б.). Үшіншіден, демократия және адам құқығы туралы ұғымға өзгеріс енгізді. Жастар мемлекеттік машинаның тетігі ретінде қарайтындармен ымыраға келмей, өздерін мемлекетті басқару ісіне қатысуға құқығы бар, толыққанды азамат екендігін көрсетті.

Желтоқсан күндері милиция қамауға алғандардың ішінде қазақ жастарымен бірге өзге ұлттардың да болғаны белгілі. Олар – Желтоқсан

идеясына сенген Қазақстан халықтарының өкілдері. Бұл болса тоталитарлық команданың әкімшілік жүйеден жапа шеккен жалғыз қазақ емес, басқа да кеңес халқының бар екендігін дәлелдейді. Желтоқсан бүкіл халықтың рухани өміріне әсер етті, ұлттық сананы өсірді, кеңес дәуірінде қатты қысым көрген ұлттық рухты жандандырды.

**1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысушылардың ақталуы.** 1990 жылы мамыр айында Н.Ә.Назарбаевтың ұсынысымен 1987 жылы шілде айында КОКП ОК-нің «қазақ ұлтшылдығын» айыптаған қаулысы күшін жойды. КОКП ОК Саяси бюросы бұл ұсынысты қабылдауға мәжбүр болды.

1989 жылы басшылыққа келген Н.Назарбаевтың алдында бірқатар келелі мәселелер тұр еді. Ең алдымен, «қазақ ұлтшылдығы» деген әділетсіз айыптан арылу үшін бірталай күш-жігер жұмсалды.

Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 1990 жылғы 24 қыркүйектегі қаулысында «бейбіт және сан жағынан аз наразылық демонстрациясының жаппай тәртіпсіздікке ұласуы – республика басшыларының саяси дәрменсіздігінен, қиын жағдайдан бейбіт жолмен шыға алмағандығынан және шыққысы келмегендігінен, олардың ізгілікке емес, күшке арқа сүйегендігінен», – деп атап көрсетілді.



**Ойлан!** 1986 жылғы Желтоқсан қозғалысының тарихи маңызы қандай болды? «Шаханов комиссиясы» неліктен құрылды және оның жұмыс нәтижесі қандай?

1990 жылдың 31 қаңтарында желтоқсандағы оқиғаға байланысты жағдайларға түпкілікті баға беру жөніндегі комиссия құрылды. 1990 жылы 17 желтоқсан Демократиялық жанару күні болып жарияланды. Республика алаңында Желтоқсан оқиғасын есте қалдыруға арналған ескерткіш-тақта орнатылды. Елбасы Желтоқсан оқиғасына қатысты ішкі әскер және құқық қорғау органдары қызметкерлерін мемлекеттік марапаттармен мадақтау Жарлығы қате қабылданғанын айтып, қайта қарау үшін Жоғарғы Кеңеске ұсынысын білдірді.

**Орында!** «Желтоқсан оқиғасы – себептері мен салдары» тақырыбына таныстырылым дайындаңдар.

1991 жылдың 12 желтоқсанында Н.Ә.Назарбаев Қазақстандағы «1986 жылғы 17–18 желтоқсан оқиғаларына қатысқаны үшін жауапқа тартылған азаматтарды ақтау жөнінде» Жарлық шығарды. Жарлыққа сәйкес қылмыстық және әкімшілік және тәртіп бұзғаны үшін жауапкершілікке тартылғандар ақталды.

2006 жылдың қыркүйегінде Елбасының қатысуымен Желтоқсан көтерілісінің 20 жылдығына орай ресми түрде ескерткіш ашылды. «Тәуелсіздік таңы» мемориалын ашу кезінде Елбасы: «Жастарды алаңға шығарған Желтоқсан оқиғасы біздің тәуелсіздігіміздің алғашқы қарлығашы болды», – деп атап көрсетті. Қазақ халқының қадір-қасиетін асқақтатқан азаматтардың аруағын, ең алдымен, жастардың батыл іс-әрекеттерін ардақтау мақсатында жастай өмірден кеткен Қайрат Рысқұлбековке 1996 жылдың 9 желтоқсанында еліміздің ең жоғары наградасы «Халық хабар маны» атағы берілді.

**Сұрақтарға жауап беріңдер.**

1. Желтоқсан оқиғасына қатысушыларға қандай жаза түрлері қолданылды?
2. Желтоқсан оқиғасының тарихи маңызы қандай?
3. 1986 жылғы желтоқсан оқиғасына қатысушылардың ақталуы туралы айтыңдар.

**Тапсырмалар.**

1. «Желтоқсан оқиғасы – себептері мен салдары» тақырыбына таныстырылым дайындаңдар.
2. Желтоқсан көтерілісі туралы Қалдыбай Әбеновтің «Аллажар» фильмін көріңдер.
3. Ақын М.Шахановтың «Төрт ана» өлеңіндегі негізгі құндылықтарды атаңдар.



**Егемен** – мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатты жүргізудегі басқа мемлекеттерден толық тәуелсіздігі.

### Қосымша мәлімет.

«Қ.Рысқұлбековтің өлім жазасына кесілуі дүниежүзілік қауымдастықтың наразылығын туғызып, кешірім жасауды талап етті. Шет мемлекеттерде Қ.Рысқұлбековке өлім жазасы сияқты ауыр жаза белгіленгендігі туралы көп жазылды. 1987 жылдың шілдесінде Венгрияда А.А.Громыконың атына жазылған, Қайратқа кешірім жасауды сұраған Я.Киси, А.Ражек, Г.Демский, Г.Конрад сынды белгілі жазушылар мен бірнеше мәдениет қайраткері (барлығы 41 адам) қол қойған хат жарияланды. Чехословакияда бұрынғы Сыртқы істер министрі Х.Хачек және 77 қоғам қайраткері оны қорғап, сөз сөйледі. Рейтердің хабарлауы бойынша, Польшаның «Бейбітшілік пен еркіндік одағы» бұл шешімнің әділетті екендігіне күмәнданатындығын Горбачевқа жазып, істі қайта қарауды талап етті».

1986 жылғы желтоқсан оқиғасы бойынша құрылған арнайы комиссия оның жұмбақ жағдайда қаза тапқанын, ресми органдар оны өзін-өзі өлтіру деп бағалағанын айтады. Қ.Рысқұлбеков түрмеде отырып, өзінің адалдығын дәлелдей алмағандығына, биліктің қатыгездігі мен әділетсіздігіне жаны күйіп, өзін іштей толғантқан сырларын өлеңмен өрнектегені ол қаза болғаннан кейін белгілі болды. Солардың бірі – «Ақтық сөз» өлеңі.

*Белгілі ақын, әрі желтоқсан оқиғасы бойынша құрылған комиссияны басқарған Мұхтар Шахановтың естелігінен*

*Алматы қаласында 1986 жылғы 17–18 желтоқсандағы болған оқиғаларға түпкілікті баға беру жөніндегі комиссияның тұжырымдары мен ұсыныстары туралы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының қаулысы (үзінді)*

Комиссияның материалдарын қарап, оның қос төрағасының бірі, КСРО халық депутаты М.Ш.Шаханов жолдастың хабарын тыңдап және талқылай келіп, Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы Алматыда болған қазақ жастарының қарсылығы ұлтшылдық сипат алмағанын және бастапқы сатысында заңға қайшы сипатта болмағанын атап өтеді. Қайта құруға дейінгі уақыттың ескі дағдысы бойынша республикаға онша белгілі емес партия қызметкерін Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы етіп жіберген Орталық тарапынан республика халқы мен партия бұқарасы пікірінің ашықтан-ашық еленбеуі, халықтың өсе түскен сана-сезімінің жете бағаланбауы жастардың наразылығына тікелей себеп болды...

*Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы Е.Асанбаев  
Алматы, 1990 ж., 24 қыркүйек*



## «ҚАЙТА ҚҰРУ» ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР

**§ 33. Қазақ КСР-інде «Тілдер туралы» Заңның қабылдануы. Қазақ КСР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясы**

### Бүгін сабақта:

- «Тілдер туралы» Заңның мәнін, Қазақ КСР-інің Президенті болып Н.Ә.Назарбаевтың сайлануын, Егемендік туралы Декларацияның мазмұнын қарастырамыз;
- 1991 жылғы «Тамыз бүлігі» мен КСРО-ның ыдырауы туралы білеміз.

**1989 жылы 22 қыркүйекте** Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің сессиясында «Тілдер туралы» Заң қабылданды. Онда «Тіл – ұлттың аса ұлы игілігі әрі оның өзіне тән ажырамас белгісі. Ұлттың болашағы тілдің дамуымен, оның қоғамдық қызметінің кенеюімен тығыз байланысты» делінген.

Заң 35 баптан және 6 тараудан тұрады. Заңға сәйкес қазақ тілі Қазақ КСР-інің мемлекеттік тілі, орыс тілі ұлтаралық қарым-қатынас тілі болып бекітілді.

Сондай-ақ Қазақстан жерін мекендейтін басқа ұлт топтарының шоғырланған жерлерінде олардың тілдерін пайдалану тәртібі қарастырылды. Жергілікті өкімет және басқару органдарының актілерін қабылдау, сот ісін жүргізу, азаматтардың ұсыныстарына, сауалдарына, арыздарына, шағымдарына кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар қайтаратын жауаптар және басқа да құжаттарды жіберу шоғырланған ұлт өкілдерінің тілдерінде берілуі тиіс деп көрсетілді. Осылайша «Тілдер туралы» Заң Қазақстан халықтары тілдерінің дамуына жағдай жасау қажеттілігін нақтылап берді.

**Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесі мен алғашқы президент сайлауы.** 1990 жылдың көктемінде Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің 12-шақырылымында жана сайлауға дайындық жүргізілді. Депутаттыққа кандидаттарды ұсыну құқығы еңбек ұжымдары, азаматтар жиыны, саясаттандырылған топтар мен ресми емес бірлестіктерге берілді. Сайлау науқанына бұрынғы депутаттар – жұмысшы және шаруа тобымен қатар, ғалымдар, заңгерлер, ЖОО ректорлары, діни қайраткерлер енді. Жоғары Кеңестің төрағалығына Е.Асанбаев сайланды.

### Тірек сөздер:

- «Тілдер туралы» Заң
- президент
- декларация

90-жылдардың басында республика егемендігін негіздеу үшін 1978 жылғы Конституцияны басшылыққа алған декларациялық сипаттағы бірқатар заңды өзгертуді қажет етті. Дағдарыстан шығудың бірден бір жолы **Президенттік қызметті енгізу** болды.

1990 жылы 24 сәуірде Жоғарғы Кеңес «Қазақ КСР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақ КСР Президенті қызметін бекіту туралы» Заңдар қабылдады. **Қызу талқылаудан кейін Қазақ КСР-інің Президенті болып Н.Ә.Назарбаев сайланды.**

Президенттік басқару институтының енуі мемлекеттік биліктің саяси партиялар мен орталық (Мәскеудегі) биліктен біршама еркіндік алуына мүмкіндік берді.

Атқарушы билікті Президент қолына алды, Министрлер Кеңесі Министрлер Кабинеті болып қайта құрылды. Үкімет құрамын бекіту Президент құзырында болды.

Қазақ КСР-інің тұңғыш Президенті болып сайланғаннан кейін Н.Ә.Назарбаев әлі де КСРО құрамындағы Қазақстанның саяси және экономикалық дербестігін кенейте түсу үшін барлық күш-жігерін салды. Сол тұста Н.Ә.Назарбаевтың беделі артқаны соншалық, оған КСРО-ның Федерациялық Кеңесіне вице-президенттік лауазымы ұсынылды.

**Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясы** 1990 жылы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің шешімімен қабылданды. Құжат 17 тараудан тұрды. Декларация өз егемендігін алғаш рет ресми жариялауға мүмкіндік берді және басқа демократиялық республикалармен терезесі тең мемлекет екендігін танытты.

Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясының тарихи маңызы зор болды, себебі ол тәуелсіз демократиялық құқықтық мемлекетті құрудың бастамасын негіздеді.

**Орында!** Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясының тарихи маңызы туралы эссе жазыңдар.

#### **Сұрақтарға жауап беріңдер.**

1. 1989 жылы қабылданған «Тілдер туралы» Заңда не бекітілді?
2. Қосымша ақпарат көздерінен Қазақ КСР Тұңғыш Президентін сайлау туралы мәліметтерді тауып, шағын баяндама жасаңдар.
3. Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация қашан жарияланды?

#### **Тапсырма.**

«Н.Назарбаев – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті» тақырыбына эссе жазыңдар.





**Декларация** (латын , мәлімдеме) – хабарлау. Үкіметтің, мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі қағидаттарынан тұратын ресми мемлекеттік құжат. Саяси партиялар, халықаралық ұйымдардың атынан жасалатын аса маңызды мәлімдеме.

### § 34. Қазақстандағы қоғамдық-саяси қозғалыстар. Семей ядролық сынақ алаңының жабылуы

#### Бүгін сабақта:

- қайта құру жылдарындағы қазақстандықтардың саяси белсенділігінің өсуін қарастырамыз;
- қоғамды демократияландыру барысында пайда болған саяси партиялармен, қозғалыстармен және ұйымдармен танысамыз.

*Зерттеу сұрағы. Демократиялық үдерістер қоғамдық сананы қалай өзгертті?*

Қайта құру жылдары басталған қоғамды демократияландыру Қазақстандағы қоғамдық қозғалыстар мен ұйымдардың қызметіне жаңа серпін берді. Көппартиялы жүйенің қалыптасуы қоғамдағы демократиялық өзгерістер ерекшеліктерінің біріне айналды. Қазақстанда қоғамдық қозғалыстың дамуы бірнеше кезеңде жүрді:

*1-кезең* (1986 жылдың күзі мен 1987 жылдың көктемі) – тәуелсіз қоғамдық ұйымдардың құрылуы;

*2-кезең* (1987–1988 жж.) – экологиялық қозғалыстар қызметінің дамуы ;

*3-кезең* (1988 жылдың жазы мен қыс айлары) – қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар негізінде саяси ұйымдар мен партиялардың қалыптасуы.

**Бірінші кезеңді** шартты түрде «бейресми кезең» деп атауға болады. Себебі алғашқы ұйымдар жастар ортасында түрлі пікірталас, саяси және т.б. клубтар түрінде пайда болды.

**Екінші кезеңде**, ең алдымен, қоршаған ортаны қорғау бойынша экологиялық ұйымдар құрылды. Мысалы, 1987 жылдың шілде айында Павлодар қаласында белок-витамин концентраттарын шығаратын комбинат салуға қарсылық тобы құрылды.

1987 жылдың тамызынан бастап Алматы қаласында «Бастама» әлеуметтік-экологиялық бірлестігі жұмыс істей бастады. Сол жылы акын, қоғам қайраткері М.Шахановтың бастамасымен Балқаш және Арал мәселелері бойынша комитет құрылды. Комитеттің мақсаты

#### Тірек сөздер:

- бейресми кезең
- қоғамдық ұйымдар
- экологиялық қозғалыс
- саяси ұйымдар
- партиялар

Арал төнірегіндегі экологиялық апатқа өкімет назарын аудару болды.

**Үшінші кезеңде**, 1988 жылы кейбір облыс орталығындағы (Алматы, Павлодар т.б.) пікірталас клубтарында зиялы қауым өкілдері ағымдағы саяси мәселелерді талқылай бастады. 1988 жылдың шілдесінде Кентауда ленинградтық бірлестіктің үлгісі бойынша «Қайта құру» саяси клубы құрылды. 1988 жылы қазан айында «Жасыл майдан» саяси қанатының белсенділері Алматыда «Халық майданын» жариялады.



О.Сүлейменов

**Олжас Сүлейменов** – Қазақстан халық жазушысы, ақын, саясат қайраткері. 1936 жылы 8 мамырда Алматы қаласында дүниеге келген. Мектепті аяқтаған соң, С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің геология факультетіне, кейін Мәскеудегі М.Горький атындағы Әдебиет институтының аударма факультетіне оқуға түседі. 1962–1971 жылдары «Қазақстан правдасы» газетінде бөлім меңгерушісі, «Қазақфильм» киностудиясында бас редактор қызметтерін атқарды. Қоғам қайраткері ретінде де танымал. ҚазКСР кинематографиясы бойынша Мемлекеттік комитеттің төрағалығына

тағайындалды, кейін Қазақстан Жазушылар одағында хатшы қызметін атқарды.

1989 жылы «Семей–Невада» антиядролық қозғалысын құрып, Семей сынақ алаңының жабылуына үлкен үлес қосты. Сол жылдары Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды, Қазақстанның Италиядағы, кейін Греция мен Мальтадағы өкілетті елшісі болды. 2001 жылдың қазан айынан бастап Қазақстан Республикасының ЮНЕСКО-дағы тұрақты өкілі.

**«Невада–Семей» антиядролық қозғалысы.** 1989 жылдың 28 ақпанында Семейдегі ядролық сынақ алаңы мәселесі бойынша ақын әрі қоғам қайраткері Олжас Сүлейменов қазақ теледидары арқылы мәлімдеме жасады. Осы күні Алматыда өткен митингке көп адам жиналды. Митингіде О.Сүлейменов еліміздегі қоғамдық, шығармашылық, діни ұйымдар, кеңестік Бейбітшілік қорғау комитетін, халықаралық «Жасыл әлем» ұйымын, «Адамзатты аман алып қалу» халықаралық қорының комитетін және Невада штатында (АҚШ) сынақтарға тыйым салу қозғалысын жақтаушыларды әлемдегі ядролық жарылыстарға қарсылық білдіруге шақырып, **Қазақстан басшылығынан Семей сынақ алаңындағы ядролық сынақтарды тоқтатуды талап етті.**





Невада–Семей қозғалысының Мәскеудегі бөлімшесінің қарсылық митингісі. 1989 ж.

Үндеу адамдардың, әсіресе қырық жыл бойы ядролық жарылыстардың ауыр жүгін көтеріп келгендердің жүректеріне бірден ұялап, көпшілік тарапынан қызу қолдау тапты. Нәтижесінде Семей сынақ алаңындағы және бүкіл дүниежүзіндегі ядролық сынақтарға қарсы күрес бойынша көптеген қарсылық митингітері, баспасөз конференциялары, халықаралық жыйндар өтті. Қозғалыс зор беделге ие болып, Қазақстаннан тыс жерлерде де қолдау тапты. Олар әскери мекемелерден ядролық сынақтар жөніндегі құпияларды жариялауды, халықтың денсаулығына келтірген зияны үшін материалдық шығын өтеуді талап етті. Бұл қозғалыс мақсатына жеткеннен кейін таратылып, қозғалыс мүшелерінің бір тобы «Халық конгресі» партиясының негізін қалады.

**Ойлан!** Ядролық сынақтарды тоқтату талабының тарихи маңызы неде?

1990 жылы тамызда орыстілді азаматтардың «Бірлік» ұлтаралық қозғалысы құрылды. Оны ұйымдастырушылар (Юрий Бунаков, Юрий Старцев басшылығымен), негізінен, одақтық маңызы бар кәсіпорындардың техникалық зиялы қауымының өкілдерінен болды. Қозғалыс қызметі барысында этносаралық қақтығыстарды болдырмау үшін митингілер, шерулер, ереуілдер өткізді.

**Білгенің абзал!** 1991 жылы 29 тамызда ҚР Тұңғыш Президентінің Жарлығы бойынша сынақ алаңы жабылды. Бірақ жергілікті халық қоршаған орта осы күнге дейін жарылыстың зардаптарын тартып келеді.

«Орыс қауымы», «Лад» және «Демократиялық прогресс» атты қозғалыстар Қазақстанда тұратын славянтекті ұлт өкілдерінің мүддесін қорғау үшін тарих сахнасына шықты. Көпшілігі кейіннен өзінен-өзі тарап кетті.

**«Азат» азаматтық қозғалысы.** Қозғалыс 1990 жылдың маусым айында құрылды. Алғашқы кезде қозғалыс қатарына аймақтардағы әртүрлі саяси ұйымдардың өкілдері енді. «Азат» қозғалысының негізгі мақсаты Қазақстанның егемендігіне қол жеткізу болды. Оның жетекшілері М.Есенәліев, М.Шорманов, С.Ақатаев және т.б. еді. Қозғалыстың басқа ұйымдардан айырмашылығы республиканың барлық өңірінде оның бөлімшелері құрылды. 1991 жылы «Азат» азаматтық қозғалысы партияға айналып, оның басшысы болып С.Ақатаев сайланды.

**90-жылдары желтоқсан оқиғасына белсенді қатысқандар «Желтоқсан» партиясын құрды.** Жастардың шағын тобын біріктірген «Алаш» партиясы қалыптасты.

Саяси бағыттағы ұйымдармен қатар әлеуметтік, кәсіби т.б. бағыттағы үкіметтік емес ұйымдар құрыла бастады. Мысалы, «Жауынгер-ауғанстандықтар», «Азамат», «Ақиқат», «Қазақ тілі», «Мұсылман әйелдер лигасы» және т.б.

1989 жылы құрылған «Әділет» қоғамының негізгі мақсаты ұжымдастыру кезіндегі ашаршылық пен сталиндік қуғын-сүргіннің шындығын ашу болды. 1990 жылдың қараша айында Қазақстанда саясиленген 100-ден астам қоғамдық ұйым болды. Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы Декларацияны қабылдау кезінде көптеген қоғамдық ұйымдар белсенділік танытты.

**Орында!** «Қоғамдық бірлестіктер туралы» заңның қоғам дамуына әсерін жазыңдар.

Саяси қозғалыстар қызметін ретке келтіру мақсатымен Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі 1991 жылдың маусымында **«Қоғамдық бірлестіктер туралы» Заң** қабылдады.

**Сұрақтарға жауап беріңдер.**

1. 80–90-жылдары Қазақстанда құрылған алғашқы қоғамдық ұйымдарды атаңдар.
2. «Семей–Невада» қозғалысының мақсаты не болды?
3. Бұл ұйым сынақ алаңдарды жабу үшін қандай күрес түрлерін қолданды?

**Тапсырма.**

«Жасыл ел» қоғамдық ұйымын құрып, іскерлік ойын өткізіңдер. Ұйымның мақсатын, жұмыс түрлерін тандаңдар.



**Кестемен жұмыс.**

90-жылдары Қазақстанда құрылған қоғамдық ұйымдардың қызметі бойынша мына кестені дәптерлеріне толтырындар.

Құрылған күні	Қоғамдық ұйымдардың атауы	Максаты



**Қоғамдық ұйымдар** – белгілі бір мақсат пен мүддеге сәйкес азаматтардың өз еркімен құратын үкіметтік емес (мемлекеттік емес) ұжымдық құрылымдары.

**Саяси ұйымдар** – билікке не болу, саясатқа араласу үшін құрылатын қоғамдық ұйым.

### § 35. Кеңестік саяси жүйенің дағдарысы. Тамыз бүлігі және КСРО-ның ыдырауы

**Бүгін сабақта:**

- қайта құру жылдарындағы еліміздегі саяси оқиғалармен, әртүрлі саяси партиялардың қызметімен танысамыз;
- 1991 жылғы Тамыз бүлігі, КСРО-ның ыдырауы мен ҚР-ның егемендігін жариялауы туралы білеміз.

*Зерттеу сұрағы. КСРО-ның ыдырауына не себеп болды?*

1989 жылғы Жаңаөзен оқиғасы, Қарағанды шахтерлерінің ереуілі. Қайта құру жылдары республика халқының әл-ауқатын жақсарту бойынша міндеттер мен уәделердің көпшілігі орындалмады. Қордаланған мәселелер халық наразылығын туғызды. 1989 жылы маусым айында Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласында өткен халық наразылығы осындай оқиғаның бір көрінісі болды.

**Тірек сөздер:**

- Тамыз бүлігі
- төтенше жағдай
- Беловежье келісімі

**Қосымша мәлімет.**

Жаңаөзенде тұрғын үй алу, мектепке дейінгі балабақшаға кезек өте баяу жылжыды. Жергілікті жастар арасында жұмыссыздық өсті. Себебі осы аймақтан газ, мұнай өнімдерін өндіретін одақтық министрліктер жергілікті мамандар дайындамай, жұмыс күшін республикадан тыс жерлерден әкелді. Сырттан келгендер бірінші кезекте пәтерлермен қамтамасыз етілді және оларға әлеуметтік жағдай жасалды. «Вахталық» әдіспен келіп-кетіп жұмыс істеушілердің жергілікті халықты кемсітуі әлеуметтік қақтығыстың басталуына түрткі болды. Қалада екі жақтан да қантөгісті қақтығыстар болды. Бұл жанжалды тоқтату үшін құқық қорғау органдары мен арнайы тапсырмамен әрекет ететін әскер күші жұмылдырылды. Вахтамен жұмыс істейтіндердің көпшілігі қаладан әкетілді. Бір қарағанда, бұл оқиға ұлтаралық қақтығыс сияқты көрінгенімен, оның түпкі себебі қазақ ұлтының өз жерінде қысым көруіне әкелген кеңестік әлеуметтік саясатта еді. Республика қалаларында және Маңғышлақ ауылдарында қарсылықтар өтті.

1989 жылы шілдеде Ресейдегі және Украинадағы кеншілердің ереуілге шығуы 10–19 шілде аралығында **Қарағанды жұмысшыларының бас көтеруіне** ықпал етті. Оларды металлургтер, құрылысшылар т.б. сала жұмысшылары мен қызметкерлері де қолдады.

Кеншілер еңбекақыны көтеру, шахталардағы жұмыс жағдайын жақсарту, азық-түлік тауарларының түрлерін көбейту сияқты талаптармен бірге, Семей ядролық сынақ алаңын жабуды, бүкілодақтық ведомстволардың монополиясын жоюды талап етті.

Кеншілердің талап етуі бойынша келген Қазақстан ОК Бірінші хатшысы Н.Ә.Назарбаевпен диалог жүрді. Ол жергілікті теледидар бойынша көрсетілді. Республика басшысы кеншілермен бірге мәселелерді талқылап, олардың мүдделерін қорғау бағытында жұмыс жүргізуге уәде берді.

Осы оқиғадан кейін халықтың компартияға деген сеніміне сызат түсіп, партияның беделі түсе бастады. 1990 жылы компартия мүшелерінің 42%-ы өз еркімен партия қатарынан шықты.

**1991 жылы 7 қыркүйек күні** Алматыда Қазақстан компартиясының кезектен тыс съезі өтті. Ұзаққа созылған пікірталасан соң, съезд Қазақстан компартиясын тарату, оның орнына жана партия құру туралы шешім қабылдады. Жаңа құрылған партия «Социалистік партия» деген атау алды.

КСРО құрамындағы басқа республикаларда да осындай өзгерістер болып жатты. Бірнеше айдан кейін нағыз коммунистік рухта



Кеншілер ереуілі



тәрбиеленген, көзқарастарынан бас тартқысы келмеген адамдардың бір тобы жаңа Қазақстан Коммунистік партиясын құрды. Ал Социалистік партия уақыт өте келе тарап кетті.

Комсомол ұйымы да көп ұзамай 1991 жылдың 12 қазанында кезектен тыс съезін өткізіп, «Қазақстан Лениншіл Коммунистік Жастар Одағын» «Қазақстан жастар одағы» деп өзгертуге шешім қабылдады. Қатары күннен-күнге сирей бастаған бұл ұйым да өмір сүруін тоқтатты.

**1991 жылғы Тамыз бүлігі. КСРО-ның ыдырауы.** 1991 жылдың сәуір-мамыр айларында бүкіл ел егемендіктерін алып жатқан кезде КСРО президентінің резиденциясы **Ново-Огоревада** М.Горбачев тоғыз одақтас республика басшыларымен жаңа одақтық шарт жасау туралы келісім жүргізді. Кездесуге қатысқандар шарттағы жаңа принциптер туралы келісімге қол жеткізді. Ол бойынша одақтағы егемен мемлекеттер Тәуелсіз мемлекеттер одағын құруы тиіс болатын. Ново-Огарево келіссөзіне қатысқандар жаңа Одақтық шартқа 1991 жылдың 20 тамызында қол қоюды көздеді.

1991 жылы 19 тамызда М.Горбачевқа қарсы топтың адамдары ақпарат құралдары арқылы КСРО басшысының денсаулығына байланысты қызметін атқара алмайтынын хабарлады. Осыған байланысты Мәскеуге әскерлер кіргізіліп, бүкіл елде төтенше жағдай жарияланды.

Арнайы пресс-конференцияда Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитет (ТЖМК) құрылғаны туралы жарияланды. ТЖМК-ге кірген бүлікшілер Кеңес Одағындағы саяси, экономикалық дағдарысты тоқтату және ұлтаралық қатынастарды реттеу үшін әртүрлі шаралар қолданатынын жариялады.

**Білгенің абзал!** 1991 жылы 29 шілдеде Ново-Огаревада М.Горбачев, РСФСР Президенті Б.Ельцин мен Қазақстан Президенті Н.Назарбаев арасында кездесу өтті. Кездесуде Одақтық шартқа қол қойғаннан кейінгі ел басшылығын ауыстыру, яғни Премьер-министр В.Павловты, Қорғаныс министрі Д.Язовты, ІІМ министрі Б.Пугоны, ҰҚК төрағасы В.Крючковты орнынан босату жөнінде айтылды. 2 тамызда М.Горбачев теледидардан сөз сөйлеп, жаңа одақтың құрылатыны жөнінде хабарлады.

Орнынан кететінін білген министрлер, шовинистік пиғылдағы коммунистер мен күш министрліктері басшылары жаңа одақтың шартына қол қоюға жол бермеуге шешім қабылдады. Мұндай қадамды олар КСРО-ның тұтастығын қорғау ретінде қарастырды. Алайда олардың бұл әрекеттері өз мүдделері мен жағдайларын қорғау үшін жасалған еді. Шын мәнінде, олар заңды мемлекеттік билікке қарсы шықты.

Шын мәнінде, бүлікшілердің басты мақсаты 1985 жылға дейінгі КСРО-да болған тоталитарлық жүйені қалпына келтіру болатын. Бірақ бүлікшілердің төтенше шаралары одақтас республикаларда



және қоғамда қолдау таппады. Осыны пайдаланып, РКФСР президенті Б.Ельцин, Республика Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы Р.Хасбулатов және Ресей премьер-министрі И.Силаев бүкіл халықты оған қарсы күреске шақырды.

22 тамызда ТЖМК мүшелері тұтқынға алынып, М.Горбачев өзінің қызметіне қайта кірісті. Тамыз бүлігі халық алдында коммунистік партияның беделін түсірді.

**Білгенің абзал!** 19–20 тамыздағы оқиғалар Кеңес Одағының толық ыдырауына әкелді. 20, 21 және 24 тамызда Эстония, Латвия және Украина өздерінің тәуелсіздіктерін жариялады. Кейін, айдың аяғына дейін мемлекеттік тәуелсіздік туралы шешімді Беларусь, Молдова, Әзірбайжан, Қырғызстан және Өзбекстан қабылдады. 27 қыркүйекте Түрікменстан өзінің тәуелсіздігін жариялады.

Б.Ельциннің жарлығымен 23 тамыз күні КОКП-ның қызметі толық тоқтатылды. Сол күні Қазақ КСР Президенті Н.Назарбаев КОКП ОК Саяси Бюросының құрамынан шығатыны жөнінде мәлімдеді. Қазақстан компартиясы қыркүйек мәжілісінде төтенше съез шақыруды ұйғарды.

Алдағы уақытта жаңа одақтың болмайтынына көздері жеткен Ресей Президенті Б.Ельцин, Украина Президенті Л.Кравчук және Белоруссияның Жоғарғы Кеңесінің басшысы С.Шушкевич 1991 жылдың 8 желтоқсанында Минскідегі (Беловежье) «Вискули» резиденциясында кездесті. Осы кездесуде үш славян республикасының басшылары 1922 жылғы КСРО-ның құрылуы туралы келісімнің күші жойылғанын хабарлап, жаңа Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) құрылғаны туралы жариялады. Достастықты құрушылар оның құрамына басқа республикаларды ресми түрде шақырды.

**Орында!** 1991 жылғы тамыз бүлігі нәтижесінде уақытша КСРО билігін қолына алған Төтенше жағдай жөніндегі мемлекеттік комитеттің (ТЖМК) қызметіне пікірталас ұйымдастырындар.

Осыған байланысты Н.Назарбаевтың ұсынысымен Ашхабадта Орта Азия және Қазақстанның басшылары кездесіп, ТМД-ға қосылуға қарсы еместігін және оның құрылуы туралы жаңа келісімшарт қабылдау керектігін мәлімдеді.

1991 жылы 16 желтоқсан күні Қазақ КСР-інің Жоғарғы Кеңесі «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі туралы» Заң қабылдады.

1991 жылы 20 желтоқсанда Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан, РКФСР, Украина, Беларусь, Армения,



Молдова басшылары Алматыда бас қосты. Оған Грузия бақылаушы есебінде ғана қатысты. М.С.Горбачев бұл жиынға шақырылған жоқ.

**1991 жылы 21 желтоқсанда** 11 мемлекеттің басшысы Алматы Декларациясына қол қойып, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы құрылғанын жариялады.

Сол күні Президент Н.Назарбаев Әзірбайжан, Армения, Грузия, Беларусь, Қырғызстан, Латвия, Литва, Молдова, Ресей, Тәжікстан, Түрікменстан, Өзбекстан, Украина және Эстония мемлекеттерінің тәуелсіздігін мойындау туралы Жарлыққа қол қойды.

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрі болып Т.Сүлейменов тағайындалды. 17 адамнан тұратын министрлік қызметкерлерінің саны белгіленді.

Осыған байланысты Кеңес Одағы мемлекет ретінде саяси аренадағы өзінің қызметін толық тоқтатты.

1991 жылы 25 желтоқсан күні М.Горбачев теледидар арқылы КСРО президенті ретінде өзінің биліктен кететінін жариялады.

#### Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. 1989 жылғы Жанаөзен оқиғасы, Қарағанды кеншілер ереуілінің себептерін атаңдар.
2. Кеңес Одағының ыдырауы қандай себептерге байланысты болды?
3. Б.Ельцин 1991 жылы 23 тамызда қандай жарлық жариялады?
4. ТМД-ға кірген мемлекеттерді атаңдар.
5. Саяси-экономикалық реформаларға қандай күштер қарсы болды?
6. Кеңес Одағының толық ыдырауына әкелген себептер жайлы ойларыңды ортаға салыңдар.



**Тамыз оқиғасы** – қайта құру қарсыластарының конституцияға қайшы жолмен билікті жаулап алу мақсатында 1991 жылы 18–19 тамызда КСРО-да мемлекеттік төңкеріс жасауға талпынысы.

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД)** – 1991 жылы ыдыраған КСРО-ның орнына құрылған мемлекетаралық одақ.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ ЖАРИЯЛАНУЫ

### §36. Тәуелсіз Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасуы

#### Бүгін сабақта:

- «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі туралы» Заңының мазмұны мен мәніне тоқталамыз.

#### Тірек сөздер:

- Тәуелсіздік туралы заң
- биліктің үш тармағы
- президенттік басқару институты
- ұлықтау

*Зерттеу сұрағы. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық заңның тарихи маңызы қандай?*

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заңы (1991 ж., 16 желтоқсан). «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық Заң 1991 жылдың 16 желтоқсанында қабылданды. Заң

7 тараудан және 18 баптан тұрады. Ол Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін бүкіл әлемге жария еткен бірден-бір маңызды тарихи құжат болып табылады.

Құжаттың I тарауында Қазақстан Республикасы тәуелсіз, демократиялық, унитарлық және құқықтық мемлекет болып жарияланды. Сондай-ақ Қазақстан өз аумағында өкімет билігін толық пеленетіндігі, ішкі және сыртқы саясатын дербес жүргізетіндігі және барлық мемлекетпен халықаралық құқық принциптері негізінде қарым-қатынас орнататындығы айтылады.

Қазақстан аумағының қазіргі шегарасының біртұтастығы, бөлінбейтіндігі және қол сұғуға болмайтындығы бекітілді.

II тарауында республика азаматтары өздерінің ұлтына, ұстайтын дініне, қандай қоғамдық бірлестікке жататынына, тегіне, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, шұғылданатын қызметіне, тұрғылықты орнына қарамастан бірдей құқықтар пеленіп, бірдей міндеткерлікте болатыны атап көрсетілді.

Құжатта егемендіктің бірден-бір несі және қайнар көзі республика азаматтары болып табылатындығы айтылған.

Басқа мемлекеттерде тұратын, бір кездері әртүрлі тарихи жағдайларға байланысты республика аумағын тастап кетуге мәжбүр



болған казак тарға өздері өмір сүріп жатқан елдің заңына қайшы келмесе, сол мемлекеттің азаматы болуымен қатар, Қазақстанның азаматтығы қоса берілетіндігі көрсетілді.

Құжатта мемлекеттің аса маңызды міндеттерінің бірі ретінде мәдениеттерді, салт-дәстүрлер мен тілдерді қайта түлетіп дамыту көзделді. Қазақстанда өмір сүріп жатқан казак ұлты мен басқа да ұлт өкілдерінің ұлттық қадір-қасиетін нығайту мемлекеттің аса маңызды міндеті екендігі айтылды.

**III тарауда** ҚР мемлекеттік өкімет органдарының құрылымы сараланды. ҚР-да мемлекеттік өкімет билігі заң шығару, атқару және сот билігіне бөлу принципіне негізделінгені анықталды.

Заң шығару билігін *ҚР-ның Жоғарғы Кеңесі* жүзеге асырса, ҚР-ның және оның атқарушы үкіметінің басшысы Президент болып табылады деп көрсетілді.

Сот билігін ҚР-ның Жоғарғы Соты мен Жоғарғы арбитраждық соты атқаратындығы мәлімденді.

Конституцияны қорғау жөніндегі жоғарғы сот органы Қазақстан Республикасының Конституциялық соты болып табылады.

**IV тарауда** мемлекеттіліктің экономикалық негіздері қарастырылды. Республиканың тәуелсіз мемлекет мәртебесіне сай келетін және меншіктің алуантүрлілігіне, барлық түрлерінің теңдігіне негізделген дербес экономикалық жүйесінің бар екендігі атап өтілді.

Жер және оның қойнауы, су мен әуе кеңістігі, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстары, экономикалық және ғылыми-техникалық әлеуеті **ҚР-ның меншігі болып табылатындығы бекітілді.**

**V тарауда** Қазақстан Республикасы әлемдік халықаралық құқық субъектісі болып табылатыны көрсетілген. Қазақстан дипломатиялық және консулдық өкілдермен алмасады, халықаралық ұйымдарға, ұжымдық қауіпсіздік жүйесіне кіре алады және олардың қызметіне қатысады, сыртқы экономика қызметіндегі мәселелерді дербес шешеді деп бекітілген.

**Соңғы VII тарауда** ҚР-ның мемлекеттік рәміздері – Елтаңбасы, Туы, Әнұраны белгіленді. Астанасы – Алматы қаласы (29.03.2019 жылғы толықтырулармен қолданыстағы Конституцияның 2-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының астанасы – Нұр-Сұлтан қаласы). Сондай-ақ Конституция мен басқа да заң актілері аталған заңға қайшы келмейтін болса ғана қолданылады деп көрсетілді.

**Ізден!** Конституцияның 6-тарауында айтылмаған мәселелер туралы ізденіп, хабарлама жасаңдар.



Президентті ұлықтау рәсімі. 1991 ж.  
10 желтоқсан. Алматы қ.

**1991 жылы Президенттік институттың дамуының жаңа кезеңі басталды.** Егемендік орныға бастаған осы кезеңде Президентті бүкілхалықтық сайлау қажеттігі туындады. Президенттікке үміткерлерді тіркеу 1991 жылдың 10 қазанына дейін жүрді. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі сайлауды 1991 жылғы 16 қазандағы қаулысымен 1991 жылы 1 желтоқсанда өткізуге шешім қабылдады.

Бұл кезде енді ғана құрыла бастаған саяси партиялардың сайлауға дайындығы нашар еді. Нәтижесінде президенттікке жалғыз үміткер болып Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі ұсынған Н.Назарбаев тіркелді. **1 желтоқсанда өткен бүкілхалықтық сайлауда Қазақстанның Президенті болып Н.Ә.Назарбаев сайланды.** Сайлауға қатысқан халықтың **98,78%-ы Н.Ә.Назарбаевқа дауыс берді.**

«Социалистік» кезеңнің аяқталуы мемлекет атауын өзгертуді талап етті. 1991 жылы 10 желтоқсан күні Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының атауы Қазақстан Республикасы деп өзгертілді.

1991 жылы 10 желтоқсанда Алматы қаласында Республика алаңында Президентті ұлықтау (инаугурация) рәсімі өтті. Н.Ә.Назарбаев Конституция мен Декларацияға қолын қойып тұрып, қазақ және орыс тілдерінде көпұлтты республикамызға адал қызмет етуге, Конституцияны құрметтеуге, халықтың құқығы мен бостандығына кепілдік беруге, Қазақстан Республикасы Президентінің міндетін адал атқаруға ант берді. Залда салтанатты түрде Қазақстанның Мемлекеттік әнұраны орындалды.



Президент сөз сөйлегеннен кейін сахнаға республиканың халық акыны Ш.Әбенов, халық жазушысы Д.Ф.Снегин, КСРО халық депутаты И.Қожахметов, КСРО халық әртісі Қ.Х.Қожамияров, КСРО еңбегі сіңген жаттықтырушысы З.Ф.Айрих сынды елге қадірлі ақсақалдар шығып, барлығының атынан *Ш.Әбенов Президентке бата берді*. Ұлттық оюмен өрнектелген шапан, басқим және кісе белбеу тарту етті.

#### Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі туралы» Заң қашан жарияланды?
2. Заңның 3-тарауында ҚР-ның мемлекеттік билік органдары туралы не айтылады?
3. 1991 жылдың 1 желтоқсанда өткен бүкілхалықтық сайлау нәтижесінде Н.Ә.Назарбаев халықтың қанша пайыз дауысын жинады?
4. «Еліме тәуелсіздік берген Заң» тақырыбына хабарлама дайындаңдар.



**Делимитация** – келіссөздер арқылы көрші мемлекеттер арасындағы шегара сызығы өтетін жерді анықтау, кейін тараптар арасында қол қою арқылы екінші кезең, демаркация жүзеге асады, яғни олардың арасындағы шегара жеріне тікелей ресми рәсімдеу.

**Демократия** – халық билігі; өкімет билігі халықтың қолында болатын саяси құрылыс. Ел өміріндегі маңызды мәселелерді шешудің халықтың бақылауында болуын, сайлау құқығының бәріне тең болуын, адамдардың экономикалық және саяси қорғалуын қалайтын саяси жүйе.

**Дипломатия** – мемлекеттің сыртқы саясатын жүргізу құралы, әскери емес тәжірибелік іс-шаралардың жиынтығы.

**Инаугурация** – мемлекеттің жоғарғы тұлғаларының қызметке кірісуінің салтанатты шарасы.

**Интеграция** – мемлекетаралық саяси, экономикалық, әскери одақтардың құрылуы. Оның негізінде ортақ мүдде, саяси қатынастардың жақындасуы, бірлесуі жатады.

**Президенттік республика** – жоғарғы билік президент қолында болатын мемлекеттік басқару түрі.

**Суверенитет** – мемлекеттің, ұлттың тәуелсіз өз билігінің болуы.

**Үкімет** – мемлекеттің жоғарғы атқарушы органы.

## Н.Ә.НАЗАРБАЕВ – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ

### § 37–38. Тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуындағы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың рөлі

#### Бүгін сабақта:

- Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың қызметімен және оның бастамаларымен танысамыз;
- Қазақстанның әлемдік сахнада беделінің өсуіне тоқталамыз.

#### Тірек сөздер:

- Тұңғыш Президент
- Ұлт көшбасшысы
- идеялық бірігу
- халықаралық бедел

*Зерттеу сұрағы. Елбасының мемлекет тарихының бетбұрысты кезеңдеріндегі рөлі қандай болды?*

**Н.Ә.Назарбаевтың саясаткер, ойшыл, қоғам қайраткері ретінде қалыптасуы. Ұлт көшбасшысы. Тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуы мен дамуындағы Тұңғыш Президенттің рөлі.**

Тәуелсіз Қазақстанның тарихы, оның мемлекеттік институттарының қалыптасуы мен нығаюы, халықаралық сахнада танылуы, елдің әлеуметтік-экономикалық жетістіктері, ұлтың рухани және мәдени қайта жаңғыруы – **Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті, Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаевтың** есімімен байланысты.

Өзінің еңбекқорлығы мен ұйымдастырушылық қабілеттерінің аркасында Н.Ә.Назарбаев металлургия зауытының қарапайым жұмысшысынан бастап мемлекет басшысына дейінгі еңбек жолынан өтті. Өз қызметін республика халқына қызмет көрсетуге, оның өсіп-өркендеуі мен болашағын қамтамасыз етуге арнады.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізген алғашқы күндерінен-ақ Н.Ә.Назарбаев бұрынғы КСРО саясаткерлерінің ішіндегі беделді тұлғалардың бірі болды. Кейін Тәуелсіз Қазақстан Президенті лауазымындағы қызметі оның көпқырлы ұйымдастырушылық қабілетін ашып, әлемдік сахнада Қазақстанды өркендетті, дамыған мемлекеттердің қатарына шығаруға ұмтылған саяси стратег екендігін көрсетті. Сол кездегі әлемдік тұлғалар Маргарет Тэтчер, Ли Куан Ю және т.б. саясаткерлер Н.Ә.Назарбаевтың стратегиялық ойлау қабілетін, қырағылығы мен көрегендігін атап көрсетті.





ҚР-ның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың  
Қазақстан халқына кезекті Жолдауы сәтінен

Бүгінгі күні Қазақстан экономикасы қалыптасқан, халқының бірлігі жарасқан, болашаққа зор және батыл жоспарлар құрып отырған әлемдік қауымдастықтың толыққанды мүшесі. Тарихы ұқсас және егемендікті бірдей алған көптеген мемлекеттер басынан кешкен әлеуметтік және саяси күйзелістерден еліміз айтарлықтай дәрежеде аулақ болды.

**Ізден!** «Қазақстанның даму үлгісі» тақырыбына эссе жазыңдар.

Егемендік алардан аз уақыт бұрын мемлекеттің жағдайы мүлдем басқаша еді. Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейінгі қуаныш болашаққа деген сенімсіздік пен қорқынышты алмастырды. Бұрынғы КСРО құрамында болған республикалар арасында экономикалық және саяси байланыстардың әлсіреуі көптеген ірі өндірістердің тоқтауына, ауылшаруашылық саласының құлдырауына, мәдени және ғылыми байланыстардың бәсеңдеуіне әкелді. Жұмысшылар айлап еңбекақысын алмады, дүкендерде тауар болмады.

Қысқа мерзім ішінде батыл шешімдер қабылдау қажеттігі туындады. Осындай жауапкершілік жүгін өз мойнына алатын адам керек еді. Ол Қазақстан Республикасының **Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев** болды.

Осы кезеңде мемлекет алдында шұғыл түрде шешуді қажет ететін бірқатар міндеттер тұрды. Олар:

- тәуелсіз мемлекеттің мемлекеттік билік институттарын құру;
- күрделі әлеуметтік-экономикалық реформалар жүргізу;

- халықаралық сахнада елімізді таныту және мойындату;
- түрлі халықаралық ұйымдарға толыққанды мүше болып кіру.

Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан жолы» атты еңбегінде ол жөнінде былай дейді: *«Жұрттың көбі, әсіресе аға ұрпақ жақсы үй салудың оңай емес екендігін біледі. Ал біздің ортақ үйіміз – Қазақстан сияқты жас мемлекетті құрып орнықтыру бұдан әлдеқайда қиын болды. Мемлекет құрылысы біздің болашақта қандай мемлекетте өмір сүретінімізді анық бейнелейтін нақты, бас жоспары болуын талап етті»*.

Осы себепті ағымдағы мәселелерді шешу үшін **1992 жылы** «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен даму стратегиясы» қабылданды. Стратегия қазақ мемлекеттілігін дамыту жөніндегі алғашқы ресми құжаттардың бірі болды. Құжаттың көмегімен қоғамда шаруашылық-экономикалық мәселелерді шешу тәжірибесіндегі консерватизмді, басшылар мен жалпы халықтың біржақты ойлауын жеңе бастады.

Стратегия елді дамытуда *екі негізгі* экономикалық бағытты көздеді:

**біріншіден**, әлеуметтік-нарықтық қатынастарға негізделген экономиканы қалыптастыру;

**екіншіден**, адамның экономикалық тұрғыдан таңдау жасауы үшін жағдайлар жасау, оны жүзеге асыруға құқықтық және басқа да негіздерді әзірлеу.

Н.Назарбаевтың **«бірінші – экономика, содан соң – саясат»** қағидасы өтпелі кезеңдегі қиындықтарды енсеруге мүмкіндік берді.

Бүгінде **«Қазақстандық даму үлгісі»** деген ұғым қалыптасты, оны ешкім жокқа шығара алмайды. Осы үлгі елдің орнықты дамуын қамтамасыз етті.

Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен-ақ Елбасы: *«...Тарихи тұрғыдан біз Батыс өркениетіне ұмтыламыз дейді біреулер. Біз көбінесе азиялық елміз, сондықтан «жолбарыстардың» тәжірибесін ұстануға тиіспіз дейді екінші біреулер. Біз ресейлік менталитет пен ұжымшылдық принциптерін терең сіңірдік, сондықтан біздің таңдауымыз Ресейдің таңдауына сай болуға тиіс дейді үшіншілер. Төртінші біреулер біздегі халықтың басым көпшілігі мұсылмандар, сондықтан біз жаңа түркі моделін негізге атуға тиіспіз деп дауласады. Бұлардың барлығының айтқаны ақиқат және сонымен бір мезгілде олардың барлығы қателеседі. Біз – өзіміздің белгілі тарихымыз бен өзіндік болашағымыз бар еуразиялық елміз. Сондықтан біздің моделіміз басқа ешкімнің моделіне ұқсамайтын болады. Ол өз бойына әртүрлі өркениеттердің жетістіктерін сіңіреді»*, – деген болатын.



**Іздені!** Елбасы Жолдауларынан жастарға айтқан нақыл сөздерді тауып, жалғастырыңдар.

1. Бұл заман білекке емес, білімге сенетін заман.
2. Жас қазақстандық азамат дегеніміз – тек құқық қана емес, бірінші кезекте өзі, өзінің отбасы және біздің Отанымыз үшін ұлы жауапкершілік екенін есте ұстаулары тиіс.
3. Денсаулықты бірінші кезекте адамның өзі қалыптастыруы керек.
4. Сендердің білімдерің – ол сендердің еңбектеріңнің нәтижесі.
5. Сендер тәуелсіз Қазақстанның келешегі үшін тарихи жауапкершілік арқалайтын азаматсыңдар.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында дамудың экономикалық моделін іздестірумен қатар, идеологиялық бағдарды анықтап алуымыз қажет болды. Сол тұста өтпелі кезеңнің қиындықтарын түсінбеген жағдай да болды: *«Бізге әртүрлі нұсқалардан таңдау керек болды. Бірақ таңдау нәтижесінде көптеген мемлекеттер қолданған қоғам дамуының дайын үзгілері бізге жарамсыз екендігіне көзіміз жетті»*, – деп жазады Елбасы Н.Ә.Назарбаев.

Елбасы ұсынған даму бағыты ықшамдалған бағдарлама түрінде берілді.

**Ойлан!** «Бірінші – экономика, содан соң – саясат» қағидасының мәні мен маңызы неде? Еуразиялық идеяның мақсаты неде?

Саясат және экономика салаларында төрт бағыт белгіленді: біріншісі, іс жүзіндегі құқықтық тәуелсіздіктен толыққанды тәуелсіздікке көшу;

екіншісі, сол кездегі басты мақсат – мемлекеттілікті нығайту; үшіншісі, жүйелі және ауқымды экономикалық реформаларды жүзеге асыру;

төртіншісі, сыртқы экономикалық серіктестерді таңдауда прагматизмді және жалпы прагматикалық сыртқы саясатты ұстану.

Идеология саласында да төрт бағыт айқындалды:

біріншіден – ұлтаралық келісім;

екіншіден – ұлттық бірлік;

үшіншіден – қазақстандық қоғамды модернизациялау идеясы;

төртіншіден – қоғамдағы басқа діндерге құрметпен қарау және діни бостандықты қалыптастыру.

Бұл ұстанымдардың барлығы бүгінде уақыт тексерісінен өтті.

**Орында!** Қазақстанда тұратын ұлттардың идеологиялық бірлігі туралы (әлеуметтік бағыттағы) эссе жазыңдар.

XX ғасырдың 90-жылдарының екінші жартысында реформалар алғашқы жемісін бере бастады. Осы уақытта мемлекеттілік пен саяси жүйе қалыптасты, демократия мен азаматтық бостандықтардың негізі қаланды. Жаңа заңдар негізінде нарықтық экономика қалыптасты. Трайбализмнің таралуына тосқауыл қойылып, қазақ халқының біртұтастығы мен бірлігі сақталды, сондай-ақ қоғамдағы ұлттаралық қатынастар нығайды. Реформалаудың бұл кезеңіндегі басты бағыт макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, заңдар мен қаржы жүйесін нығайту, әлеуметтік сала мен өндіріс секторларын одан әрі жетілдіру болды. Сонымен қатар экономикалық дағдарыстың себептерін анықтап, тығырықтан шығу жолдарын қарастыру керек болды.

**Н.Ә.Назарбаев және Еуразия идеясы.** Елді дамытудағы негізгі бағыттардың бірі – еуразиялық интеграция идеясы. Бұл идея мемлекет пен президенттің геосаяси қызметіндегі негізгі бағыттарының бірі болды.

Еуразия идеясы XX ғасырдың басында орыс эмигранттары арасында пайда болған. Оның негізінде «Еуразия мектебі» өкілдерінің идеялары жатыр. Осы бағыттағы еңбектердің ішінде Еуразия халықтарының географиялық және мәдени-тарихи бірлігі туралы жазған орыс ғалымы Лев Гумилевтің зерттеулерін ерекше атап өтуге болады.

Елбасы Н.Назарбаев қазіргі әлемнің ерекшеліктерін ескере отырып, Еуразия бірлігі идеясына жана леп берді. Бұл идеяны алғаш рет 1994 жылы М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің студенттері мен оқытушылары алдында сөз сөйлегенде жария етті. Ол ортақ мүддені қорғау үшін бұрынғы Кеңес Одағы құрамындағы мемлекеттер шеңберінде **Еуразиялық Одақ** құруды ұсынды.

**Н.Ә.Назарбаев ұсынған Еуразия идеясы төмендегідей қағидаларға негізделген.**

*Біріншіден, мәдени және өркениеттік факторларды теріске шығармай, бірінші кезекте экономикалық прагматизм негізіндегі интеграцияны құру: «Абстрактілі геосаяси идеялар мен ұрандар емес, экономикалық мүдделер интеграциялық үдерістердің басты қозғаушысы болмақ. Сондықтан болашақ Еуразиялық Одақтың бастапқы негізі – Біртұтас экономикалық кеңістік біздің халықтарымыздың бірлесе табысты дамуының ауқымды аралы ретінде болмақ».*

*Екіншіден, бірігу туралы шешімді әр мемлекет өз еркімен қабылдауы тиіс.*



*Үшіншіден,* мемлекеттердің теңдік, бір-бірінің ішкі ісіне араласпаушылық, егемендік пен мемлекеттік шегаралардың қол сұғылмастығын құрметтеу.

*Төртіншіден,* Еуразиялық Одақтың әрбір мүше елдің мүдделерін ескеретін, нақты да шынайы өкілеттіктерге не, консенсус негізінде іс-қимылдар жасайтын ұлтүстілік органын құру (*Н.Ә.Назарбаев. Еуразиялық Одақ: идеядан болашақтың тарихына. «Егемен Қазақстан», 2011, 27 қазан*).

Бүгінгі күні осы бастама түрлі бірлестіктер тәжірибесінде табысты қолданылып келеді. 1995 жылы Кедендік Одақ құрылды. Н.Ә.Назарбаевтың идеялары ШЫҰ (Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы), ЕурАзЭҚ және ҰҚШҰ (Ұжымдық Қауіпсіздік Шарт Ұйымы) сияқты беделді ұйымдардың қызметінде көрініс тапты. Елбасы айтқандай, *«Бүгінгі күні Еуразия идеясы миллиондаған адамнан қолдау тауып отыр. Одан бай өркениетті келешекті көруге болады. Бұл біздің мемлекетіміз үшін әлемде лайықты орын алуына, ал біздің халқымыз үшін экономикалық және мәдени-гуманитарлық тұрғыдан жаңа сапалы биікке көтерілуге мүмкіндік береді. Бұл қазірден бастап бірге жазып отырған біздің болашақ тарихымыз»*.

**Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаевтың Мемлекет басшысы ретіндегі қызметінің аяқталуы.** 2019 жылы 19 наурызда Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы (Ұлт көшбасшысы) Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев халыққа арнаған үндеуінде Қазақстан Республикасының Президенті ретіндегі өкілеттігін тоқтату жөніндегі шешімін жариялады. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа Тұңғыш Президент – Елбасы (Ұлт көшбасшысы) статусын бекіткен Қазақстан Республикасының заңына сәйкес, Қауіпсіздік Кеңесінің төрағасы, «Нұр-Отан» партиясының төрағасы және Конституциялық Кеңестің мүшесі қызметтерін жалғастыра беретін болды.

Осылайша Елбасы (Ұлт көшбасшысы) Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің тарихи міндетін орындай отырып, конституциялық құқына сәйкес Мемлекет басшысы қызметін өз еркімен аяқтады.

Мемлекет басшысы қызметін одан әрі жалғастыру мәселесі Конституция бойынша шешілді. Мемлекетті басқару міндеті Қазақстан Республикасының Конституциясының 48-бабына сәйкес Президенттік сайлау өткенге дейін Парламент Сенатының төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевқа жүктелді. 2019 жылдың 21 наурызында Қасым-Жомарт Тоқаев ант қабылдап, Қазақстан Республикасының Президенті қызметіне кірісті.

2019 жылы 9 сәуірде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев кезектен тыс сайлау өткізу туралы үндеуін халыққа жариялады.



*Қымбатты Отандастар!*

*Бүгін елімізге және әрқайсымызға қатысты аса маңызды Үндеу жариялап отырмын.*

*Еліміздің Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын 2019 жылдың 9 маусымында өткізу туралы шешім қабылдадым.*

*Мен бұл жауапты шешім бойынша Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевпен ақылдастым.*

*Парламенттің қос палата спикерімен, Премьер-Министрмен кеңестім.*

*Конституциялық Кеңестің келісіміне жүгіндім.*

*Парламенттегі партия жетекшілерімен кездестім.*

*Кезектен тыс сайлау туралы шешім қабылдау – өте маңызды әрі қажетті қадам.*

*Біз Елбасымыздың арқасында тәуелсіз, қуатты мемлекет құрдық. Қазақстан халықаралық жүйеде өзіне лайықты орнын алды. Бізді ықпалды және белді мемлекет ретінде бүкіл әлем мойындайды.*

*Қазіргі таңда тарихи кезеңді бастан өткеріп отырмыз.*

*Жоғары билік заңды және бейбіт жолмен ауысты. Бүкіл әлем қоғамдас­тығы осы оқиғаны түсіністікпен және құрметпен қабылдады.*

*Мемлекет басшысы ретінде мен өзімнің міндетімді және жауапкершілігімді терең сезінемін.*

*Президент лауазымына кіріскеннен бастап өңірлерді аралап жүрмін. Халықтың көңіл күйін жақсы білемін. Зиялы қауыммен, еңбек ұжымдарымен, бизнес өкілдерімен, инвесторлармен, халықаралық тұлғалармен кездестім.*

*Біз Елбасының сара жолымен жүреміз. Халқымыз – біртұтас. Тәуелсіздігіміздің ең жоғары құндылығы ретінде мемлекетіміздің іргесі мығым. Алдағы Президент сайлауы осыған дәлел болуы керек.*

*Сондықтан елдегі қоғамдық-саяси келісімді қамтамасыз етіп, алға басу үшін, әлеуметтік-экономикалық мақсат-міндеттерді лайықты жүзеге асыру үшін бізге айқындық қажет.*

*Оның үстіне, әлемдегі ахуал бұлыңғыр болып тұр. Бұл Отанымыздың қауіпсіздігіне сын-қатер әкелуі мүмкін.*

*Ішкі және сыртқы саясаттағы сабақтастық пен тұрақтылықты сақтап, Елбасы ұсынған әлеуметтік бағдарламаларды ойдағыдай сәтті әрі тиімді іске асыруымыз керек.*

*Ол үшін аталған тағдырлы шешімді қабылдадым.*

*Мұндай шешім тек халықтың тікелей еркімен сайлауда қабылдануы қажет.*



*Қазақстан – демократиялық мемлекет. Президент халықтың таңдауымен сайланады.*

*Мен, Мемлекет басшысы ретінде, сайлаудың таза, ашық әрі әділ өтуіне кепілдік беремін! Бұл – менің берік ұстанымым!*

*Алдымызда зор міндеттер тұр. Мен халқымызға, яғни Сіздерге сенемін.*

*Қадірлі Отандастар!*

*«Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» дейді дана халқымыз.*

*Алдағы сайлауға баршаңызды барынша жауапкершілікпен қарауға шақырамын.*

*Еліміздің келешегі, әр отбасы мен әр азаматтың тағдыры Сіздердің шешімдеріңізге тікелей байланысты!*

2019 жылы 9 маусымда өткен кезектен тыс сайлаудың қорытындылары бойынша Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес алдағы 5 жылға Мемлекет басшысы лауазымына тағайындалды.

#### **Сұрақтарға жауап беріңдер.**

1. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың алдында қандай міндеттер тұрды?
2. Дағдарыстан шығу үшін қандай стратегиялық бағдарламалар қабылданды?
3. Н.Ә.Назарбаевтың халықаралық сахнада жоғары беделге ие болуының себебі неде?
4. Н.Ә.Назарбаевтың ұсынған Еуразия идеясы қандай принциптерге негізделген?
5. Президенттің жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауларының ерекшеліктері неде?
6. «Қазақстан – менің тағдырым» тақырыбына эссе жазыңдар.
7. Қосымша мәліметтерді пайдаланып, Елбасының Қарағанды металлургия зауытында жұмыс істеген кезеңі туралы слайд дайындаңдар.
8. Елбасы туралы түсірілген көркем фильмдерді («Балалық шағымның аспаны», «Жұлдыздар тоғысқанда») көріп, «Елінің ертенін ойлаған азамат» атты эссе жазыңдар.



**Маргарет Тэтчер** – 1979–1990 жылдардағы Ұлыбританияның 71-премьер-министрі (Ұлыбританияның консервативтік партиясының көшбасшысы). Осы лауазымда болған жалғыз әйел адам, сонымен қатар еуропалық мемлекеттер ішінен премьер-министр болған тұңғыш әйел. Тэтчер XX ғасырда Ұлыбританияны ең ұзақ басқарған премьер-министрі болды.

**Ли Куан Ю** – Сингапур саясаткері, Сингапур Республикасының тұңғыш премьер-министрі (1959–1990 жж.). Оның тұсында ел өсіп-өркендеп, сингапурлық «экономикалық ғажайып» деген түсінік пайда болды.

**Трайбализм немесе трибализм** – тайпалық принцип бойынша қоғамдық-саяси бірігу түрі, мемлекеттік билік органдары рулық-тайпалық байланыстар негізінде қалыптасады. Тайпааралық қақтығыстарға әкеліп соқтырады.



**Экономикалық интеграция** – тұрақты қарым-қатынастар негізінде көршілес мемлекеттердің біртіндеп экономикалық бірігуі; халықаралық экономика мен саясат бағытында мемлекеттердің өзара келісімі негізінде ортақ мүддені қорғайтын саясатты жүргізу.

#### Қосымша мәлімет.



**Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев** – 1940 жылы 6 шілдеде Алматы облысы Қаскелең ауданы Шамалған ауылында дүниеге келген. 1967 жылы Қарағанды металлургия комбинаты жанындағы жоғары техникалық оқу орнын бітірді. Экономика ғылымдарының докторы.

1960–1969 жылдары Қарағанды металлургия зауытында жұмыс істеді. 1969–1973 жылдары Қарағанды облысы Теміртау қаласындағы партия-комсомол жұмыстарында жауапты қызметтер атқарды. 1973–1977 жылдары – Қарағанды металлургиялық комбинаттың партком хатшысы. 1977–1979 жылдары – Қарағанды облыстық партия комитетінің хатшысы, 2-хатшысы. 1979–1984 жылдары – Қазақстан КП Орталық Комитетінің хатшысы. 1984–1989 жылдары –

Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы. 1989–1991 жылдары – Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы. 1990 жылғы ақпан-сәуір аралығында Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің төрағасы болды. 1990 жылдың сәуірінен 2019 жылдың наурызына дейін – Қазақстан Республикасының Президенті.

1991 жылдың 1 желтоқсанында өткен тұңғыш Қазақстан президентінің жалпы-халықтық сайлауы нәтижесінде Н.Ә.Назарбаев басым дауыспен (98,7%) жеңіске жетті. Бұдан кейінгі республикада өткен барлық президенттік сайлаулардың нәтижелері Н.Ә.Назарбаевтың іске асырып жатқан бағытын халықтың басым көпшілігі қолдайтынын көрсетті.

«Қазақстан экономикасы: шындық және жаңару перспективасы», «Тәуелсіз мемлекет ретінде Қазақстанның даму стратегиясы», «Нарық және әлеуметтік-экономикалық даму», «Ғасырлар тоғысында», «Еуразиялық одақ: идеялар, тәжірибелер, перспективалар», «Тарих толқынында», «Бейбітшілік кіндігі», «Сындарлы он жыл», «Еуразия жүрегінде», «Қазақстан жолы» және т.б. көптеген еңбектердің авторы.

#### Қосымша құжаттар. Тұңғыш Президенттің Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдаулары жайлы.

**Алғаш рет Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауын 1997 жылы арнады** және сол Жолдауда мемлекеттің 2030 жылға дейінгі даму Стратегиясы ұсынылды.

Халыққа үндеу жасау дәстүрі көптеген мемлекеттерде бар. Оның ішінде бұрынғы Кеңес Одағының құрамында болған елдерде де кездеседі. Бірақ Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев Жолдаудың ерекше түрін қалыптастырды. Ол АҚШ Президенті және басқа елдер басшылары сияқты (заң шығарушы органдары алдында) мемлекеттің жеке институттарына емес, керісінше бүкіл халыққа үндеу жасайды.

Қазақстан халқына Жолдау – демократиялық басқарудың бір түрі, яғни Президент тікелей халыққа үндеу жасайды, содан кейін халықтың атқарушы биліктің жоспарларына деген көзқарасын анықтайды. Мысалы, 1997 жылғы Жолдауда Н.Ә.Назарбаев



**33 жылға** жоспарланған мақсаттар мен міндеттер жайлы сөз қозғады. Баяндамада мемлекетте және қоғамда болатын өзгерістер туралы түсіндірілді, мемлекет алдына қойылған жоғары мақсаттарға жету үшін қандай аралық кезеңдерден өтуі тиістігі жайлы ақпарат берілді. Осы жолдауда Президент «Қазақстан–2030» Стратегиясы жайдан-жай құрастырылған бағдарлама емес, өмір қажеттілігінен туындап отырған құжат екендігін ашып көрсетті.

Өзінің «Қазақстан жолы» кітабында қазақстандықтардың «Қазақстан–2030» Стратегиясын қалай қабылдайтыны қатты толғандырғаны жайлы жазады. Себебі Стратегияның сәтті іске асырылуы халықтың көңілімен тікелей байланысты еді. Бұқара халық Стратегияны жақсы қабылдады. Себебі онда берекелі де баянды болашаққа жетудегі ұлттық мақсаттар мен басымдықтар жүйесі белгіленген болатын.

Одан кейінгі дәстүрге айналған жыл сайынғы Жолдаулар да осы үлгі бойынша құрылды: басында Президент өткен жылдың қорытындысын береді, жетістіктерге тоқталып, шешуді қажет ететін мәселелерді ескертеді. Содан соң Үкіметке нақты тапсырмалар беріледі, олардың орындалу мерзімі және басқа да талаптары белгіленеді. Жыл бойы Қазақстан қоғамы мемлекет басшысы берген тапсырмалар қаншалықты және қалай орындалып жатқанын көреді. Әр Жолдаудан кейін оның негізгі тұстарын түсіндіретін іс-шаралар ұйымдастырылады. Онымен мемлекеттік органдар басшылары, Парламент және мәслихат депутаттары, қоғам қайраткерлері, бұқаралық ақпарат құралдары айналысады. Сондықтан қоғам Үкіметтің және жергілікті атқарушы органдардың қызметтері Мемлекет басшысы Жолдауында қойылған мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталғанын жақсы біледі, демек, экономиканы дамытуды, қауіпсіздікті нығайтып, өмір тұрмысын жақсартуды көздейді.

Әр Жолдауда еліміздің жетістіктері мен әлемде болып жатқан өзгерістер ескеріле отырып, алдағы жылға қойылатын жаңа міндеттер белгіленеді.

Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаевтың маңызды үндеулерінің бірі 2009 жылғы **«Дағдарыстан – жаңару мен дамуға»** атты Жолдауы болды. Мұнда Елбасы қазақстандықтарға біздің мемлекет әлемді қамтыған дағдарыстан ойдағыдай өтіп, одан да күшті және өсіп-өркендеген ел болып шығатынын сендіріп айтты. Ұлттық қорда жинақталған қаржы дағдарыстың алдын алуға арналған кең көлемді іс-шараларды жасауға мүмкіндік берді. Олардың сәтті және уақытында жасалғанын кейін халықаралық сарапшылар да мойындады. «Осы қорды құра отырып, біз дұрыс істедік. Өзінің ертеңгі күнін ойлайтын мемлекеттер де осылай істеуі тиіс. Сол арқылы біз осы тұрпатты сілкіністер мүмкіндігінің алдындағы экономикамыздың беріктік қорын қамтамасыз еттік», – делінген 2009 жылғы Жолдауда.

Елбасының тапсырмасы бойынша Үкімет шағын және орта бизнестегі өнеркәсіптерге қолдау көрсетті, тұрғын үй құрылысы саласына қомақты қаржы бөлді. Елбасы жаппай жұмыссыздықтың белең алуына жол бермеу үшін, халықты жұмыспен қамтамасыз ету бағдарламасын әзірлеуді, экономика салаларын одан әрі жаңғыртуды, оның ішінде транспорттық инфрақұрылымды жақсартуды тапсырды. Осының арқасында әлемнің көптеген мемлекеттерінің экономикасы дағдарысқа ұшырап, жұмыссыздық күшейіп, әлеуметтік наразылықтар бой алып жатқанда, біздің елде тұрақтылық сақталып қалды. Әлемдік қаржылық-экономикалық дағдарыс кезінде Қазақстанда жеделдетілген даму бағдарламалары қабылданды, көптеген жаңа өндіріс орындары ашылды. «Жол картасы» аясында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтарды жаңарту, транспорттық инфрақұрылымды жақсарту бойынша ауқымды жұмыстар атқарылды. Атқарылған іс-шаралар нәтижесінде жұмыссыздық тіпті төмендей түсті.



Елбасының әр Жолдауы елдегі әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайды объективті талдауды қарастырады, күрделі мәселелер жан-жақты түсіндіріліп, оларды шешу жолдары көрсетіледі, сонымен қатар қазақстандық қоғам алдында тұрған жалпы міндеттер айқындалады.

### **Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдаулары (1997–2018 жж.)**

1. 1997 ж., 16 қазан. «Қазақстан – 2030». Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы».
2. 1998 ж., 20 қыркүйек. «Мемлекеттегі жағдай мен ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы: жаңа ғасырда қоғамды демократияландыру, экономикалық және саяси реформа».
3. 1999 ж., 16 қыркүйек. «Еліміздің жаңа ғасырдағы тұрақтылығы мен қауіпсіздігі».
4. 2000 ж., 16 қазан. «Ерікті, тиімді және қауіпсіз қоғамға».
5. 2001 ж., 16 қыркүйек. «Асқар асулар алда: Елдегі жағдай және 2002 жылғы ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары».
6. 2002 ж., 16 сәуір. «Ауылға айрықша назар аударылады. Ішкі және сыртқы саясаттың 2003 жылғы негізгі бағыттары».
7. 2003 ж., 16 сәуір. «Ішкі және сыртқы саясаттың 2004 жылға арналған негізгі бағыттары».
8. 2004 ж., 16 наурыз. «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін».
9. 2005 ж., 16 ақпан. «Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңғыру жолында».
10. 2006 ж., 1 наурыз. «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы».
11. 2007 ж., 28 ақпан. «Жаңа әлемдегі – жаңа Қазақстан».
12. 2008 ж., 16 ақпан. «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты».
13. 2009 ж., 6 наурыз. «Дағдарыстан жаңару мен дамуға».
14. 2010 ж., қаңтар. «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері».
15. 2011 ж., 28 қаңтар. «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!».
16. 2012 ж., 27 қаңтар. «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты».
17. 2012 ж., 14 желтоқсан. «Қазақстан–2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты».
18. 2014 ж., 17 қаңтар. «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ».
19. 2014 ж., 11 қараша. «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол».
20. 2015 ж., 30 қараша. «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму».
21. 2017 ж., 31 қаңтар. «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік».
22. 2017 ж., 12 сәуір. «*Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру*» атты мақаласы.
23. 2018 ж., 10 қаңтар. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері».
24. 2018 ж., 5 қазан. «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру».



## **«Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Мазмұны:**

I. Қалыптасқан Қазақстан – мемлекеттілігіміздің, ұлттық экономикамыздың, азаматтық қоғамымыздың, қоғамдық келісіміміздің, өңірлік көшбасшылығымыз бен халықаралық беделіміздің дағдарыста сыналуы.

1. Қуатты да табысты мемлекет.
2. Демократияландыру мен ырықтандырудың орнықты процесі.
3. Түрлі әлеуметтік, этностық және діни топтардың келісімі мен татулығы.
4. Ұлттық экономика. Халықаралық еңбек бөлінісіндегі біздің рөліміз.
5. Қоғамдық тұрақтылық пен келісімді қамтамасыз ететін күшті әлеуметтік саясат.
6. Әлемдік қоғамдастық таныған ел.
7. Ядролық қаруды таратпау режимін ілгерілетудегі біздің белсенді рөліміз.
8. Қазақстан – 2030 стратегиясы. Негізгі қорытындылар.

### **II. XXI ғасырдың жаһандық он сын-қатері**

1. Бірінші сын-қатер – тарихи уақыттың жеделдеуі.
2. Екінші сын-қатер – жаһандық демографиялық теңгерімсіздік.
3. Үшінші сын-қатер – жаһандық азық-түлік қауіпсіздігіне төнетін қатер.
4. Төртінші сын-қатер – судың тым тапшылығы.
5. Бесінші сын-қатер – жаһандық энергетикалық қауіпсіздік.
6. Алтыншы сын-қатер – табиғи ресурстардың сарқылуы.
7. Жетінші сын-қатер – Үшінші индустриялық революция.
8. Сегізінші сын-қатер – үдей түскен әлеуметтік тұрақсыздық.
9. Тоғызыншы сын-қатер – өркениетіміз құндылықтарының дағдарысы.
10. Оныншы сын-қатер – жаңа әлемдік тұрақсыздық қаупі.

## **Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2012 жылғы 14 желтоқсан**

«... 2004 жылы «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Қазақстан аумағындағы тарихи-мәдени ескерткіштер мен нысандарды жаңғырттық. 2013 жылы «Халық – тарих толқынында» бағдарламасы арқылы әлемнің ең белді архивтерінен төл тарихымызға қатысты құжаттарды жүйелі түрде жинап, зерттедік. Енді осының бәрінен де ауқымды және іргелі жұмыстарды бастағалы отырмыз. Мен еліміз мықты әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам бастынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарастарымды ортаға салуды жөн көрдім ...»

*Н.Назарбаев. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласынан. 2017 ж., 12 сәуір*

### **Таяу жылдардағы міндеттер**

Қоғамдық сана жаңғырудың негізгі қағидаларын қалыптастыруды ғана емес, сонымен бірге біздің заман сынағына лайықты төтеп беруімізге қажетті нақты жобаларды жүзеге асыруымызды да талап етеді. Осыған байланысты мен алдағы жылдарда мықтап қолға алу қажет болатын бірнеше жобаны ұсынамын.

**Біріншіден,** қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек...

**Екіншіден,** қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасын қолға аламыз...

**Үшіншіден,** жергілікті билік «Туған жер» бағдарламасын жинақтылықпен және жүйелілікпен қолға алуға тиіс...

**Төртіншіден,** жергілікті нысандар мен елді мекендерге бағытталған «Туған жер» бағдарламасынан бөлек, біз халықтың санасына одан да маңыздырақ – жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіруіміз керек. Ол үшін «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы керек. Әрбір халықтың, әрбір өркениеттің баршаға ортақ қасиетті жерлері болады...

**Бесіншіден,** заманауи әлемдегі бәсекелік қабілет – мәдениеттің де бәсекелік қабілеті деген сөз. АҚШ-тың «қырғи-қабақ соғыс» кезіндегі табысының қомақты бөлігі Голливудтың еншісінде. Біз ХХІ ғасырдың жаһандық картасында ешкімге ұқсамайтын, дербес орны бар ұлт боламыз десек, «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыруға тиіспіз...

*Н.Ә.Назарбаев. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласынан. 2017 ж., 12 сәуір*



## ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ІС-ШАРАЛАР

### § 39. Тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси институттарының қалыптасуы. Мемлекеттік құрылысы

#### Бүгін сабақта:

- Қазақстандағы президенттік басқару институтының басты ерекшеліктерімен танысамыз. Әкімшілік-аумақтық бірлігінің атауларындағы өзгерістерді анықтаймыз.

**Мемлекеттік егемендіктің және президенттік институттың нығаюы.** Қазақстанда президенттік басқару формасындағы республикалық жүйе орнықтырылды. Конституциялық ереже бойынша мемлекеттік биліктің бірден-бір қайнар көзі – халық. Мемлекеттік билік заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлінеді. Халық ең жоғары заңдық күші бар актілерді қабылдауға құқылы.

Қазақстан халқы Парламентті тікелей (Мәжіліс) және өз өкілдері арқылы (Сенат) құрады. *Қазақстан Парламенті өкілдікті орган ретінде заң шығарушылық үдерісті өзінің конституциялық өкілеттері шегінде жүзеге асырады.* Конституцияға сәйкес халық пен мемлекеттің атынан сөйлеу құқығы Қазақстан Республикасының Президенті мен Парламентіне тиесілі.

Президент сияқты Парламент халық атынан сөйлей отырып, халықтың еркі мен мүдделерін білдіреді.

1995 жылғы Конституция мемлекеттік басқару жүйесі, меншік, азаматтардың құқықтары мен еркіндіктеріне қатысты міндеттерді жанаша тұрғыда шешті.

#### Тірек сөздер:

- басқару жүйесі
- палата
- өкілеттілік
- жаңғырту
- геосаяси кеңістік

**Ойлан!** Неге Президент пен Парламентке халық атынан сөйлеу құқығы берілген? Неге тәуелсіз ел үшін ежелгі тарихи-географиялық атаулар қайтарылуы маңызды?

Жоғары өкілді орган екі палаталы Парламенттің (Сенат және Мәжіліс) құрылуына құқықтық негіз жасады.

Төменгі палата – Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен сайланатын 107 депутаттан тұрады. Мәжілістің 98



депутатын сайлау жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде жасырын дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Мәжілістің 9 депутатын Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайды. Мәжіліс депутаттарының өкілеттік мерзімі – 5 жыл.

Сенат конституциялық заңда белгіленген тәртіппен әр облыстан, республикалық маңызы бар қаладан және Қазақстан Республикасының астанасынан екі адамнан өкілдік ететін депутаттардан құралады. Бүгінде қоғамның ұлттық-мәдени және басқа мүдделерін ескере отырып, Сенатқа 15 депутатты Президент тағайындайды. Парламенттің Жоғары палата депутаттарының жалпы саны – 47 адам.

1996 жылғы 30 қаңтарда өткен Қос палаталы Парламенттің бірінші мәжілісінде ҚР-ның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев: *«... Біз Қазақстанның шынайы, өркендетті парламентаризмінің мөлдір бастауында тұрмыз»*, – деп атап көрсетті. Елімізде кәсіби парламент қалыптаса бастады. Парламентаризм дамуында парламенттің заң шығарушы қызметпен кәсіби айналысу, депутаттық, қызметтің кәсібиленуі, бір палаталы құрылымнан екі палаталы құрылымға өтуі бағытта ры қалыптасты.

**Орында!** Мемлекеттік билік және мемлекет басқару құрылымының бір органы және оның міндеттері туралы таныстырылым дайындаңдар.

**Үкімет** Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асырады, атқарушы органдардың жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылық жасайды. Үкімет мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады.

Қазақстан Республикасының **Конституциялық Кеңесі** 7 мүшеден тұрады, олардың өкілеттілігі алты жылға созылады. Конституциялық Кеңес өз қызметінде **мыналарды басшылыққа алады: конституциялық нормаларды сақтай отырып, олардың бұлжымастығын, орындалуын қадағалайды; мемлекеттің тұтаслығын, саяси тұрақтылығын қамтамасыз ететін конституциялық ережелердің қатаң сақталуын бақылайды.**

**Сот билігі** мемлекеттік биліктің дербес тармағы болып табылады. Оны республика атынан *сот* қана жүзеге асыра алады. Заңға сәйкес республиканың **Жоғарғы Соты**, жергілікті және басқа да соттары құрылды.



Сот билігі азаматтар, қоғамдық бірлестіктер, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғау үшін және Конституцияның, заңдардың, өзге де нормативтік-құқықтық актілердің, халықаралық шарттардың орындалуын қамтамасыз ету үшін құрылады.

Жергілікті мемлекеттік басқаруды – жергілікті өкілді орган және *әкімшілік*, жергілікті атқарушы орган ретінде *мәслихат* атқарады. 2001 жылы 23 қаңтарда «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заң қабылданды. Онда мәслихат және әкімшіліктің ұйымдастыру тәртібі және іс-әрекеті бекітілді.

**Білгенің абзал!** Мәслихаттар астана, ерекше мәртебелі қала, облыс, аудан және қала аумақтарында құрылады. Мәслихат депутаттарын азаматтар жалпыға бірдей тең, төте және жасырын дауыс беру арқылы **бес жыл** мерзімге сайлайды.

Мәслихат тиісті аумақты дамытудың жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларды, жергілікті бюджетті және олардың атқарылуы туралы есептерді, оның ішінде аудан, қалалық аудан, елді мекен, ауыл, ауыл округі әкімі жүзеге асыратын бюджеттік бағдарламаларды бекітуі, мәдениет салалары базаларын нығайтуы, жолдардың, көшелердің, тұрғын үйлердің жағдайларын қадағалау жұмыстарын атқаруы тиіс.

**Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылымы** төмендегідей әкімшілік-аумақтық бірліктермен анықталады: *ауыл, кент, ауылдық округ, аудан, қаладағы аудан, қала, облыс*. Қазақстан Республикасы аумағы республикалық және жергілікті мүдделерді қолайлы ұштастыра отырып, мемлекеттік басқаруды жүзеге асыру үшін екі категорияға – *аймақтарға* және *елді мекендерге* бөлінеді.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ұлттық топонимиканы жаңғырту мақсатында ежелгі тарихи-географиялық атаулар қайтадан қалпына келтіріле бастады. Қазақ топонимикалық атауларының орыс тіліндегі айтылуын қайта қалпына келтіру арқылы көптеген облыстардың, қалалардың, аудандардың және басқа да елді мекендердің атаулары өзгертілді. Атаулардың атын өзгерту жергілікті халық депутаттары кеңесінің ұсынысы бойынша және Қазақстан Республикасы Министрлер кабинеті жанындағы Мемлекеттік ономастикалық комиссияның қорытындысы негізінде жүзеге асырылды. Мысалы, Джамбул – Жамбыл; Чу – Шу; Дзездинский – Жезді; Талды-Курган – Талдықорған; Джетысай – Жетісай; Иссык – Есік және т.б.

**Ізден!** Өздерің тұратын өңірдегі ежелгі тарихи-географиялық атаулардың қайтарылуы жайлы эссе жазыңдар.

ҚР Тұңғыш Президентінің 1997 жылғы 23 мамырдағы «Алматы, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан облыстарының әкімшілік-аумақтық құрылымдарының өзгеруі туралы» (аудандарды біріктіру арқылы) Жарлығы бойынша аталған облыстардың ішкі құрылымында өзгерістер болды. 1997 жылғы реформаның негізгі мақсаты әкімшілік және қаржылық құрылымды оңтайландыру және облыстар санын қысқарту еді.

Бірқатар облыстардың аумақтық құрылымы қайта қаралып, біріктірілді және соған сәйкес, олардың шегарасы да өзгерді. Әкімшілік-аумақтық реформа барысында Жезқазған облысы Қарағанды облысымен, Көкшетау Солтүстік Қазақстан облысымен, Семей Шығыс Қазақстан облысымен біріктірілді. Ал Талдықорған облысы Алматы облысына қосылды. Кейіннен Ақмола облысының орталығы мәртебесін Көкшетау (1999 ж.), Алматы облысының орталығы мәртебесін Талдықорған (2001 ж.) қалалары алды.



Қазақстан Республикасының аумақтық-әкімшілік бөлінісі

2018 жылы маусымда Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Оңтүстік Қазақстан облысын Түркістан облысы деп қайта құру туралы» Жарлық шығарды, ал Шымкент қаласына республикалық маңызы бар қала мәртебесі берілді.



Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бөлінісіне орай оның әкімшілік-аумақтық құрамына 87 қала (3 республикалық маңызы бар қала – Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент; 14 облыс орталығы; облыстық маңызы бар 25 қала және аудандық маңызы бар 45 қала); 174 қалалық кент кіреді.

Әкімшілік-аумақтық реформаның ішкі ғана емес, геосаяси да маңызы бар. Өйткені бұл өзгерістер мемлекеттің сыртқы шегарасын анықтаумен қатар жүрді. Шегарамен шектес аймақтарды ірілендіру болашақта олардың жағдайларын тұрақтандырады. Осылайша реформалар тәуелсіз Қазақстанның ішкі геосаяси кеңістікте бірігуіне жағдай жасады.

Ірілендірілген облыстар облыс орталықтарының атауымен емес, олардың географиялық орналасуына орай аталды. Осылайша Солтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан облыстары деген атаулар қалыптасты.

#### Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Тәуелсіз Қазақстан мемлекеттік басқаруда қандай іс-шараларды жүзеге асыруы керек болды?
2. Қазақстан Республикасы Президентінің атқаратын қызметтері жайлы айтып беріңдер.
3. Қазақстан Республикасының басқару формасы және билік тармақтары дегенді қалай түсінесіңдер?
4. Топонимика, ономастика туралы не білесіңдер?
5. ҚР Тұңғыш Президентінің 1997 жылғы 23 мамырдағы Жарлығына сәйкес әкімшілік-аумақтық қандай өзгерістер болды?
6. Әкімшілік-аумақтық реформалардың геосаяси маңызы қандай?



**Әкімшілік** – 1) мемлекеттік басқарудың үйлестіруші органдары, атқарушы билік органдары; 2) басқарудың лауазымды адамдары, қызметшілер; 3) реттеушілер, жауаптылар.


**Ономастика** – жалқы есімдерді, олардың қалыптасу және түрлену тарихын зерделейтін тіл ғылымының бөлімі.

**Топонимика** – географиялық нысандардың атауларын, олардың қалыптасу, өзгеру, жұмыс істеу заңдылықтарын зерттейтін ономастика бөлімі.

**Геосаясат** (грек сөзі – *жер, ел, саясат*) – сыртқы саясатты географиялық факторларға (аумағына, ауа райына, қазба байлықтарына т.б.) байланысты жүргізу.

**Кестемен жұмыс.** Кестені пайдалана отырып, мемлекеттік органдардың өзара байланыстары қалай жүзеге асатыны жайлы таныстырылым дайындаңдар.

Мемлекеттік билік және мемлекет басқару құрылымы



§ 40. Қазақстандағы көппартиялық жүйенің қалыптасуы.  
Қоғамдық қозғалыстар және ұйымдар

**Бүгін сабақта:**

- Қазақстандағы көппартиялық жүйе, қоғамдық қозғалыстар, ұйымдардың қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдерімен танысамыз.

**Тірек сөздер:**

- бейресми ұйым
- мирасқор
- саяси өмір
- қоғамдық
- қозғалыс

Қазақстандағы көппартиялық жүйенің қалыптасуы мен дамуының негізгі кезеңдері. Саяси қоғамдық қозғалыстар мен ұйымдар Қазақстанда көппартиялық жүйенің қалыптасуына жол ашып, демократиялық мемлекет құрудың басты нышаны болды.

Республикада, шын мәнінде, пікір алуандығы көрініс тапты және көппартиялық саяси құрылымның құқықтық негізі қаланды. Көппартиялық жүйенің қалыптасуы мен дамуының мынадай негізгі кезеңдері бар.

**Білгенің абзал!** Саяси партия (латын. *partis* – бөлік) дегеніміз – белгілі бір әлеуметтік топтың, таптың, ұлттың мүддесін қорғау үшін қоғамның біріккен белсенді және ұйымдасқан бөлігі. Партиялардың өз бағдарламалары бар, яғни партия идеологиясын, оның мақсат-міндеттері мен оған қол жеткізу тәсілдерін анықтайды.



**Бірінші кезең** (80-жылдардың ортасы мен 90-жылдар аралығы) – бейресми қоғамдық бірлестіктердің құрылуы.

**Екінші кезең** (1990–1996 жж.) – көппартиялық жүйенің қалыптаса бастауы. Бұл жылдар аралығында көппартиялық жүйе елді демократияландыруда және саяси жүйені жаңартуда шешуші қадамдар жасады. Көппартиялық жүйенің ауқымды өріс алуына түбегейлі бетбұрыс жасаған оқиға 1990 жылы КСРО халық депутаттарының II съезінде КСРО Конституциясындағы *«КОКП – кеңес қоғамының басты және бағыт беруші күші, оның саяси жүйесінің ұйтқысы»* деген 6-бапты алып тастауы болды.

1990 жылы сәуірде «Алаш» партиясы және сол жылы мамырда Алматы қаласында Қазақстан социал-демократиялық партиясы (КСДП) пайда болды. Қазақстан Компартиясының құқықтық мирасқоры болып Социалистік партия құрылды. Бірпартиялық жүйе ыдыраған соң, демократиялық еркіндікке жол ашылып, көппартиялық жүйе қалыптаса бастады. Азаматтарға шынайы құқықтар мен еркіндіктер, мемлекеттік мәселелерді шешуге қатысу мүмкіндіктері берілді.

**Үшінші кезең** (1996–1999 жж.). 1996 жылы Қазақстан Республикасындағы «Саяси партиялар туралы» Заң қабылданды. Қазақстан азаматтарының еркін саяси бірігу құқығы осы заңмен белгіленді. Бұл заң конституциялық заңнама шеңберінде парламенттік типтегі партияларды қалыптастырды және олардың қызметтерін реттеді. Сол тұста саяси партиялар Әділет министрлігінде тіркелді.

**Ойлан!** Көппартиялық жүйе демократиялық мемлекет орнатудың факторы деп неге айтамыз? Қазақстандағы қоғамдық қозғалыстардың қоғамдағы рөлі қандай?

1998 жылдың қыркүйегі мен 1999 жылдың қаңтары аралығында Қазақстанның азаматтық партиясы (ҚАП), Қазақстанның республикалық халық партиясы (ҚРХП), «Азамат» демократиялық партиясы (АДП), Қазақстанның аграрлық партиясы (ҚАП), «Отан» республикалық партиясы т.б. құрылды.

**Төртінші кезең** (1999 жылдан қазіргі кезеңге дейін). Қазақстандағы көппартиялық жүйені қайта құрылымдау, дамыту, оның елдің саяси өміріндегі рөлін арттыру барысы жалғасты.

**2002 жылғы 15 шілдеде «Саяси партиялар туралы» Қазақстан Республикасының жаңа заңы қабылданды.** Онда партиялар қызметін реттеудің: партияларды құру, олардың қызметін тоқтата тұру және тоқтату тәртібін құқықтық белгілеу, партияларды қаржыландыру, сайлау үдерісіне қатысу т.б. сияқты жаңа ережелер енгізілді.



**Білгенің абзал!** Саяси партиялардың өзге қоғамдық бірлестіктерден айырмашылықтары бар:

- саяси партияның негізгі мақсаты – билік үшін күрес;
- негізгі қызметі және мақсат-міндеттері бағдарламада көрсетіледі;
- орталық және жергілікті ұйымдары болады;
- идеологиялық және ұйымдық жағынан сайлау науқанына қатысады.

2009 жылдың 9 ақпанында «Саяси партиялар туралы» заңға толықтырулар мен өзгертулер енгізілді. Төменгі палатаға – Мәжіліске сайлануы үшін саяси партия өкілдері 7 пайыз дауыс жинауы қажет болды. Бұл саяси партиялардың өздерін қолдайтындар үшін күресуін ынталандыруы тиіс болатын.

«Нұр-Отан» халықтық-демократиялық партиясы – Қазақстандағы ең ірі партия. Төрағасы – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

1999 жылы қаңтарда ҚР-ның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен «Отан» партиясының негізі қаланды. Сол жылдың 12 ақпанында Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелді. 2006 жылғы 22 желтоқсанда Астанада (Нұр-Сұлтан қ.) өткен Республикалық саяси «Отан» партиясының кезектен тыс X съезінде жаңа саяси ұйым – «Нұр-Отан» халықтық-демократиялық партиясы құрылып, оның құрамына «Қазақстанның азаматтық партиясы», «Қазақстанның аграрлық партиясы» және «Асар» партиясы қосылды.



Нұр-Отан партиясының алғашқы логотипі

**Орында!** Өздерің білетін бір партияның немесе қозғалыстың бағдарламасын жазып, эмблемасын салыңдар.

Қазақстанның Коммунистік партиясы 1991 жылғы қазанда КОКП-ның ыдырауынан кейін құрылды.

Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясы – «Қазақстанның демократиялық таңдауы» қоғамдық бірлестігінің негізінде құрылған саяси партия. 2002 жылы қаңтарда Саяси кеңес мүшелерінің бір бөлігі

Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясы құрылғанын жариялады. Партия қоғамды одан әрі демократияландыру жолдарын іздеу жөніндегі комиссияның жұмысына белсенді араласты.

Қазақстанның социал-демократиялық «Ауыл» партиясының негізгі мақсаты аграрлық секторды мемлекеттік реттеуді және



қолдауды күшейту, сондай-ақ ауыл еңбекшілерінің мүдделерін қорғау болды.

**Қоғамдық қозғалыстар мен ұйымдардың қалыптасуының негізгі кезеңдері.** 80-жылдардың екінші жартысында саяси негізі КСРО-да қаланған саяси ұйымдар, қозғалыстар мен партиялар пайда бола бастады. Бұл демократияландыру үдерісі басталуының көрсеткіші болды.

1991 жылы 27 маусымда «ҚР-дағы қоғамдық бірлестіктер туралы» алғашқы Заң қабылданды. Еліміздегі қоғамдық қозғалыстар мен саяси ұйымдардың құрылуы мен қалыптасуын шартты түрде бірнеше кезенге бөлуге болады.

**Есте сақта!** Азаматтық қоғам – адам бостандығы мен құқығына кепілдік берілетін және азаматтарының экономикалық тәуелсіздігі қамтамасыз етілген заң және мемлекет тарапынан қорғалатын қоғам.

**1-кезең** (1986 жылдың күзінен 1989 жылға дейінгі кезең). Протопартиялардың қалыптасуы, сонымен қатар азаматтардың бастамасымен бейресми қозғалыстар, бірлестіктер, «Жасыл майдан», «Жетісу» және т.б. экологиялық ұйымдардың пайда болуы. Қайта құру кезінде аумақтық принцип бойынша «Әлем дәрігерлері ядролық соғысқа қарсы» халықаралық ұйымының бөлімдері және ең ірі халықаралық «Невада–Семей» антиядролық қозғалысы құрылды.

**2-кезең** (1989 жылдың бас кезі – 1991 жылдың тамызы аралығы). Осы жылдары Қазақстанның тәуелсіз қоғамдық ұйымдар қауымдастығы құрылып, оған «Демократиялық одақ» бөлімшесі, «Мемориал», «Сенім», «Жасыл майдан», «Бастама», «Бірлесу» тәуелсіз кәсіподағы және т.б. кірді. Кейін ұлттық-демократиялық сипаттағы бейресми бірлестіктер «Желтоқсан», «Азат», «Жерұйық», «Әділет» тарихи-ағартушылық және «Қазақ тілі» қоғамдары құрылды.

**Орында!** Қазақстан Республикасындағы саяси партиялар туралы таныстырылым дайындаңдар.

**3-кезең** (1991 жылдың қыркүйегінен 1998 жылға дейінгі аралық). Осы кезеңде КСРО-ның ыдырауы, егеменді Қазақстан Республикасының құрылуы, республика азаматтарының саяси белсенділігінің өсуі, партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің тіркелуі сияқты оқиғалар жүрді.

**4-кезең** (1998 жылдан 2007 жылға дейінгі аралық). 2002 жылғы «Саяси партиялар туралы» Заңның өзгеруіне байланысты партиялар құру жүйесін одан әрі жетілдіру, партияларды қайта тіркеу және жаңа партиялардың пайда болуы, 1999 және 2004 жылдардағы Парламент сайлауына партиялардың қатысуы.



**5-кезең** (2007 жылдан қазіргі кезеңге дейінгі аралық). 2007 жылғы Конституцияның және 2010 жылғы үкімет құрылымының өзгеруіне байланысты партия жүйесінде өзгерістер орын алды.

Мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі – азаматтық қоғам және оның институттарын құруға жағдай жасау. Мемлекет Үкіметтік емес ұйымдар қызметіне жағдай жасау, адам құқығын қорғау, халықтың әлеуметтік қорғалмаған топтарына қолдау көрсету, гендерлік теңдік, шығармашылық бастаманы дамытуды қамтамасыз етеді.

Үкіметтік емес ұйымдар мен мемлекет арасындағы әріптестік байланыс Азаматтық форумдарда айқын көрініс тапқан. Қазақстанда Азаматтық форумы екі жылда бір рет өткізіледі. Бірінші форум 2003 жылы өтті.

#### **Сұрақтарға жауап беріңдер.**

1. «Партия» сөзіне анықтама беріңдер. Қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар несімен ерекшеленеді?
2. «Саяси партия туралы» Заң қашан қабылданды?
3. Қоғамдық қозғалыс дегеніміз не? Қазақстанда қандай қоғамдық қозғалыстар бар?
4. Қазақстандағы қоғамдық қозғалыстардың дамуының негізгі кезеңдерін атаңдар.
5. Қоғамдағы үкіметтік емес ұйымдардың маңызы неде?

#### **Қосымша мәлімет.**



М.Шаханов

Мұхтар Шаханов (1942 ж. туған) – ақын, мемлекет және қоғам қайраткері, халық жазушысы, «Мемлекеттік тіл» қоғамдық қозғалысының төрағасы. Ондаған шетел академияларының, университеттердің Құрметті докторы, профессоры.

БҰҰ-ның Қоршаған Орта Бағдарламасы сыйлығының, Қазақстан және Бүкілодақтық Ленин комсомолы сыйлықтарының, Түрік Республикасының «Түрік дүниесіне қызмет үшін» халықаралық сыйлығының, Қырғыз Республикасы халықаралық «Руханият», ЮНЕСКО-ның «Боорукер» клубы сыйлықтарының иегері, 2000 жылы «Тарлан» премиясы, 2001 жылы Түркияның Гебзе қаласында «Түркітілдес халықтар арасындағы ең үздік әлем ақыны» атағы берілді.

2002 жылы М.Шахановқа «Жазагер жады космоформуласы» (Шыңғыс ханның пенделік құпиясы) атты шығармасы үшін Калифорниядағы Ғылым, индустрия, білім және өнер академиясының А.Эйнштейн атындағы Алтын медалі берілді. КСРО және Қазақстан халық депутаты, КСРО Жоғарғы Кеңесінің мүшесі.

1986 жылы Желтоқсан оқиғасында қазақ халқына «ұлтшыл» деп айып таққан КОКП Орталық комитеті Саяси бюросының қаулысына қарсы шығып, сол кездегі шындықты қалыптастыру жөнінде комиссия құрды. 1980 жылдардың соңы мен



1990 жылдардың басында М.Шаханов өзін көрнекті саяси және қоғам қайраткері ретінде көрсете білді.

Мұхтар Шахановтың бастамасымен Арал теңізі маңайындағы тұрғындарға көмек беру мақсатымен Балқаш пен Арал мәселелері бойынша комитет ұйымдастырылды. Комитет әлем халқы мен КСРО үкіметінің назарын Арал теңізінің экологиялық апатына аудару бойынша көп жұмыс атқарды.

Қазақ ұлтының құндылықтары мен мүддесін қорғау жолындағы табанды күрескерлігімен ел құрметіне бөленген, барша жұртқа танымал тұлға.

## §41. Қазақстан Республикасының Конституциясы (Ата Заңы)

### Бүгін сабақта:

- 1993, 1995 жылдардағы Конституциялардың мазмұнымен танысамыз;
- Ата заңдарымыздың қоғамдағы орнын анықтаймыз;
- 1998, 2007, 2011, 2017, 2019 жылдардағы Конституциялардағы өзгерістер мен толықтыруларды қарастырамыз.

### Тірек сөздер:

- конституциялық заңдылық
- құқықтық мемлекет
- демократиялық мемлекет
- унитарлық мемлекет

**1993 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы.** 1993 жылы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі елдің Негізгі Заңын – тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясын қабылдады. Құжаттың жобасы әртүрлі саяси партиялар мен қозғалыстар өкілдерінің жиналыстарында, баспасөз беттерінде, теледидар мен радиода қызу талқыланды. Талқылау барысында бір-біріне мүлдем қарама-қайшы көзқарастар да айтылды.

Қазақстан Республикасының алғашқы Конституциясы 4 бөлімнен және 21 тараудан тұрды. Конституция баптарының басым бөлігі ұлтаралық келісімді сақтауға арналған. Қазақстан Республикасы азаматтарының тең құқықтылығы көрсетілген. Негізгі Заңда адам және оның өміріне байланысты мәселелерге баса назар аударылған. Елдегі атқарылатын істердің бәрі Заңға сәйкес азаматтар мен қоғамның мүдделеріне сай жүргізіледі деп белгіленген. Конституцияда тіл мәселесі құқықтық шешімін тапты. Конституция бойынша республикадағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі, ал орыс тілі ұлтаралық қатынас тілі деп жарияланды. Мемлекеттік тілді немесе ұлтаралық қатынас тілін білмеушілік себептері бойынша азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын шектеуге тыйым салынды.

Негізгі Заңда Қазақстан Республикасының жері біртұтас, ол бөлінбейді және оған қол сұғуға болмайды деп атап көрсетілді.





Қазақстан Республикасының  
Конституциясы

Мемлекеттік биліктің бірден-бір қайнар көзі Қазақстан халқы екендігі жарияланды.

Мемлекеттік билік Конституция және республика заңдары негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының ең жоғарғы заңдық күші бар. Конституцияның орындалуына Республика Президенті кепіл болады.

Конституцияның тараулары мен баптары азаматтардың құқықтары мен міндеттерін, олардың қоғам және өз отбасының игілігі үшін атқарған істерін қорғауға арналды.

Қазақстан азаматтары Конституция заңдарын сақтауға, әрбір адамның ар-намысын, абыройын құрметтеуге міндетті.

Сонымен қатар республика азаматтары мемлекеттік рәміздерді – Елтаңба, Ту, Гимнді қастерлеуге тиіс.

Отанды қорғау – әрбір азаматтың абыройлы борышы.

Республика азаматтары заңмен белгіленген салықтарды төлеуге міндетті.

Үшінші бөлімде мемлекет және оның органдары мен институттарының құқықтық нормалары белгіленді. Төртінші бөлім Конституцияның тұрақтылығын қамтамасыз ету және оның ережелерін қорғауға арналды.

**1995 жылғы Қазақстан Республикасының Конституциясы.** Еліміздің алғашқы конституциясы 1993 жылы қаңтар айында күшіне енген күннен кемшіліктері көрсетілді, яғни әлеуметтік-экономикалық және саяси ережелерге сәйкес келмейтіні анықталды.

1993 жылдың желтоқсан айында Жоғарғы Кеңестің XII шақырылымы мерзімінен бұрын өз өкілеттілігін тоқтатты. Азаматтық талап бойынша Конституциялық сот 1994 жылдың 7 наурызында сайланған Жоғарғы Кеңесті бұдан былай заңсыз деп тапты. Осы оқиға жаңа конституцияны әзірлеуге бірден-бір себепші болды.

Осындай жағдайда Қазақстан Республикасының халқы Елбасы Н.Назарбаевтың саясатын қолдап, 1995 жылдың 29 сәуірінде өткен республикалық референдумда мемлекет басшысының өкілеттілігін 2000 жылға дейін ұзарту жөнінде өз дауыстарын берді.

**1995 жылы 30 тамызда** республикалық референдум нәтижесінде жаңа Конституция қабылданды. Конституция 9 бөлімнен, 98 баптан тұрады. Конституция бойынша Қазақстан Республикасы демократиялық, унитарлық, зайырлы, әлеуметтік, құқықтық мемлекет болып табылады.



**Анықта!** 1995 жылғы жаңа Конституцияны қабылдаудың тарихи маңызы неде?

Басқару нысаны бойынша Қазақстан – президенттік республика. Атқарушы билікті президент басқарады. Ол 40 жастан асқан, Республика аумағында 15 жыл тұрған және мемлекеттік тілде (қазақ тілінде) еркін сөйлей алатын азаматтар арасынан 5 жылға сайланады.

**Есте сақта!** *Референдум* – жалпы мемлекеттік, аймақтық немесе жергілікті маңызы бар, мысалы, ішкі және сыртқы немесе қандай да бір заңды қабылдау кезіндегі маңызды мәселелер бойынша сайлаушылардың өз еркін білдіруі. Мысалы: Конституцияға өзгерістер мен қосымшалар енгізу кезінде жүргізіледі.

Негізгі заң қоғамдық таулық пен саяси тұрақтылыққа, бүкіл халықтың игілігі үшін экономикалық дамуға, қазақстандық патриотизмге, көпұлтты халықтың бірлігі мен елдің тұтастығына негізделген.

Қазақстан Республикасы – демократиялық мемлекет, яғни халық билігі немесе халықтың басқаруы қолданылады деген мағынаны білдіреді. Қазақстанның негізгі демократиялық қағидалары адам құндылығы, құқығы мен бостандықтарына, идеологиялық плюрализмге, заң алдындағы теңдікке негізделді. Азаматтардың түріне, жынысына, тіліне, дініне, әлеуметтік шыққан тегіне, мүлктік жағдайына, сеніміне, басқа да белгілеріне карамастан, теңдігін көрсетеді. Конституциялық демократиялық институттар, президенттік институт және өкілдік органдар (Парламент, мәслихаттар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары) ерікті сайлау негізінде құрылады. Ерікті сайлау үшін негізгі үш жағдай сақталған: біріншіден, баламалы ұйғарымдылық (альтернативтік), сайлаушының бірнеше кандидатын біреуін ұйғару мүмкіндігі; екіншіден, сайлау науқанының барлық сатысындағы қоғамдық бақылау және үшіншіден, сайлаушылардың өз ерік-қалауын білдіруі.

Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық. Халық билікті тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға береді. ҚР-да билікті ешкім де иеленіп кете алмайды. Республикада мемлекеттік билік – біртұтас, ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөлінеді. Биліктің тармақтары тең, дербес және бір-біріне байланысты емес, заң шеңберінде қызмет атқарады.

1995 жылғы Конституция бойынша Қазақстан басқарудың президенттік формасындағы унитарлық мемлекет болып табылады.



*Унитарлық мемлекет* – саяси билік бір орталыққа бағынған, мемлекеттің ішінде өз алдына бөлек, басқа құрылымға жол берілмейтін мемлекеттің түрі.

1998 жылғы Конституцияға енгізілген толықтырулар мен өзгерістер мемлекеттік билік жүйесіндегі өкілетті органның орны мен рөлін, маңызын нығайтты. Осыған сәйкес, Парламенттің Конституцияға өзгерістер енгізу өкілеттілігі кеңейтілді.

Сот жүйесін демократияландыру мақсатында *сот алқасы* енгізілді. Осы өзгерістерге сәйкес, ауыл, село және поселкелік *әкімдерді* сайлау қарастырылды.

**2007 жылғы конституциялық реформа.** 2007 жылдың 21 мамырында Қазақстан өзінің қоғамдық-саяси дамуында жаңа кезеңге өтті. Елбасы парламент қабылдаған ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар туралы заңға қол қойды.

*Біріншіден*, республика президенттік басқару түрінен президенттік-парламенттік басқару түріне көшуге бағытталған маңызды қадам жасады. Оны бірқатар өзгерістерден байқауға болады. *Екіншіден*, Президент премьер-министр лауазымына лайықты кандидатураны тағайындамас бұрын, мәжілістің (парламенттің төменгі палатасы) саяси фракцияларымен кенеседі, содан соң атқарушы биліктің басшылығына үмітк ер ұсынылады.

**Ойлан!** Еліміз неге 1995 жылы жаңа Конституция қабылдауға мәжбүр болды? Президенттік және президенттік-парламенттік басқару түрлерінің айырмашылығы неде?

Конституциялық кеңес республикалық бюджеттің орындалуын қадағалайтын Есеп комитетін тағайындағанда және Орталық сайлау комиссиясын құрғанда Парламенттің екі палатасы да тікелей қатысады.

*Үшіншіден*, төменгі палатаны пропорционалдық принцип бойынша (партиялық тізімдер) саяси партиялар қалыптастырады. Мәжіліс депутаттары санының 30 адамға артуы саяси партиялардың мүмкіндіктерін жоғарылатты. 9 депутатты Қазақстан халқы Ассамблеясы сайлайды, осы арқылы мәжілісте түрлі ұлт өкілдерінің мүддесі жүзеге асырылады.

*Төртіншіден*, мемлекет қоғамдық бірлестіктерді қаржыландыру мүмкіндігіне ие болды. Мемлекет тарапынан қаржыландыру көзінің пайда болуы үкіметтік емес ұйымдардың көбеюіне, мемлекет пен қоғам арасындағы байланыстың нығаюына, халықтың азаматтық белсенділігінің артуына өз ықпалын тигізді.

*Бесіншіден*, Үкімет өз жұмысын жаңа сапалы деңгейге көтеруі тиіс болды. Себебі бұрын Үкіметке сенімсіздік вотумын білдіру үшін



мәжіліс депутаттарының 2/3 бөлігі дауыс беруі шарт болса, жана өзгерістерге сәйкес тек көпшілігі қарсы болса, сол жеткілікті болды. Бұл атқарушы биліктің жауапкершілігін арттыра түсті. Сонымен қатар парламент депутаттарының өкілеттілігі күшейтіліп, халық алдындағы жауапкершілігі артты.

Маңызды саяси өзгерістердің қатарында 2012 жылдан бастап президенттік басқарудың мерзімі 7 жылдан 5 жылға қысқартылды. Сонымен қатар депутаттардың ұсынысы бойынша Конституцияда президенттікке қатарынан екі реттен артық сайлануға тыйым салынды.

Ұлттық-мәдени және қоғамның мүдделерін толық қамтамасыз ету және қорғау мақсатында сенат депутаттарының саны (парламенттің жоғары палатасы) Президент тағайындайтын 8 адамға көбейтілді.

Маңызды өзгерістердің бірі Елбасының облыстық, астана мен республикалық маңызы бар қалалардың әкімдерін тағайындаудан бұрын мәслихаттардың (жергілікті өкілеттік орган) келісіміне қол жеткізуі тиіс болды. Нәтижесінде мәслихаттардың мәртебесі жоғарылады. Сонымен қатар мәслихаттар әкімдерге тікелей ықпал жасай алады. Себебі оларға жартысынан көп дауыспен аймақ басшысына сенімсіздік білдіру құқығы берілді. Мәслихаттар жергілікті өзін-өзі басқару үдерісіне тікелей қатыса алатын болды. Нәтижесінде аймақтарда сайлаушылар алдында әкімдермен бірге жауапкершілік жүгін көтерген саяси күштің жаңа орталығы – мәслихаттар пайда болды.

#### Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қазақстан Республикасының 1993 жылғы Конституциясы туралы әңгімелеп беріңдер.
2. 1993 жылғы Конституцияда тілге байланысты қандай шешім қабылданды?
3. 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Конституцияның негізгі бөлімдері туралы айтып беріңдер.
4. Унитарлық мемлекет дегенді қалай түсінесіңдер?
5. Қазақстан Республикасы Конституциясының өздерің тандаған бір бөлімі бойынша эссе жазыңдар.
6. 1995 жылғы Конституцияның 1993 жылғы Конституциядан қандай айырмашылығы бар?



**Парламент** – заң шығару міндеттерін жүзеге асыратын ең жоғарғы өкілеттік орган.

**Үкімет** – мемлекеттік атқару билігінің ең жоғарғы органы. Үкіметке министрліктер, агенттіктер, комитеттер, облыстық, аудандық және қалалық әкімшіліктер бағынады. Үкіметті Премьер-Министр басқарады. Оны бұл лауазымға Парламенттің мақұлдауымен ел Президенті тағайындайды.

**Гуманизм** – адамның арын, құқығы мен бостандығын ең жоғарғы құндылықтар деп жариялайтын ілім.

**Бұл маңызды! 1998 жылы** конституцияның 19 бабына толықтырулар мен өзгерістер енді. Өзгерістер Президент, сенат және мәжіліс депутаттарының қызметінің мерзімі мен өкілеттілігін қамтыды. Бұрын көзделген мемлекеттік қызметшілер үшін жас мөлшерінің жоғарғы шегі алынып тасталды. Мәжілістің 10 депутаты пропорционалды өкілеттілік жүйесі бойынша партиялар тізімі негізінде сайлана алады.

**2007 жылы** Конституцияға мынадай өзгерістер енді: пропорционалды сайлау жүйесіне көшті; Премьер-министрді бекіту туралы нормаларды және Үкімет басшысын тағайындау кезінде партиялық фракциялармен Президенттің кеңес тәртіптерін енгізу есебінен Парламент мәртебесін нығайту; Қазақстан халқы Ассамблеясына конституциялық мәртебе берілді және өз өкілдерін белгіленген квота бойынша Парламент Сенаты мен Мәжілісіне жіберу құқығын алды.

**2011 жылы** Конституцияға Республика Президентін кезектен тыс сайлауды тағайындау және өткізудің конституциялық негіздеріне бағытталған өзгерістер енді.

**2017 жылы** Конституцияға мынадай өзгерістер енді: Астана (Нұр-Сұлтан) қаласы шегінде қаржы саласында ерекше құқықтық режим орнатылады; лаңкестік қылмыстар жасағаны және Қазақстан Республикасының өмірлік маңызды мүдделеріне ауыр зардап келтіргені үшін сот шешімі бойынша азаматтығынан айыру негіздері бекітілді. Сондай-ақ ҚР Президентіне қосымша талаптар, яғни жоғары білімі болу талабы енгізілді. Парламент пен Үкімет өкілеттілігі күшейтілді. ҚР Тұңғыш Президентінің құқықтық мәртебесі бекітілді.

**2019 жылы** 23 наурызда 2-бапқа Қазақстан астанасының атауы Нұр-Сұлтан болып өзгертілді.



## ҚАЗАҚСТАН – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ СУБЪЕКТІСІ

### § 42–43. Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа кірігуі

#### Бүгін сабақта:

- Қазақстанның халықаралық сахнаға шығуын, оның жетістіктерін талдаймыз;
- Қазақстанның ядролық қаруды жою жөніндегі бастамаларын бағалаймыз.

*Зерттеу сұрағы. Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа енуі қалай жүзеге асты?*

**Қазақстан Республикасын халықаралық қауымдастықтың тануы.** 1991 жылы Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялаған соң, әлемдік бұқаралық ақпарат құралдары біздің елге назарын аударды. Әлемнің біздің ел туралы хабары аз болғандықтан, баспасөз құралдары Қазақстанды адамзатқа қауіп төндіретін ядролық қаруы бар мемлекет, экстремистік ел ретінде көрсететін жағымсыз бейне қалыптастырды. Республика алдына өзіне деген жағымсыз қатынасты еңсеру міндеті қойылып, халықаралық сахнаға шығу керек болды.

#### Тірек сөздер:

- халықаралық сахна
- сыртқы саясат
- транзиттік-көліктік әлеует
- ядролық сынақ
- «Бейбітшілік эпицентрі»



ТМД мемлекеттері басшыларының кездесуі

*Біріншіден,* жас мемлекетімізді әлемге таныту.

*Екіншіден,* Қазақстанды халықаралық дәрежеде мойындатып, оның қауіпсіздігі мен аумақтық тұтастығын қамтамасыз ету.

*Үшіншіден,* әлемдік шаруашылыққа кіру және басқа елдермен экономикалық байланыстар орнатуға белсенді қатысу керек болды.

Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа кіруі осындай өрелі міндеттерді жүзеге асырудан басталды. Осы жұмыстар Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы күндерінен-ақ өз жемісін бере бастады.

1991 жылдың соңында Қазақстанды **108 мемлекет таныды, 70 мемлекетпен дипломатиялық қатынас орнатылды.**

1992 жылы ҚР-ның Сыртқы Істер министрлігінің қатысуымен өте маңызды көпжақты және екіжақты 13 құжат, сондай-ақ ағымдағы мәселелер бойынша 30-ға жуық келісім мен меморандум жасалды.

Алматыда **21 шетелдік елшілік** ашылды. Қазақстанның дипломатиялық корпусы Вашингтон, Мәскеу, Пекин, Анкара және Нью-Йоркте өз жұмысын бастады.

Қазақстан егемендігінің халықаралық тұрғыда танылуында Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Үндістан, Пәкістан, АҚШ, ГФР, Франция, Иран, Түркия, Финляндия және т.б. елдерге жасаған жоғары деңгейдегі сапарларының маңызы ерекше зор болды.

Бір жыл ішінде 20 мемлекет және үкімет басшылары Алматыға ресми сапармен келді. Ресеймен, Өзбекстанмен, Қырғызстанмен, Молдовамен, Белоруссиямен, Армениямен, Тәжікстанмен келісім-шарттар жасалды.

**Ойлан!** Егемендіктің алғашқы жылдары еліміздің халықаралық сахнада танылуы үшін қандай іс-шаралар жүргізуі керек болды? Неге сыртқы саясатта экономикалық байланыстар бірінші кезекте тұрды?

**Қазақстан Республикасының сыртқы саясатындағы негізгі бағыттар.** Елдің сыртқы саясатындағы негізгі бағыттардың бірі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (ТМД) елдерімен қарым-қатынас орнату болды. КСРО ыдыраған соң, Қазақстан ТМД мемлекеттері арасындағы экономикалық байланыстарды қайта құру, нығайту және одан әрі дамытуға қатысты бастамашы қызметін атқарды. Мұндай шаралар дағдарыстан шығу үшін қажет еді. Бірақ республиканың ұсыныстары ТМД-дағы кейбір серіктестіктер тарапынан қолдау таппағанын айта кету керек. Еліміз табандылық танытып, 90-жылдардың басында ТМД елдерімен интеграция саясатын ұстанды және осы мақсатты жүзеге асыру үшін бар күш-жігерін жұмсады.

Сыртқы саясатта 1992 жылы 25 желтоқсанда алғашқылардың бірі болып Қазақстан егемендігін мойындаған АҚШ-қа басымдық берілді.



Сонымен қатар Азия елдері арасындағы негізгі бағыт ретінде **Қытай** ерекше орын алды. КХР-мен әртүрлі бағыттар бойынша келісімдер мен шарттар жасалды, Жапониямен, Корея Республикасымен, Моңғолиямен, Малайзиямен экономикалық байланыс орнатылды.

**Қазақстан 1992 жылы 2 наурызда БҰҰ-ға мүше болып қабылданды.**

**Білгенің абзал!** 1992 жылы 15 сәуірде Қазақстан БҰҰ-ның 168-мүшесі болды.

Қазіргі Қазақстан тарихындағы маңызды белестің бірі 2010 жылы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымына (ЕҚЫҰ), 2011 жылы Ислам Ынтымақтастығы Ұйымы (ИЫҰ) Сыртқы істер министрлері кеңесіне, Орталық Азия ынтымақтастығы ұйымына (ОАЫҰ) және т.б. көптеген халықаралық ұйымдарға төрағалық етуі болды. Қазақстан – бұрынғы кеңестік елдер арасында ЕҚЫҰ-ға ең алғаш төрағалық еткен мемлекет. ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі еуропалық кеңістіктегі осы ұйымға мүше елдердің сенімінің айғағы еді.

Қазақстанның тәуелсіздігін алғаш **Түркия** мойындады. 1991 жылы қазанда Н.Ә.Назарбаев Анкараға ресми сапармен барды. Бұл сапар казак-түрік қарым-қатынасын жан-жақты дамытуда аса маңызды оқиға болды.

1992 жылы қазан-қараша айларында Н.Ә.Назарбаев Тегеранға ресми сапармен барып, екіжақты саяси-экономикалық байланыстар туралы құжаттарға қол қойды. Осы жылдың ішінде Таяу және Орта Шығыстың 16 мемлекетімен дипломатиялық қатынас орнатты.

1992 жылы Қазақстан Халықаралық валюта қорына, Әлем банкіне, Еуропалық қайта құру және даму банкіне, Азия даму банкіне, Экономикалық ынтымақтастық ұйымына кірді.

Осылайша елдің сыртқы саясаты көпвекторлы сипат алып, көршілес елдермен ынтымақтасу үшін әлемдік шаруашылық байланыстарға кіре бастады.

**Қазақстанның әлемдік экономикалық қатынастардағы орны.** Мемлекеттілікті орнатудың алғашқы кезеңінде ҚР-ның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев елдің сыртқы саясатындағы экономика мәселелеріне ерекше назар аударды. Дипломаттардың алдында республика экономикасын дамытуда қолдау көрсетуге барынша күш-жігер жұмсау міндеті тұрды. Ең алдымен, банкроттық шегінде тұрған кәсіпорындар қызметін қалпына келтіру, жаңа жұмыс орындарын құру, жаңа технологияларды енгізу қажет болды. Осы мәселелерді шешу үшін шетелдік инвестицияларды тарту міндеті қойылды.



Елбасының экономикалық мәселелерді шешу жөніндегі нұсқауларын басшылыққа алған ҚР-ның Сыртқы істер министрлігі инвестициялық саясатты түзету жөнінде бірқатар шаралар жасап, осы бағыттағы істерді қолға алды. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы **шетелдік инвесторлар кеңесі** құрылды. Оған елдегі экономикалық өзгерістерді жүргізуде кеңесші болған ЕКДБ, Дойче Банк, Шелл, Мобил, Эни, Тоталь, ЛукОйл т.б. сияқты жетекші шетелдік банктер мен компаниялар кірді.

**Орында!** Екі мемлекет арасындағы экономикалық келісім үлгісін дайындаңдар.

**2000 жылы** Алматыда өткен **бірінші Еуразия экономикалық саммиті**, **2012 жылы 22–24 мамыр** күндері Астанада (қазіргі Нұр-Сұлтан қ.) өткен 5-экономикалық форумы тек Қазақстан үшін ғана емес, сонымен бірге Орталық Азия үшін бұрын-соңды болмаған оқиғалар еді. Бұл шаралар Дүниежүзілік экономикалық форумның (ДЭФ) қолдауымен өтті.

Бірте-бірте Қазақстан экономикалық байланыстар бағытында Еуропа мен Азияның арасындағы аймақтық көлік «көпіріне» айналды. Бұл республиканың транзиттік-көлік әлеуетін дамытуға, ұлттық мүдделерді жүзеге асыруға және елдің саяси-экономикалық мәселелерін шешуге мүмкіндік берді.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан көптеген халықаралық конференциялар мен кеңестерге қатысты, **Халықаралық транзиттік-көліктік кеңестерге** мүше болды. Осындай ұйымдарға кіруі Қазақстанға төмендегідей маңызды стратегиялық іс-шараларды жүзеге асыруға жағдай жасады:

1) Қазақстан әлемдік теңіз порттарына шықты және теміржол, автомобиль және әуе көлігінің негізгі үш бағыты: а) Ресей, Еуропа, Балтық елдері; ә) Қытай, Жапония, Оңтүстік-Шығыс Азия елдері; б) Оңтүстік Азия, Кавказ елдері, Иран және Түркия бағыттары бойынша транзиттік қатынас орнатылды;

2) 1993 жылы 1 қаңтардан бастап Қазақстан теміржолдары Теміржолдар ынтымақтастығы ұйымының (ТЖЫҰ) құрамына кірді. Бұл елдің халықаралық көлік нарығына шығуын қамтамасыз етті;

3) 1994 жылы 31 қаңтарда Қазақстан БҰҰ-ның Еуропалық экономикалық комиссиясына (БҰҰ ЕЭК) мүше болды.

**Қазақстан – ядролық держава.** 80-жылдары әлемдегі ядролық қару арсеналында 50 мың бомба жиналған болатын. Олардың жалпы қуаты 12 мың мт-ны құрады. Бұл – Хиросимада жарылған



1 млн бомбаға тең деген сөз. Ғалымдардың пікірінше, Жер бетіндегі тіршілікті жойып жіберуге 100 мт-ның өзі жеткілікті екен. Сөйтіп, адамзат баласы Жерді кез келген уақытта жарып жіберуге болатын «оқ-дәрі бөшкесіне» айналдырды.

КСРО ыдыраған соң, оның ядролық қаруы төрт мемлекетте – Ресей, Украина, Белоруссия және Қазақстанда орналасты. Екі жүйенің (социализм мен капитализм) текетіресі кезінде екі тараптың да ядролық зымырандарға сүйенгені белгілі. Сол тұста Қазақстан жерінде ең қуатты, ең қатерлі бомбалар мен зымырандар орналасты. Семейдегі Жаңғызтөбе мен Державинск кенті Есіл жағалауында орналасқан «СС-18» ядролық зымырандардың қуаты ғаламат еді. Бұлар нысанаға аса дәл тиетіндігімен, техникалық параметрлері бойынша аса тиімділігімен, зақымдау ауданының жоғарылығымен ерекшеленеді. Тіпті орналасқан жері бойынша Батысқа үлкен қауіп төндіріп тұрған қондырғылар болып шықты.

**Білгенің абзал!** «СС-18» зымырандарының әрқайсысында ондаған бомба бар. Шахтадан ұшып, мұхиттан өтіп, өзінің нысаналы жеріне жеткенде, он бомба он жаққа ұшып, өздерінің нысаналарын іздеп табатын болған.

Сонымен бірге Шығыс Қазақстан облысындағы Ульба металлургия зауытында 20 жыл бойы аса жоғары байытылған 600 кг уран сақталып келген. Ғалымдардың есептеуінше, одан 20 ядролық бомба жасауға болады екен. Қазақстан Кеңес Одағының атом қондырғылары мен нысандарына арналған ядролық отынның 85%-ын қамтамасыз етіп келді.

Қазақстанда орналасқан ядролық қару Ұлыбритания, Франция мен Қытайдың ядролық қаруларымен салыстырғанда көп болды. Бұл қарудың қуаты миллиондаған халқы бар қаланы былай тұрсын, тұтас бір мемлекетті, тіпті континентті жермен-жексен етуге мүмкіндігі бар еді. Сондықтан адамзат алдындағы бірінші кезектегі міндеттің бірі – жаппай қырып-жойтын қару-жарақты толығымен жою, сөйтіп болашақ ұрпақтың бейбіт өмір сүруіне жағдай жасау болды.

**Ойлан!** «Қырғиқабақ соғыс» дегеніміз не? Ядролық қарудың жай қарудан қауіптілігі неде?

**Қазақстан Республикасының ядролық қарудан бас тартуы және оның тарихи маңызы.** Қазақстан – ядролық қарудан ерікті түрде бас тартқан дүниежүзіндегі бірінші мемлекет. 1991 жылы 29 тамызда Елбасы Жарлығымен Семей ядролық сынақ алаңы жабылды. Сынақ алаңын жабу мәселесі 1987 жылдан бері күн тәртібіне



койылған еді. Ол кезде біздің еліміз бүгінгідей тәуелсіз мемлекет те емес, басқа республикалар сияқты орталықтың бақылауында болатын. Әсіресе әскери өнеркәсіптік кешенге қатысты мәселені тек Мәскеу шешетін. Тіпті республикалар бірінші басшыларының өзі осы саладағы мәселеге қатыстырылмады. Кеңес Одағы толық күшінде тұрған кезінде Мәскеуге қарсы тұрып, сынақ алаңын жабуды талап ету адам сенгісіз батырлық еді.

1992 жылғы 2 наурызда БҰҰ Бас Ассамблеясының 46-сессиясында ҚР-ның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның халықаралық саясаты мәселелері бойынша сөз сөйледі. Өз сөзінде ядролық қарусыздандыру және таратпау мәселелері, жаппай қырып-жою қаруын (ЖҚК) жою жөнінде нақты қадамдарға көшу қажеттігін атап өтті.

**Ізден!** «Жаппай қырып-жою қарулары – алапат қарулар» атты эссе жазыңдар.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстанның ядролық қарусыз мемлекет болуы үшін **үш шартты** орындауды ұсынды, олар:

- 1) ядролық қаруы бар мемлекеттердің болашақта Қазақстанға ядролық қарумен шабуыл жасамау туралы кепілдік беруі;
- 2) зымырандардағы уран құнының Қазақстанға қайтарылуы;
- 3) Қазақстан экономикасына қолдау көрсету жөніндегі келісімге қол қоюы.

1992 жылы мамырда Қазақстан ядролық зымыран қаруын біртіндеп Ресейге көшіре бастады. Олардың окшантайларына салынған уранның құнын Қазақстанға ақшалай қайыру жөніндегі Лиссабон хаттамасына қол қойылды.

1995 жылы Семей сынақ алаңында соңғы ядролық заряд жойылды. 1996 жылы Қазақстан ядролық сынақтарды тоқтату жөніндегі шартқа қосылды.

1997 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы Қазақстанның ядролық сынақтардан зардап шеккен аймақтарына көмек көрсету жөнінде қарар қабылдады.

Қазақстан өзінің ерік қалауы бойынша ядролық қарусыз мемлекетке айналды. Осынау тарихи қадамды жасай отырып, еліміз бірқатар принципті сәттерді айқындады.

*Біріншіден,* қазақстандықтардың мүдделеріне жауап беретін шешім шығарды. Елу жылдай Қазақстанда өткізілген ядролық сынақтар республика халқының денсаулығына және айналадағы ортаға орны толмас залал келтірді. Тек Семей сынақ алаңына жапсарлас аумақтағы экологиялық апат аймағы 300 мыңнан астам шаршы километрді алып жатты.



*Екіншіден*, адамзат баласы ғана емес, жұмыр Жердің өзі жарылыстан зардап шекті. Сынактар нәтижесінде ландшафтылар бүлінді, ядролық жарылыстардың орнында ластанған радиациялық суға толы тұтас көлдер пайда болды.

*Үшіншіден*, тәуелсіздігінің алғашқы күнінен ядролық қарудан бас тарту Қазақстанның бейбіт сыртқы саясатты таңдауына байланысты еді. Оны Елбасы «Бейбітшілік эпицентрі» атты кітабында да айтқан болатын.

#### Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қазақстан Республикасының халықаралық сахнаға шығуы үшін қандай талаптарды орындады?
2. Қазақстан тәуелсіздік алғанда, оны сыртқы елдердің мойындауы шарт па еді?
3. *Көпвекторлы саясат* дегенді қалай түсінесіңдер?
4. Қазақстан әлемдік экономикалық байланыстарды қалай жүргізді?
5. Елбасымыз Семей ядролық сынақ алаңын жабу туралы жарлығын қашан жариялады?
6. Ядролық қаруды бақылайтын, оны сынауға, қолдануға, таратуға тыйым салатын халықаралық ұйымдар мен шарттар бар ма?
7. ҚР-ның ядролық қарудан бас тартуының тарихи маңызы қандай?



**АСЕАН** – 1967 жылы 8 тамызда құрылған Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің қауымдастығы, халықаралық ұйым. Индонезия, Малайзия, Сингапур, Тайланд, Филиппин мемлекеттері құрған. Кейін ұйымның құрамына Бруней (1984 ж.), Вьетнам (1995 ж.), Лаос және Мьянма (1997 ж.), Камбоджа (1999 ж.) кірді. АСЕАН құрылғаннан бастап саяси ынтымақтастық саласында келісімдер жасауға баса көңіл бөлді.

**Ғаламдану** – әлемдік экономикалық, саяси, мәдени және діни интеграциялану үдерісі және унификация.

**Мораторий** – ішкі және сыртқы міндеттемелерді орындауды уақытша тоқтату, кейінгі қалдыру.

**Консенсус** – келісім, кез келген мәселеде өзара түсінушілік. Белгілі бір мәселе бойынша өзара әрекет жасауға мүмкіншілік беретін ортақ не ұқсас бағдарлардың болуы, сол негізде келісімге қол жеткізу.

## ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ

### §44. Нарықтық экономикаға көшудегі қиыншылықтар

#### Бүгін сабақта:

- КСРО-ның экономикалық моделіндегі Қазақстанның орнымен танысамыз және тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы экономикалық жағдайды талдаймыз.

#### Тірек сөздер:

- сыртқы нарық
- экспорт
- импорт
- табиғи ресурстар
- жаңғырту

**Бүкілодақтық интеграциядағы Қазақ КСР-інің орны және рөлі.** Кеңес Одағы ыдырағанға дейін Қазақ КСР-і КСРО-ға кіретін 15 одақтас республиканың бірі болды. Қазақ КСР-і жер көлемі бойынша РКФСР-дан кейін 2-орынды иеленді, яғни бұл – КСРО ауданының 1/8 үлесі.

Халқының саны бойынша одақтас республикалар арасында РКФСР, Украина, Өзбекстаннан кейінгі 4-орында, КСРО халқының 6 пайызын құрады.

80-жылдары республика *экспортқа*, негізінен, шикізат, қуат көздері, кара және түсті металлургия, мұнай, уран және т.б. шығарды. Қазақстандағы өнеркәсіп орындарының 95 пайызы орталықтың бақылауымен жұмыс істеді. Республиканың халықшаруашылығы үнемі Ресейге экономикалық жағынан тәуелді болды.

1988 жылы республикадан сыртқа 6,7 млрд сомның өнімі шығарылса, 13,8 млрд сомның өнімі сырттан әкелінді. Ауылшаруашылығын және малшаруашылығын дамыту үшін жұмсалған орасан зор қаржы күткен нәтижені бермеді. 90-жылдардың басында, алдыңғы жылдармен салыстырғанда, Қазақстан сыртқы нарыққа неғұрлым белсенді шыға бастады. Экспортқа шығарудың көлемі жағынан Қазақстан КСРО-да 5-орында тұрды. Республика экспортының 97 пайызы *шикізат және жартылай дайын өнімдер* болды.

Қазақстан КСРО экспортқа шығаратын сары фосфордың 90 пайызын, мыстың 72 пайызын, іс жүзінде барлық хром кенін, қорғасын, мырышты дайындады. Алайда осындай жетістіктерге қарамастан, экономикалық дағдарыс тереңдей түсті. Өнім өндіру мен шығарудың көлемі қысқарып кетті.



**Ойлан!** Бүкілодақтық интеграциядағы Қазақстанның алатын орны және рөлі қандай? Неліктен табиғи байлығы мол Қазақстан экономикалық дағдарысты басынан кешірді?

**Жоспарлы экономиканың дағдарысы және нарыққа көшу.** КСРО-дағы экономикалық дағдарыстың тереңдей түсуі Қазақстан экономикасына да әсерін тигізді. Экономикалық байланыстың үзілуі, уақытында өнімдердің жеткізілмеуі өндіріс және кәсіпорындардың тоқырауына әкелді. 90-жылдары экономика деңгейі 55%-ға төмендеді.

Басқа республикаларға қарағанда Қазақстанның шикізат саласы (шикізаттың дүниежүзінде құны түсті), ескірген инфраструктура, кәсіпорындар мен техникалық жабдықтар, экстенсивті дамыған ауылшаруашылығы дүниежүзілік стандартқа сай келмеді. Өндірістік қуаттарды, құрылыс нысандарын іске қосу күрт қысқарды. Тұрғын үйлер, мектептер және т.б. әлеуметтік нысандарды салу айтарлықтай төмендеді. Көлік тасымалы 60%-ға дейін қысқарды. Өнеркәсіптер тоқтап, жұмыссыздық өршіді. Мемлекеттің кәсіпорындарды басқаруға мүмкіндігі болмады. Көптеген кәсіпорындарда өнім және тауар айналымынан түскен қаражат шетелдерге асып кетті немесе талан-таражға салынды. Қоғамда *алтынсатарлар, парақорлық, көлеңкелі экономика* өріс алды. Күнделікті қажетті тауарлар жетіспеді (киім-кешек, азық-түлік т.б.). Азық-түлік және өнеркәсіп өнімдеріне карточкалық жүйе енгізілді. Халықтың кіріс деңгейі күрт төмендеді. Жұрт бірнеше ай бойы жалақыларын алмады. Зейнетақы мезгілінде берілмеді. Халықтың жинаған қоры шектен тыс ақшаның күрт құнсыздануы салдарынан кеміп кетті. Банк жүйесінің жетілмеуі экономиканы тежеді. Дүкендерде азық-түлік пен тұрмысқа қажетті тауарлар тапшылығы байқалды. Осының бәрі қылмыстың өсуіне, жауапсыздыққа, немқұрайдылыққа әкеп соқтырды.

**Ізден!** Нарықтық экономика неліктен КСРО-да болған жоқ? Нарық экономикасына көшудегі алғашқы қиындықтар қандай?

**Қазақстанның табиғи ресурстары.** Қазақстан минералды шикізат қорларының көлемі және әр алуандығы жөнінен әлемде алдыңғы орындардың бірін иеленеді. Барлау жұмыстарының негізінде қуатты мұнай-газ, уран, көмір өнеркәсібі, металға жатпайтын әртүрлі пайдалы қазбалар, қара, түсті және асыл металл кендерін қазып алу және оларды өңдеу өнеркәсіптері құрылды. Бұлар осы күнге дейін Қазақстан экономикасының бюджетін қалыптастыратын ең басты



сектор болып тұр. Қорғасын, мырыш, мыс, мұнай, хром, темір, марганец, қалайы, алтын, фосфориттер, бор мен калий тұздарының қоры жөнінен біздің еліміз әлемдегі алғашқы он елдің қатарына кіреді.

Сарапшылардың болжамы бойынша, Қазақстанда қазіргі кезде 300-дей алтын қоры бар, оның 173-і барланған. Қазақстанда мұнай-газ өндірісі жолға қойылған. Елімізде болашағы зор мұнайдың 14-ке жуық алабы белгілі, 160 мұнай кен орны барланған. Каспий қайраңында мұнайдың өте бай қоры шоғырланған. Мұнайдың қоры – 6,1 млрд т, ал газ қоры 6 трлн текше м деп болжанған.

**Білгенің абзал!** Жер қойнауынан Менделеев кестесіндегі 110 элементтің 99-ы ашылды. Оның 60-қа жуығы зерттеліп, өндіріске тартылған. Еліміз дүниежүзі бойынша вольфрам қорынан бірінші, хром, уран, фосфор кендерінен екінші, марганец қорынан үшінші, қорғасын мен молибденнен төртінші орын алады. Темір кені бойынша сегізінші орында.

**Экономикалық реформалар стратегиясы.** Қазақстанда экономиканы реформалау тәуелсіздік алғанға дейін басталды. Міне, осы кезден бастап Қазақстан экономикасында ауқымды экономикалық жаңғыру (қазіргі жаңа жағдайға байланысты жанару, өзгеру, икемделу) жүзеге аса бастады. Заман талабына сай экономиканы жылдам дамытып, тұрақтылықты қамтамасыз ету қажет болды. Республикада экономикалық жаңғыртуды іске асыру барысында мынадай міндеттер тұрды:

- экономиканы ырықтандыру (ашық экономиканы қалыптастыру, мемлекет тарапынан жүргізілетін бақылауды жою және экономикалық әрекеттердің бостандығын кеңейту);
- жекешелендіру;
- кәсіпкерлікті дамыту (пайда табуға бағытталған және экономикалық еркін іс-әрекетті жүргізу үшін қолайлы жағдай жасау);
- экономикалық еркін аймақтарды қалыптастыру;
- шетел инвестицияларын тарту (экономика салаларына пайда әкелу мақсатында ұзақмерзімді капитал салу);
- дамыған инфрақұрылымды құру;
- қаржы-несие саласын реформалау.

**Орында!** Жоспарлы экономика кезеңіндегі дүкен мен қазіргі кездегі дүкен тауарларын салыстырындар.

Нарықтық экономикаға көшудің құқықтық негізін құру мақсатында Қазақстан үкіметі «Қазақ КСР-індегі еркін экономикалық аймақ туралы», «Қазақ КСР-індегі шетел инвестицияла-



ры туралы», «Қазақ КСР-індегі меншік туралы», «Қазақстан Республикасындағы кәсіпкершілікті дамыту және шаруашылықтағы қызмет бостандығы», «Қазақстан Республикасындағы банктер және банктік қызметтер туралы» (1991 ж.) Заңдар қабылдады.

Сонымен бірге республикада Сыртқы экономикалық байланыс министрлігі мен Сыртқы экономикалық банк құрылды. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі тәуелсіз статуска ие болды. Қазақстан Республикасының 1993 жылғы бірінші Конституциясы бойынша жекеменшік заңдастырылды (легитимдендірілді). Бұдан кейін жеке бизнесті дамытуға құқықтық негіз жасалды.

#### Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қазақстан 90-жылдардың басында сыртқа қандай пайдалы қазбалар шығарды?
2. 90-жылдары Қазақстан экономикасы неліктен дағдарысқа ұшырады?
3. Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейінгі алғашқы жылдары экономикасын тұрақтандыру үшін қандай қадамдар жасады?
4. Неге қоғамда алыпсатарлар, паракорлық, көлеңкелі экономика өріс алды?
5. Жанғырту неге маңызды қадамдардың бірі болды?
6. Нарықтық экономикаға көшудің құқықтық негізін құру мақсатында қандай заңдар қабылданды?



**Инфляция** – ақшаның құнсыздануы, ақша айналысының тауар айналымынан артық мөлшерде болуы.

**Инвестиция** – пайда табу мақсатында ел ішінде және шетел экономикасының салаларына ұзақмерзімді капитал салу.

**Жекешелендіру** – мемлекеттік меншікті (кәсіпорын, тұрғын үй, көлік құралдары және т.б.) жекеменшікке беру немесе сату. Бұл – нарықтық экономикаға өту үшін қажетті шарттың бірі.

**Легитимді** – заңмен танылған, заңға сәйкес.

**Реформа** – өмір сүріп отырған әлеуметтік құрылым негіздерін жоймай, заңға сәйкес қоғамдық өмірдің кейбір жағын қайта өзгерту.

**Либерализация** – шектеулерді алып тастау, мемлекеттік бақылаудың күшін жою немесе әлсірету, экономикалық әрекеттердің бостандығын кеңейту.

## ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК- ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР

### § 45–46. 90-жылдардағы Қазақстандағы әлеуметтік-демографиялық саладағы өзгерістер

#### Бүгін сабақта:

- 90-жылдардағы Қазақстандағы әлеуметтік және этнодемографиялық саладағы өзгерістерді анықтаймыз;
- еліміздегі халықтың саны, олардың орналасуы, көші-қон үдерістері мен шетелдердегі қазақ диаспорасы жайлы қарастырамыз.

#### Тірек сөздер:

- әлеуметтік сала
- зейнетақы жүйесі
- халық санағы
- көші-қон
- диаспора
- құрылтай

**90-жылдардағы дағдарыс кезіндегі әлеуметтік сала.** Нарықтық қатынастарға өтудің алғашқы кезеңінде қазақ халқының басым бөлігінің өмір сүру деңгейі нашарлап, кедейшілік белгісі біліне бастады. Қоғамда табыс деңгейі бойынша ерекшеленетін әлеуметтік жіктелу жүрді, яғни дәулетті және кедей адамдар тобы қалыптасты. Әсіресе жалақылары төмен, әлеуметтік санатқа жататын топтың жағдайы қиын халде еді.

Мұғалімдер, дәрігерлер, инженерлер, бюджет қызметкерлері осы санатқа кірді.

90-жылдардың басындағы экономикалық дағдарыс бағаны ырықтандыруға, ақшаның қарқынды құнсыздануына, халықтың әлеуметтік жағдайының төмендеуіне алып келді. 1992–1996 жылдар аралығында баға 35 есе өсті. 1991–1993 жылдары жүргізілген ақша реформасы халықтың жылдар бойы жинаған ақша қорын құнсыздандырды, жұмысшылардың жалақысы мен зейнетақысы уақытылы берілмегендіктен, табыс көзі азайды. Халықтың өмір сүру деңгейінің көрсеткіші бойынша Қазақстан әлемдегі 174 мемлекеттің ішінде 70-орында тұрды және адам дамуының төменгі деңгейіндегі елдер тобына кірді. Экономикалық және әлеуметтік дағдарыс нәтижесінде Қазақстанда өмір сүру деңгейі төмендеді, халықтың табысы төмен тобына кедейшілік қаупі төнді. Күнделікті қажеттілікті қанағаттандыру, отбасын асырау мақсатында жоғары білімді мамандар (дәрігерлер, мұғалімдер т.б.) қызметтерін тастап, қызмет көрсету және сауда саласына кетті. Жоғары білімді, тәжірибелі



мамандардың кәсіби мамандығынан кетуі білім беру, денсаулық сақтау салаларының сапасына айтарлықтай кері әсер етті.

Дағдарыс халықтың санасына әсер етіп, ертеңгі күніне деген сенімсіздік тудырды. Елімізде халықты әлеуметтік қорғау мәселесі күрделі мәселелердің бірі болып қала берді. 1996 жылдан бастап бірте-бірте экономикалық өсім байқалды. Халықты әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету мақсатында 1997 жылы жалпы ұлттық қор құрылды.

**2000 жылдардағы әлеуметтік саланың дамуы.** 2000 жылдың басында әлеуметтік саясат тұрақты экономикалық өсу жағдайында жүргізілді. Зейнеткерлерге, ҰОС мен еңбек ардагерлеріне, көпбалалы аналарға, толық емес отбасына, жағдайы төмен тұрғындарға әлеуметтік көмек көрсету басты мақсат болды. Елдегі ақшаның құнсыздану көлемі 2002 жылы жеті пайыздан төмен мөлшерге түсті. Экономиканың осылайша өркендеуінің нәтижесінде еліміз жыл сайын азаматтардың зейнетақысы мен жалақысының мөлшерін өсіре бастады.

**Анықта!** Өздерің тұратын аймақ халқының 2030 жылғы әлеуметтік жағдайына болжам жасап көріңдер.

2001 жылы «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек туралы» Заң қабылданды. Қиын жағдайды басынан кешіріп отырған ауыл халқының жағдайын түзету мақсатында 2003–2005 жылдары ауылды дамыту бағдарламасы қабылданды. Осы жылдар аралығындағы мақсатты түрде жүргізілген аграрлық саясат ауылды дамытуға, экологиялық ахуалы нашар аймақтарды қолдауға бағытталды. Алайда аграрлық сектордағы жағдай әлі де қиын еді: жұмыссыздық өсті, жеке шаруашылықтар баяу қалыптасты, ауыл халқы жаппай қалалар мен аудан орталықтарына көше бастады. 2000 жылдың ортасына қарай 2005–2007 жылдарға арналған ҚР-дағы әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдету бағдарламасы әзірленіп, қабылданды. Зейнетақы, шәкіртақы, кейбір жәрдемақы түрлері мен еңбекақы мөлшері артты.

2009 жылдан бастап Үкімет дағдарысқа қарсы іс-шаралар негізінде «Жол картасын» дайындады. Оның шеңберінде өңірлерді жұмыспен қамту және мамандарды қайта даярлау стратегиясы көзделді.

**Тұрғын үй құрылысы.** Нарыққа көшкеннен кейін тұрғын үй саласында айтарлықтай өзгерістер болды. 1993 жылдан бастап тұрғын үй алуға ұзақмерзімді және қысқамерзімді несиелер беріле бастады. Еліміз нарықтық қатынастарға енуіне байланысты адамдарды үймен қамтамасыз ету тоқтатылғанымен, мемлекет



әлеуметтік қорғауды қажет ететін халықтың үй алуына жағдай жасады. Мемлекет тарапынан ұзақмерзімді жеңілдікпен несие беру арқылы халыққа көмек берілді.

1995 жылғы Қазақстан Республикасы Конституциясында ел азаматтары баспанамен қамтылуына барлық жағдай жасалуы қажеттігі белгіленген. Тұрғын үй нарығын қалыптастыру үшін баспана халыққа толығымен жекеменшікке беріліп, пәтер иелері кооперативтері (ПШК) құрылды және тұрғын үй жөндеу кәсіпорындарын қайта құру қарастырылды. 1997 жылы Қазақстанда тұрғын үйдің 85%-ы жекешеленді.

**Қазақстан Республикасындағы Халық санағы. 1999 жылы** Қазақстанда әр он жыл сайын жүргізілетін халық санағы өткізілді. **2009 жылы** елімізде кезекті екінші халық санағы өтіп, 2010 жылы 4 ақпанда санақ қорытындысы жарияланды. **1999 жылғы** санақ қорытындысы бойынша, Қазақстанда 14 млн 953 мың адам тұратыны анықталды. 1989 жылы республика халқының санымен салыстырғанда (16 млн 199 мың адам) 1,246 млн (7,7%) адамға кеміген.

Халық санының азаюының негізгі себебі теріс көші-қон көрсеткіші болды. Яғни елден көшіп кеткендер саны келгендер санынан артып кеткен. Негізгі көші-қон ағыны Ресей, Белоруссия, Украина және Өзбекстан сияқты таяу шетелдерге бағытталды. ТМД-дан тысқары елдерге көшіп барушылар арасында Германия, Израиль, Грекия, АҚШ және т.б. елдер танымал болды. Ең алдымен, бұл халықтың тарихи Отанына қайта оралуына байланысты орын алды. Көші-қон ағынының белсенді болуына қарамастан, республиканың ішкі саясаты тұрақты болды. Сыртқы көші-қоннан бөлек, ішкі көші-қон да жүрді, әсіресе ауылдардан қалаға, аудан орталықтарына адам көп көшті.

**Ойлан!** Мемлекеттің 2000 жылдардағы әлеуметтік саясатының мазмұны қандай? Қазақстандық көші-қон үдерісінің себептері неде?

**2009 жылы** Халық санағының қорытындысы бойынша Қазақстанда 16 млн 009 мың адам тұратыны анықталды. Сөйтіп, 1999 жылғы санақпен салыстырғанда, халық санының өсімі 6,8%-ды құрады. Сондай-ақ 1991 жылдан бастап миграцияда жаңа құбылыс, ТМД елдерінен және алыс шетелдерден қазақ ұлты өкілдерінің келе бастағаны көрініс берді.

Қазақстан халқының этностық құрамы алуан түрлілігімен ерекшеленеді. 1989 жылғы Халық санағының қорытындысы бойынша оның аумағында **130**-дан астам ұлт пен этникалық топтар тұрады.



Саны жөнінен ең көп ұлт – жергілікті қазақ ұлтының жалпы үлесі 1989–2009 жылдары 40 пайыздан 63 %-ға жеткен.

**Ойлан!** Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасындағы халық саны, ұлттық құрамы және олардың орналасуы қалай өзгерді? Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының рөлі қандай?

*Оралмандар* (атажұртына оралғандар) деген атау алған қазақтардың легі (Қытай, Иран, Моңғолия, Өзбекстан, Ресей, Қырғызстан, Ауғанстан, Пәкістан және т.б. елдерден) тарихи Отанына келіп қоныстанды. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бері «Нұрлы көш» бағдарламасы бойынша көшіп келген оралмандардың саны 192 мың отбасы немесе 750 мың адамды, ал мемлекеттің көмегінсіз келгендер 1 млн-нан астам (республикадағы қазақтардың 10%-ы) адамды құрады. Көшіп келушілердің негізгі легі Алматы, Түркістан, Маңғыстау облыстары, Алматы, Нұр-Сұлтан, Тараз және Жанаөзен қалаларында орналасты. Соңғы көшіп келген қандастарымыздың басым бөлігі жұмысқа тұру оңай республика астанасына немесе ірі облыс орталықтарына қоныстана бастады.

2008 жылдың 2 желтоқсаны күні Үкімет қаулысымен «Нұрлы көш» бағдарламасы бекітілді. Аталған мемлекеттік бағдарламаның басты мақсаты шеттегі қандастарымызды, сондай-ақ еліміз аумағының қолайсыз аудандарында тұратын халықты басқа аймақтарға қоныстандыру және олардың жайғасуына жәрдемдесу, республикаға қайтып оралған басқа ұлт өкілдеріне (орыстар, немістер т.б.) қолдау көрсету болды.

**Жақын шетелдердегі қазақ диаспорасы.** Қазақ диаспорасы саяси және діни себептердің салдарынан күштеу немесе мәжбүрлеу сипатындағы көші-қонды бастан кешірді. Қазақ диаспорасы өкілдері барша қазақ халқының құрамдас бөлігі болып табылады. Бірақ өткен тарихтағы ішкі және сыртқы саяси оқиғалар салдарынан қазіргі кезде Отанынан тыс жерлерде, яғни Азия, Батыс Еуропа және Америка елдерінде тұрады.

Қазіргі кезде түрлі ақпарат көздерінің мәліметтері бойынша, сырттағы қазақ диаспорасы өкілдерінің саны 5 млн-ға жуық.

**Ізден!** Өздерің тұратын облыс, ауданда қандай ұлттар тұрады? Статистикалық мағлұматтар дайындаңдар.

Қазақ диаспорасының саны жөнінен басым бөлігі Өзбекстан (1,5 млн), Ресей (800 мыңға жуық), Түрікменстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Украина және т.б. елдерде (187 мыңға жуық) тұрады.



Қазақтардың бір бөлігі Ресеймен (Астрахань, Орынбор, Қорған, Омбы, Таулы-Алтай автономиялы облыстары), Өзбекстанмен (Сырдария, Шыршық, Қызылқұм, Мырзашөл аймақтары) шеғараға жағсарлас аумақтарда қоныстанған. Таяу шетелдерде қазақтар, негізінен, ауылдық жерлерде, ал Ресейдің еуропалық бөлігінде қалада тұрады. Ондағы қазақтар өз тілін, мәдениеті мен этностық ерекшелігін сақтап қалуға тырысуда. 1991 жылы Мәскеудегі қазақ жастарының «Мұрагер» мәдени қоғамы өз жұмысын бастады, «Қазақ тілі» қоғамы ұйымдастырылды. Өзбекстанда 1995 жылдан бастап «Өзбекстан» баспасындағы «Асыл мұра» қазақ редакциясы өзбек тіліндегі оқулықтарды қазақ тіліне аударды, қазақ тілінде «Нұрлы жол» газеті шығады.

**Алыс шетелдердегі қазақ диаспорасы.** Қытайдағы қазақтар – алыс шетелдердегі қазақ диаспорасының арасындағы ең көбі. Қазіргі таңда Қытайда, түрлі деректер бойынша, 1,5 млн-ға жуық қазақ тұрады. Одан кейінгі отандастарымыздың шетелдегі ең үлкен ошағы – Моңғолияда 83 мың, Ауғанстанда 30 мың. Түркиядағы қазақтардың саны, әртүрлі мәлімет көздері бойынша, 10 мың және Иран елінде де 10 мыңға жуық қазақ анықталған. Сонымен бірге қазақ диаспорасы Канадада, Пәкістанда, Германияда, Францияда, АҚШ-та, Сауд Арабиясында, Аустралияда және Таяу Шығыс елдерінде бар.

Еуропадағы қазақтар шашыраңқы түрде қоныстанса, Қытай еліндегі (Алтай, Іле, Тарбағатай, Құлжа, Баркөл-Құмыл және ШҰАА) қазақтар тығыз орналасқан. Аға ұрпақ өскелең қазақ жастарының арасында мәдениет, білім, тіл мәселесі жөнінде шаралар ұйымдастыруда. Атап айтсақ, Түркияда, Ұлыбританияда қазақ тілінде оқытатын мектептер ашылған. Бүгінде дүниежүзінің әртүрлі мемлекеттерінде 32 мәдени орталық жұмыс істейді.

**Білгенің абзал!** *Диаспора* – белгілі бір халықтың біраз бөлігінің өз елінен тыс өңірге қоныс аударуынан қалыптасқан этникалық топ.

*Ирредент* – этностың өз тарихи Отанында тұрып жатқанымен, ол аумақ түрлі себептермен өзге ел құрамына еніп, соған байланысты сол елде қалып қойған этникалық аз топ.

**Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы.** Дүниежүзі қазақтары құрылтайының өткізілуі елдің қоғамдық-саяси өмірінде айтулы оқиға болды. Қазақтардың I Дүниежүзілік құрылтайы алғаш рет 1992 жылы Алматыда өтті. Құрылтайға Түркия, Германия, Франция, Швеция, Норвегия, Моңғолия, Ресей, Қырғызстан, Түрікменстан, Өзбекстан және т.б. елдерден, сондай-ақ Қазақстанның барлық





Дүниежүзі қазақтарының құрылтайы

облысынан келген өкілдер қатысты. Күн тәртібінде Дүниежүзі қазақтары қауымдастығын құру, оның жарғысын қабылдау, басшы органдарын сайлау талқыланды. Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының төрағасы болып Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев сайланды.

Қазақтардың II Дүниежүзілік құрылтайы 2002 жылы Түркістанда өтті. Ол қазақтардың рухани жаңғыруына, шетелдегі қазақтардың ел экономикасын көтеруге атсалысуына, шетелдегі казак мәдени ескерткіштерін сақтауға арналған болатын.

Қазақтардың III Дүниежүзілік құрылтайы 2005 жылы елордада өтті. Онда мәдениетті дамыту, ынтымақтастық мәселелері, «Мәдени мұра» бағдарламасына қатысу, жастардың отандық ЖОО-да оқуы жөніндегі мәселелері талқыланды.

Қазақтардың IV Дүниежүзілік құрылтайы 2011 жылы Астана қаласында өтті. Құрылтайға 35 елден қазақтар қатысты. Басқа құрылтайдан ерекшелігі IV құрылтайға жастар ұйымдары мен студенттік бірлестіктердің көшбасшылары шақырылды. Шараның басты мақсаты этникалық қазақтарды тарихи Отанына қайтару, елге келген қандастарымызға қолдау көрсету болды. Құрылтай шеңберінде шетелде және елімізде тұратын жастардың әлеуеті мен олардың ұсыныстары талқыланды.

Дүниежүзі қазақтарының V құрылтайы 2017 жылы 22–25 маусым күндері Астана қаласында өтті. Мемлекет басшысы әлемнің 39 елінен келген қатысушыларға арнап сөз сөйледі. Өз сөзінде Елбасы алғашқы Құрылтай өткеннен бергі 25 жыл ішінде Қазақстанның жеткен жетістіктерін және елімізде жүргізілген реформаларды атап өтті. Н.Ә.Назарбаев рухани жаңғыру аясында іске асырылып

жатқан 6 жобаға, оның ішінде қазақ қарпінің латын әліпбиіне көшуі, гуманитарлық бағыттағы үздік 100 оқулықты қазақ тіліне аудару, «Туған жер», «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы», «Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет», «Қазақстандағы 100 жаңа есім» сияқты жобаларға ерекше тоқталды. Сөзінің соңында Құрылтайға қатысушыларға қаланы аралап, «ЭКСПО–2017» халықаралық мамандандырылған көрмесін тамашалауды ұсынды. Елбасы шетелдегі ағайынды атамекенін ұмытпай, оны әрдайым құрмет тұтуға шақырды. *«... Шетелдегі қазақтардың елге жиі келіп, туған жерімен байланыстарын нығайтып отырғаны дұрыс. Қай елде тұрсаңыздар да, әрдайым Қазақстанды жүректеріңіздің төрінде ұстаңыздар. Қазақтың тарихи Отаны біреу-ақ. Ол – Қазақстан»*, – деп түйіндеді Н.Ә.Назарбаев.

#### Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Зейнетақы жүйесін реформалау қашан басталды және қалай жүргізілді?
2. Қалай ойлайсыңдар, өздерің тұрып жатқан өңірде тұрғын үй мәселесі шешілген бе?
3. 1990–2000 жылдардағы этнодемографиялық салада қандай үдерістер орын алды?
4. Оралмандардың Қазақстандағы тұрмыс жағдайына бейімделуінде қандай қиыншылықтар туындайды?
5. Қазақстан мен өзге республикалар арасында мәдени байланысты нығайту жөнінде соңғы жылдары қандай біріккен шаралар өткізілді?
6. Шетелдердегі қазақ диаспорасының ерекшеліктері неде?
7. Жақын және алыс шетелдердегі қазақ диаспорасының бір-бірінен айырмашылықтары қандай?
8. Қазақтардың Дүниежүзілік құрылтайы қандай мақсатпен шақырылады?

#### Тапсырма.

Баспасөз материалдарын қолданып, әлеуметтік мәселелер бойынша хабарлама әзірлендер.



**Әлеуметтік реформалар** – елдің әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатымен жоғары өкімет орындарының жүргізген саяси және әлеуметтік шаралары. **Әлеуметтік саясат** – қоғамның жақсы дамуын қамтамасыз етуге, әлеуметтік мүдделер мен қажеттіліктерді қанағаттандыруға, лайықты өмір салтын орнатуға бағытталған саяси шешімдер мен іс-әрекеттер жиынтығы. Оған, ең алдымен, халықтың тұрмыс-жағдайын көтеру, жалақыны көтеру, тұрғын үймен қамтамасыз ету және т.б. жатады.



## «ҚАЗАҚСТАН – 2030» СТРАТЕГИЯСЫ – МЕМЛЕКЕТ ДАМУЫНДАҒЫ ЖАҢА КЕЗЕҢ

### § 47. Қазақстан Республикасының ұзақмерзімді басым мақсаттары мен стратегиялары

#### Бүгін сабақта:

- Қазақстанның дамуының ұзақмерзімді мемлекеттік стратегиясын сараптаймыз.

*Зерттеу сұрағы. Не себепті «Қазақстан – 2030» стратегиясын қабылдау қажеттілігі туындады?*

**«Қазақстан – 2030» стратегиясы.** 1997 жылы Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Біз жаңа мемлекетті, жаңа нарықтық экономика мен жаңа демократияны көптеген өзге де жас тәуелсіз мемлекеттер осы тәрізді жолды басынан кешіп те үлгерген уақытта құру үстіндеміз.

Біз қуатты сыртқы күштер келешегімізді айқындауда сөзсіз елеулі рөл атқаратын күннен-күнге өсе түскен ауқымдану мен ұлғайып келе жатқан өзара тәуелділік дәуірінде өмір сүріп отырмыз.

Егер біз өз ниетімізді байсалды ұстансақ және пайымды да парасатты болсақ, өз дамуымыздың ішкі және сыртқы факторларын бүкпесіз талдап-таразылауға қабілетті болсақ, онда біздің жалпы топтасуымыз, өз тарихымыз бен ерекше жағдайларымыз негізінде дұрыс жолды тандап алу мүмкіндігіміз де бар», – деп атап көрсетті.

#### Тірек сөздер:

- «Қазақстан – 2030»
- ұлттық қауіпсіздік
- қоғам топтасуы
- мамандандырылған мемлекет

**Ойлан!** Неге «Қазақстан – 2030» стратегиясы эмблемасында қар барысы бейнеленген?

Мемлекеттіліктің қалыптасуының бастапқы кезеңінде Қазақстан екі негізгі стратегиялық мақсатты көздеді. Бірін-



шіден, Қазақстанның егеменді, тәуелсіз ел болуын қамтамасыз ету. Екіншіден, Қазақстанда кең ауқымды әлеуметтік, саяси және экономикалық реформалар жүргізу.

**Ұзақмерзімді басым мақсаттар мен оларды іске асыру стратегиялары.** Біздің еліміз Елбасы Жолдауларында айтылған болашақ жетістіктерге қол жеткізуі үшін жеті ұзақмерзімді басымдықты анықтады:

1. *Ұлттық қауіпсіздік* . Аумақтық тұтастығын толық сақтай отырып, Қазақстанның тәуелсіз егемен мемлекет ретінде дамуын қамтамасыз ету.

2. *Ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның топтасуы* . Қазақстанға бүгін және алдағы ондаған жыл ішінде ұлттық стратегияны жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ішкі саяси тұрақтылық пен ұлттық біртұтастықты сақтап, нығайта беру.

3. *Шетел инвестициялары мен ішкі жинақталымдардың деңгейі* жоғары ашық нарықтық экономикаға негізделген экономикалық өсу. Экономикалық өрлеудің нақтылы, тұрлаулы және барған сайын арта түсетін қарқынына қол жеткізу.

4. *Қазақстан азаматтарының денсаулығы, білімі мен әл-ауқаты* . Барлық қазақстандықтардың өмір сүру жағдайларын, денсаулығын, білімі мен мүмкіндіктерін ұдайы жақсарту, экологиялық ортаны жақсарту.

5. *Энергетика ресурстары* . Мұнай мен газ өндіруді және экспорттауды қалыпты экономикалық өрлеу мен халықтың тұрмысын жақсартуға жәрдемдесетін табыс алу мақсатында жедел арттыру жолымен Қазақстанның энергетикалық ресурстарын тиімді пайдалану.

6. *Инфрақұрылым* . Әсіресе көлік және байланыс. Осы шешуші секторларды ұлттық қауіпсіздікті нығайтуға, саяси тұрақтылық пен экономикалық өрлеуге жәрдемдесетіндей етіп дамыту.

7. *Кәсіби мемлекет* . Ісіне адал әрі біздің басты мақсаттарымызға қол жеткізуде халықтың өкілдері болуға қабілетті Қазақстанның мемлекеттік қызметшілерінің ықпалды және осы заманғы корпусын жасақтау.

**Ойлан!** Қалай ойлайсындар, неліктен «Қазақстан – 2030» стратегиясын елімізді дамытудың басты векторы деп атайды?

*1998–2000 жылдарға арналған басымды мақсаттар :*

– ұлттық қауіпсіздікті нығайту – ілгері елдермен белсенді қарым-қатынас жасау, Қазақстанның энергетикалық секторына капитал тарту және еліміздің әскери доктринасын әзірлеу арқылы-ұлттық қауіпсіздікті нығайту;



- ауылдың неғұрлым өткір проблемаларын шешу;
- кедейшілік пен жұмыссыздыққа қарсы күрес;
- ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамның бірлігін нығайту жолымен экономикалық өркендеуге жету;
- барлық әлеуметтік-экономикалық реформаларды аяқтау, ең алдымен бюджет саласындағы реформаларды аяқтау, соның нәтижесінде зейнетақыларды, жалақыны және әлеуметтік жәрдем-ақыларды толық көлемінде уақытылы төлеу;
- қолайлы инвестициялық ахуал туғызу;
- Үкімет пен мемлекеттік қызмет реформаларын жеделдету, сыбайлас жемқорлық пен қиянатқа қарсы күресті күшейту.

#### **«Қазақстан – 2030» ұзақмерзімді стратегиясын жүзеге асыру кезеңдері**

*1-кезең* – Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары. Ол өзінің табиғи ресурстарын ел игілігіне пайдалана отырып, экономикасы дамыған, жақсы білім алған және денсаулығы мықты, қауіпсіз және демократиялы жағдайда өмір сүретін ел болу үшін болашақ дамуына негіз жасайды.

*2-кезең* – еліміздің бәсекеге қабілеттілігінің негіздерін қалыптастыруға арналған Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары орындалады.

**«Қазақстан – 2030» бағдарламалық стратегияның тарихи маңызы өте зор.** Әлем өз дамуының стратегиясын жасауға қабілетсіз көптеген елді көрді. Мемлекеттің өз жоспарын орындай алмаған мысалдары одан да көп. Өртүрлі жағдайлар, саяси ықтиярының нашарлығы және көшбасшылардың қабілетсіздігі арман-мұраттың күйреуіне әкеліп соқты. Даму бағытын анықтап, ұзақмерзімді басымдықтарды таңдап алу – аса күрделі іс. Стратегияны сараптаған әлемдік қауымдастық Қазақстанның табандылығы мен шешімділігіне жоғары баға берді. Стратегиялық бағыттың дұрыстығы анық байқалып тұр. Азаматтардың ел-ауқатын жақсарту мен елдің гүлденуіне апаратын жол – күрделі әрі ұзақ. Сенімді стратегия ғана табысқа апаратыны анық.

#### **Сұрақтарға жауап беріндер.**

1. «Қазақстан – 2030» стратегиясы қашан қабылданды?
2. Аталған стратегия не үшін қабылданды деп ойлайсындар?
3. Жолдаудың қай бөлігінде Қазақстанның ішкі күшті жақтары мен сыртқы мүмкіншіліктері, сондай-ақ әлсіз жақтары мен сыртқы қаупіне сараптама жасалған?

**Тапсырмалар.**

1. 2030 жылға дейінгі Қазақстан даму стратегиясының ұзақмерзімді басымдықтарын санап алып айтып беріңдер.
2. Топтарға бөлініп, қосымша ақпараттарды пайдалана отырып, әрбір басымдықты сипаттаңдар.



**Гиперинфляция** – ақшаның күрт құнсыздануы.

**Инфрақұрылым** – салалардың жұмыс істеуіне қажетті материалдық өнімдердің және қоғамның өмір сүру жағдайын қамтамасыз етуге қажетті: жолдар, каналдар, порттар, қоймалар, байланыс жүйелері, құрылыстар, ғимараттар, қызмет көрсету мен жүйелердің жиынтығы.

**Жемқорлық** – лауазымды тұлғаның өзінің билігін және өкілеттігін пайдалана отырып заңға қайшы келетін өз пайдасын көздеуі.

**Модернизациялау** – нысанды жаңалау, жетілдіру, оны жаңа талаптар мен нормаларға, техникалық жағдайларға, сапалық көрсеткіштерге және т.б. сәйкестендіру.



## ҚАЗАҚСТАННЫҢ 1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ

### § 48. Қазақстанның 1990–2000 жылдардағы экономикалық жағдайы

#### Бүгін сабақта:

- 1990 жылы нарықтық экономиканың өндірістік қатынастарға әсерін сараптаймыз;
- аграрлық сектордағы жаңғырудың басты бағыттарын анықтаймыз.

*Зерттеу сұрағы. ХХІ ғасырдағы Қазақстан экономикасының дамуының қандай негізгі бағыттары бар?*

**Қазақстан экономикасын жаңғырту кезеңдері.** 90-жылдары Қазақстандағы экономикалық реформалау 4 кезеңде жүзеге асты.

*Бірінші кезең* (1991–1993 жж.) экономиканы түбірімен өзгертуден бастап ұлттық валютаны енгізуге дейінгі кезеңді қамтиды. Аталған кезеңде мемлекет меншігінен алу және жекешелендіруді жүргізу кезінде жекеменшік түрлерінің өзгеру үдерісі жүріп жатты. Бұл акшаның құнсыздануымен бірге жүрген терең дағдарыс кезеңі болды. Республика экономикасы Ресей экономикасымен тығыз байланыста болды.

Нарықтық қайта құрулардың *екінші кезеңі* республика рубльдік аймақтан шығып, өз валютасын енгізген 1994–1998 жылдарды қамтиды. Аталған кезеңде негізгі экономикалық заңдар қабылданды, экономиканы ырықтандыру жүргізілді, мемлекет меншігінен алу мен жекешелендіру үдерісі аяқталды, кәсіпкерлік дамыды, нарықтық экономика қалыптасты.

*Реформалаудың үшінші кезеңі* 1998–2001 жылдары жүрді. Бұл кезеңде ЖІӨ (жалпы ішкі өнім – мемлекет аумағында экономиканың барлық саласында бір жыл ішінде өндірілген тауарлар мен қызмет көрсетудің нарықтық құнын көрсететін макроэкономикалық көрсеткіш), өнеркәсіп өнімдері, инвестиция көлемі және басқа да маңызды көрсеткіштер өсті. Алайда Қазақстан экономикасында

#### Тірек сөздер:

- экономиканы ырықтандыру
- жекешелендіру
- шетелдік инвестициялар
- банк жүйесі
- ұлттық валюта

жағымды өсім қарқыны әлемдік қаржы дағдарысы әсерінен баяулап қалды. 1997 жылы Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде басталған дағдарыс Қазақстанға дейін жетіп, ел экономикасына жағымсыз әсер етті. *Төртінші кезең* 2001 жылы басталды. Бұл кезеңде нарықтық экономика институттары табысты жұмыс атқаруымен сипатталады.

**Ойлан!** Қазақстан табиғи ресурстарға бай мемлекет екенін дәлелдеңдер. Қазақстан экономикалық жаңғырудың қай кезеңінде дағдарыс көріністерін жеңіп шықты?

**Экономиканы ырықтандыру.** 1992 жылы Ресейде бағаны ырықтандыру республикадағы жағдайды күрделендіріп жіберді. Ресейден кейін республика бағаны ырықтандыру шараларын қайталауға мәжбүр болды. Бұл барлық тауарлар мен қызмет көрсету саласында бағаның он есеге дейін күрт өсіп кетуіне, барлық деңгейдегі төлемдік және қаржылық дағдарысқа алып келді. Тасымалдау мөлшерлемесі, энергия, шикізат бағасы күрт өсті.

Бағаны ырықтандырудың басталуы Қазақстанда экономикалық дағдарысты күшейтті. 1992 жылы өнеркәсіп өндірісінің құлдырауы 20%-ды құрады. 1992–1993 жылдары Қазақстандағы инфляция 20–30 есе өсті. Тұрғындардың басым көпшілігі кедейшілікке тап болды. Ырықтандыру республикадағы шиеленіскен жағдайды одан ары ушықтырып жіберді. Қарағандыда азық-түлік бағасының қымбаттауына, жалақы уақытында төленбеуіне қарсы шахтерлердің толқыны басталды. Басқа да өнеркәсіп нысандарында қауіпті жағдай туындады. Көптеген қазақстандық өнеркәсіп орындарында өнім өндіру тоқтап қалды. Қазақстан бастапқы кезде бұрынғы ақшалай, қаржылық және экономикалық жүйеде қалғандықтан, нарыққа өту қиын болды. 1993 жылы қарашаға дейін рубльдік аймақта қалды.

**Анықта!** Неге Қазақстан экономикасы шикізатқа бағытталған деп саналды?

**Ұлттық валютаны енгізу.** 1993 жылдың күзіне дейін Қазақстан ТМД елдерімен тығыз экономикалық байланыста болып, жаңа рубльдік аймақ құру жағында болды. Бірақ Ресеймен келісім жүргізу барысында Қазақстан үшін қолайсыз, республиканың экономикалық тәуелсіздігін жоғалтумен шектелетін жағдайлар ұсынылды. Қазақстанға ақшаны көп шығару нәтижесінде құнсызданған ескі ақшаларды жаппай әкелу инфляцияның жаңа толқынын әкеліп, қазақстандықтардың өмір сүру деңгейін төмендетіп жіберді. Сол кезде мемлекет басшылары ұлттық валютаны енгізу жөнінде шешім



қабылдады. ҚР-ның Тұңғыш Президентінің шешімімен 1993 жылы 15 қарашада ұлттық валюта – *теңге* енгізілді. Шындығында, бұл Қазақстан өз алдына шынайы экономикалық тәуелсіздік жолына түскенін білдірді.

**Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру.** Мемлекет иелігінен алу және жекешелендірудің құқықтық негізі Қазақстан Республикасының «Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы» (1991 ж.) және «Жекешелендіру туралы» (1995 ж.) заңдарында қаланды. Қазақстандағы жекешелендіру төрт кезеңнен өтті.

*Бірінші кезеңде* (1991–1992 жж.) негізгі идеясы еліміздің азаматтарын өз еңбек ұжымдары арқылы жекеменшік түрін өзгерту үдерісіне барынша тарту идеясы болды. Ол мындаған қазақстандық мекемелердің: дүкендер, қызмет көрсету саласының нысандары, фермерлік шаруашылықтардың пелері болды.

Қазақстандағы жекешелендірудің *екінші кезеңі* (1993–1995 жж.) 4 бағыттан тұрды: кіші жекешелендіру (сауда нысандарын, тұрмыстық қызмет көрсету нысандарын және 200 жұмысшы бар өндіріс орындарын аукциондық және конкурстық жолмен сату); жаппай жекешелендіру (200–5000 жұмысшысы бар өнеркәсіп орындарын); жеке жоба бойынша жекешелендіру (5000-нан астам жұмысшылары бар кәсіпорындарды); агроөнеркәсіп кешендерін жекешелендіру.

*Үшінші кезең* (1996–1998 жж.) экономикалық сектордағы электр энергетикасы және мұнай-газ саласындағы, сондай-ақ, әлеуметтік саладағы: денсаулық сақтау, білім беру, ғылым және мәдениет салаларында жекешелендіру кезеңі. Екінші және үшінші кезеңде 94 ірі кәсіпорын, оның ішінде 57-сі шетелдік инвестордың меншігіне берілді. Бұл жеке және мемлекеттік капиталдың қатысуымен компаниялар құрып, жұмысшы орындарын сақтап қалуға, ел экономикасын нығайтуға қатысуға мүмкіншілік берді.

Жекешелендірудің *төртінші кезеңі* 1999 жылы басталып, қазіргі кезге дейін жалғасуда. Оны жүзеге асыру барысында мемлекет үлесі бар 10 жетекші мекеме анықталды. Нәтижесінде, «Қазақстан алюминийі», «Қазақмыс», «Манғыстаумұнайгаз», «Ақтөбе-мұнайгаз», «Қазақстанның халық жинақ банкі», «Өскемен титан-магний комбинаты» және т.б. акционерлік қоғамдар пакеттері толықтай жекешелендірілді.

Осылайша, мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру нәтижесінде қоғамдық тамақтану және сауда; жеңіл, тамақ, қайта өңдеу өнеркәсібі, қызмет көрсету саласы, агроөнеркәсіптік өндіріс, энергетикалық және шикізаттық салалар, денсаулық сақтау және білім беру сияқты маңызды салалар мемлекеттік сектордан шығарылды.



1998 жылдан бастап «Қазақстан – 2030» стратегиясын кезеңмен жүзеге асыру басталды. Дәл осы кезеңде экономикалық басқарудың ең үздік әлемдік тәжірибесінің синтезін көрсеткен экономикалық дамудың ұлттық үлгісі қалыптасты.

Қазақстан үкіметі экономикалық ахуалды жақсартуға бағытталған нәтижелі шаралар қолданды. Кіші және орта бизнесті дамыту жұмыстары жүргізілді. Экономиканың құлдырау қарқынын тоқтату мүмкіншілігі туды, тіпті өсуіне де қол жеткізілді. Бағалар тұрақтана бастады, инфляция деңгейі төмендеді. 1995–1998 жылдары республика экономикасында түбегейлі өзгерістер болды. Экономикада жеке сектордың үлесі айтарлықтай өсті. 1998 жылдың соңында экономиканың 90%-ы жеке сектордың қолында болды. 1996 жылы ЖІӨ көлемінің құлдырауы тоқтатылды. 2000 жылға қарай ЖІӨ өсу көлемі 9,5%-ды құрады. Дағдарыстан кейінгі жылдары Қазақстандағы экономикалық өсім келесі факторлардың әрекет етуінен көрінді:

1) тауар өндіру мен қызмет көрсету аясын қалпына келтіру: қара және түсті металл, электр және жылу энергетикасын, азық-түлік тауарларын, құрылыс материалдарын, тоқыма және тігін өнімдерін, көлік қызметі мен байланыс және т.б. шығару;

2) мұнай мен газ шығару;

3) шағын кәсіпкерлікті, қаржылық секторды дамыту, үй шаруашылығы секторындағы тауар өндіру мен қызмет көрсетуді дамыту.

Мемлекеттік бюджет пен кәсіпорындар 2002 жылдың өзінде ағымдағы қарыздардан құтылып, инвестицияның өсуі басталды. Аграрлы сектор жұмыстары қалпына келе бастады. 90-жылдары республиканың ауылшаруашылығында түбегейлі өзгерістер болды: ауылшаруашылығы өнімдерін өндірушілер құрылымында мемлекеттік емес түріндегі үлесі өсті. Кеншарларды жекешелендіру, ұжымшарларды қайта құру аяқталды, ауылшаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу ісімен айналысатын ет комбинаттары, сүт комбинаттары, элеваторлар, кант зауыттары және т.б. мемлекеттік кәсіпорындар қайта құрылды. Ұсақ өндірістер желісі дамыды. 2000 жылдардың бас кезінде ауылшаруашылығы өндірісі қарқыны тұрақталғаны байқалды.

Осылайша, 1990–2000 жылдары қарсаңында Қазақстан экономикасында түбегейлі қайта құрулар жүрді. Өтпелі кезеңде болатын шығындарға қарамастан, елде жаңа нарықтық экономика орнады. 90-жылдардың соңына қарай Қазақстандағы экономикалық ахуал тұрақтанды.

**Инвестициялық саясат және Қазақстандағы шетелдік инвестициялар.** Шетелдік инвестицияларды тартудың алғашқы қадамдарының



бірі кәсіпорындарды басқару шетелдік фирмаларға берілді. Ресми мәліметтер бойынша, 1994–1995 жылдары Қазақстан экономикасына ресми көмек түрінде қарыз және шетелдік мемлекеттік қаржы мекемелері мен жеке компаниялардан 3 млрд-тан астам АҚШ долларын экспорттық несиелеу болды.

**Анықта!** Қазақстандағы шетелдердің инвестициялық саясаты туралы зерттеп, әңгімелендер.

1997 жылы ақпанда Қазақстан Республикасының «Тікелей инвестицияларды мемлекеттік қолдау туралы» Заңы қабылданып, онда Қазақстан экономикасына тікелей шетелдік салымды ынталандыру үшін жеңілдік жүйесін кеңейту қарастырылды. Осының бәрі шетелдік инвестициялардың ағылуына ықпал етті. 1999 жылдан бастап инвесторлардың экономиканың шынайы секторына капитал салуының өсу қарқыны байқалды. 2001 жылы Қазақстан тұрғындардың жан басына шаққанда инвестиция көлемі жағынан ТМД елдерінің ішінде бірінші орында және социалистік лагерь бойынша Венгриядан кейін екінші орында тұрды.

2000 жылы Қазақстан Республикасы 30-дан аса елмен инвестицияны қолдау және қорғау бойынша екіжақты келісім жасады, мемлекетте шетелдің қатысуымен 1000-нан аса және үкіметтің шетел инвесторларының басқаруына берген 100-ден аса кәсіпорын жұмыс істеді.

Шетелдік инвесторлардың инвестициясы, ең алдымен, мұнай-газ саласына тартылды, себебі Қазақстанда дәл осы сала жедел қарқынмен дамыған болатын. Бұл сектордағы ірі компаниялар, мысалы, Теңізшевройл сияқты шетелдік және отандық компаниялар болды. Теңізшевройл, Қарашығанак интеграциялық ұйымы, Манғыстаумұнайгаз, Өзенмұнайгаз және т.б. ірі мұнай шығаратын компаниялардың үлесіне 90%-ға жуық инвестиция келді.

2007 жылға қарай Қазақстанда инвестициялардың өсуі республиканың барлық аймақтарында байқалды. Салалық құрылымда негізгі капиталдағы барлық инвестициялардың 50%-ға жуығы тау-кен өнеркәсібінің дамуына жұмсалды.

**Банк жүйесі.** 90-жылдардың бас кезінде Қазақстан Республикасындағы әртүрлі қаржылық ұйымдардың саны қарқынды өсті: банк операцияларының жеке түрлерін жүзеге асырып отырған коммерциялық банктер және ұйымдар. Жекелей алғанда, сол кезде тек коммерциялық банктердің өзі 200-ге жетті, бірақ кейін олардың көпшілігі қаржы жағынан қауқарсыз болып шықты.

1990–2000 жылдары банк жүйесін әрі қарай жетілдіру жұмыстары жүріп жатты. Қазақстанда банк жүйесі тәуелсіздік алғаннан кейін



ғана пайда болды. 1991 жылы елдегі банк реформасының басталуына негіз болған «Қазақ КСР-індегі банктер және банк жұмысын жүргізу туралы» Заң қабылданды. Республикалық мемлекеттік банк облыстық басқармалары және бөлімшелері бар «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі» болып қайта құрылды. 1993 жылы акционерлік-коммерциялық банктер акционерлік банк, ал Жинақ банкі Қазақстан Республикасы Халық банкі болып қайта құрылды.

Казкоммерцбанк, Халық Банк, АТФ Банк, Банк Центркредит, Нұрбанк, Тұран Әлем Банк, Каспий Банк, Альянс Банк және т.б. банктік қызмет көрсету саласында жаңалықтар енгізумен айналысқан ірі банктер болды.

#### Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қазақстандағы жекешелендіру кезеңдері туралы айтып беріңдер.
2. Қазақстанның экономикалық жаңғыруы қанша кезеңнен тұрды?
3. Ырықтандыру деген не және Қазақстанда ол қалай жүзеге асырылды?
4. Ырықтандырудың қандай салдары болды?
5. Жекешелендірудің мемлекеттен бас тартудан айырмашылығы неде?
6. Қазақстан неге рубльдік аймақтан шығып кетті?
7. Ғасырлар тоғысында экономиканың тұрақтануына қандай экономикалық көрсеткіштер куә болады?
8. Республикада дағдарысты жағдайдың қалыптасуына қандай себептер әсер етті?
9. Экономикалық реформалар стратегиясын жүзеге асыруда қандай мақсат қойылды?



**Валюта** – ұлттық және халықаралық ақша.

**Экономиканы ырықтандыру** – экономиканың нарықтық тетіктеріне мемлекеттік биліктің артық басқарушылық әсерінен босату үдерісі.

**Кәсіпкерлік** – жүйелі түрде табыс тауып отыруға бағытталған жеке экономикалық қызмет.

**Арнайы экономикалық аймақ** – Қазақстан Республикасының қызметтің басымдық берілген түрлерін жүзеге асыруға арналған, нақты белгіленген шекаралары бар, арнайы құқықтық режим орнатылған арнайы экономикалық аймақ.

**Мемлекет иелігінен алу** – мемлекеттік меншіктің бір бөлігін жекеменшікке беру.

**Көлеңкелі экономика** – құқыққа қайшы келетін, мемлекет есебіне кірмейтін экономикалық әрекет түрлері.

**Қаржылық-несиелік жүйе** – мемлекеттің қаржылық және несиелік саясатын қамтамасыз ететін жүйе.

**Экономикалық жаңғыру** – еңбек жіктелісінің өсуі, өндірістің энергетикалық құралдарының, ғылымның өндірістік күшке айналуы мен өндірісті рашо-налды басқаруды дамытудың арқасында өндіріс үдерісін үдету.

**Экспорт** – елден тауарлар мен қызмет түрлерін шығару.

**Эмиссия** – жаңа ақшаларды айналымға шығару.



## § 49. Қазақстан Республикасындағы экономикалық дамудың қорытындылары: жетістіктері мен мәселелері

### Бүгін сабақта:

- 1997 жылдан бастап нарықтық экономиканың өндірістік қатынастарға тигізген әсерін сараптаймыз;
- аграрлық сектордағы жаңғырудың негізгі бағыттарын сипаттаймыз.

*Зерттеу сұрағы. ХХІ ғасырдағы Қазақстан экономикасының негізгі бағыттары қандай болды?*

**Экономикалық даму нәтижелері.** Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығын қорытындылай келе, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев бірқатар маңызды көрсеткіштерге тоқталды. Елдің ЖІӨ 7,5%-ға өсті. Жан басына шаққанда ЖІӨ көлемі 11 мың доллардан асып түсті (1990 жылдың ортасында 700 доллардан асқан). Екі жыл ішінде елдің инновациялық-индустриалдық даму бағыты бойынша жаңа өндіріс орындары салынды. Индустриалды секторда жаңа жұмыс орны пайда болды. 60 жаңа өндіріс жобалық қуатына ие болып, 2 млрд долларға өнім шығарды. Қайта өңдеу саласындағы еңбек өнімділігі өсті.

Қазақстан бүгінгі таңда қажетті сапалы азық-түлік пен шикізаттың үштен екі бөлігін өзі қамтамасыз етіп отыр. Аграрлық секторды экспорттау мүмкіншіліктері артты. Әлемдік нарыққа астық қана емес, ет өнімдерін де жеткізіп отыр. Қазақстанның сыртқы сауда айналымы 2011 жылы 126 млрд долларды құрады. 2010 жылмен салыстырғанда 40%-ға өсті. Қазақстан өнімдерін әлемдік нарыққа экспорттау 88 млрд долларды құрады.

2011 жылы Қазақстан экономикасына тікелей 18 млрд доллар шетелдік инвестиция тартылды.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев 2012 жылғы Қазақстан халқына Жолдауында екі міндет белгіленген әлеуметтік-экономикалық жаңғыру бағдарламасын ұсынды. Біріншісі, экономиканы, индустрияны, ауылшаруашылығын, екіншісі, электр энергетикасы саласын белсенді түрде дамыту. Бұл міндеттердің орындалуы Қазақстан экономикасының әрі қарай өркендеуіне және әлемдік экономикалық кеңістікке кірігуіне ықпал ететін болады.

### Тірек сөздер:

- жалпы ішкі өнім (ЖІӨ)
- арнайы экономикалық аймақтар
- әлемдік экономикаға кірігу
- әлемдік экономикалық дағдарыс



**Ойлан!** Бәсекеге қабілетті экономика деген нені білдіреді? Қазақстан экономикасын қазіргі кезде бәсекеге қабілетті деп айтуға бола ма? Соңғы онжылдықта Қазақстан Республикасының экономикалық дамуында не өзгерді?

**Арнайы экономикалық аймақтар.** Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2011 жылы арнайы экономикалық аймақтарды басқару мен қызмет етуінің тиімділігін арттыруға бағытталған «Қазақстан Республикасының арнайы экономикалық аймақтар туралы» Заңға қол қойды. Арнайы экономикалық аймақтар заманауи өнімділігі жоғары, бәсекеге қабілетті өндірістерді жеделдете дамыту, экономика саласы мен өңірлерге инвестициялар мен жаңа технологиялар тарту, сондай-ақ халықты еңбекпен қамтуды көтеру мақсатында құрылады.

**Білгенің абзал!** Қазақстанда 6 арнайы экономикалық аймақ (АЭА) табысты дамып келеді. Олар: «Астана – жаңа қала», «Ақтау – теңіз порты», «Ақпараттық технологиялар паркі», «Оңтүстік», «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі», «Бурабай», сонымен қатар Нұр-Сұлтан және Қарағанды қалаларындағы 2 индустриалды аймақ. Мысалы, «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағы аумағында 277 нысан тіркелген. «Ақтау – теңіз порты» экономикалық аймағында 29 инвестициялық жоба жүзеге асып отыр. «Ұлттық индустриялық мұнай-химиялық технопаркінде» кіріктірілген газ-химия кешені құрылысының жобасы жүзеге асып отыр. 2011 жылдың соңында Қазақстанда қосымша үш жаңа нақты салалық бағытта арнайы экономикалық аймақтар қосылды: Қарағанды облысында «Сарыарқа» металлургия мен металл өңдеуді дамыту, Алматы облысында «Қорғас – Шығыс қақпалары» көліктік-логистикалық әлеуеттік дамыту, Павлодар облысында «Павлодар» өнеркәсіптің химиялық және мұнай-химия салаларын дамытуға бағытталған. 2011 жылдың соңында АЭА-ге 300-ден аса қатысушы тіркелген, кейін индустриалды аймақтар барлық өңірде құрылатын болады.

**Қазақстанның әлемдік экономикаға интеграциясы.** Қазақстан 2000 жылдың ортасында бәсекеге қабілеттілік бойынша әлемдік рейтингте 61-орында болды. Ел дамуының көрсеткіші жалпы ұлттық табыс болып табылады. Әлемдік банк мәліметтері бойынша, Қазақстан әлемде 55-орында. Осы көрсеткіш бойынша жан басына шаққанда Қазақстан табысы орташа мемлекеттер қатарына кірді. Қазақстандық көрсеткіштің ұлғаюы әлемдік орташа деңгейінің 80%-ын құраған.

Интеграциялану үдерісінде Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) кіруінің маңызы зор. Қазақстан ДСҰ-ға мүше болуға 1996 жылы өтініш берген. Экономикалық дамудың негізгі көрсеткіштері бойынша республика дағдарысқа дейінгі кезеңде ДСҰ-ға қосылуға дайын еді. 2000 жылы Қазақстан нарықтық реформалардың көпшілігін жүзеге асырып, нарықтық экономикаға көшу жолындағы өтпелі кезенді жеңіп шықты. АҚШ пен Еуроодақ



нарықтық экономикалық ел ретінде Қазақстанды мойындады. Мемлекет барынша аз мөлшерде араласатын экономиканың ашықтығына қол жеткізді; сыртқы сауда ырықтандырылды; меншіктің 80%-ы жекешелендірілді. Қазақстан 135 мемлекетпен сыртқы сауда байланысын орнатты.

**Білгенің абзал!** ДСҰ 1947 жылдан бері жұмыс істейді, оған 164 мемлекет кіреді. Қазақстан ДСҰ-ға 2015 жылы кірді. ДСҰ-ға кіру Қазақстанға теңқұқылы экономикалық және сауда байланыстарын дамытуға үлкен мүмкіншіліктер берді.

**Әлемдік қаржылық дағдарыс және Қазақстан экономикасын тұрақтандыру шаралары.** 2007 жылы әлем жаһандық қаржылық және экономикалық дағдарысқа ұшырады, бұл үдеріс Қазақстанды да шарпыды. Үкімет халықаралық қаржылық және азық-түлік нарығындағы тұрақсыздықтың жағымсыз салдарын жұмсарту үшін бірқатар шара қабылдады. Шағын және орта бизнестің іскерлік белсенділігіне қолдау көрсету, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін мол қаржы бөлінді. Үлестік құрылыста салымдары бар азаматтарды баспанамен қамтамасыз ету үшін, құрылыс жүргізушілерге екінші деңгейлі банктер арқылы қаржы бөлінді. Салық жүктемесі едәуір төмендетілді.

Тұрақтылықты қамтамасыз ету шараларын жүзеге асыруда Қазақстан экономикасы Ұлттық қор есебінен Ұлттық банк шаралары арқылы мемлекеттік қолдау алды. Сондай-ақ жана Салық кодексі негізінде салықтық жүктеменің төмендетілуі, стресті активтер қорын құру сияқты қосымша мүмкіншіліктер жасалды.

Осылайша, ел дағдарыс жағдайында құрылымдық қайта құру мен мұнай бағасының күрт төмендеуіне дайын болды. Сарапшылар, оның ішінде ресейлік сарапшылар Қазақстанның дағдарысқа қарсы бағдарламасын ТМД-дағы ең жүйелі және жоғары деңгейдегі жедел бағдарлама деп бағалады.

#### Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. «Елдің индустриалды-инновациялық дамуы» дегенді қалай түсінесіңдер?
2. Арнайы экономикалық аймақ деген не?
3. Қазақстанда қандай арнайы экономикалық аймақтар дамыды?
4. Әлемдік экономикалық рейтингте Қазақстан қандай орын алады?
5. Экономиканы тұрақтандыру мақсатында Қазақстанда қандай іс-шаралар қабылданды?



**Жалпы ішкі өнім (ЖІӨ)** – мемлекет аумағында экономиканың барлық саласында бір жыл ішінде өндірілген тауарлар мен қызмет көрсетудің нарықтық құнын көрсететін макроэкономикалық көрсеткіш.

**Әлеуметтік сала** – халықтың өмір сүру деңгейіне, тұрмысына қатысты салалар, кәсіпорындар, ұйымдар жиынтығы.



## ҚАЗАҚСТАННЫҢ 1997 ЖЫЛДАН БАСТАП ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУЫ

### § 50. 1990–2000 жылдардағы нарықтық экономиканың әлеуметтік салаға тигізген әсері

#### Бүгін сабақта:

- нарықтық экономиканың әлеуметтік салаға әсерін сараптаймыз.

#### Тірек сөздер:

- әлеуметтік сала
- әлеуметтік қолдау
- зейнеткерлік реформа
- «Жол картасы»
- баспаналық

*Зерттеу сұрағы. 1997 жылдан Қазақстан халқының әлеуметтік жағдайы қалай өзгерді?*

**Әлеуметтік саланың дамуы.** 1997 жылдан бастап әлеуметтік саясатта жағымды өзгерістер орын алды. Мемлекет зейнеткерлік жүйеде, мемлекеттік қызметте, білім беру және денсаулық сақтау салаларында ұзақмерзімді реформалар жүргізуге кірісті. Ауылда өзгерістер байқалып, ел біртіндеп дағдарыстан шыға бастады. 1990 жылдың екінші жартысын экономикада ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік салада да өтпелі кезең деп атауға болады.

2000 жылдардың басындағы экономикалық тұрақтылық қалыптасқан кезеңдегі әлеуметтік саясатты жүргізуде түбірлі өзгерістер болды. 2001 жылы Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек көрсету туралы» Заңы қабылданды. Республика Үкіметі 2000–2002 жылдарға арналған жұмыс орнын құру жолымен жұмыссыздық деңгейін қысқартуды көздеген кедейшілікпен және жұмыссыздықпен күрес жөніндегі мемлекеттік бағдарламасын даярлады. Көптеген өңірде жұмыссыздық деңгейі төмендеді. Жұмысқа орналастырудың жоғары қарқыны Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан облыстарында және Алматы қаласында байқалды. 2002 жылға қарай жыл сайынғы жалақы мен зейнетақы мөлшерінің көбеюіне мүмкіншілік туғызған инфляцияның 7%-дан төмендеу үдерісі байқалды.

**Ойлан!** 1990 жылдардағы дағдарыс жағдайында халықтың тұрмысы қандай болды? Қазіргі кездегі Қазақстанның әлеуметтік саясаты неге бағытталған?



Ауылдық жерлердегі халықтың жағдайы ауыр болып қала берді. Қалыптасқан жағдайды өзгерту мақсатында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті 2003–2005 жылдарды ауылдарды көтеру кезеңі деп жариялауға ұсыныс жасап, арнайы мемлекеттік бағдарлама қабылданды.

2000 жылдардың орта шенінде Қазақстан Республикасында әлеуметтік реформаларды одан әрі тереңдетудің 2005–2007 жылдарға арналған бағдарламасы жасалып, қабылданды. Зейнетақы мөлшері, шәкіртақы, жәрдемақы мен халыққа берілетін төлемақылардың кейбір түрлері өсті. 2007–2009 жылдардағы әлемдік және қаржылық дағдарыс Қазақстанға да әсер етті. 2007 жылдың екінші жартысынан бастап еліміз әлеуметтік мәселелерді шиеленістіре түскен әлемдік дағдарыстың жағымсыз әсерін бастан өткізді. Елдегі әлеуметтік сала жаңа қиыншылықтарға тап болды. Алайда алдыңғы экономикалық тұрақтылық жылдары мемлекеттің қосымша қор құруы әлеуметтік бағдарламаларды тұрақты жүзеге асыруына мүмкіншілік туғызды.

**Зейнеткерлік жүйедегі реформалар және зейнеткерлік қорлар.** 1990–1996 жылдары республикада еңбекпен айналысатын халықтың саны азайды. Елдегі кірісі төмен халықтың көпшілігі зейнеткерлер мен мүгедектер болды. Қазақстанда тәуелсіздік жылдарында, ТМД-ның басқа елдеріндегідей, халықтың табиғи картаю үдерісі жүріп жатты.

90-жылдардың екінші жартысында үкімет зейнеткерлік жүйені реформалауға кірісті. Тек зейнетақыны өсіріп қана қоймай, бүкіл зейнеткерлік жүйені реформалау кезек күттірмейтін мәселе болды. 1997 жылы «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заң қабылданды.

2000 жылы зейнеткерлік жүйе жетілдірілді. Заңдарға инфляцияны есепке ала отырып, зейнеткерлік салым деңгейін сақтап қалуға кепілдік беру, аса қауіпті нысандарда жұмыс істейтін жұмысшыларды қосымша қамтамасыз ету және т.б. қосымшалар енгізілді. Арнайы зейнеткерлік қорлардың құрылуы жаңалық болды. Сонымен қатар күнкөрісі төмен отбасыларға, балалардың дүниеге келуіне байланысты жәрдемақылар беріле бастады. Жәрдемақылар экологиялық жағынан күрделі өңірлердегі халыққа да бөлінді. Экологиялық қолайсыз өңірлер Семей және Қызылорда облыстарындағы жәрдемақы көлемі белгіленген нормадан жоғары болды.

**«Жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы.** 2009 жылы ҚР Тұңғыш Президентінің «Дағдарыс арқылы жаңару мен дамуға» атты



Қазақстан халқына Жолдауын жүзеге асыру үшін «Жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы жасалды. Бағдарлама өңірлік жұмыспен қамту, мамандарды қайта даярлау, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту және т.б. стратегияларды жүзеге асыруға бағытталды.

«Жол картасы» бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасы үкіметі жергілікті көлік жолдары құрылысы мен қайта жөндеу жұмыстарына қаржы бөлді. «Жол картасының» басты бағыттарының бірі аулаларды абаттандырып, көгалдандыру, спорт алаңқайларын жасау, жолдарды жөндеу болды. «Жол картасы» бағдарламасының әлеуметтік және дағдарысқа қарсы маңызы болды.

**Тұрғын үй құрылысы.** Қай мемлекет болмасын әлеуметтік саясатында баспана мәселесі ең өткір және маңызды мәселе болып табылады. Қазақстан Республикасының нарықтық қатынастарға өтуі баспана саласына айтарлықтай өзгерістер әкеліп, пәтерлер мен үйлерді жекешелендіру басталды. *Жаңа тұрғын үй саясаты* мемлекеттік бағдарлама арқылы азаматтардың белгілі бір бөлігін, оның ішінде табыс мөлшері төмен адамдарды әлеуметтік қорғау қамтамасыз етілді. Баспана мәселесін шешу саласындағы жана бағдарлама бірқатар міндеттер қойды: кезек ретін сақтау, қаражат қана емес, сонымен бірге жер бөлу, дотациялардың тиімді шарттарын қабылдау және т.б.

1997 жылы 85%-дан аса тұрғын үй жекеменшік қолына өтіп, 600-ден аса ПИК (пәтер иелерінің кооперативі) құрылды. Соңғылары пәтерді жөндеуден өткізу жөнінде кәсіпкерлермен келісім жасау немесе толықтай өз күшімен жөндеу мүмкіншілігіне ие болды.

Әлеуметтік тұрғын үй саясаты бірінші кезекте баспананы теңдей бөлу мәселесін қамтамасыз етуі тиіс еді, бірақ өмір шындығы басқаша болды. Баспана, еңбек нарығының дайындықсыз болуы т.б. бірқатар мәселелер көппәтерлі нысандар құрылысының тоқтап қалуына алып келді және «кезектегі адамдар» мәселелерін тудырды. Жыл өткен сайын, әсіресе Алматы мен елордада баспана бағасы қымбаттады. Тұрғын үй нарығы қоғамда әлеуметтік жіктелістің өсіп келе жатқанын айқын көрсетті.

2009 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметі сегіз бағыттан тұратын, оның біреуі баспана нарығын тұрақтандыру мәселесі болып табылатын дағдарысқа қарсы бағдарлама қабылдады.

Осылайша мемлекет халықты әлеуметтік қолдау және 1990–2000 жылдары халықтың тұрмыс жағдайын жақсарту шараларын жүзеге асыратын бірқатар заң қабылдады.



**Сұрақтарға жауап беріңдер.**

1. Өз өңірлеріндегі «Жол картасы» мемлекеттік бағдарламасының жүзеге асырылуына мысал келтіріңдер.
2. Өз туыстарыңнан 90-жылдардағы тұрмыс жағдайы туралы сұрап, олардың әңгімесін жазып келіңдер.
3. Өз жазбаларыңды оқулықтағы мәтінмен және басқа да әдебиеттермен салыстырып, қорытынды жасаңдар.
4. 2000 жылы Қазақстанның әлеуметтік саясатында қандай жағымды сәттер байқалды?
5. Зейнеткерлік жүйені реформалаудың мәні неде болды?
6. «Жол картасы» мемлекеттік бағдарламасы қашан және қандай мақсатпен әзірленді?
7. Тұрғын үй құрылысы мәселесі неге мемлекеттің әлеуметтік саясатында аса маңызды болды?

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН

### § 51–52. Қазақстанның аймақтық және халықаралық ұйымдармен қарым-қатынасы

#### Бүгін сабақта:

- Қазақстанның өңірлік және халықаралық ұйымдармен өзара қарым-қатынасын сараптаймыз;
- Қазақстан Республикасының халықаралық аренада мойындалуын бағалаймыз.

#### Тірек сөздер:

- БҰҰ
- БЭО
- ЕҚЫҰ
- кедендік одақ
- мемлекет бейнесі
- сыртқы саясат басымдылықтары
- көпвекторлы
- саясат

*Зерттеу сұрағы. Қазақстан қазіргі әлемде қандай рөл атқарады?*

Қазақстанның халықаралық ұйымдардағы мүшелігі. Бүгінгі таңда Қазақстан БҰҰ-ның 16 ұйымы мен бағдарламаларының, сонымен қатар басқа да халықаралық ұйымдардың мүшесі немесе қатысушысы болып отыр. Олардың ішінде: Азиялық Даму Банкі, ЕҚЫҰ, Дүниежүзілік Денсаулық сақтау ұйымы және т.б. бар. Қазақстан Республикасы 139 мемлекетпен – БҰҰ мүшелерімен, БҰҰ бақылаушыларымен дипломатиялық қатынас орнатты.

Қазақстанның сыртқы саясатындағы негізгі бағыт – экономикалық әлеуетке сәйкес келетін геосаяси жағдайды және бейбітшілікті сақтау. Ірі өңірлік держава ретінде Қазақстан сындарлы жан-жақты саясат ұстанып отыр.

Қазақстан Республикасы бастамасымен құрылған *Халықаралық ұйымдар*.

1. 1994 жылы Орталық Азия экономикалық қауымдастығы құрылып, оған: Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан және Тәжікстан кірді. 2002 жылы Орталық Азия ынтымақтастығы ұйымы қайта құрылды. 1995 жылы 20 қаңтарда Кедендік Одақ құрудың негізі қаланды. 1996 жылы наурызда Кедендік Одақ құрамына Қырғызстан, 1999 жылы Тәжікстан кірді. Сонымен қатар Белоруссия, Қазақстан, Ресей және Қырғызстан мемлекеттерінен тұратын төрттік одақ үлкен рөл





2017 жылғы 30 қарашадағы Минскідегі ҰҚШҰ  
Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің басқосуы

атқарды. Бұл құжат, біріншіден, осы елдер арасындағы достық қарым-қатынас жаңа деңгейге көтерілгенін, екіншіден, осы одақтың көмегімен интеграциялау үдерісінің мүмкіншілігін көрсетуге болатынын, үшіншіден, Кедендік Одақ құрудың басталғанын білдірді. Интеграция үдерісін жанғырту үшін ҚР-ның Тұңғыш Президенті 3 бағытты: бірыңғай энергетикалық консорциумды, бірыңғай көлік жүйесін, бірыңғай нарықты ұстанды. 2000 жылы 10 қазанда құрамында 5 мемлекет: Белоруссия, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан бар Еуразиялық экономикалық қауымдастық (ЕурАзЭК) құрылды.

2. Өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі келесі қадам Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы болды (ҰҚШҰ). 1992 жылы ТМД аумағында Достастық елдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету және әскери-саяси ынтымақтастықты күшейту мақсатында Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы құрылғаны белгілі. Келісімге 1992 жылы 15 мамырда Ташкентте ТМД-ның алты мемлекеті – Армения, Қазақстан, Қырғызстан, Ресей, Тәжікстан, Өзбекстан қол қойды. Кейіннен оған Белоруссия қосылды. Ұйымның жоғарғы органы – Ұжымдық қауіпсіздік кеңесі болды.

3. Қазақстан тек Орталық Азияға ғана емес, барлық Еуразияға да ықпал етті. 1996 жылы 26 сәуірде Шанхайда бес мемлекет – Қазақстан, Ресей, Қытай, Қырғызстан, Тәжікстан «Шегара аумағында әскери сенім шараларын күшейту» келісіміне қол қойды. Сол кезде бұл ұйым «Шанхай бестігі» деп аталды. Кейінірек 2011





2010 жылы Н.Ә.Назарбаевтың  
БҰҰ-ның Бас хатшысы Пан Ги  
Мунмен кездесуі

жылы «Шанхай бестігі» саммитінде Өзбекстан қосылғаннан кейін Шанхай ынтымақтастық ұйымын құру туралы Декларация қабылданып, тағы бір маңызды құжат «Терроризм, сепаратизм және экстремизмге қарсы күрес туралы» Шанхай конвенциясы қабылданды. Өңірлік саясатта, осылайша, алғаш рет лаңкестікке, сепаратистікке және экстремистікке анықтама берілді. Шанхай үдерісінің басты жетістігі – Қытай шегарасындағы

қайшылықтарды бәсеңдету болды. Дипломатиялық және әскери сарапшылармен бірге бақылаушы топ ұзындығы 100 километрге дейінгі шегара қауіпсіздігін тексерді. Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШҰҰ) әскери одақ емес, өңірлік қауіпсіздікті, экономика саласындағы байланысты қамтамасыз ететін ұйым. ШҰҰ гуманитарлық сала аясында, яғни білім беру, мәдениет, туризм және спорт салаларындағы ынтымақтастықты табысты дамытып отыр.

4. Азиядағы өзара ықпалдастық және сенім шаралары жөніндегі кеңес (АӨСШК). ҚР-ның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев АӨСШК құру идеясын 1992 жылы 5 қазанда БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-сессиясында ұсынды. Ұйымның негізгі мақсаты бейбітшілікті, қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету, жан-жақты қатынастар орнату және Азияда ынтымақтастықты нығайту мәселелерін шешу болып табылады.

2002 жылы 3–4 маусымда Алматыда АӨСШК алғашқы саммиті өтті. Ол саммитте екі маңызды құжатқа – «Лаңкестікті жою және өркениеттер арасындағы сұхбатқа қолдау көрсету» туралы АӨСШК Декларациясына және Алматы келісімі актісіне қол қойылды. Осы құжаттар негізінде АӨСШК-нің болашақтағы міндеттері анықталды.

Олар:

- 1) Азиядағы талас тудыратын мәселелерді және шпеленістерді шешу;
- 2) қаруға бақылау орнату және қарусыздану;
- 3) нашақорлық және заңсыз қару сатумен, лаңкестік және халықаралық қылмыспен күрес;
- 4) экологиялық мәселелерді бірігіп шешу;
- 5) Азия елдеріндегі экономикалық өсімді қамтамасыз ету.

АӨСШК II саммиті 2006 жылы маусым айында өтті. 2007 жылы желтоқсаннан бастап АӨСШК БҰҰ-ның Бас Ассамблеясында



бақылаушы мәртебесіне ие болды. Қазақстан АӨСШК құру идеясын ұсынып қана қойған жоқ, сонымен қатар бұл идеяны жүзеге асырушы да болды. Бұл 2002–2006 жылдары (бірінші мерзім) және 2006–2010 жылдары (екінші мерзім) екі мерзімде де төрағалық етуінен көрінеді. 2010 жылы **АӨСШК III саммиті** Түркияда өтті.

1997–1998, 2000, 2010 жылдары Қазақстан делегациясының бастамасына сәйкес, БҰҰ Бас Ассамблеясы «Қазақстандағы Семей аймағында халықты оңалту, қоршаған ортаны қалпына келтіру және экологиялық дамыту мақсатында әрекеттерді үйлестіру мен халықаралық ынтымақтастық туралы» резолюция қабылдады. Резолюция негізінде ақпаратпен қамтамасыз ету саласында, халықтың денсаулығын сақтау, экология, экономика, гуманитарлық көмек көрсету бойынша көптеген бағыттар мен жобалардан тұратын жұмыс бағдарламасы дайындалды.

**Бұл маңызды!** 1999 жылы БҰҰ аясында Токиода Семейдегі сынақ салдары мәселелеріне арналған халықаралық конференция өтті. Онда Семей өңірін қалпына келтіру туралы мәселе қаралды. 2002 жылғы мәліметтерге сай БҰҰ Семей өлкесін қалпына келтіру үшін 26 млн АҚШ долларын бөлген.

Қазақстан БҰҰ аясында көптеген жобаларды іске асыруда. Қазақстан аумағында көпвекторлы сыртқы саясатқа және халықаралық деңгейге байланысты нығайту, тұрақтылықты, халықаралық қауіпсіздікті сақтау, интеграция жүйесін құру, лаңкестікпен күрес, ұлтаралық және дінаралық келісімдер мәселелеріне басымдық беріледі. 2002 жылы Қазақстанға ресми сапармен БҰҰ Бас хатшысы Кофи Аннан, 2010 жылы Пан Ги Мун екі рет келді. Ол Семей ядролық сынақ алаңының орта нүктесінде тұрып, ядролық қарудан бас тарту мен ядролық сынақ алаңын жабу әлемде маңызды орын алатыны туралы пікір білдірді. БҰҰ өз жұмысында 4 мақсатты белгіледі: бүкіл әлемде бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау; халықаралық ынтымақтастық және адам құқығын қорғау; ұлттар арасында достық қатынасты дамыту; халықаралық мәселелерді шешу; осы мақсаттарға қол жеткізу үшін ұлттарды біріктіретін орталықтың қажеттігі.

**Қазақстанның Еуроодақ пен ЕҚЫҰ-дағы орнын нығайту.** Қазақстан мен ЕО арасындағы ресми дипломатиялық қатынастар 1993 жылы құрылды. 1995 жылы 23 қаңтарда ҚР-ның Президенті «Қазақстан Республикасы мен Еуропалық одақ және оларға мүше мемлекеттерінің арасындағы серіктестік пен ынтымақтастық туралы» келісімге қол қойды. ЕО еліміз үшін ең ірі сауда-экономикалық серіктес болып табылады. Қазақстан Батыс Еуропа елдерімен өзара теңдестік, егемендік және аумақтық тұтастық, бір-біріне шабуыл жасамау, ішкі істеріне араласпау және күш қолдану қауіпін төндірмеу ұстанымдары негізінде саяси келісімдер жасады.

Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы (ЕҚЫҰ) айналысатын мәселелер шартты түрде 3 топқа бөлінді:



1-топ – әскери-саяси қауіпсіздік және қарулануды бақылауға алу;

2-топ – экономикалық, ғылыми-техникалық және экологиялық ынтымақтастық;

3-топ – гуманитарлық салалар (ақпарат, мәдениет, білім беру) және адам құқығы.

**Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі.** 2010 жылы 1–2 желтоқсанда Астанада 11 жылдық үзілістен кейін ЕҚЫҰ-ның 7-саммиті өтті. Саммитте аса ірі халықаралық және отандық ұйымдар, оның ішінде БҰҰ, Еуроодақ, ШЫҰ, ҰҚШҰ, АӨСШК және т.б. қатысты. Саммитте өңірдегі өзекті мәселелер, трансұлттық қауіп-қатерлер, лаңкестік, адам саудасы, Қырғызстан мен Ауғанстандағы оқиғалар және т.б. мәселелер қаралды. Астана саммиті ЕҚЫҰ-ның әрі қарай жұмыс істеуіне жана серпін берді. Бірнеше жыл өткеннен кейін Қазақстанда көптеген ел басшыларының басын қосып, жекелеген мәселелердің шешімін табу мүмкіндігі туды. Қазақстанның төрағалығы Қазақстан дипломатиясы тарихында ғана емес, сонымен қатар жалпы халықаралық қатынастарда аса маңызды орын алды. «Еуропалық қауіпсіздік» ұғымының өресі кеңейді. «Кәрі Еуропаның» қауіпсіздігі Орталық Азиядағы, Солтүстік Кавказдағы және тұтастай алғанда, Еуразия өңіріндегі қауіпсіздікпен тікелей байланысты екендігі туралы қорытынды жасалды.

ҚР-ның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев ЕҚЫҰ саммитінде сөйлеген сөзінде ЕҚЫҰ қызметін жетілдіруге байланысты бірқатар ұсыныс жасады. Олар:

– қаржылық-экономикалық қауіпсіздік және конфессиялық төзімділік;

– валюталық-қаржылық саясат, экономикалық ынтымақтастық, экономикалық интеграция;

– қарусыздану және қаруды таратпау саласында нормативтік-құқықтық база дайындауды тапсыратын арнайы форум құру;

– жасырын көші-қон, есірткі жолдары, шегараны бұзу жағдайларымен күрес орнату үшін ЕҚЫҰ елдері министрлерінен кеңес құру болды.

Қазақстан ЕҚЫҰ-да төрағалық еткен кезінде қойылған міндеттерді толықтай орындады және өткізілген саммит Қазақстан дипломатиясы қызметінің тиімділігін дәлелдеді.

**Қазақстанның Ислам Конференциясы Ұйымындағы (ИКУ) төрағалығы.** Бүгінгі күні Қазақстан зайырлы мемлекет және ислам өркеннетімен тығыз байланысты. Еліміз көптеген ғасырлар бойы мұсылман әлемімен өзара әрекеттесіп, ертедегі рухани ислам мәдениетімен байланыста болғаны талас тудырмайды.



1995 жылдан бастап Қазақстан ІІКҰ-ға мүше мемлекет бола отырып, аталған ұйымның шараларына белсенді қатысады. Бүгінгі таңда Қазақстан – Азияда ғана емес, сонымен қатар мұсылман елдері мен ТМД елдері арасында ЕҚЫҰ-да төрағалық етуге таңдап алынған бірінші мемлекет. Бұл шешімді мұсылман мемлекеттері мақтанышпен қабылдады. ЕҚЫҰ және ІІКҰ ұйымдарының мүддесі мен мақсаттары ұқсас: халықтар арасындағы ынтымақтастыққа қолдау көрсету, экономика-экологиялық қауіпсіздік, адам құқықтарын қорғау. Қазақстанның ІІКҰ-ға төрағалық етуіндегі ең басты мәселе шиеленістердің алдын алу және қызметінің тиімділігін болжамдау болды.

**Ойлан!** Қазақстан қандай халықаралық қаржы ұйымдарының мүшесі? Неге Қазақстан ЕҚЫҰ және ІІКҰ төрағасы болды?

Қазіргі кезде Қазақстан Ислам Конференциясы Ұйымы басты институттарының жұмысына қатысады. Ол үш жылда бір рет ІІКҰ мүше-мемлекеттері көшбасшыларының қатысуымен өтетін *Ислам саммитіне*, жыл сайын *Сыртқы Істер Министрлері кеңесі* және *Тұрақты кеңес* мәжілістеріне қатысады.

**Ойлан!** Орталық Азияда қауіпсіздікті нығайтуда өңірлік ұйымдардың рөлін анықтаңдар.

Осылайша Қазақстанның мұсылман елдерімен байланысы шынайы нәтижелер беріп отыр. Еліміз сауда, технология, энергетика және коммуникация мәселелерін шешуге мүдделі ислам елдерімен саяси, экономикалық және гуманитарлық қарым-қатынасты дамытуға ұмтылады.

**Сұрақтарға жауап беріңдер.**

1. Қосымша әдебиеттерді пайдалана отырып, халықаралық ұйымдардың бірі туралы айтып беріңдер.
2. Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалық ету кезеңінде қандай мәселелер шешілді?
3. 2011 жылы ІІКҰ-ға төрағалық етуі кезінде Қазақстан қандай ұлттық қауіпсіздік мәселелерін шешті?
4. Халықаралық ұйымдарға төрағалық етудің қиыншылықтары неде деп ойлайсындар?
5. Қазақстан қатысып отырған Орталық Азиядағы өңірлік ұйымдарды атаңдар.
6. Келендік Одақ қандай мақсатта құрылды?
7. ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың қандай идеясы өңірлік ұйымның қызметін жүзеге асыруда пайдаланылды?
8. ШЫҰ-ның Орталық Азия өңіріндегі қатынастарды реттеудегі рөлін бағалаңдар.

## § 53. Қазақстан Республикасының әлемнің озық елдерімен қарым-қатынасы және көпвекторлық саясат

### Бүгін сабақта:

- Қазақстанның қарым-қатынастардағы көпвекторлылығын талдаймыз.

### Тірек сөздер:

- халықаралық ұйымдар
- өңірлік держава
- консолидация
- саммит



Ресей Федерациясының Президенті  
В.В.Путин

*Зерттеу сұрағы. Қазіргі әлемдік қарым-қатынаста Қазақстанның рөлі қандай?*

**Қазақстанның Ресеймен ынтымақтастығы.** Ресей Федерациясы Қазақстан Республикасының егемендігін 1991 жылы 17 желтоқсанда мойындады. 1992 жылы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасында дипломатиялық қатынастар орнады. Осы жылы Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясындағы Елшілігі ашылды.

Қазіргі кезде Қазақстан мен Ресей ынтымақтастығының келісімдік-құқықтық базасы әртүрлі саладағы 170 келіссөз бен келісімдерден тұрады. Олардың ішіндегі ең маңыздысы – 1992 жылы 25 мамырдағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шарт. 1994 жылы 27–30 наурыз күндері Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев-





тын сауда-экономикалық, ғылыми-техникалық және гуманитарлық саладағы өзара қарым-қатынастың басталуына негіз болған Ресей Федерациясына ең алғашқы ресми сапары өтті. 1998 жылы қабылданған «XXI ғасырға бағдарланған мәңгілік достық және одақтастық туралы» Декларация Қазақстан мен Ресей қарым-қатынасында маңызды орын алады.


Бүгінгі таңда Қазақстан мұнайының негізгі экспорттап отырған жолы – Атырау–Самара құбыры, Каспий құбыр желісі консорциумы (ККК) құбыры, Атасу–Алашанькоу құбыры, Ақтау порты болып отыр.

Қазақстан мен Ресейдің атом өнеркәсібіндегі ынтымақтастығы, оның ішінде: үш қазақстандық-ресейлік кәсіпорынның уран шығаруды арттыру мәселелері қаралды, азаматтық ядролық энергетика саласында құрылған біріккен компания бірқалыпты дамуда.

**Анықта!** Қосымша материалдарды пайдалана отырып, еліміздің сыртқы саясат қызметінің негізгі бағыттарын анықтаңдар. Қазақстанның стратегиялық серіктестігі көзқарасы бойынша әрбір бағытқа сипаттама беріңдер.

Қазақстан мен Ресейдің ғарышты зерттеу мен игеру және Байқоңыр кешенін бірігіп пайдалану мәселелері табысты дамып келеді. Соңғы 10 жылда Байқоңыр ғарыш алаңынан 200-ден аса ғарыштық аппарат ұшырылды. Ғарыш алаңынан алғаш рет американдық ғарышкер-саяхатшы Денис Тито ұшты. Қазақстандық ғарышкер Талғат Мұсабаев экипаж командірі болды.

Қазақстан және Қытай Халық Республикасы (ҚХР) арасындағы дипломатиялық қатынастар 1992 жылы 3 қаңтарда орнатылды. 1993 жылы 18–20 қазанда ҚР-ның Тұңғыш Президенті ҚХР-ға ресми сапарында ҚХР Төрағасы Цзян Цзэминмен кездесті. Келіссөз барысында екі ел арасындағы өзара қарым-қатынастың ұстанымдарын анықтайтын алғашқы ресми құжат – Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы өзара достық қатынастары негіздері туралы бірлескен Декларация қабылданды. Бұл құжатта бекітілген ережелер қазақ-қытай қатынастарының: экономикадан бастап қауіпсіздікке дейінгі барлық қырын әрі қарай дамытудың мықты іргетасы болып қаланды.



Н.Ә.Назарбаевтың ҚХР төрағасы Си Цзиньпинмен кездесуі, 2018 ж., 7 маусым



Қазақстанның сыртқы саясатындағы ірі жетістік 1995 жылы Қытайдың Қазақстан Республикасының ядролық қауіпсіздігіне кепілдеме беруі және 2002 жылы 23 желтоқсанда Тату көршілік, достық және ынтымақтастық туралы шартына, қауіпті әскери әрекеттердің алдын алу туралы, шегаралық өзендерді (Ертіс және Іле) қорғау және пайдалану саласындағы ынтымақтастық жөніндегі келісімдерге қол қойылды. ҚХР Қазақстанның сауда серіктестері ішінде бірінші орынға шықты. Ұлттық «Мұнайгаз» компаниясына инвестиция кұю, зерттеу жұмыстарын бірігіп жүргізу және келісім бойынша «Батыс Қазақстан–Қытай» мұнай құбырын салу екі кезеңде жүзеге асырылады:

*1-кезең* (2004–2006 жж.) – Атасу – Алашанькоу мұнай құбырының құрылыс жобасы – өзінің көлемі мен күрделілігіне байланысты қайталанбас жоба болады.

*2-кезең* (2009–2010 жж.). Кеңкияқ – Құмкөл – Атасу мұнай құбыры құрылысы. Кеңкияқ – Құмкөл мұнай құбыры Қазақстан Республикасының үш облысы: Ақтөбе, Қызылорда және Қарағанды арқылы өтеді.

**Ойлан!** ТМД елдерімен қарым-қатынаста неге басымдылық сауда-экономикалық қатынасқа беріледі?

**Қазақстан мен Орталық Азия елдері.** Өзбекстанмен достық қатынас – Орталық Азиядағы негізгі бағыттардың бірі. Өзбекстан өңірдегі ірі мемлекеттердің бірі болып табылады. Екі мемлекетте де өзбектер мен қазақтар көп тұрады. 1992 жылы 24 маусымда Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы достық, ынтымақтастық және өзара көмек туралы шарт жасалды.

2001 жылы Қазақстан Республикасы мен Қырғызстан Республикасы арасындағы экономикалық ынтымақтастық туралы 2001–2005 жылдарға арналған шартқа қол қойылды. Шартқа сәйкес геологиялық барлау саласында, химия өндірісі, қоршаған ортаны қорғау, шағын бизнесті дамыту, жүк тасымалдау, су ресурстарын тиімді пайдалану және т.б. бойынша өзара жұмыс жүргізу шаралары белгіленіп, жүзеге асты.

Қазақстан мен Түрікменстан арасындағы достық қатынастар және ынтымақтастық туралы шарт – екі ел арасындағы қарым-қатынасты реттеуші негізгі құжат. Оған 1993 жылы қол қойылды. Осы жылы Тәжікстан Республикасымен достық және экономикалық ынтымақтастық туралы шартқа қол қойылды.

**Қазақстан және АҚШ.** 1991 жылы Америка Құрама Штаттары Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін мойындады. АҚШ



Мемлекеттік хатшысы Дж. Бейкер Алматыға келіп, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевпен кездесті. Қазақстанда АҚШ елшілігі ашылды. АҚШ Президенті үлкен Дж. Буштың шақыруымен Н.Ә.Назарбаев Америкаға ресми сапармен барды. Жаңа бағыттағы Қазақстан-Америка қатынастарының негізі қаланып, бірқатар келісімге: Сауда қатынастары туралы келісімі, Біріккен акшалай салымды қорғау шарттары, Қазақстан мен АҚШ арасындағы өзара түсіністік меморандумы және т.б. қол қойылды.

**Қазақстан және Еуроодақ елдері.** Еуроодақ (ЕО) – 1993 жылы құрылған халықаралық ұйым. Қазіргі кезде Қазақстан экономикасына инвестиция салу көлемі артты, ЕО-мен ынтымақтастық дамуы жалғасуда. Қазақстан экспортының негізгі тұтынушылары Италия, Франция, Нидерланды, Ұлыбритания және Германия болып отыр. Бұл елдерге Қазақстан Республикасы, негізінен, табиғи ресурстарды және энергия көздерін экспорттап отыр.

**Қазақстанның Германиямен қарым-қатынасы.** ГФР бүгінгі күні Еуропаның экономикалық және саяси көшбасшысы болып табылады. ГФР Қазақстан тәуелсіздігін 1991 жылы мойындады. Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 1992 жылы қыркүйекте Германияға жасаған ресми сапары кезінде екі елдің өзара қарым-қатынасы және экономика, өнеркәсіп, ғылым мен техника салаларында ынтымақтастықты дамыту жөнінде бірқатар құжаттарға қол қойылды.

ГФР – Қазақстанның негізгі сауда серіктестерінің бірі. Қазіргі кезде ҚР-нда неміс банктері мен компанияларының 145 өкілдігі мен бөлімшелері бар. Республикада тіркелген шетелдік компаниялар саны бойынша ГФР бірінші орында, біріккен компаниялар саны бойынша үшінші орында тұр. Елдер арасындағы ынтымақтастықты арттыруға Қазақстанда тұратын немістер, сонымен қатар бұрын Қазақстанда тұрған Германия азаматтары да мүдделі. Гумбольдт атындағы Берлин университетінде «Қазақстан және қазақ тілі» дәріс бөлмесі ашылды.

**Қазақстан және Франция.** 1992 жылы Франция Республикасы Қазақстан Республикасының егемендігін мойындады. Осы жылы Қазақстанда Франция елшілігі, 1993 жылы Францияда Қазақстан елшілігі ашылды. Жаңа мыңжылдықта Франция Еуропа экономикасының «локомотиві» міндетін атқарып отыр. Қазақстанның Франциямен қарым-қатынасы Франция Президенті Франсуа Миттеранның Қазақстанға ресми сапары кезінде (1991 ж.) басталды.



Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаевтың 1992 жылы қыркүйектегі Францияға ресми сапары кезінде өзара тиімді және екі елдің ұзақмерзімді қарым-қатынасының құқықтық негізі болатын Достық, өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы шартына қол қойылды. Франция басқа да ядролық мемлекеттер сияқты Қазақстанға қауіпсіздік кепілдемесін растады.

Ары қарайғы интеграциялық үдеріс Қазақстанға Жак Ширактың (1995 ж. Франция Президенті) сапары кезінде өз жалғасын тапты.

Ресми мәліметтер бойынша, екі елдің сауда қатынастары 2002 жылы 750 млн евроны құрады. Қазақстан, негізінен, металл, мұнай, бидайдың қатты сұрыптарын шығарса, Франция парфюмерия, электр тұрмыстық құралдары мен құрылыс материалдарын жіберді.

**Қазақстан және Ұлыбритания.** Қазақстан мен Ұлыбритания қарым-қатынасы Елбасының Маргарет Тэтчермен тарихи кездесуінен бастау алып, кейінгі жылдары Джон Мейджор, Тони Блэр, Гордон Браун және Дэвид Кэмерон сияқты белгілі саяси қайраткерлермен кездесуде жалғасын тапты.

Қазақстан Ұлыбританиямен өзара тиімді әлеуметтік-экономикалық және мәдени-гуманитарлық келісімдер жасады. ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2000 жылы қараша айында Ұлыбританияға сапары бұл қатынастарға жаңа серпін берді.

Ұлыбритания Қазақстан экономикасына инвестиция құю жағынан екінші болып отыр. Франция – әлемнің бес ірі мемлекетінің ішіндегі Қазақстанның сенімді сауда серіктесі. Екіжақты қатынастарда мұнай-газ өнеркәсібіне ерекше көңіл бөлініп отыр. Британияның «Шелл» және «Бритиш газ» компаниялары Қазақстан мұнайын өңдеуде белсенділік танытуда. 2003 жылы қыркүйекте Атырауда «Ривер-Палас» бизнес орталығы негізінде сауда және инвестициялық өкілдіктер ашылды. Олардың мақсаты – Қазақстанда бизнесті дамытуда британ компанияларына кеңес беру, мониторинг өткізу, нәтижелерді зерттеу, екі ел үшін серіктес компаниялар іздеу.

Экспорт, импорт сауда салалары дамуда. Қазақстан, негізінен, минералдар, феррохром, құрыш, мыс, былғары шикізаттары, сирек кездесетін металдар жеткізеді. Ұлыбритания өз кезегінде аппаратура мен құралдар, көліктің қосалқы бөлшектері, халық тұтынатын тауарлар жіберуде. Қазақстан мен Ұлыбританияның гуманитарлық сала қатынастары табысты дамуда. Қазақстандық студенттердің көпшілігі Британияның ірі жоғары оқу орындарында, оның ішінде Қазақ-Британ техникалық университетінде оқып жатыр.





Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Түркия Президенті Р.Ердоғанмен кездесуі, Анкара, 2018 ж.

2004 жылы 5 ақпанда Астана қаласында Британ өкілдігінің салтанатты ашылуы болды.

Қазақстан Австрия, Болгария, Люксембург, Венгрия, Югославия, Румыния, Швейцария, Финляндия, Швеция және т.б. мемлекеттермен қарым-қатынас орнатып отыр.

**Қазақстан және түркі әлемі елдері.** 1991 жылы Қазақстан тәуелсіздігін ең алғашқылардың бірі болып Түркия мойындады. Түркия президенті Тұрғыт Озал Қазақстанның тәуелсіздігі туралы хабарды қуанышпен қабыл алды.

Тұңғыш Президенттің бастамасымен 1992 жылы Түркияда Қазақстанның бірінші елшілігі ашылды. Түркия елшілігі де Қазақстанда бірінші болды. Түркия елшісі Аргун Узпай Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаевқа сенім грамоталарын тапсырды.

Н.Ә.Назарбаев 2003 жылы мамырда ресми сапармен Түркияға барды. 2004 жылы маусымда НАТО саммитіне және 2005 жылы 25 мамырда «Баку–Тбилиси–Жейхан» жобасына арналған конференцияға Түркия мен Қазақстанның қатысуы өзара тиімді ынтымақтастық үлгісі болды.

Түркия Қазақстан Республикасын Орталық Азиядағы сенімді экономикалық және саяси серіктесі ретінде көреді. Мәдени байланыстар жақсы дамып келеді. 1992 жылы Стамбулда түркітілдес мемлекеттердің – Түрксой ұйымын құрған мәдениет министрлерінің алғашқы кездесуі өтті. Бұл ұйымның негізгі мақсаты – түркі мәдениеті мен түркі тілдерін әлемдік деңгейде меңгеріп, насихаттау. Бұл ұйымның мүшелері: Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Түркия және Өзбекстан болды.



1992 жылы Қазақстан түркітiлдес елдердiң бiрi Әзiрбайжанмен дипломатиялық қарым-қатынас орнатты. Әзiрбайжан Республикасында Қазақстан елшiлiгi, кейiн Қазақстан Республикасында Әзiрбайжан елшiлiгi ашылды.

Осылайша бiздiң елiмiз әлемнiң түркітiлдес елдерiмен әртүрлi салалар бойынша ынтымақтастықты дамытуда. Қазақстан Каспий арқылы әлемдiк нарыққа шығудың балама мүмкіншiлiгiн қарастырып отыр.

Каспий теңiзiнiң түбiн бөлу – КСРО құлағаннан кейiн туындаған күрделi мәселелердiң бiрi. Сонымен қатар Каспий теңiзiнiң саяси-құқықтық мәртебесiн анықтау мәселесi де қалған болатын. Каспий теңiзi – әлемнiң iрi су алабының бiрi. Егер 1991 жылы Каспий екi елге тиесiлi болса, ендiгi жерде ол бес мемлекетке – Қазақстан, Ресей, Иран, Әзiрбайжан, Түрiкменстанға ортақ болып отыр. Қазақстанның Каспий теңiзiнiң құқықтық мәртебесi жөнiндегi ұстанымы 1982 жылғы БҰҰ конвенциясының теңiздiң түрлi аумағындағы енiн және режiмiн айқындайтын теңiз құқығы жөнiндегi кейбiр ережелерiн Каспийге қатысты қолдануда болып отыр.

Каспий теңiзiн бөліп алуға байланысты 2009 жылы 11 қыркүйекте Ақтауда мемлекет басшыларының ресми емес саммиті өтті.

#### **Сұрақтарға жауап берiңдер.**

1. Қазақстанның әлемнiң жетекшi елдерiмен қарым-қатынасының ерекшелiктерi неде?
2. Қазақстанның Ресеймен ынтымақтастығы сыртқы саясатта қандай рөл атқарады?
3. Қазақстан мен Қытай ынтымақтастығы сыртқы саясатта қандай рөл атқарады?
4. Ресей мен Қытайдың Қазақстандағы мүдделерiн салыстырыңдар.
5. Қалай ойлайсындар, қандай елдер Қазақстанмен жемiстi қатынас орнатып отыр?
6. Қазақстанның көп жоспарлы және көпвекторлы ынтымақтастығы дегендi қалай түсiнесiңдер?
7. Қазақстанның әскери ынтымақтастығы қалай дамып отыр?

#### **Тапсырмалар.**

1. Аталған елдермен қарым-қатынастағы маңызды сыртқы саяси оқиғалардың хронологиялық кестесiн жасап, синхронизмдiк кестеге топтастырыңдар.
2. Таныстырылым мен деректi фильмдердi пайдаланып, Қазақстанның iшкi саясаты туралы пресс-конференция дайындаңдар.
3. Қазақстанның түркі әлемi елдерiмен қарым-қатынасын сипаттап, оларға баға берiңдер.



**Қазақстанның көпвекторлық саясаты** – Ресей және Қытаймен тату көршiлiк қатынас, сонымен қатар АҚШ-пен стратегиялық серiктестiктi дамытудағы iс жүзiндегi қадамдар және мүдделiлiк, Еуропалық одақ елдерiмен жан-жақты ынтымақтастық орнатуы.



### Қосымша мәлімет.

2003 жыл Қазақстанның Ресейдегі жылы, ал 2004 жыл Қазақстандағы Ресей жылы болып жарияланды. Осы жылы тауар айналымы 7,5 млрд АҚШ долларын құрады. 24 қыркүйекте екі ел арасында Ресей мен Қазақстан шегараларын реттеу жөнінде және 1999–2007 жылдары ынтымақтастықты дамыту жөнінде келісімге қол қойылды. Шегараларды анықтау 2005 жылы 16 қарашада аяқталды. Екі ел арасындағы ұзындығы 7591 км болатын шегараны межелеу жүргізілді. 2005 жылы 18 қаңтарда Мәскеуде Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев пен Ресей Федерациясының Президенті В.В.Путин мемлекеттік шегара туралы келісімге қол қойды. Сол күні Қазақстан Республикасы Мәжілісінің соңғы отырысында және Ресей Думасында Қазақстан мен Ресей шегарасы туралы келісімге қол қойылды. Қазақстанның 7 облысы мен Ресейдің жеріндегі 12 өңір Ресей мен Қазақстан арасындағы шегараны ресми түрде заңдастырды.

Ресей Федерациясымен әскери ынтымақтастық 1996 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін жалғасын тауып келеді. Атап айтсақ, Қазақстан Республикасының 3600 әскери қызметкері Ресей Федерациясының 42 оқу орнында – әскери академиялар мен университеттерде, әскери училищелер мен институттарда, академиялық және офицерлік курстарды оқып бітірді.

Бүгінгі күні Ресейде шамамен 1,5 млн-ға жуық қазақ өмір сүруде, ал Қазақстанда 4 млн-ға жуық орыстар тұрады. Қазақстан-Ресей қарым-қатынастарында екі ел өңірлері арасындағы көптеген келіссөздер мен келісімдер негізінде өңіраралық және шегара маңы ынтымақтастығы маңызды орын алады. Екі мемлекет арасындағы тауар айналымы Қазақстан саудасының жалпы көлемінің 1/3 құрап отыр. Ресей Федерациясының 89 өңірінің 79 субъектісі Қазақстанмен коммерциялық-экономикалық байланыс орнатып отыр. Қазіргі кезде Қазақстан аумағында 1700-ге жуық, Ресейде 3 мыңға жуық қазақ-ресейлік бірлескен кәсіпорындар жұмыс істеуде.

Қазақстан мен Ресейдің көлік жолдары құрылысы мен коммуникация жолдары саласындағы ынтымақтастығы дамуда. Трансазиялық теміржол магистралінің Солтүстік дәлізінің өзегі болып отырған Еуразия көлік дәлізін дамыту шаралары жүргізіліп отыр. Сонымен қатар екі ел аумағы бойынша жүк тасымалдауға қолайлы тарифтік жағдай жасау жұмыстары жүргізілуде.

Қытайда орта есеппен 1,5 млн қазақ бар, олар, негізінен, Синьцзянда тұрады. Соңғы жылдары Қытай үкіметі Синьцзян экономикасын нығайтуда бірқатар шараларды жүзеге асырып отыр. Қытай мен Қазақстан Республикасы арасында Синьцзян ауданында барлық тауар айналымының 70%-ын құрайтын әлеуметтік-экономикалық және сауда байланыстары орнаған. 2013 жылы екі ел арасындағы сауда айналымы 28,6 млрд долларды құрады.

Қазақстан мен Қытай мәдени салада да белсенді ынтымақтастық орнатып отыр. 2013 жылы күзде Пекинде, Гонконгта және Үрімшіде ауқымы мен географиясы жағынан бұрын-соңды болмаған ҚР-ның ҚХР-дағы мәдениет күндері өтті. Пекиндегі өнер шеберлерінің Гала-концертінде Құрманғазы атындағы халық аспаптар Мемлекеттік академиялық оркестрі, белгілі опера әншілері, «Астана балет» театрының хореографиялық ұжымы өнер көрсетті. Қытай көпшілік оқырмандарына арналған «ҚР-ның Тұңғыш Президенті туралы очерктер» кітабы қытай тіліне аударылып, таныстырылды. Пекиндегі «Чоян» саябағында Абай Құнанбаевқа ескерткіш ашылды.



**Бұл қызық!** Қазақстан Республикасының сыртқы саясаты егеменді дамуының барлық жылдарында 1991 жылы 1 желтоқсанда ел Президенті болып сайланғаннан кейін Н.Ә.Назарбаев жариялаған көпвекторлық ұстанымына негізделген. ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың пікірінше: «Көпвекторлық – біздің еліміз үшін қызығушылық тудыратын және әлемдік істерде маңызды рөл атқаратын барлық мемлекетпен өзара әрекеттестік және достық қарым-қатынастың орнауын дамыту. Қазақстан өзінің геосаяси жағдайы мен экономикалық әлеуетіне қарай, тар шеңбердегі өңірлік мәселелермен тұйықталып қалмауы керек. Бұл тек қана біздің көпұлтты халқымызға ғана емес, сондай-ақ, бүкіл әлемдік қауымдастыққа түсініксіз болып қалатын еді. Қазақстанның болашағы – Азияда, Еуропада, Шығыста және Батыста. Дәл осындай саясатты жүргізе отырып, біз Қазақстанға қандай да бір қауіп төну көріністерінен арыламыз. Біз елімізде экономикалық және саяси түрлендірулер арқылы қолайлы сыртқы жағдайларды нығайта түсеміз». Қазақстанның мұндай ұстанымы біздің еліміздің геосаяси жағдайымен, тұрғындардың көпэтникалық және көпконфессиялы құрамымен, экономиканың жалпы даму деңгейімен анықталады. Қазіргі халықаралық жағдайды есепке ала отырып, Қазақстанның сыртқы саясат стратегиясы қазіргі кезде Ауғанстаннан және басқа да ел өңірлерінен келетін дәстүрлі емес сын-қатерлердің (халықаралық терроризм, діни экстремизм, нашақорлық, жасырын көші-қон) алдын алуды көздеген Орталық Азиядағы қауіпсіздік жүйесін тиімді қамтамасыз етуге бағытталған.

Бұл мәселелерді шешуде Қазақстан келесі басым сыртқы саясат бағыттарына ерекше назар аударуды дұрыс деп санайды: 1) мемлекетаралық бірлестіктерге қатысу – Азиядағы өзара сенім шаралары кеңесіне, Шанхай ынтымақтастық ұйымына, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына; 2) Ресей және Қытаймен стратегиялық ынтымақтастық; 3) Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан және Өзбекстанмен достық қарым-қатынасты қолдау; 4) АҚШ-пен, Еуроодақпен, сонымен қатар ЕҚЫҰ және Солтүстік Атлантикалық Келісім ұйымымен (НАТО) өзара әрекеттестік; 5) Ислам әлемі мемлекеттерімен ынтымақтастық; 6) Азия-Тынықмұхиты аймағы (АТА) елдерімен серіктестік байланыс орнату.



## ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АСТАНАСЫ

### § 54. Еліміздің астанасы – жаңа Қазақстанның өркендеу нышаны

#### Бүгін сабақта:

- тәуелсіз Қазақстан астанасын көшіру туралы шешімді сипаттаймыз;
- астананы жаңа Қазақстанның өркендеуі нышаны ретінде анықтаймыз.

*Зерттеу сұрағы. Астананы көшіру не себепті дәл уақытында жүзеге асқан стратегиялық шешім саналады және «Қазақстан – 2050» стратегиясында не белгіленді?*

**Астананы көшіру.** Бір қаланың ғана емес, бүкіл елдің тағдырын өзгерткен айрықша мәнді қадам Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың астананы көшіру туралы саяси шешімі болды. Бүгін елорда – мемлекетіміздің өркендеуі мен жанаруының нышаны, қазақстандықтардың арманы, үміті және болашағымен байланысты қала. Қазақстанның жаңа астанасының тарихы қалай басталды?

#### Тірек сөздер:

- жаңа астана
- астана күні
- ҚР Президентінің «ҚР астанасы туралы» Жарлығы

**Ойлан!** Әртүрлі тарихи кезеңдерде қандай қалалар Қазақстан астанасы болды және олардың негізгі тарихи кезеңдерін анықтаңдар.

1994 жылы 6 шілдеде Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі сессиясының мәжілісінде сөйлеген сөзінде астананы көшіру туралы ұсыныс айтты (сондықтан 6 шілде астана күні деп саналады). Президент мұны Алматы экономикалық, геосаяси жағдайларына қарай тәуелсіз мемлекет астанасы болу талаптарына сәйкес келмейтіндігімен дәйектеді. Алматы аумағын кеңейту қажет болды. Бірақ халық саны 1,5 млн адамға жетіп қалғандығына, құрылыс нысандарының тығыз орналасуына және бос алаңдарға сыймау салдарынан қаланы кеңейту мүмкін болмады. Депутаттар арасында қызу пікірталас болып, біреулері Елбасының идеясын қолдаса, басқалары республиканың бас қаласы мәртебесін



Алматыға қалдыру керек екенін айтты. Нәтижесінде депутаттардың көпшілігі астананы көшіруге дауыс берді.

1995 жылы 15 қыркүйекте Президенттің «Қазақстан Республикасының астанасы туралы» заңдық күші бар Жарлығы шықты. Жарлықта жоғары және орталық органдарды Ақмола қаласына көшіру жөнінде Мемлекеттік комиссия құру туралы нұсқау берілді. Ақмола (Нұр-Сұлтан) зерттеулер негізінде Алматыға ең үздік балама ретінде таңдап алынды.

Ақмоланың қолайлы болуына оның аумағының үлкендігі, орталықта орналасуы, басты экономикалық орталықтарға және елдің байланыс жолдарына жақын орналасуы, демографиялық әлеуеті, дамыған көлік инфрақұрылымы және табиғи қоршаған орта сияқты шешуші басымдықтары себеп болды.

1997 жылы 20 қазанда Тұңғыш Президенттің «Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау туралы» Жарлығы шықты. Онда 1997 жылдың 10 желтоқсанынан бастап Ақмола қаласы Қазақстан Республикасының астанасы екендігі, ал астананың ресми тұсаукесері 1998 жылы 10 маусымда өтетіндігі айтылды.

1997 жылы 8 қарашада Ақмолаға Қазақстанның мемлекеттік нышандары әкелінді. Ақмола Мемлекеттік Ту мен Гербтің, сондай-ақ Президенттік штандарттың қорғаушысы ретінде ерекше мәртебеге ие болды.

1998 жылы 6 мамырда жергілікті атқару және өкілетті органдардың өтінішін, Ақмола қаласы қауымдастығының қалауын ескере отырып және Қазақстан Республикасы Үкіметінің ономастикалық комиссиясының тұжырымдамасы негізінде Қазақстан Президентінің Жарлығымен Ақмола атауы Астана болып өзгертілді. Кейін Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы 23 наурыздағы Жарлығымен Астана қаласы Нұр-Сұлтан болып өзгертілді.

Астананы дәл осы өңірге көшіру көрші өңірлер экономикасының дамуына зор серпін берді. Астананы көшіруге байланысты еңбек ресурстарын жалпыұлттық қайта бөлу орын алды. Ел басшылығы мен әкімшіліктің Астанаға көшуі жаңа басқарушы мамандардың, сарапшылардың келуіне жол ашты. Сонымен қатар астанада бизнестің дамуын ілгерілеткен барлық ақпарат пен жаңашылдық ағылып келді. Жаңа білім беру мекемелері, Ұлттық кітапхана, Ұлттық мұражай, Әлеуметтік-экономикалық технологиялар орталығы, бизнес-орталықтар, денсаулық сақтау мекемелері және т.б. жаңа инфрақұрылым қалыптаса бастады. Астана Қазақстанның саяси, экономикалық және мәдени орталығы болды.

**Жаңа астананың құрылысы.** Астана құрылысының бас жобасын жүзеге асыру жаңа орталық құрылысынан басталды. Астананың жаңа орталығында «Бәйтерек» монументі салынды. Қазір «Бәйтерек» Қазақстан және оның астанасы үшін Мәскеудегі Қызыл алаң немесе Нью-Йорктегі Бостандық статуясы тәрізді.





Бүгінгі таңдағы Қазақстан астанасы көрінісі

Қаланың сәулеттік тұжырымдамасын жасауда Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаевтың қалаға Еуразияның келбетін беру керек деген идеясы негізге алынды. Астана құрылысының бас жоспарының авторы Амстердамдағы Ван Гог мұражайы жобасының, Куала-Лумпурдегі халықаралық әуежай және Осакадағы ұлттық этнологиялық мұражай және т.б. заманауи құрылыстардың авторы, белгілі жапон сәулетшісі Кисе Курокава болды. Курокаваның бас жобасы бойынша жасалған архитектуралық ансамбльдер заманауи дизайн мен азиялық сипатты үйлестірді. Астанада өз идеяларын британдық белгілі сәулетші Норман Фостер жүзеге асыра бастады. Ол Астанада Бейбітшілік және келісім сарайын, жана сауда ойын-сауық орталығы «Хан Шатырды» жобалады.

Жаңа астана өткеннің бай мұрасы мен қазіргі заманның ең жақсы жетістіктерін үйлестіріп отыр. Ондағы көптеген нысандар елімізде және шет елдерде өте танымал. Билеп тұрған субұрқақтар, Бейбітшілік және келісім сарайы, океанариум өз «ғажайыптарымен» саяхатшыларды таңғалдыруда.

**Бұл қызық!** Алғаш қала нышанының бірі, қаланың ең басты көзтартарлық нысаны болып саналатын Бәйтерек салына бастады. Ол – сәулетші А.Рүстембековтің туындысы. Шарымен қоса алғанда биіктігі – 97 м, құрылымның ұшар басымен есептегенде – 105 м. Әлемдік көшбасшылар мен жоғары лауазымды адамдар мұнда жиі келеді.

Қазақстанның жаңа астанасын әлем мойындады. 1999 жылы шілдеде ЮНЕСКО-ның «Әлем қаласы» сыйлығымен марапаттал-

ды. Ал 2003 жылы дүниежүзілік жетекші рейтингісі бар «Moody's Investors Service» агенттігінің қолдауымен қаланың несиелік рейтингі бірден екі деңгейге «тұрақтыдан» «тіімдіге» дейін көтерілді. 2008 жылы сәуірде өткен Мәскеудегі байқауда «ТМД-дағы ең үздік қала» атағын жеңіп алды. Әлемдік конфессиялар көшбасшыларының съездері, ЕҚЫҰ саммиті, ШЫҰ, Азнада, ЭКСПО-2017 – осының бәрі егеменді Қазақстанның жаңа астанасын әлемдік қауымдастықтың мойындауының куәсі.

**Жаңа астананы құрудың тарихи маңызы.** Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен салынған астана ауқымды ұлттық жобаға айналды. Астана – жалпықазақстандық ұлттық идеяның іргетасы, біздің ортақ мақтанышымыз. Астананы көшіру туралы стратегиялық шешімнің геосаяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени және т.б. жағынан Қазақстан үшін маңызы зор болды.

*«Біз жаңа астананың негізін салдық. Арман қала ақыр-соңына дейін біздің ұрпақтарымызбен, жас қазақстандықтармен жүзеге асырылады. Қазір енді ғана Астана парктері мен өзен жағалауында серуендеп, оның фонтандарын қызықтап және болашақ туралы армандар жүрген кімдер болса, бұл – солардың қаласы. Бұл – Шығыспен Батыс болып бірге тұтасқан қала. Бұл – бостандық туралы ежелден далалық арман мекен еткен қала» (Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы» кітабынан).*

#### Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Қай жылы Ақмола Қазақстан Республикасының астанасы болды?
2. Астананы көшіруге не себеп болды?
3. Жаңа астананы таңдап алу кезінде қандай негізгі факторлар есепке алынды?
4. Жаңа астананы жасаудың қандай тарихи маңызы бар?

#### Кестемен жұмыс.

Кестенің көмегімен 2018 жылғы I ақпандағы жаңа астананың халық саны өзгеруінің статистикалық есебін жасаңдар\*.

Қала мен оның аудандары	2018 жыл басына	Халық өсімі			2018 жылдың I ақпанындағы саны	Есепті мерзімдегі	
		Жалпы	Табиғи	Көші-қон		Өсім қарқыны %	Саны
Астана	1 032 475	3 062	2 057	1 005	1 035 537	0,30	1 034 006
Алматы	454 514	220	1 039	-819	454 734	0,05	454 624
Есіл	193 124	1 985	478	1 507	195 109	1,03	194 117
Сарыарқа	384 837	857	540	317	385 694	0,22	385 265

\* Қазіргі есеп бойынша.





**Идеологема** – саяси термин, қандай да бір идеологияның бөлшегі, идеологиялық жүйе элементі.

### Қосымша мәлімет.

Нұр-Сұлтан (1961 жылға дейін – Ақмола, 1961–1992 жылдары – Целиноград, 1992–1998 жылдары – Ақмола, 1998–2019 жылдары – Астана) – 1998 жылдың 10 маусымынан бастап Қазақстан Республикасының елордасы. Астананы көшіру жігерлі, қайратты жастардың дамуына, көшбасшылардың қалыптасуына қолайлы жағдай жасады.

Ақмолада шоғырланып, алғаш рет өз тарихында өз жеке астанасын жасаған халықтың күші мен қуаты бүкіл елдің дамуына күшті серпін беріп, әлемдік қауымдастықтың назарын аударды.

Ірі халықаралық ұйымдардың астанада өз өкілдіктерін ашуы кездейсоқ жағдай емес. Ал Қазақстан ұйымдастырып отырған әртүрлі іс-шаралар әлемдік саяси, ғылыми және бизнес-элитаны жинап отыр.

Бірнеше ең көлемді шараларды атап өтейік. 2010 жылы Қазақстан астанасында өткен, ұйым қызметінің елеулі өзгерістерге ұшырауына алып келген ЕҚЫҰ саммиті; әртүрлі конфессиялардың өкілдері, оның ішінде шиеленісте болып отырғандар үшін де маңызды диалог алаңы болып отырған елордада жүйелі түрде өткізілетін әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезі. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының Бірінші съезі Қазақстан Тұңғыш Президентінің бастамасымен 2003 жылы қыркүйекте астанада өтті. Форум әрбір үш жыл сайын республика астанасында өтеді. Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының Кезекті алтыншы съезі Қазақстанда 2018 жылы қазанда өтті.

Маңыздылығы жағынан ең жарқын және көлемді шаралардың бірі ретінде бүкіл әлемге «жасыл» технологиялар саласындағы ең соңғы трендті көрсеткен, 2017 жылы «Болашақ энергиясы» тақырыбында өткен «Экспо-2017» халықаралық арнайы көрмесін атап айтуға болады. Көрмеге 115 ел және 22 халықаралық ұйым қатысты. Алғашқыда 2 миллион болады деп болжанған келушілердің жалпы саны 4 млн-ға жуық болды. Бұл көрме елордамызды әлемге одан әрі таныта түскен жоба болды.

Экспоның арқасында Қазақстан астанасы көрме павильондарын орналастыруға арналған жаңа ең заманауи квартал мен ғимараттарға ие болды. Ал ең басты нысан – «Нұр-Әлем» сферасы мұражай ретінде жұмыс істеп, келушілерді жаңартылатын энергия көздерінің жаңалықтарымен таныстырады.

Елбасы жаңа астананың құрылыс барысын жеке өзі қадағалап, кейбір нысандардың эскиздерін өзі сызды. Мысалы, астананың басты символы – «Бәйтерек» монументі. Ұлттық мұражайда бұл суреттердің нұсқалары сақталған.

1997 жылдан бастап еліміздің тасымалдау жүйесі толықтай өзгерді. Бүгінгі күні ол 1049 км созылып жатқан 953 көшеден тұрады. 20 жыл ішінде қала аумағының көлемі 500 шаршы км-ге дейін ұлғайды.



Елбасы салған Бәйтерек монументінің нобайы

Астананың жетістіктері, оның ішінде әртүрлі рейтингтердегі оның жоғары орында тұрғаны туралы көп айтуға болады. Бірақ ең басты жетістік – тәуелсіздіктің ең алғашқы жылдары салына бастаған астана құрылысы Қазақстан халқының болашаққа деген сенімін нығайтып, ең жоғарғы мақсаттарға қол жеткізу мүмкіншілігі бар екенін көрсетті.

*«Астана – Қазақстанның жаңаруының нышаны, оның көпұлтты халқының жасампаз күш-қуатының куәсі. Бұл – соншалықты жеңіл тимеген заманның өзінде жаңа астанасын тұрғызуға бел шешіп кіріскен халықтың өзінің күш-жігеріне деген сенімінің белгісі. Бұл – азаттық алған ұлттың өзінің гүлденген болашағына, ұрпағының келешегіне зор үмітінің көрінісі»* деп жазды Н.Ә.Назарбаев «Еуразия жүрегінде» деген кітабында.

«Астана – Қазақстанның ұлы дәуірі және стратегиялық векторы» мақаласында Елбасы «Астананың тағдыры – бүкіл қазақстандықтардың тағдыры» деп атап көрсетті. «Бұл – белгісіз, ыдыраған супердержаваның қиыр шетінде жатқан ешкім танымайтын республикадан бүгінде жаһандық қоғамдастықта бәрі білетін және құрметтейтін серпінді заманауи мемлекетке дейінгі Үлкен жолдан өткен тәуелсіз Қазақстанның тағдыры», – деп атап көрсетті Н.Ә.Назарбаев.

Бүгін Қазақстанның астанасы ұлттың брендіне айналды, ал оның дамуы – бүкіл елдің даму моделі болды деп батыл айтуға болады.



## «ҚАЗАҚСТАН – 2050» СТРАТЕГИЯСЫ

### § 55. «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты

#### Бүгін сабақта:

- заманауи кезеңдегі ұзақмерзімді мемлекеттік стратегияларға, Қазақстан дамуының басымдыққа ие бағыттарына талдау жасаймыз.

*Зерттеу сұрағы. «5 институционалдық реформаны іске асыру бойынша 100 нақты қадам» Ұлт жоспары неліктен қабылданды?*

«Қазақстан – 2050» стратегиясы. 2012 жылғы 14 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Президенті халыққа «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» жаңа Жолдауын жариялады. Онда «Қазақстан – 2030» Стратегиясының негізгі қорытындылары жасалды және *XXI ғасырдың жаһандық он сын-қатері белгіленді*.

#### Тірек сөздер:

- «Қазақстан – 2050» стратегиясы
- институционалды реформалар
- «100 нақты қадам» ұлт жоспары

1. *Тарихи уақыттың жеделдеуі.*

2. *Жаһандық демографиялық теңгерімсіздік.* Жалпыәлемдік тренд – адамзаттың қартаюы. Енді 40 жылдан кейін алпыс жас-тан асқан адамдардың саны 15-ке толмағандардан асып түседі. Туудың азаюы және адамзаттың қартаюы көптеген елдерде еңбек нарығындағы проблемаларға, атап айтқанда, еңбек ресурстарының жетіспеушілігіне сөзсіз әкеледі.

3. *Жаһандық азық-түлік қауіпсіздігіне төнетін қатер.* Әлемдік халық саны өсуінің жоғары қарқыны азық-түлік проблемасын күрт шиеленістіріп отыр. Бүгіннің өзінде әлемде миллиондаған адам аштыққа ұшырап, миллиардқа жуық адам тағамның ұдайы жетіспеушілігін бастан кешіруде. Тамақ өнімдерін өндіруде революциялық өзгерістер жасамаса, осынау үрейлі цифрлар тек өсе түспек.

4. *Судың тым тапшылығы*. Соңғы 60 жылда жер шарында ауыз-суды пайдалану 8 есе өсті. Осы жүзжылдықтың ортасына қарай көптеген елдер суды сырттан алдыруға мәжбүр болады. Су – барынша шектеулі ресурс және оның көздерін пелену үшін күрес жер бетіндегі шиеленіс пен жанжал себептерінің бірі ретінде қазірдің өзінде геосаясаттың аса маңызды факторына айналып отыр.

5. *Жаһандық энергетикалық қауіпсіздік*. Барлық дамыған елдер баламалы және «жасыл» энергетикалық технологияларға инвестицияны ұлғайтуда. Оларды қолдану 2050 жылға қарай барлық тұтынылатын энергияның 50%-на дейін өндіруге мүмкіндік береді.

6. *Табиғи ресурстардың сарқылуды*. Бізге өз табиғи байлықтарымызға деген көзқарасымызды ой елегінен өткізудің қағидатты маңызы бар. Біз оларды сатудан қазынамызға кіріс құя отырып, оларды дұрыс басқаруды, ең бастысы, еліміздің табиғи байлығын орнықты экономикалық өсуге барынша тиімді кіріктіруді үйренуіміз керек.

7. *Үшінші индустриялық революция*. Адамзат Үшінші индустриялық революция табылдығында тұр, ол өндіріс ұғымының өзін өзгертеді.

8. *Үдей түскен әлеуметтік тұрақсыздық*. Қазіргі уақытта ең үлкен әлемдік мәселелердің бірі – күшейе түскен әлеуметтік тұрақсыздық. Оның негізгі себебі – әлеуметтік теңсіздік.

9. *Өркеніетіміз құндылықтарының дағдарысы*. Әлем ауыр дүниетанымдық және құндылық дағдарысты бастан кешіріп отыр. Өркеніеттер қактығысы, тарихтың ақыры, мультимәдениеттің күйреуін жариялайтын үндер жиі естіледі.

10. *Жаңа әлемдік тұрақсыздық қаупі*. Осыған байланысты біз халықаралық ахуал дамуының кез келген көрінісіне жан-жақты дайын болу үшін биліктің барлық тармақтарының, мемлекет пен қоғамның ойластырылған, келісілген және үйлестірілген бағытын тұжырымдауға тиіспіз.

**Ойлан!** Қазақстан неліктен қалыптасқан мемлекет болып аталды? Сендер адамзаттың жаһандық он сын-қатерін қандай реттілікте баяндаған болар едіңдер?

**Әлеуметтік саясаттың жаңа қағидаттары – әлеуметтік кепілдіктер және жеке жауапкершілік.** «Қазақстан – 2050» Стратегиясында – жана әлеуметтік саясаттың басты ұстанымдарының ішінде бірінші рет «Баланы қорғау» бағыты бөліп көрсетілді. Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Балалар – қоғамымыздың ең әлсіз және қорғансыз бөлігі және олар құқықсыз болуға тиіс емес» деп атап көрсетті. Балаларға қамқорлық жасау біздің елдегі әлеуметтік саясаттың анықтаушы бөлімі болып табылады. Бүгінгі күні бірінші орында ең кішкентай



азаматтардың өмір сапасын жақсарту міндеттері тұр. БҰҰ-ның бала құқықтары туралы Конвенциясы нақ осы тәсілге негізделген, оның қағидаттарын көптеген мемлекеттер қолдап отыр.

Елбасы ерекше назар аударып отырған басым бағыттардың бірі жастардың денсаулығы болып табылады. Басты мәселе 16 жасқа дейінгі балаларды медициналық қызметтің барлық саласымен қамту: сапалы және қолжетімді медициналық қызметтер көрсету, аурулардың барынша кең ауқымын анықтау мен емдеуді қамтамасыз ету. Профилактикалық медицина аурулардан сақтандырудың негізгі құралына айналуы тиіс. Халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмысына көбірек көңіл бөлу қажет.

Тұңғыш Президенттің айтуынша, дамыған және бәсекеге қабілетті елге айналуымыз үшін, біз жоғары білімді ұлтқа айналуға тиіспіз. Бұған мектепке дейінгі білім берудің «Балапан» бағдарламасы, Назарбаев зияткерлік мектептері, Назарбаев университеті, «Болашақ» бағдарламалары мысал бола алады.

Сондай-ақ оқыту әдістемелерін жаңғыртуға, инженерлік білім беру мен заманауи техникалық мамандықтарға көп көңіл бөлінеді. Мемлекет басшысы барлық инет білдірушілер үшін қолжетімді қашықтықтан оқыту мен онлайн режимінде оқытуды қосқанда, отандық білім беру жүйесіне инновациялық әдістерді, шешімдер мен құралдарды қарқынды енгізу керектігін атап өтті. Оқытуға гранттардың көпсатылы жүйесі әзірленуі қажет.

**Сыртқы саясатты жаңғыртудың басымдықтары :**

- аймақтық және ұлттық қауіпсіздікті барынша нығайту;
- экономикалық және сауда дипломатиясын белсенді дамыту;
- мәдени-гуманитарлық, ғылым-білім және басқа шектес салалардағы халықаралық ынтымақтастықты арттыру;
- ел азаматтарын құқықтық қорғауды, олардың шетелде жеке, отбасылық, іскерлік мүдделерін қорғауды күшейту.

**«Жаңа қазақстандық патриотизм» бағытының негізгі мақсаты :** біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыздың табысы – қоғамдық келісімді сақтау және нығайту. Қазақстандық патриотизмнің іргетасы – барлық азаматтардың теңқұқылығы және Отан намысы алдындағы жалпы жауапкершілігі.

2050 жылға қарай біз Қазақстанның кез келген азаматы ертеңгі күнге, болашаққа өте сенімді болатындай саяси жүйе құруымыз керек.

Біздің еліміздің әрбір азаматы өзін өз жерінің қожасы ретінде сезінуге тиіс.

**Барлық этностар азаматтары құқықтарының теңдігі** қарастырылған. Ол туралы «Біз – көпұлтты қоғамбыз. Және де ұлтаралық

катынастар мәселесінде ешқандай қосарланған стандарттар болмауға тиіс. Мемлекетте бәрі де тең болуға тиіс. Этностық немесе басқа да белгілер бойынша жақсы немесе жаман деген болмауға тиіс» делінген.

*Қазақ тілі және тілдердің үштұғырлылығы* жолға қойылды. Жауапкершілікті тіл саясаты қазақ ұлтын біріктіруші басты факторлардың бірі болып табылады. Елбасы 2025 жылдан бастап біздің әліпбиді латын әліпбиіне көшіруге кірісу, қазақ тілін жаңғырту міндетін қойды. Үштілділік мемлекеттік деңгейде ынталандырылуы керек. Біз өзіміздің ұлттық мәдениетіміз бен дәстүрлерімізді осы аралуандығымен және ұлылығымен қосып қорғауымыз керек, мәдени игілігімізді бөлшектеп болса да жинастыруымыз керек.

Бүгінде біздің халқымыз үшін дәстүрлі емес діни және жалған діни ағымдар мәселесі өткір болып тұр. Мемлекет пен азаматтар радикализмнің, экстремизмнің және терроризмнің барлық түрлері мен бой көрсетулеріне қарсы біртұтас шеп құруға тиіс.

Елбасы Н.Назарбаевтың «Ұлт жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асырудың 100 нақты қадамы» (2015 ж., мамыр) – жаһандық ішкі сын-кәтерге жауап және жаңа тарихи жағдайларда дамыған 30 мемлекеттің қатарына ену бойынша ұлт жоспары.

#### **5 президенттік реформа:**

- кәсіби мемлекеттік аппарат құру – 1–15 қадам;
- заңның үстемдігін қамтамасыз ету – 16–34 қадам;
- индустрияландыру және экономикалық өсім – 35–84 қадам;
- біртектілік пен бірлік – 85–90 қадам;
- есеп беретін мемлекетті қалыптастыру – 91–100 қадам.

#### **Сұрақтарға жауап беріндер.**

1. Қазақстан Республикасы әлеуметтік саясаты үшін қандай жаңалықтар тән?
2. 2012 жылғы Жолдауда сыртқы саясатты жаңғыртушың қандай қағидағары белгіленді?
3. «Ұлт Жоспары – бес институционалдық реформаны жүзеге асырудың 100 нақты қадамы» қандай мақсатпен әзірленді?

#### **Тапсырмалар.**

1. Реформалардың бірін таңдап, тірек конспектiсін жасаңдар.
2. Өз көзқарастарыңды білдіріп, ең маңызды реформалар туралы әңгімелеңдер.



## ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ҚАЗАҚСТАН ДАМУЫНЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

### § 56. Қазақстанның қазіргі кезеңдегі ұзақмерзімді мемлекеттік стратегиялары

#### Бүгін сабақта:

- Қазақстанның қазіргі кезеңдегі дамуындағы сындарлы бағыттары мен ұзақ мерзімге арналған стратегиясын талдаймыз.

*Зерттеу сұрағы. Бүгінгі Қазақстанның дамуы үшін Елбасы Н.Ә.Назарбаев қандай сындарлы бағытты ұстанды?*

**Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылдың 10 қаңтарындағы Қазақстан халқына Жолдауы. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауда қазіргі Қазақстанның дамуының басым бағыттары тұжырымдалды.**

Елбасы Қазақстан халқына төртінші өнеркәсіптік революция жағдайында қандай міндеттер жүктелетінін нақтылап көрсетті: *«Бүгінде әлем Төртінші өнеркәсіптік революция дәуіріне, технологиялық, экономикалық және әлеуметтік салалардағы терең және қарқынды өзгерістер кезеңіне қадам басып келеді.*

*Жаңа технологиялық қалып біздің қалай жұмыс істейтінімізді, азаматтық құқықтарымызды қалай іске асыратынымызды, балаларымызды қалай тәрбиелейтінімізді түбегейлі өзгертуде.*

*Біз жаһандық өзгерістер мен сын-қатерлерге дайын болу қажеттігін ескеріп, «Қазақстан – 2050» даму стратегиясын қабылдадық.*

*Алдымызға озық дамыған отыз елдің қатарына кіру мақсатын қойдық.*

*100 нақты қадам – Ұлт жоспары жүзеге асырылуда. Оның 60 қадамы қазірдің өзінде орындалып қойды. Қалғандары, негізінен, ұзақ мерзімге арналған және жоспарлы түрде іске асырылуда.*

#### Тірек сөздер:

- Қазақстанның үшінші жаңғыруы
- индустрияландыру бағдарламасы
- ақылды технологиялар
- адам капиталы

*Өткен жылы Қазақстанның Үшінші жаңғыруы бастау алды. Индустрияландыру бағдарламасы табысты іске асуда. «Цифрлық Қазақстан» кешенді бағдарламасы қабылданды. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі дамуының кешенді стратегиялық жоспары жасалды*

**Ойлан!** Жолдауда төртінші өндірістік революция жағдайында дамудың қандай жаңа мүмкіндіктері туралы айтылады? 10 басым міндеттерді атап, оларға түсініктеме беріңдер.

Сонымен қатар қазақстандықтар шешімін табуы тиіс 10 басым міндетті атап өтеді.

1. *Индустрияландыру* жаңа технологияларды енгізудің көш-басшысына айналуы тиіс. Оның жүзеге асуы үшін қажеттіліктер:

– жоғары еңбек өнімділігі бар қайта өңдеу секторына бағытталуымыз керек;

– индустрияландыру жаңа технологиялық қалыптың барлық мүмкіндіктерін пайдалана отырып, мейлінше инновациялық сипатқа ие болуға тиіс;

– кәсіпорындарымызды жаңғыртуға және цифрландыруға бағытталған, өнімнің экспортқа шығуын көздейтін жаңа құралдарды әзірлеп, сыннан өткізу қажет;

– технологиялардың трансфертін ынталандыруға тиіс;

– еліміздің бірнеше өнеркәсіптік кәсіпорнын цифрландыру жөніндегі пилоттық жобаны іске асырып, бұл тәжірибені кеңінен тарату керек;

– цифрлық және басқа да инновациялық шешімдерді әзірлеушілердің өз экожүйесін дамыту;

– IT және инжинирингтік қызмет көрсетуді дамыту;

– «цифрлық дәуір» өнеркәсібін қалыптастыруға арналған индустрияландырудың үшінші бесжылдығын әзірлеуге кірісу керек.

2. *Ресурстық әлеуетті одан әрі дамыту*. Астанада өткен ЭКСПО-2017 көрмесі баламалы, «таза» энергия саласындағы дамудың қаншалықты қарқынды екенін көрсетті. «Жасыл» технологияларға инвестиция салу үшін бизнесті ынталандыру маңызды. Өнірлердің әкімдері шағын және орта бизнес субъектілерін кеңінен тартып, тұрмыстық қатты қалдықтарды заман талабына сай утилизациялау және қайта өңдеу үшін шаралар қабылдау керек. Осы және басқа да шаралар заңнамаға, соның ішінде Экологиялық кодекске өзгерістер енгізуді талап етеді.

3. *Ақылды технологиялар – агроөнеркәсіп кешенін қарқынды дамыту мүмкіндігі*. Аграрлық саясат еңбек өнімділігін түбегейлі арттыруға және өңделген өнімнің экспортын ұлғайтуға бағытталуы



же делдету қажет. Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс. 2019 жылдың 1 қыркүйегіне қарай мектепке дейінгі білім беру ісінде балалардың ерте дамуы үшін өз бетінше оқу машығы мен әлеуметтік дағдысын дамытатын бағдарламалардың бірыңғай стандарттарын енгізу қажет. Орта білім беру саласында жанартылған мазмұнға көшу басталды, ол 2021 жылы аяқталатын болады. Бұл – мүлде жаңа бағдарламалар, оқулықтар, стандарттар және мамандар. Педагогтерді оқыту және олардың біліктілігін арттыру жолдарын қайта қарау керек болады. Біздегі оқушылардың жүктемесі ТМД елдерінің ішінде ең жоғары болып отырғанын және Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдеріне қарағанда орта есеппен үштен бір еседен көп екенін ескеріп, оны төмендету керек. Барлық өңірдегі Оқушылар сарайларының базасында компьютерлерді, лабораторияларды және 3D-принтерлерді қоса алғанда, барлық қажетті инфрақұрылымдары бар балалар технопарктері мен бизнес-инкубаторларының желісін құру керек. Қазақстандықтардың болашағы – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін еркін меңгеруінде. Нәтижесінде, біздің барлық түлектеріміз елімізде және жаһандық әлемде өмір сүріп, жұмыс істеуі үшін қажетті деңгейде үш тілді меңгеретін болады.

Сонда ғана нағыз азаматтық қоғам құрылады. Өзінің тарихын, тілін, мәдениетін білетін, сондай-ақ заманына лайық, шетел тілдерін меңгерген, озық әрі жаһандық көзқарасы бар қазақстандық біздің қоғамымыздың идеясына айналуға тиіс.

Үздік денсаулық сақтау ісі және дені сау ұлт. Халықтың өмір сүру ұзақтығының өсуіне және медициналық технологиялардың дамуына байланысты медициналық қызмет көрсетуге деген сұраныс көлемі арта түсетін болады. Қазіргі денсаулық сақтау ісі қымбатқа түсетін стационарлық емге емес, негізінен, аурудың алдын алуға бағытталуға тиіс. Саламатты өмір салтын насихаттай отырып, қоғамдық денсаулықты басқару ісін күшейту керек.

Медициналық мамандармен қамтамасыз ету және оларды сапалы даярлау маңызды мәселе болып саналады.

8. *Тиімді мемлекеттік басқару.* «Бір терезе» қағидаты бойынша бизнеске мемлекеттік қолдау көрсету үдерістерін цифрландыруды қамтамасыз ету қажет. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінің интеграциясы «бір өтініш» қағидаты бойынша жекелеген мемлекеттік қызмет көрсетуден кешенді қызмет көрсетуге көшуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар табиғи монополия субъектілері



көрсететін қызметтерін ің сапасын арттыру жөніндегі жұмысты жалғастыру керек. Олар үшін және энергия өндірушілер үшін инвестициялық бағдарламаларын ескеріп, негізделген тарифтерді белгілеу маңызды. Бизнес-климатты жақсарту үшін батыл іс-қимыл талап етіледі, әсіресе өңірлік деңгейде. Мемлекет пен компаниялар жаңа технологияларды енгізе отырып, өз ақпараттық жүйелері мен құрылғыларының берік қорғалуын қамтамасыз етуі керек.

9. *Жемқорлықпен күрес және заңның үстемдігі.* Жемқорлықтың алдын алуға бағытталған күрес жалғаса береді. Сот және құқық қорғау жүйелерін институционалды тұрғыдан өзгерту жүзеге асырылуда.

Заңнамаға қылмыстық процестегі азаматтардың құқықтарын қорғау ісін күшейтуді, оның әсіре қатандығын бәсеңдетуді көздейтін нормалар енгізілді. Адвокаттардың құқықтары мен сотқа дейінгі сатыдағы сот бақылауының аясы кеңейді. Құқық қорғау органдарының өкілеттігі мен жауапкершілік шегі айқындалды.

10. *«Ақылды қалалар» «ақылды ұлт» үшін.* 2018 жыл – астанамыздың 20 жылдығын атап өтетін мерейтойлы жыл. Бас қаламыздың қалыптасуы және Еуразияның маңызды даму орталықтарының қатарына қосылуы – баршамыздың ортақ мақтанышымыз. Заманауи технологиялар жылдам өсіп келе жатқан мегаполистің мәселелерін тиімді шешуге жол ашады. «Смарт Сити» тұжырымдамасы мен қалаға қоныс аударатын адамдардың құзыреттерін дамыту негізінде қалалық органы басқаруды кешенді түрде енгізу қажет. «Ақылды қалалар» өңірлік дамудың, инновацияны таратудың және еліміздің барлық аумағында тұрмыс сапасын арттырудың локомотивтеріне айналады.

#### **Сұрақтарға жауап беріңдер.**

1. Неліктен инновациялық технологияларды енгізуде индустрияландыру басым болуы тиіс?
2. Төртінші өндірістік төңкеріс жағдайында Қазақстанды индустрияландыру үшін не істеу керек?
3. Ұлт көшбасшысы таяу жылдардағы даму үшін қандай басым міндеттер жүктеді?
4. Республиканың экономикалық салада дамуы үшін қандай мәселелерді тез арада шешу керек?
5. Қазақстанның ауылшаруашылығына қандай «ақылды технологиялар» көмектесуі мүмкін?
6. Қандай тапсырмалардың әлеуметтік салаларға қатысы бар?
7. Неліктен Елбасы адам әлеуеті жаңғырудың негізі деп атады? Мысал келтіріңдер.
8. Білім беру бағдарламалары үшін негізгі басымдылық болып не саналады?
9. Қазақстандағы білім жүйесі қалай өзгереді?



### Тапсырмалар.

1. Қазақстанның қазіргі кезеңдегі дамуының басым бағыттарын айқындайтын құжаттарды атаңдар.
2. 2018 жылғы 10 қаңтарда Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауында қандай «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» туралы айтылады? Дәптерлеріне жазып, түсіндіріңдер.
3. Талдау тақырыбын таңдаңдар: «Қазақстанның қазіргі экономикасы», «Әлеуметтік саланы дамыту», «Қазіргі Қазақстандағы мәдениет пен білім». Осылардың әрқайсысына талдау анықтамасын дайындаңдар. Баспасөз конференциясын, дөңгелек үстел немесе сарапшылар кеңесінің отырысын ұйымдастырыңдар.
4. ЭКСПО-2017 көрмесіне арналған материалдар мен қосымша деректерді пайдаланып, Қазақстан мен әлемдегі «ақылды қалалар» туралы айтыңдар.

## ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУЫ

### § 57. Қазақстан Республикасының білім мен ғылым саласындағы саясаты

#### Бүгін сабақта:

- XX ғасырдың екінші жартысындағы білім мен ғылым жүйесінің даму үдерісін саралаймыз;
- мемлекеттің білім және ғылым саласындағы саясатын бағалаймыз.

*Зерттеу сұрағы. Кеңестік білім беру жүйесіндегі реформалар мақсаты қандай болды және XX ғасырдың екінші жартысында ғылымның қандай салалары дамыды?*

**ҚР-ның білім туралы тұжырымдамалары мен заңдары.** Республиканың 90-жылдардағы экономикалық даму көрсеткіштерін саралайтын болсақ, мемлекетті дамушы елдердің қатарына жатқызуға болады. Ал халықтың білім деңгейі мен біліктілігі, оқу процесінің тиімділігі, ғылыми әлеуеті бойынша бағаласақ, онда ол көптеген дамыған елдерден жоғары тұрды. Халықтың толық сауаттылығы, барлық деңгейдегі білім салаларының тегін болуы, білім бағдарламаларының жүйелілігі мен оның ғылыми сипаты, халықаралық өлшем бойынша сапалы мамандар әлеуеті кеңестік кезеңдегі артықшылықтар мен жетістіктер болды. Бұл кезең Қазақстан Республикасының бірқатар тұжырымдамалық құжаттарында : «Білім туралы» Заң және Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептерді дамыту тұжырымдамасында көрініс тапты .

Білім реформасының басты міндеті – жаңа жағдайларға бейімделу және дамыту қажеттілігі.

Екінші міндеті – білім жүйесіндегі құрылымдық өзгерістер мен модернизация .

Үшінші міндеті халықаралық талаптарға сай халықаралық білім кеңістігімен интеграциялану болды.

#### Тірек сөздер:

- ҚР-ның білім жүйесі
- «Білім туралы» Заң
- «Ғылым туралы» Заң
- ұлттық ғылыми орталықтар



**Ойлан!** Неліктен қазіргі кезеңде халықтың жоғары сауаттылығы ерекше маңызға ие? Елбасының еңбектеріне сүйене отырып дәлелдендер.

Алайда Қазақстан тәуелсіздік алған алғашқы жылдары білім саласында күрделі мәселелер туындады. Күрделі экономикалық жағдайға байланысты Қазақстанда бірнеше жыл бойы мектепке дейінгі тәрбие беру мекемелері жүйесі өз жұмыстарын толық тоқтатты. 1995–1997 жылдары білім мекемелерінде оңтайландыру шарасы жүргізіліп, соның нәтижесінде шағын жинақты мектептер жабылды. Бірақ білім жүйесіне жаңа білім бағдарламаларын бірте-бірте енгізу елдегі ахуалды анағұрлым жақсартты.

Қазіргі таңда ҚР-ның білім жүйесіне:

- мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту;
- бастауыш білім;
- негізгі орта білім;
- орта білім (жалпы орта білім, техникалық және кәсіптік білім);
- орта білімнен кейінгі білім;
- жоғары білім;
- жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру.

Мектепке дейінгі тәрбие мен білімнің маңызын арттыру бүкіл-әлемдік бағыт болып саналады. Балабақшаға барған бала білімнің барлық саласын жылдам меңгереді және өмірде көп жетістікке қол жеткізеді. Мемлекеттік балабақшамен қатар, жекеменшік балабақша да көптеп ашылуда. Мемлекет барлық балаларды 100% мектепке дейінгі мекемелермен қамтамасыз ету мақсатын қойды.

*Орта білім.* Бүкіл әлемде орта білімнің даму қарқыны байқалады. Бұл қазіргі заманда азаматтардың білім деңгейлеріне жоғары талап қоюына байланысты болуда.

1990–2000 жылдары орта білім бағытында маңызды өзгерістер орын алды. 1998 жылдары көптеген білім орталықтары, мысалы, дарынды балаларды оқытатын «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы құрылды. 1999 жылы үздік мектеп бітірушілерге арналған «Алтын белгі» медалі пайда болды. 2004 жылдан бастап мектеп оқушылары ҰБТ (ұлттық бірыңғай тестілеу) тапсыра бастады. Ол бұған дейінгі мектептер мен жоғары оқу орындарында тапсырып келген емтихандардың орнын алмастырды.

2008 жылы Елбасы халыққа арнаған Жолдауында «үш жылдың ішінде заманға сай білім алуға және озық технологияларды игеруге мүмкіндік беретін білім берудің тиімді инфрақұрылымын жасауды аяқтау, бұдан әрі кәсіптік техникалық білім беретін бағдарламаларды дайындап, іске асыру мен дамыту, «Тілдердің үштұғырлылығы» мәдени жобасын іске асыруды жеделдету (қазақ, орыс, ағылшын



тілдерінің бірлігі), мектепке дейінгі білім мекемелерімен толық қамтамасыз ету мәселелерін аяқтау» міндеттерін қойды.

Мемлекеттің білім беруді дамыту бағдарламаларында орта білімді қазақстандық және жаһандық білім кеңістігінің бір бөлігіне айналдыру көзделген. Ол халықаралық ең үздік инновациялық технологиялар мен білім сапасы тәжірибелеріне негізделетін болады.

**Жоғары білім.** Жоғары білім беру саласын дамытудағы негізгі бағыт – білім саласына мемлекеттің толық монополия орнатуынан бас тарту, жоғары білімге орталықтандырылған қатаң бақылауды жою және жоғары оқу орындарының қызметтеріне тәртіп орнату. Нәтижесінде жоғары білім саласында жекеменшік сектор дами бастады, осыған орай білім беру қызметінің нарығы құрылды. Қазақстандағы жоғары оқу орындары еуропалық білім беру моделі бойынша мамандар дайындайды. Қазақстан Еуропа университеттерінің Ұлы хартиясына қол қойып, Болон процесіне қосылды.

Қазақстан халықаралық білім беру саласындағы байланысқа үлкен көңіл бөлуде. Бүгінгі таңда жоғары оқу орындарының студенттері магистранттары мен докторанттарының Еуропа мен Азияның, Американың жетекші оқу орындарында білім алуға мүмкіндіктері бар. Шетелде білім алудың кең ауқымдағы мүмкіндігі қалыптасқан. Академиялық жағдай немесе студенттерді алмастыру бойынша шетелде бір семестр немесе бір жыл оқу жағдайлары болсын, бәрі толық қарастырылған.

**Мемлекеттік «Болашақ» бағдарламасы.** Халықаралық «Болашақ» стипендиясы 1993 жылы 11 қарашада ҚР-ның Тұңғыш Президенті

#### «Болашақ» байқауына қатысушы топтар







Н.Ә.Назарбаевтың Жарлығымен бекітілді. Бұл бастаманың негізі дарынды жастардың шетелде сапалы білім алуына мүмкіндік жасау болды. «Болашақ» бағдарламасы бойынша жастар білім алатын мемлекеттер қатарына АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Ресей секілді мемлекеттер енді.

**Білгенің абзал!** «Болашақ» бағдарламасы бойынша 2018–2025 жылдарға арналған шетелде мамандар даярлаудың республикалық комиссиясы 2018 жылғы басым бағыттағы мамандықтарды бекітті. Мемлекеттің үшінші жаңғыруды жүзеге асыру бағытына орай 160 мамандыққа басымдық берілді.

1994 пен 2009 жылдар аралығында «Болашақ» бағдарламасы бойынша 1900 стипендия иегері білім алды. «Болашақ» бағдарламасы қызмет сатысында өрлеудің өзіндік үлгісі ретінде қалыптасып, мектеп пен жоғары оқу орындарын бітіруші жастарды қызықтырды. Бүгінгі таңда «Болашақ» бағдарламасының түлектері мемлекеттік қызмет пен халықаралық ұйымдарда жауапты қызметтер атқарып, мемлекеттің дамуына өз үлестерін қосып отыр.

**Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы.** Қазақстан Республикасы іргелі ғылыми-техникалық әлеуетке ие. Бұл кеңестік кезеңде қалыптасқан болатын және осы ғылыми зерттеулер тәуелсіздік кезеңде одан әрі дамып, өркендеді. КСРО кезінде ғылымның көптеген салаларында: түсті металдар металлургиясы, физика, математика, ғарышты зерттеу, тау-кен істері, химия, биология және адам физиологиясы секілді ғылыми мектептер құрылып, қалыптасты.



Тәуелсіздік алған кезеңде Қазақстанның алдында ғылыми негізін қалыптастыру мәселесі тұрды. 1992 жылы «Қазақстан Республикасындағы ғылым мен мемлекеттік ғылыми-техникалық саясат туралы» Заң қабылданды. 90-жылдардың алғашқы кезеңінде ұлттық ғылыми орталықтар : радиоэлектроника мен байланыс, минералдық шикізатты кешенді қайта өңдеу, биотехнология мен Ұлттық ядролық орталық құрылды .

2007–2010 жылдары елімізде ғылыми зерттеулерді қаржыландыру көлемі артты . Республикада 400-ден астам ғылыми ұйым жұмыс істейді . Ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары оқу орындарында ғылым кандидаттары мен докторлар, PhD философия докторлары секілді жпырма екі мыңнан астам ғалым қызмет атқарады. 400-ден астам қазақстандық ғалым шетелдегі ғылыми орталықтардан тәжірибеден өтті.

2011 жылы Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» Заңы қабылданды. Бұл заң отандық ғылым мен олардың нәтижелерін жүзеге асыруға мол мүмкіндік берді.

Қазіргі кезеңде әлемдік экономикада негізгі басымдық материалдық құндылықтарға емес, интеллектуалдық мүмкіндіктерге беріледі. Қазақстан бүгінгі таңда экономиканың индустриалды-инновациялық даму кезеңіне аяқ басты. Бұл кезең ғылым саласының заманауи экономикалық жағдайларға бейімделуімен ерекшеленеді. Қазақстанның экономикасы жекеменшік секторда болған кезде, ғылым саласын реттеу принциптері , ғылымның бұрынғы бағыты заман талабына сай болмады әрі жетілмеді. Қазақстандық қоғам алдыңғы қатарлы индустрия мен экономика қалыптастыру үшін ғылымды дамыту қажеттілігін терең сезіне бастады .

**Ойлан!** Қазіргі қоғамда ғылым қаншалықты маңызға ие? Неліктен қоғам үшін интеллектуалды мүмкіндіктер аса маңызды?

Қазақстанда **математика ғылымы** саласы зор жетістіктерге жетті. Оған кеңестік дәуірдің ғылыми мұрасы мен тәуелсіздік кезеңдегі ізденістер өз әсерін тигізбей қоймады. Соңғы жылдары ғылымды, оның ішінде математика саласын қаржыландырудың артуының арқасында математика факультеттерін бітірушілер ғылыми ортаға көптеп келуде. Сонымен қатар осы саладағы қазақстандық ғалымдардың еңбектері әлемдік деңгейде таныла бастады.

Отандық математика ғалымдары көптеген жетістіктерге жетіп, әлемді мойындатты. Олардың ішінде Бақытжан Тұрсынұлы



Жұмағұлов, Асқар Серқұлұлы Жұмаділдаев, Уалбай Утмаханбетұлы Өмірбаев, Тынысбек Шәріпұлы Кәлменов, Нарғозы Тұрсынбайұлы Данаев, Мұхтарбай Өтелбайұлы Өтелбаев, Шалтай Смағұлұлы Смағұлов сынды Мемлекеттік сыйлық алған 7 математик-лауреаттың үлесі ерекше.

**Ғарыш саласы** аса жоғары технологиялық және ғылыми бағыт саналады. Осы орайда Ғарышты зерттеу ұлттық ғылыми орталығы мен оның мықты ғылыми технологиялық негізі отандық ғарыш саласының дамуына үлкен үлес қосып отыр. Олардың қатарына В.Фесенков атындағы Астрофизика институты, Ионосфера институты, академик Ө.Сұлтанғазин атындағы Ғарыштық зерттеулер институты, Ғарыштық техника мен технологиялар институттары кіреді. Осы институттардың ғалымдары астрономия және астрофизика, Күн-Жер байланыстары физикасы, төтенше жағдайлардағы табиғи ресурстардың ғарыштық мониторингі, ғарыштық техникалар мен технологияларды құрастыру бойынша кең ауқымды зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Олардың жетістіктері қазіргі кезде ел экономикасында қолданылуда.

**Тәуелсіздік кезеңінде Қазақстанның тарих ғылымы** дамудың жана кезеңіне көтерілді. Елімізде Археология институты, Шығыстану институты, Тарих және этнология институты секілді арнайы ғылыми институттар құрылды, 2008 жылы тәуелсіз Қазақстан тарихының өзекті мәселелерін зерттеумен айналысатын Мемлекет тарихы институты құрылды.

**Анықта!** Қазақстандағы тарих ғылымының орны мен маңызы қандай?

Тәуелсіздік жылдары Қазақстанның ғылымы біртіндеп дамыды. Қазақстан Республикасының ғалымдары мен ғылыми мектептері және елдің ұлттық ғылыми орталықтары, олардың қол жеткізген жетістіктері тек елімізде ғана емес, шетелдерге де әйгілі болды.

**Сұрақтарға жауап беріңдер.**

1. ҚР-да білім саласын жетілдіру үшін қандай шаралар жүзеге асуда?
2. Қазіргі таңдағы жоғары білімнің бағыты қандай?
3. «Болашақ» бағдарламасы не себепті әзірленді? Оның тәуелсіз Қазақстан үшін маңызын баяндандар.

**Тапсырмалар.**

1. ҚР-дағы білім саласының бағыттарын атаңдар.
2. Білім беру жүйесінде мектептегі білім қаншалықты маңызды? Спшаттап, баға беріңдер.

3. Қосымша әдебиеттер мен мерзімді баспасөзді пайдалана отырып, тараудың басындағы маңызды сұрақтарға жауап беріңдер.
4. «Мен қандай білімді қай жерден алғым келеді?» деген тақырыпта эссе жазыңдар.
5. Қазақстандағы ғылымның дамуы туралы жалпы сипаттама беріп, негізгі кезеңдерді бөліп көрсетіңдер.
6. «Ғылым туралы» Заңның мазмұнымен танысып, ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттыратын шараларды атаңдар.
7. Қандай да бір ғылыми орталық туралы толық ақпарат тауып, ол туралы 1–2 беттік хабарлама дайындаңдар.
8. Қазіргі ғалымдардың бірін таңдап, ол туралы эссе жазыңдар.



## ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІНІҢ ДАМУЫ

### § 58. Қазіргі кезеңдегі өнер мен әдебиеттің даму үрдісі

#### Бүгін сабақта:

- қазіргі кезеңдегі өнер мен әдебиеттің даму үрдісін анықтаймыз;
- ұлттық құндылықтарды дамытуға арналған мемлекеттік бағдарламалардың («Мәдени мұра», «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалары) қажеттілігін негізге аламыз.

#### Тірек сөздер:

- полиэтникалық мәдениет
- «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы
- әдебиет
- музыка өнері
- театр
- кино өнері
- спорт

**Посткеңестік кезеңдегі қазақ мәдениетінің дамуы мен өркендеуі.** Қазақстан аумағындағы алуан түрлі мәдениеттер мен дәстүрлердің өзара бір арнаға тоғысуы ХХ ғасырдың мәдениет тарихындағы қолайлы кезеңдердің бірі болды. 90-жылдардағы дағдарыс кезеңінде мәдениет саласы мемлекет тарапынан қаржылық салымы қысқарған бағыттардың бірі болды. Жаппай жокшылық пен инфляция, жұмыссыздық белең алған уақытта мәдениет мекемелері де күрделі жағдайды бастан кешірді. Алайда, экономикалық жағдай тұрақтанған кезеңнен бастап, мемлекет

мәдениет саласын қолдауға бірден басымдылық берді. Қазақстанда 1998–2000 жылдары мәдениетті қолдаудың мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. 2000 жыл Қазақстанда мәдениетті қолдау жылы болып жарияланды. Осының нәтижесінде 2000 жылдары мәдениет саласында маңызды жетістіктерге қол жеткізілді. Дағдарыс кезінде жабылып қалған мекемелер (кітапханалар, клубтар, мұражайлар т.б.) қайтадан ашылып, жұмыстарын бастады.

2001 жылдан бастап жұмыс істейтін мұражайлар саны көбейді, кітапханалар, клубтық мекемелер артты. Жаңадан бой көтерген елорданың мәдени инфрақұрылымы жақсарды. Астанада жаңа театрлар мен Президенттік мәдени орталық, Орталық концерт залы салынды.

**Ойлан!** Қалай ойлайсыңдар, Қазақстандағы мәдениеттер байланысы неге құрылған? Жаһандану дәуірінде ұлттық мәдениетті сақтау мен дамытудың жолдары қандай?



Мәдениет дамуының жағымды жақтарымен қатар, келенсіз тұстары да көрініс бере бастады. Бұл адамдар санасына шетелдік бұқаралық мәдениеттің әсер ете бастауынан болды. Нарықтық қатынастар алғаш қалыптаса бастаған өтпелі кезеңде бұрынғы мәдени мұралар мен адамгершілік қағидалардың өзгеруіне байланысты адам санасында құндылықтарды қайта бағалау мен жана идеалдарды іздеу орын алды. Қазақстандықтардың өміріне жаппай шетелдік және отандық мәдениеттің сапасыз, арзанқол өнімдерінің енуі елдің тұтастай мәдени өміріне әсер етпей қоймады.

**Ойлан!** Неліктен қазақ ақын-жазушыларының шығармалары ХХ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың басындағы қазақ халқының даму тарихы мен өркендеуіне арналды?

Осындай өтпелі, күрделі экономикалық реформалау кезеңінде мемлекет елдегі көпұлтты, көпсалалы мәдениет салаларына қолдау көрсетіп, оны дамытып келеді. Бұл ХХІ ғасырда да жалғасын табуда.

**Әдебиет.** Тәуелсіздік кезеңінде қол жеткізген басты жетістіктердің біріне қазақ және Қазақстанда мекендейтін халықтар әдебиетінің қалыптасуы мен дамуы жатады. Қазақ ақын-жазушыларының негізгі тақырыптары ХХ ғасырдың аяғы мен ХХІ ғасырдың басындағы қазақ халқының дамуы мен өркендеуі болды.

**Анықта!** «Бұрынғы мәдени және адамгершілік бағыттардың құлдырауы» нені білдіреді? Қазақстан қоғамындағы балалар мен жасөспірімдерге шетелдік бұқаралық мәдениет қалай ықпал еткендігіне мысал келтіріңдер.

2001 жылы О.Асқардың «Тәуелсіздік тартулары» шығармасы жарыққа шықса, 2004 жылы ақын Н.Айтұлының «Бәйтерек» туындысы жазылды. 2006–2008 жылдары каламгер Ә.Асқаровтың «Социализм әңгімелері», «Социализм хикаяты» және т.б. туындылары жарық көрді. М.Мағауин, Ш.Мұртаза, Ж.Самрат сынды белгілі каламгерлер кітаптарының жарыққа шығуы елдің мәдени өміріндегі маңызды құбылыс болды. 2011 жылы М.Әуезовтің 50 томдық шығармалар жинағының соңғы томы шықты.

**Музыка өнері.** Қазақстанның музыка өнері де қарқынды дамыды. Қазақстандық классика өнерінің жұлдыздары – әлем артисі, скрипкашы А.Мұсаходжаева, тенор Ә.Дінішев, керемет сопрано иесі, опера әншісі М.Мұхамедқызы, Н.Үсенбаева және т.б. отандық қана емес, классикалық өнерді бағалайтын әлем тыңдармандарына да кең танылды. Олар әлемдік сахналарда өз өнерлерін көрсетіп, елдің атын әлемге паш етуде. Музыка орындаушылары шығармашылық тұрғыдан өсу үшін халықаралық «Азия дауысы», «Үкілі домбыра»,



«Жас канат» байқаулары мен өзге де мәдени-бұқаралық шараларға катысып, шеберліктерін шыңдады.

80-жылдары айтыс өнері қайта жанданды. Қазақстандағы ірі мәдени шаралар акындар айтысынсыз өтпейтін болды. Абай мен Жамбылдың 150 жылдық мерейтойында, Түркістан қаласының 1500 жылдығында, Тараз қаласының 2000 жылдығында және т.б. айтулы шараларда акындар айтысы дүбірлеп өтті.

**Театр.** Музыкалық ұжымдар мен театр сахналарының репертуарында басты тақырып Қазақстандағы өзгерістер болды. А.Құнанбайұлы, Қ.Сағырбайұлы, Б.Майлин, Ж.Жабаев, М.Жұмабаев және т.б. белгілі тұлғалардың мерейтойларына арналған фестивальдер өтті. Абайдың 150 жылдық мерейтойына орай республикада 156 театрлық қойылым қойылды. Тәуелсіздік алған соң театр сахналарында тарихи тұлғалар туралы және Қазақстан тарихындағы дәуір оқиғаларын бейнелейтін қойылымдар қойыла бастады. «Абылай ханның ақырғы күндері» (авторы әрі режиссері – М.Байсеркенов), «Абылай хан» (режиссері – Б.Атабаев), «Томирис» (режиссері – Т.Жаманқұлов) спектакльдері халық назарына ұсынылды.

**Білгенің абзал!** 2018 жылдың 24–25 маусымында Алматыдағы «Боралдай сақ қорғаны» археологиялық паркі аймағында «Ұлы дала рухы» атты II халықаралық этномәдени фестиваль өтті. Онда «Номад» атты-акробаттар тобы жоғары деңгейде өнер көрсетті.

Бүкілхалықтық мерекелерде болдыңдар ма? Болсаңдар, қандай көріністер көрдіңдер?





Қазақстандағы экономикалық ахуалдың жақсаруы театрлар мен өзге де мәдени мекемелер санының артуына ықпал етті.

**Кино өнері.** 1991–1997 жылдар аралығының отандық кинематографистер үшін маңызы ерекше болды. Бұл уақыт, негізінен, посткеңестік бұғаудан босаған кезең еді. Қазақстан кинематографистеріне кеңестік кезеңде партия тарапынан тыйым салынып, түсіруге рұқсат берілмеген тарихи тұлғаларды, сондай-ақ төл тарихымыздың бетбұрысты кезеңдерін, тарихтың шпеленісті сәттерін көрсетуге мүмкіндік туды. Көптеген тарихи кинотуындылар жарыққа шықты. «Отырардың күйреуі», «Батыр Баян», «Абайдың жастық шағы», «Қозы Көрпеш–Баян Сұлу», «Жамбылдың жастық шағы» фильмдері түсіріліп, халыққа жол тартты. 2000–2005 жылдары Қазақстанда әртүрлі жанрдағы 30 көркемфильм түсірілді.

**Анықта!** 90-жылдары Қазақстандағы кино өнерінің жағдайы қалай бағаланды?

Қазіргі кезде қазақ киносы Орталық Азия аймағында жетекші орынға ие. Тәуелсіздік алғаннан бері қазақ киносын мемлекет қаржыландырып келеді. «Көшпенділер» секілді ауқымды, әлемдік деңгейдегі жоба қолға алынып, прокатқа шықты. «Қазақфильм» мемлекеттік киностудиясымен қатар тәуелсіз продюсерлік орталықтар да кино туындыларын түсіре бастады. «Қазақтың жаңа буыны» атанған режиссерлердің жұмыстары нәтижесінде Қазақстан кинематографиясы әлемге танылды. Осы «жаңа буын» режиссерлері *қазақ киносының феноменіне* айналды.

Қазақ киносы күрделі мәселелермен бетпе-бет келсе де, Орталық Азия аймағында осы сала бойынша жетекші орында және әлемдік қауымдастықтың белгілі бір қызығушылығын туғызуда.

**Қазақстанның бейнелеу өнері.** Тәуелсіздік жылдары қазақстандық суретшілер өз шығармашылықтарын заман талабына сай жаңғыртып, елімізде кең қолданысқа енген *символикалық, концептуалдық, реалистік* сипаттағы *бейнелеу өнері бағытына* бейімделді. Ұлт тарихы, ондағы маңызды оқиғалар, Ұлы далада өмір сүрген қазақ халқының өмір салты мен салт-дәстүрлерін бейнелеу қазіргі Қазақстан суретшілерінің басты ерекшелігіне айналды. Қазіргі замандағы Қазақстанның өнерін бұрынғы қасаң қағидалардан бас тартып, заманауи дәуірдің келбетін көрсететін, бейнелеудің жаңа жолын іздеген шығармашылық ізденіс ретінде сипаттауға болады.

**Ізден!** Басқа да өнер жанрлары туралы зерттеу жүргізіңдер. Белгілі суретшілер, сәулетшілер, халық шеберлері туралы әңгімелендер.



Этникалық, ұлттық өрнектер Қазақстан мәдениетінің өзіндік бейнесін қалыптастырып, оның құндылықтарын адамзат өркениетіне қосқан қазынаға айналдыруда.

Әсіресе өз шығармаларында ішкі қайшылықтарды жеңіп шығудың көрінісі ретінде көңіл күй еркіндігін бейнелеп, бұрынғы ескі қағидалардан құтылған суретшілер көпшіліктің қызығушылығын туғызды. Мұнда өткен тарихты қайта бағалап, аңыздарға сүйенген, бабалар мұраты, көшпелі тайпалар адамы, табиғат пен әлем туралы көзқарастарын жаңаша сипатта бейнелеген Е.Төлепбай, А.Аканаев, Т.Тоғысбаев секілді Қазақстанның қылқалам шеберлері біртіндеп абстракция мен символдар тіліне бейімделіп, бұл бағыттарда өз өнерлерін көрсете бастады. Рухани және философиялық тереңдік суретшілердің бағытын айқындады. Ал қазіргі замандағы өзекті тақырыптар, қоғам мен экологиядағы адамгершілік-этикалық мәселелер К.Муллашев, Ғ.Баянов, К.Дүйсенбаев, Д.Әлшев секілді шеберлердің туындыларынан көрініс тапты.

1997 жылы Қазан қаласында өткен көрмеде Диас Устеміров «Анырақай шайқасы» атты туындысымен Гран-при жеңіп алды. Ә.Қастеев атындағы мұражайда жеке көрмесі өтті. Оның жұмыстары Канада, АҚШ, Жапония, Қытай, Малайзия, Түркия, Германия елдеріндегі мемлекеттік және жеке коллекционерлердің қорларында жинақталған.

**«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы.** «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен жасалды. 2003 жылы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында Елбасы арнайы бағдарлама дайындауды тапсырды. Ол мына бағыттарды қамтыды: *Қазақстанның бай мәдени мұрасын тұтастай зерттеу жүйесін құру, тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіруді қамтамасыз ету, ұлттық әдебиет пен жазбаның көпжасарлық тәжірибелерін топтастыру.*

«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы – рухани даму мен ағартушылық әрекеттердің негізгі құжаты, мемлекеттің мәдениетке деген бағытын айқындаған стратегиялық ұлттық жоба болды. Қазақстан ТМД ішінде алғашқылардың бірі болып осындай аса ауқымды жобаны жүзеге асырды.

Бағдарлама бірнеше бағыт бойынша жүзеге асты:

- ұлттық мәдениетте аса маңызды орны бар, тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіру;
- археологиялық зерттеу;
- қазақ халқының мәдени мұрасы бағытында ғылыми жұмыстар атқару;



– жазба және ұлттық әдебиеттің ғасырлар бойғы тәжірибесін жинақтау, ғылыми және көркем сериялар құру.

**Анықта!** «Мәдени мұраның» әр бағыты бойынша қандай іс атқарылды?

Тәуелсіз Қазақстанда тұңғыш рет кең ауқымда отандық ескерткіштерді түгендеу шарасы өтіп, тарихи және мәдени ескерткіштердің тізімі жасалды.

Қазақстанда «Мәдени мұра» бағдарламасы шеңберінде гуманитарлық білім берудің толыққанды қорын құру қолға алынды. Түрлі саланы қамтыған 537 кітап басылып, 1,5 млн данамен жарыққа шықты. Олардың қатарында тарих, археология, этнография, жаңа энциклопедиялық сөздіктер бағытындағы бірегей еңбектер бар. Мәселен, 100 томдық «Бабалар сөзінің» 51 томдық нұсқасы; қазақ, орыс, ағылшын тілдеріндегі 10 томдық энциклопедия; «Қазақ философиясының» 16 томы; «Әлемдік философия мұраларының» 18 томы; Баласағұн қаласы мен Отырар, Орхон ескерткіштері және т.б. толық атласы бар.

Шетелдегі жобалар да табысты жүзеге асты. Мысалы, Дамаскідегі Әз-Захир Бейбарыс Сұлтан мавзолейі, Каирдегі Бейбарыс Сұлтан мешіті қайта қалпына келтірілді, Дамаскідегі Әл-Фараби кесенесі мен тарихи-мәдени орталығына құрылыс жұмыстары жүргізілді.

Бүгінгі таңда елімізде 240-қа жуық мұражай жұмыс істейді. 2006 жылы Қазақстанда тұңғыш рет «Мұражай түні» шарасы қолға алынды. Бұл шара алғаш рет Алматыдағы Орталық Мемлекеттік мұражайда өткізілді. Қазір бұл шара елдің барлық аймағын қамтып, негізгі мұражайларда өткізіледі. 2018 жылы 18 мамырда мындаған қазақстандық түнгі мұражайдың ғажайып көрінісіне куә болды. Әлемдік тарих пен туған жердің тылсымын бейнелеген тартымды қойылымдар халық назарына ұсынылды.

«Туған жер» және «Қасиетті Қазақстан» бағыттарын жүзеге асыру аясында мұражайды дамыту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Мектептерде шағын мұражайлар ашылуда, бұқаралық ақпарат құралдарында (БАҚ) жекелеген азаматтардың бастамасымен ашылған жеке мұражай жұмыстары жиі көрсетілуде.



«Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасының логотипі нені білдіреді?



**Спорт.** Тәуелсіздік алған кезеңнен бері елдегі дене шынықтырумен және спортпен айналысатын азаматтардың қатары артты. Елде ұлттық спорттың жиырмадан астам түрі қарқынды дамыды. Қазақстандықтар арасында Қазақ күресі, Қазақстан Барысы, Жас Барыс, тоғызқұмалақ, әртүрлі қашықтықтағы бәйге, асық ату және т.б. спорт түрлері жедел дамып, оған қатысушылардың саны артты.

Бүгінгі таңда мемлекетте мындаған спорттық нысан қызмет атқарады. Олардың көбі, оның ішінде спорт мектептері де білім мекемелеріне тиесілі. 1991 жылдан Қазақстан Республикасы халықаралық жарыстарға дербес мемлекет ретінде қатыса бастады.

2011 жылы Астана мен Алматы қалаларында өткен *VII қысқы Азия ойындары* маңызды оқиға болды. Бұл шарада қазақстандық спортшылар жалпы есептік көрсеткіш бойынша 1-орын алып, жеңіске жетті. Қазақстанда Азия ойындарының өтуі – мемлекеттің халықаралық беделінің артқанының белгісі. 2017 жылы 29 қаңтар мен 8 ақпан аралығында Алматыда *28 Бүкіләлемдік қысқы универсиада* болды.

Республикада жасөспірім-балалар спорт мектебінен ұлттық құрамаға дейінгі жоғары санатты спортшыларды дайындау жүйесі жолға қойылды.

**Қазіргі замандағы ақпараттық мәдениет.** «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» ҚР-ның Заңы 1999 жылдың 23 шілдесінен бастап жүзеге асуда. Кейін оған көптеген түзетулер мен толықтырулар енгізілді. Соңғы өзгеріс 2009 жылы БАҚ саласындағы кейбір коммерциялық емес ұйымдардың ұсынысымен енді. Тұтастай алғанда Қазақстанның ақпараттық нарығы 2001 жылдан 2004 жылға дейін тұрақты даму кезеңін бастан өткерді. Қазақстан Республикасының заңына қайшы келмесе, БАҚ-тың қандай да болмасын әрекетіне араласуға тыйым салынады. Қазақстан Конституциясында сөз бостандығы мен шығармашылық еркіндігіне кепіл-



Логотип нені білдіреді? Қандай спорттық шара туралы берілген?

дік берілген, цензураға тыйым салынған. Әркімнің заң жүзінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен еркін ақпарат алуға және таратуға құқығы бар.

Осындай еркіндіктермен қоса шектеулер де бар. Ол халықаралық тәжірибелерге сай жүзеге асады. ҚР Конституциясының 20-бабының 3-тармағына сәйкес, *Республиканың конституциялық құры-*



лысын күштеп өзгертуді, оның тұтастығын бұзуды, мемлекеттің қауіпсіздігіне нұқсан келтіруді, соғысты, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық астамшылдықты, сондай-ақ қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа бас ұруды насихаттауға немесе үгіттеуге жол берілмейді.



Суретте бұқаралық ақпарат құралының қандай түрлері бейнеленген? Ол туралы қысқаша хабарлама дайындаңдар.

Қазақстан Республикасында 2763 БАҚ тіркеліп, қызмет атқарады. Елімізде өзге тілдегі 11 газет-журнал жарыққа шығады, тележәне радиобағдарламалар таралады. Күнделікті шығатын «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттері таралымы ең көп, белгілі газеттер қатарына жатады. Аталған газеттер заңдар, үкімет қаулылары мен ҚР Президентінің жарлықтарын жариялайтын ресми басылым болып саналады.

Интернет пен кабельді телеарналар жылдам дамуда. Телерадиокомпаниялар көптеген телерадио хабарларын таратумен айналысуда. 2011 жылы телерадио хабарларын таратудың ұлттық спутниктік желісі іске қосылды. Бұл Қазақстанда еркін ақпарат нарығының негізгі элементтері қалыптасқандығын көрсетеді.



2016 жылғы Қазақстандағы БАҚ түрлері

#### Сұрақтарға жауап беріңдер.

1. Сенің ойыңша, мәдениеттің қай жанры дамуда?
2. «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы қашан және не үшін әзірленді?
3. Оның нәтижелері қандай?
4. Қандай БАҚ түрі қызықтырады? Себебін түсіндіріңдер.



**Тапсырмалар.**

1. Тәуелсіздік кезеңінде дамыған қазақ мәдениетінен мысал келтіріңдер.
2. Өздерін таңдаған өнер жанры бойынша таныстырылым дайындаңдар.
3. Қазақстан спортшыларының жетістіктері туралы коллаж (көрнекті материалдар), плакат дайындаңдар. Бір спортшының биографиясын жазыңдар.
4. Өздерін тұратын қала мен облыстағы «Музей түні» туралы әңгімелеу үшін қосымша деректер табыңдар.

**Қосымша мәлімет.** Сол кезеңде Мемлекеттік мәдениет комитетін басқарған Қ.Саудабаев 90-жылдардағы жағдайды былай баяндайды: «Өкінішке орай, қазіргі кино өнерінде көптеген мәселелер бар. Оның ең бастысы – қаржыландыру мәселесі. Бұрын «Қазақфильм» киностудиясын Мәскеу қаржыландырса, 1991 жылдан бастап қаржыны республика бөлуі тиіс болды. Көптеген мәселелер бірлесіп, кеңесіп шешуді талап етеді. Кейбіреулер саясатпен айналысып, өнерге деген қызығушылықтарын жоғалтты. Театрға адамдар аз баратын болды. Опера және балет театрының халі бұдан да мүшкіл. Симфониялық оркестр концерттерінің де жағдайы осындай...».

**Қосымша мәлімет.** Көрермендер А.Әмірқұловтың «Отырардың күйреуі» атты тарихи туындысы мен С.Нарымбетовтың Мемлекеттік сыйлық алған «Көзімнің қарасы» киносын жылы қабылдады. Талантты жас режиссер Рүстем Әбдіраштың «Қаладан келген қыз» атты картинасы Анапа қаласында (Ресей) өткен ТМД мен Балтық елдерінің халықаралық кинофестивалінде Бас жүлдені жеңіп алды. Тәуелсіздік жылдары Д.Әмірбаевтың «Шұға», С.Нарымбетовтың «Мұстафа Шоқай», Данияр Саламаттың «Әкем екеуміз», Ардақ Әмірқұловтың «Қош бол, Гүлсары» және т.б. көптеген фильмдер түсірілді. Отандық кино саласында тұңғыш рет кинорежиссер Ақан Сатаевтың мистикалық жанрдағы «Адасқандар» триллері түсірілді. 2012 жылы Ақан Сатаевтың «Жаужүрек мың бала» атты жаңа туындысы көпшілікке жол тартты. Ал 2009 жылы Алматыдағы «Цезарь» кинотеатрында Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясы түсірген «Алашорда» деректі фильмінің тұсаукесері өтті. 1998 жылдан бастап отандық кинематография саласында отбасылық құндылықтарға, қоғамдағы тұрақтылыққа қарай бет бұру байқалады.

## ДІННІҢ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНДАҒЫ РӨЛІ

### § 59. Дінаралық келісімнің қазақстандық моделі

#### Бүгін сабақта:

- қазіргі қоғамдағы діннің маңызын анықтаймыз;
- түрлі діни ағымдар мен ұйымдардың іс-әрекеттерін талдаймыз;
- дінаралық, этникааралық келісім мен ішкі тұрақтылықты сақтауда Қазақстан Халқы Ассамблеясының рөлін бағалаймыз.

**Қазіргі Қазақстандағы діндер.** Қазақстанда этностар мен діндердің арасында берік қатынас үлгісі қалыптасып, қоғамдағы тұрақтылық пен келісім ахуалына негіз болды. Қазақстанның ЕҚЫҰ-ға төрағалығы кезінде жасаған баяндамасында Елбасы Н.Ә.Назарбаев бұл туралы «Біздің этносаралық және дінаралық келісімнің моделі дегеніміз – ол әртүрлі конфессиялардың өзара әрекеттесуі бүкіл әлемдік процессіне Қазақ елінің қосқан шынайы үлесі» деп атап өтті.

#### Тірек сөздер:

- ҚР-дағы діндер
- ҚР-дағы конфессиялар
- дін ұстану еркіндігі
- Қазақстан халқы Ассамблеясы

**Анықта!** Қазақстан қоғамында зайырлы мемлекеттік принциптер мен дін ұстану еркіндігі арасындағы тепе-теңдік қалай сақталуда?

Дін саласы бойынша мемлекеттің негізгі саясаты – *конфессиялардың* рухани рөлін құрметтеу. Сонымен қатар мемлекеттік-конфессиялық қатынастар бойынша мемлекет саясатындағы негізгі басымдық Қазақстан Конституциясы кепілдік берген әрбір азаматтың ар-ұждан бостандығы мен құқығын қамтамасыз ету және олардың ұлттық заңдардан туындайтын халықаралық міндеттеріне сай дін ұстану еркіндігі болып табылады. Тәуелсіздіктің жиырма жылдығында біздің елімізде діни институттардың маңызы жоғарылап, олардың саны мен сапасы артты. Діни дәстүрлер қайта жанданып, мешіт, шіркеу, ғибадат үйлері секілді жаңа діни нысандар салынды. Халықтың діни сауаты өсті.

Қазақстандағы дін ұстанушылар арасында мұсылмандар мен православ христиандар басым. Олар дінге сенушілердің 90%-дан аста-



мын құрайды. Сондықтан дәстүрлі *исламның сүнниттік бағыты* мен орыстың *православ* діні қоғамдағы мәдениетті қалыптастырушы маңызға ие. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың арнайы Жарлығымен Құрбан айт пен Рождествоның алғашқы күндері мерекелік демалыс күндері болып жарияланды.

**Ислам.** Діни және мәдени әралуандылық ретінде Еуразияда ұзақ тарихи кезең аралығында қалыптасты. Қазақтар мың жыл бұрын ислам дінін қабылдаған. Сондықтан Қазақстан ислам әлемінің бір бөлігі саналады, ал мұсылмандық халықтың рухани өмірінің ажырамас құндылығына айналған. Исламның әлемдік құндылықтары жергілікті тәңіршілдік дәстүрлерімен өзара үндесіп жатыр. Қазақ даласына келген ислам діні ұлттық салт-дәстүрлерге қайшы келмей, қайта бірлесіп, өзара үндесіп, жарасым тапты. Ислам дінінде негізгі екі *сүнниттік* және *шииттік* бағыт бар. Қазақстан мұсылмандары тұтастай *сүнниттік бағытты* ұстанады.

1990 жылы Қазақстан Мұсылмандары Діни басқармасы құрылды және оның басшысы болып Бас мүфти бекітілді. Діни басқарма бірнеше құрылымнан тұрады. Оның ішінде халықаралық ынтымақтастық бөлімі де бар. Бөлім мұсылман мемлекеттерімен байланыс орнатып, өзара тәжірибе алмасуда. Қазақстанда екі мыңнан астам мешіт ресми тіркелген. Олардың басым көпшілігі Қазақстан Мұсылмандар басқармасының аясына біріккен.

**Ойлан!** Қазіргі қоғамда діни төзімділік сипаты сақталған ба? Діни төзімділік үлгісіне мысал келтіріңдер.

**Бұл қызық!** Қазақстан Республикасы зайырлы, демократиялық мемлекет ретінде бүгінгі таңдағы ислам өркениетінің бөлінбес бір бөлшегі. 2011 жылы Қазақстанның Ислам ынтымақтастығы ұйымына төрағалық етуі біздің еліміздің ислам әлеміндегі маңызды орнын көрсетеді (2011 жылға дейін бұл ұйым Ислам конференциясы ұйымы деп аталды).

**Христиандық** – Қазақстанда мұсылман конфессиясынан кейінгі ең үлкен діни бірлестік. Қазақстанда христиандықтың барлық бағытының шіркеулері бар. Олардың қатарына *православтық, католиктік* және *протестанттық шіркеулер* жатады.

**Басқа діни ағымдардың түрлері.** Қазақстанда барлық діни бірлестіктерге бірдей мүмкіндіктер мен құқықтар берілген. Олардың барлығы заң алдында бірдей. Мемлекет тек заң қағидалары бұзылған жағдайда ғана араласады.





**Мәңгілік Ел — бұл Зайырлы Мемлекет және Жоғары Руханият**

Азаматтық және рухани құндылықтардың бірлігі бізге өз жолымызды табуға және өзімізді бүкіл әлемге мәшһүр етуге мүмкіндік береді. Біз еліміздің бірегей рухани келбетін айқындайтын діндер мен өркениеттердің жаһандық ұнқатысуын одан әрі жан-жақты дамытатын боламыз.

**Ойлан!** Төрт сұраққа өз анықтамаңды беріп көр. Сенім дегенді қалай түсінесіңдер? Қоғамда дәстүр қаншалықты маңызға ие? *Транспаренттік* ұғымы нені білдіреді? Толерантты болу дегеніміз не?

2009 жылғы Қазақстанда өткен халық санағы деректері бойынша, мұсылмандар мен христиандардан кейінгі ең көбі *буддизмді* (шамамен 15 мың) және *иудаизмді* (5 мыңнан сәл артық) ұстанушылар екені анықталды.

Қазақстанда «дәстүрлі емес» діни ағымды ұстанушылардың аздаған тобы бар. Бұл діни ағымдардың «дәстүрлі емес» себептері олардың біздің мемлекетіміздің аумағында ұзаққа созылған тарихы болмауынан және дәстүрлі конфессияларға тән емес белгілерінің болуынан. Өкінішке орай олардың барлығы бірдей бейбітсүйгіштік пен өзге діндерге төзімділікті уағыздамайды. Қазақстанда мұндай ұйымдардың жұмыстарына тыйым салынған.

Қазақстан Республикасының «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңына сәйкес, діни бірлестіктердің әрекеті Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмесе, мемлекет олардың жұмысына араласпайды.

Халықаралық қауымдастық Қазақстанды бейбітшілік аймағы, келісімдер мекені, мәдениеттер мен діндерді жақындастырушы ретінде қабылдайды. Еліміздің ЕҚЫҰ-ға төрағалық етуі кезіндегі басты ұстанымы «төрт Т»-ға негізделгені белгілі. Олар Trust (сенім), Tradition (дәстүр), Transparency (транспаренттік) және Tolerance (толеранттылық) болды. Мұнда айтылған толеранттылық —



мәдениеттер, діндер және өркениеттер арасындағы келісімдерді нығайтудың маңыздылығын көрсетеді.

**Қазақстан астанасында өткен Әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшылары съезінің рөлі мен маңызы.** Қазақстан Республикасының конфессияаралық қатынастар бойынша жүргізіп отырған саясаты Қазақстан мемлекеттілігі дамуының заманауи жаһандық үдерістермен астаса жүріп жатқандығын ескере отырып құрылған. Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен 2003 жылы Астанада Әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшыларының I съезі болды. Тарихта тұңғыш рет әртүрлі дін өкілдері елордада бас қосып, ортақ құжат қабылдады. Қазір бұл шара дәстүрге айналып, әр үш жыл сайын Бейбітшілік және келісім сарайында тұрақты түрде өтіп келеді. Әлемдік және дәстүрлі діндер съезі өркениетаралық және мәдениетаралық қатынасты жаһандық деңгейде көтере отырып, өз үлесін қосып келеді.

**Қазақстан халқы Ассамблеясы этносаралық және конфессияаралық мәселелерді шешуші құрал ретінде.** Тәуелсіздік алған кезеңнен бергі Қазақстан Республикасының қол жеткізген маңызды жетістігінің бірі этносаралық және конфессияаралық келісім үлгісін қалыптастыруы болды. 130-дан астам ұлт өкілдері мекендеген мемлекет жағдайында бұл – бүкіл Қазақстан қоғамының айтулы жетістігі. Қазақстан халқы Ассамблеясы (ҚХА) – этносаралық және конфессияаралық келісім саласындағы стратегиялық бағдарламаларды жүзеге асырып отырған ерекше ұйым.

1995 жылдың наурызында консультативті-кеңесші орган ретінде құрылғаннан бастап 2007 жылы Республиканың Негізгі заңында көрсетілгендей жана, жоғары мәртебеге ие болған кезеңге дейін Қазақстан халқы Ассамблеясы біртұтас мемлекеттік стратегия аясында және қоғамдық бастама негізінде өзара түсіністікті қалыптастыру бағытында түрлі жолдардан өтті. Бүгінгі таңда Қазақстан халқы Ассамблеясы – қоғамдық және мемлекеттік құрылымдарды бейбітшілік пен келісім, тәуелсіздік пен ұлттық бірлік идеясы маңына топтастырған күшті институт. Этникааралық және дінаралық келісім қоғам тұрақтылығының маңызды көрінісіне айналды. Соңғы уақытта әлем көптеген этникалық және дінн жанжалдар мен қақтығыстарға куә болып отыр. Сондықтан да *этникалық және діни саладағы келісім* біздің мемлекетіміздің құнды иілігі болып саналады. Мұндай жетістіктерді отандық және шетелдік сарапшылар мен талдаушылар жоғары бағалайды. Бұл келісім – Қазақстан халқының байсалды азаматтық санасының көрінісі және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті



Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстандағы конфессиялар арасында жүргізіп отырған сара саясатының жемісі.

**Бұл маңызды!** Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшылары съезінің басқа конфессияаралық келісім түрлерімен салыстырғанда, өзіндік ерекшелігі бар. Астана форумының ерекшелігі оны өткізу бастамасын діни конфессия басшысы емес, зайырлы мемлекет жетекшісі – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті көтерді. Бұл форум қандай да бір дінге қызмет етпейді, бүкіладамзаттық өзекті мәселелерді талқылауда кең ауқымды дінаралық келісімге мүмкіндік туғызады.

Діни жетекшілер елордада әлемдік діндердің рухани және адамгершілік мүмкіндіктері қандай жағдайда халықаралық жанжалдарды шешуге, жаһандық қауіпке қарсы тұруға, жауласу мен төзімсіздіктің алдын алуға болатынын талқылайды. Съездің ерекшелігі оның жұмысына тек әлемдік ірі конфессия өкілдері ғана емес, көрнекті саясаткерлер, мемлекет басшылары мен ықпалды халықаралық ұйым жетекшілерінің қатысуында. Бұл әлемдегі бейбітшілікті нығайтып, мәдениеттер мен өркениеттерді жақындастыруға әсер ететін маңызды шешімдер қабылдауға мүмкіндіктер береді.

**Сұрақтарға жауап беріңдер.**

1. Мемлекеттің саясаты діни салада қандай принциптерге құрылады?
2. Әлемдік және дәстүрлі дін көшбасшылары съезіне қандай ерекшеліктер тән?
3. Қазақстанда әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезінің рөлі мен маңызы қандай?

**Тапсырмалар.**

1. Тәуелсіздік кезеңіндегі Қазақстанның діни жағдайын сипаттаңдар.
2. Қазақстан халқы Ассамблеясының даму тарихы туралы таныстырылым дайындаңдар.



**Буддизм** – әртүрлі дәстүрлері бар, түрлі халықтар мойындаған ең көне әлемдік діндердің бірі.

**Иудаизм** – еврей халқының діни, ұлттық және этникалық дүниетанымы, адамзаттың ең көне діндерінің бірі.

**Ислам** – әлемдік дін. Ислам «бағыну», «мойынсыну» дегенді білдіреді.

**Католицизм** – христиандық бағыт, бұл дінді ұстанушылар саны жағынан басым (2012 жылғы есеп бойынша, шамамен 1 миллиард 196 миллион адам).

**Конфессия** – белгілі бір нанымды ұстанушылар, діндарлар бірлестігі.

**Православие** – христиан дінінің бағыты.

**Дін** – жаратушы күшке деген сенімге негізделген, өзіне адамгершілік қағидалары мен мінез-құлық түрлерін, ғұрыптар мен табыну әрекеттерін біріктірген әлемді танудың ерекше түрі.

**Толеранттылық** – басқа өмір салтына, мінез-құлықтарға, салт-дәстүрлерге, әдет-ғұрыптарға, сезімдерге, пікірлерге, идеяларға, дінге төзімділік.



## «МӘҢГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ

### § 60. Ұлттық құндылықтардың артуы. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы

#### Бүгін сабақта:

- «Мәңгілік ел», «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» ұлттық құндылықтарды дамытуға бағытталған мемлекеттік бағдарламалардың қажеттілігін негіздейміз;
- мақаланың мазмұнын талдаймыз, жалпыхалықтық «Мәңгілік ел» идеясының мәнін бағалаймыз.

#### Тірек сөздер:

- Мәңгілік Ел
- ұлттық идея
- рухани құндылықтар
- сананы жаңғырту
- қазақстандық патриотизм

**Қоғамдық келісімнің қазақстандық моделі.** 90-жылдардағы қоғам өмірінің басты белгілерінің бірі болып идеялық *плюрализм* танылды. Барлық идеялық ілімдерге салынған тыйымдар мен шектеулер (тек зорлық-зомбылық пен ұлттық араздықты тудырушыдан басқаларына) алынып тасталды. Соңғы жылдардағы қоғамдық-саяси даму барысында бұрынғы қағидалардың көпшілігін түбегейлі қайта бағалау орын алды.

Құрылымы жағынан көпэтносты және унитарлы Қазақстан үшін әлеуметтік-экономикалық және саяси реформалар, ішкі саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісім тәуелсіздік кезеңіндегі ең басты құндылыққа айналды. ХХІ ғасырда этносаралық салада шектеу, тыйым салу, қатаң әкімшілік шаралар тиімді нәтиже бермейтіні белгілі. Ендеше қоғамдық бастамаға қалай қол жеткізуге болады?

Қазақстандағы этносаралық келісім саясатын жүзеге асыруда қазақ халқының *діни және ұлттық дәстүрлеріне* сүйенеді. Олар былай сипатталады:

- діни төзімділіктің жоғары деңгейі;
- толеранттылық;
- басқа халықтардың мәдени дәстүрлеріне құрметпен қарау.

**Қазақстандықтардың рухани құндылықтары.** Қазақстандық қоғамның маңызды ерекшеліктерінің біріне этникалық мәдениеттің

сан алуандығы жатады. Бұл ұлттық сананың қалыптасуына, олардың дүниетанымына, құндылық қағидаларының орнауына, сонымен қоса саяси мәдениетіне тікелей әсерін тигізеді. Халықтың менталитеті, бірегейлік құндылықтары, ұлтаралық келісім, саяси және рухани мәдениет секілді ұғымдармен тығыз байланысты болғандықтан, Қазақстан халықтарының құндылықтарын танып-білу маңызды.

Қазақстандық әлеуметтік мәдени кеңістікте батыстық және шығыстық екі менталитет түйіседі. Олардың әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар. Батыстық менталитет жігерлі, белсенді, сыртқы өзгерістерге негізделген мәдениетті таратушы ретінде қарастырылады. Шығыстық менталитетте әлемге, табиғатқа, адамға бейімделу қатынасына бағытталған мәдениеттің дәстүрлі түрі көрініс береді. Қазіргі қазақ мәдениетінде осы екі бастаудың (елімізде шығыстық менталитет түрі басым) қосындысы байқалады. Осыдан келіп зорлыққа қарсылық, келісім, бауырмалдық секілді адамгершілік қағидалар туындайды.

«Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы. «Мәңгілік ел» идеясын 2012 жылы желтоқсанда Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан–2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында жариялады. Кейін, 2016 жылдың 26 сәуірінде Қазақстан халқы Ассамблеясының XXIV сессиясында «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі қабылданды.

Ұлттық мемлекеттілік идеясын жүзеге асыру тәуелсіз Қазақстанның шешімін тапты. Жалпыадамзаттық тәжірибе көрсеткендей, әрбір халық өзінің құндылықтары мен табиғи байлығын тек ұлттық мемлекет қалыптастыруының арқасында ғана сақтай алуы мүмкін.



Қазақстан 2050

**МӘҢГІЛІК ЕЛ**

«Мәңгілік Ел» логотипі нені білдіреді?

**Зертте!** Мәңгілік Елдің мызғымас жеті негізі қандай? Ұлттық идеяның мызғымастығын дәл осылардың айқындайтынына мысал келтіріңдер.

Өз тарихын білмеген халыққа жойылу қатері төнеді. Кезінде Цицерон: «Тарихты білмеу сәби болғанмен бірдей» деген екен. Қазақ халқы мыңжылдық сынақтарды бастан өткеріп қана қоймай, сонымен қатар өз бірегейліктерін, өзіндік болмысын, өз тілін, дәстүрін және мәдениетін сақтап қалды. Олар әлемдегі ең ірі аумақты иемденіп, өз мемлекеттіліктерін қалыптастырды.





2016 жылы Қазақстан өзінің тәуелсіздігінің 25 жылдығын атап өтті. Осы жылдар аралығында қол жеткізген жетістіктер — Қазақстан халқының еңбегі. Олар бейбіт, жарқын болашаққа бағыт алған біртұтас мемлекет қалыптастырды. Ұлттық идея біздің ұмтылысымызды, дүниетанымымызды, рухани құндылықтарымызды, экономикадағы жалпымемлекеттік басымдық бағыттарды біріктіруі тиіс.

Ең парасатты жол этникалық шығу тегіне қарамастан, еліміздегі барлық азаматтардың мүддесін бір арнаға тоғыстыру екенін уақыттың өзі көрсетті. Мемлекетті азаматтық қоғам жағдайына көшіру, Қазақстанда біртұтас халық қалыптастыру ұлттық идеяның негізгі өзегі болуда.

Алдымен ауқымы кең ұлттық идеяны, содан соң ықшам үлгідегі идеяны ұсынады. Одан идеологиялық тұжырым туындайды, бұл мемлекеттің, қоғамның, азаматтардың ұзақмерзімді келешегін айқындайды.

Тұңғыш Президент ұсынған Мәңгілік Ел идеясының біріктіруші құндылықтары : азаматтық теңдік, еңбексүйгіштік, адалдық, ғылым мен білімге құрмет; зайырлы ел.

Қазіргі заманға лайықты оқушыны тәрбиелеу жан-жақты дамыған, рухани-адамгершілік қасиеттері жоғарғы, ынтымақтасуға және өзара мәдени байланыстарға қабілетті, мемлекеттің тағдырына жауапкершілік сезімі бар, «Қазақстан – 2050» Стратегиясы, «Мәңгілік Ел» басты мақсаттарына жетуге белсене қатысатын тұлға болып қалыптастыруға бағытталған.



Рухани жаңғыру логотипі нені білдіретінін сипаттаңдар.

**«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру».** Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев 2017 жылдың 12 сәуірінде өзінің «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында: «...еліміз мықты әрі жауапкершілігі жоғары Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынымыз және бұқаралық сананы қалай өзгертетініміз туралы көзқарасымды ортаға салуды жөн көрдім», – дейді. Ол қоғамдық сананы үшінші жаңғырту жағдайындағы алғышартты белгіледі, бұл – өз мәдениетінді, ұлттық кодынды сақтау. *«Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оңоңай. Жаңғыру атаулы бұрынғыдай тарихи тәжірибе мен ұлттық дәстүрлерге шекеден қарамауға тиіс. Керісінше, замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғырудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу қажет. Егер жаңғыру елдің ұлттық-рухани тамырынан нәр ала алмаса, ол адасуға бастайды. Бұл – тарлан тарихтың, жасампаз бүгінгі күн мен жарқын болашақтың көкжиектерін үйлесімді сабақтастыратын ұлт жадының тұғырнамасы. Мен халқымның тағылымы мол тарихы мен ерте заманнан арқауы үзілмеген ұлттық салт-дәстүрлерін алдағы өркендеудің берік діңі ете отырып, әрбір қадамын нық басып, болашаққа сеніммен бет алуын қалаймын».*

2020 жылғы Қазақстан жастары отансүйгіш, білімді, денсаулығы мығым, жауапкершілікті әрі жігерлі, инновациялық экономика жағдайында табысты жұмыс атқарған, қазақ, орыс және ағылшын тілдерін меңгерген, қазақ халқының мәдениеті мен құндылықтарын бойына сіңірген, толерантты, әлемге танымал әрі құрметті болуы тиіс.

Бүгінгі таңда Қазақстанның патриоты болу дегеніміз нені білдіреді?



Еліміздегі бұрынғы, қазіргі және болашақ ұрпақты не біріктіреді? Ең алдымен, мемлекетке, оның көпұлтты халқына, олардың жетістігіне, ортақ рәміздерге және барлық қазақстандықтардың бірлігін бейнелейтін саяси институттарға деген құрмет біріктіреді.

Қазақстандық патриотизм көпұлтты Қазақстанды мекендеген барлық халыққа ортақ. Сонымен қатар барлық азаматтардың ортақ игілігін қалыптастыруға өз үлестерін қосқан қазақтар мен елдегі басқа да ұлттардың рухани және ұлттық мәдени дәстүрлеріне терең құрметке негізделген.

Қазақстандық патриотизм зайырлы дәстүрлерге сүйенеді, сонымен қатар барлық дәстүрлі діндерге құрмет көрсетуге негізделеді және дінаралық келісім мен толеранттылықты бағалайды.

*«Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі. Бұл кез келген халықты әншейін біріге салған қауым емес, шын мәніндегі ұлт ететін мәдени-генетикалық кодының негізі»*, – деп атап өтті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақаласында.

#### Тапсырмалар.

1. Мына тезистер туралы өз ойларыңды айтыңдар. *«Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады»*. *«Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек»*.

Мақалада қандай қасиеттер туралы айтылады?

Ең бірінші адамның бойында қандай қасиет болуы керек?

Сананың жаңғыруы мына тезиспен қалай байланысады? *«Халқымыз ғасырлар бойы туған жердің табиғатын көздің қарашығындай сақтап, оның байлығын үнемді әрі орынды жұмсайтын теңдесі жоқ экологиялық өмір салтын ұстанып келді»*. *«Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді»*. *«Біріншісі, ұлттық мәдениет сақталмаса, ешқандай жаңғыру болмайды. Екіншісі, алға басу үшін ұлттың дамуына кедергі болатын өткеннің кертартпа тұстарынан бас тарту керек»*.

Үзінді не туралы?

Неге *«жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт»*?

Қалай ойлайсыңдар, неліктен *«Біздің кешегі тарихымыз бұлтартпас бір ақиқатқа – эволюциялық даму ғана ұлттың өркендеуіне мүмкіндік беретініне көзімізді жеткізді. Бұдан сабақ ала білмесек, тағы да тарихтың темір қақпанына түсеміз»*? Елбасы ХХ ғасырдың қандай трагедиялы сабақтары туралы айтады? *«Көптеген проблема әлемнің қарқынды өзгеріп жатқанына қарамастан, бұқаралық сана-сезімнің «от басы, ошақ қасы» аясында қалуынан туындайды»* дегенді қалай түсінесіңдер? Елбасы Н.Ә.Назарбаев сананың қандай үш ерекшелігін атады? (Түсінік, дайындық, қабілет.)

2. Қазақстан Республикасының азаматында қандай қасиеттер болу керек деп ойлайсындар? Есейген адам – есейген азамат, мемлекеттің заңдарымен белгіленген барлық құқықтарды пайдаланатын және өз міндетін атқаратын тұлға. Біздің еліміздің болашақтағы сенімді азаматының маңызды да іргелі ерекшелік белгілеріне еңбексүйгіштік, еңбек қатынастарына дұрыс қатынас жасайтын тұлғалар жатады. Еңбексүйгіштікті жас кезден бастап қолдау қажет және балаға жұмыс істеуге мүмкіндік беріп, туыстары мен жақындарына көмектесуге үйрету керек. Сонда еңбексүйгіштік кәсіпқойлыққа ауысады. Өлеуметтік зерттеулер көрсеткендей, оқып жүрген жастардың санасында білімнің маңыздылығы, өзінің денсаулығын сақтау, экономикалық мүдделер, материалдық игіліктер, қызықты жұмыс, лауазымдық өсу секілді жаңа позитивті трендтер ғана қалыптаспайды екен, сонымен қатар жаппай бұқаралық мәдениет, бөтен құндылықтар – агрессия мен қара күшке құлшыныс, саламатты өмір салтын сақтамау, жеке эгоизм, адамгершіліктен аттау, немқұрайдылық секілді жағымсыз әрекеттер де таралатынын көрсетті.
3. Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев ұсынған нақты жобалар, берілген логотиптер туралы айтындар. Нақты бір жобаға таныстырылым жасап, олардың әрқайсысына пікір білдіріңдер. Қосымша әдебиеттерді пайдаланындар.





**Бұл маңызды!** «Мәңгілік Ел» идеясы Н.Ә.Назарбаевты бұрын да үнемі толғандырған. Ол туралы 2010 жылы 15 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі күніне арналған салтанатты шарада айтқан болатын. Кейін ол 2011 жылы 16 желтоқсанда ашылып, «Өз елінің егемендігі туралы көп жылдық арманын іске асырған Қазақстан халқының триумфы мен заманауи Қазақстанның жаңа символына айналған «Мәңгілік Ел» деп аталған салтанатты аркадан көрініс тапты. «Мәңгілік Ел» идеясы 2013 жылдың 14 желтоқсанында Елбасының қатысуымен өткен Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты басқосуда қабылданды. Салтанатты жиынға қатысушыларға арнаған үндеуінде Тұңғыш Президент 1991 жылдың 16 желтоқсанында әлем халықтары жұлдызының арасында жаңа жұлдыздың пайда болғанын – ол Қазақстан Республикасы екенін білдіріп, аса құнды жеті игілікті атады. «Бірінші игілігіміз. Біздің қасиетті де лайықты еліміз – Мәңгілік Ел. Он төрт мың километрден астам талассыз шегарамыз біздің Отанымызды біртұтас монолитке шегендеді. Олар барлық шектес елдермен ізгі көршілестіктің шебіне айналды». Мәңгілік Ел идеясы 2014 жылы 17 қаңтарда жасаған Елбасының «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауында көрініс тапты: «Мәңгілік Ел – бұл біздің жалпықазақстандық ортақ үйіміздің ұлттық идеясы, біздің бабаларымыздың арманы».

## Маңызды оқиғалардың хронологиялық көрсеткіші

- 1946 ж., маусым – Қазақ КСР-і Ғылым академиясы ашылды.
- 1946 ж., шілде – Ж.Шаяхметов Қазақстан КП(б) ОК Бірінші хатшысы болып сайланды.
- 1949 ж., тамыз – Семей ядролық сынақ алаңында алғашқы ядролық сынақ өтті.
- 1953 ж., 5 наурыз – II.Сталин қайтыс болды.
- 1953 ж., қыркүйек – Н.Хрушев КОКП ОК-нің Бірінші хатшысы болып сайланды.
- 1954 ж., ақпан – Ж.Шаяхметов Қазақстан КП ОК-нің Бірінші хатшысы қызметінен босатылып, оның орнына П.К.Пономаренко тағайындалды.
- 1954 ж. – Қазақстанда тың және тынайған жерлерді игеру басталды.
- 1956 ж. – жашпай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау басталды.
- 1957 ж., қазан – Байқоңыр ғарышайлағынан бірінші жасанды Жер серігі ұшырылды.
- 1959 ж., тамыз – Теміртауда жұмысшылар ереуілі өтті.
- 1960–1962 жж. және 1964–1986 жж. – Д.А.Қонаев Қазақстан КП ОК-нің Бірінші хатшысы қызметін атқарды.
- 1961 ж. – М.Әуезовтің есімі берілген Әдебиет және өнер институты ұйымдастырылды.
- 1964 ж., қазан – Н.Хрушев КОКП ОК-нің Бірінші хатшысы, КСРО Министрлер Кеңесінің Төрағасы қызметінен алынды және Л.Брежнев КОКП ОК-нің Бірінші хатшысы болып сайланды.
- 1979 ж., маусым – Қазақстанда неміс автономиясын құруға қарсы Целиноградта наразылық өтті.
- 1979 ж., желтоқсан – Кеңес әскері Ауғанстанға кірді.
- 1985 ж., сәуір – М.С.Горбачевтің «қайта құру» саясаты басталды.
- 1986 ж., 17–18 желтоқсан – Мәскеудің Д.А.Қонаевтың орнына Г.В.Колбинді тағайындаған шешіміне қарсы Алматыда және республиканың басқа қалаларындағы наразылық шерулері, Желтоқсан қозғалысы өтті.
- 1988 ж. – Ш.Құдайбердіұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатовтар ақталды.
- 1989 ж., ақпан-наурыз – О.Сүлейменов бастаған «Невада–Семей» антиядролық қозғалысы құрылды.
- 1989 ж., маусым – Жанаөзен қаласында толқулар өтті.
- 1989 ж., шілде – Қарағанды шахтёрлерінің ереуілі өтті.
- 1989 ж. – «Әділет» тарихи-ағарту қоғамы құрылды.
- 1989 ж., 22 қыркүйек – «Тілдер туралы» Қазақ КСР-і Заңы қабылданды, қазақ тілі мемлекеттік тіл болып жарияланды.
- 1989 ж. – Н.Ә.Назарбаев Қазақстан КП ОК Бірінші хатшысы болып сайланды.
- 1990 ж., сәуір – Қазақ КСР-нің Президенті болып Н.Ә.Назарбаев сайланды.
- 1990 ж., 25 қазан – Қазақ КСР-і Жоғарғы Кеңесі «Қазақ КСР-інің мемлекеттік егемендігі туралы Декларация» қабылдады.
- 1991 ж., 19–21 тамыз – тарихта «Тамыз бұлігі» деп аталған төтенше оқиға болды.
- 1991 ж., 7 қыркүйек – Алматыда Қазақстан Компартиясының кезектен тыс және төтенше съезі өтті. Қазақстан КП таратылды.
- 1991 ж., 1 желтоқсан – тұңғыш рет Қазақстан Президентінің жалпыхалықтық сайлауы өтті.



**1991 ж., 8 желтоқсан** – РКФСР, Украина және Беларусь басшылары Белоруссия астанасы Минскіде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығын (ТМД) құру жөніндегі келісімге қол қойды.

**1991 ж., 10 желтоқсан** – Республика атауын өзгерту туралы Заң қабылданды. Бұдан былай Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасы Қазақстан Республикасы деп аталатын болды.

**1991 ж., 12 желтоқсан** – Н.Ә.Назарбаев Қазақстандағы «1986 жылғы 17–18 Желтоқсан оқиғаларына қатысканы үшін жауапқа тартылған азаматтарды ақтау туралы» Жарлық шығарды.

**1991 ж., 16 желтоқсан** – «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» конституциялық Заңы қабылданды.

**1991 ж., 21 желтоқсан** – Алматыда бұрынғы 11 одақтас республика ТМД құрылғаны туралы хаттамаға қол қойды.

**1991 ж.** – Қазақстан Халықаралық валюта қорына, Әлемдік қайта құру мен даму банкіне, Еуропалық қайта құру мен даму банкіне, Азия даму банкіне, Экономикалық ынтымақтастық ұйымына мүшелікке өтті.

**1992 ж. қаңтар** – Қазақстан ЕҚЫҰ мүшелігіне өтті.

**1992 ж., 2 наурыз** – Қазақстан Республикасы БҰҰ-ға толыққанды мүше болып қабылданды.

**1992 ж., 29 сәуір** – Түркияның Премьер-министрі Сүлеймен Демирел Алматыға келді. Сол күні Түркияның Қазақстандағы елшілігі ресми түрде ашылды.

**1992 ж., 4 маусым** – Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туы туралы», «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы туралы» және «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимнінің музыкалық редакциясы туралы» Заңдарға қол қойды.

**1992 ж., 7 мамыр** – «Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін құру туралы» Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Жарлығы шықты.

**1993 ж., 13 қаңтар** – «Қазақстан Республикасының мемлекеттік шеғарасы туралы» Заң қабылданды.

**1993 ж., 13 қаңтар** – Ядролық қаруды таратпау туралы шарт бекітілді.

**1993 ж., 28 қаңтар** – Қазақстан Республикасының алғашқы Конституциясы қабылданды.

**1993 ж., 15 қараша** – Ұлттық валюта – тенге енгізілді.

**1994 ж., 6 шілде** – Астананы Ақмолаға ауыстыру туралы Қаулы қабылданды.

**1994 ж., 5 желтоқсан** – Қазақстан, Белоруссия және Украинаға қауіпсіздік кепілдігін беру туралы Меморандум қабылданды.

**1995 ж., 30 тамыз** – Бүкілхалықтық референдумда Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы қабылданды.

**1995 ж., 12 желтоқсан** – Қазақстан Республикасы Ислам конференциясы ұйымына (ІСКҰ) мүшелікке өтті.

**1995 ж., 26 желтоқсан** – «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Заң қабылданды.

**1995 ж.** – Абай жылы болып белгіленді.

**1996 ж.** – Ж.Жабаевтың 150 жылдығы тойланды.

**1996 ж., 16 желтоқсан** – Алматы қаласында Тәуелсіздік монументі ашылды.

**1997 ж., 11 шілде** – «Қазақстан Республикасындағы Тілдер туралы» Заң қабылданды.

**1997 ж., қыркүйек** – М.Әуезовтің 100 жылдығы тойланды.

**1997 ж., 10 қазан** – «Қазақстан – 2030 Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» атты Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы жарияланды.

**1997 ж.** – ел астанасын Ақмола (қазіргі Нұр-Сұлтан) қаласына көшіру туралы Қаулысы шықты.

**1997 ж.** – Жалпыұлттық татулық және қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы.

**1998 ж.** – Халықтар бірлігі мен ұлттық тарих жылы.

**1998 ж., 26 маусым** – «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Заң қабылданды.

**1999 ж., қаңтар** – республикалық «Отан» («Нұр Отан» ХДП) партиясы құрылды.

**1999 ж.** – Ұрпақтар бірлігі мен сабақтастығы жылы.

**1999 ж.** – Қазақстан Республикасында алғашқы халық санағы өтті.

**2000 ж.** – Мәдениетті қолдау жылы.

**2000 ж.** – ЕурАзЭҚ құрылды.

**2001 ж., 15 маусым** – Шанхай ынтымақтастық ұйымын құру туралы Декларацияға қол қойылды.

**2000 ж., 3–5 маусым** – Алматыда АӨСШК саммиті өтті.

**2000 ж., 15 шілде** – Қазақстан Республикасының «Саяси партиялар туралы» Заңы қабылданды.

**2002 ж.** – «Денсаулық жылы» болып жарияланды.

**2003 ж.** – Астанада Әлемдік және дәстүрлі ұлттық діндер көшбасшыларының I съезі өтті.

**2003 ж.** – Ресей Федерациясы мен Қазақстан Республикасының басшылары «Ресейдегі Қазақстан жылын» жариялады.

**2003 ж.** – «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды.

**2004 ж.** – Бірыңғай Ұлттық тестілеу енгізілді.

**2006 ж., 7 ақпан** – Қазақстан Республикасы Өнұранының жаңа мәтіні бекітілді.

**2006 ж.** – ҚР Қарулы Күштері мен басқа да әскери құрылымдарды дамытудың 2010 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы қабылданды.

**2006 ж.** – Әлемдік және дәстүрлі ұлттық діндер көшбасшыларының II съезі өтті.

**2007 ж., 28 қаңтар** – «Жаңа әлемдегі – жаңа Қазақстан» атты Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы жарияланды.

**2007 ж.** – Қазақстан Республикасының 2007–2012 жылдарға арналған ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасы қабылданды.

**2007 ж.** – Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы қабылданды.

**2008 ж.** – ҚР БҒМ Ғылым комитеті Мемлекет тарихы институты құрылды.

**2008 ж.** – «Еуропаға жол» бағдарламасы қабылданды.

**2009 ж., 6 наурыз** – «Дағдарыстан жанару мен дамуға» Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы жарияланды.

**2009 ж.** – Астанада Әлемдік және дәстүрлі ұлттық діндер көшбасшыларының III съезі өтті.

**2010 ж.** – Қазақстан Республикасы ЕҚЫҰ-ға төрағалық етті.

**2010 ж. 1 қаңтар** – Ресей, Қазақстан және Белоруссия арасындағы Кеденлік үштік одақтың жұмысы басталды.

**2010 ж. 29 қаңтар** – «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы жарияланды.



**2011 ж.** – Қазақстан Республикасының Ислам конференциясы ұйымына (ІСКҰ) төрағалық етті.

**2011 ж. 30 қаңтар мен 7 ақпан арасы** – Қазақстанның екі қаласында (Алматы мен Астана) VII қысқы Азия ойындары өтті.

**2012 ж. 1 қаңтар** – Келендік одақ шеңберінде Біртұтас экономикалық кеңістікті қалыптастырушы құжаттар күшіне енді

**2012 ж. 22 қаңтар** – Астана қаласы «ЭКСПО-2017» Халықаралық мамандандырылған көрмесі өткізілетін қала ретінде таңдалды.

**2012 ж., 27 қаңтар** – «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы жарияланды.

**2012 ж., 22–24 мамыр** – 5-ші Астана экономикалық форумы өтті.

**2012 ж. 30–31 мамыр** – Астанада Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының IV съезі өтті.

**2012 ж. 22 маусым** – Мемлекет басшысы магистральді құбырды тиімді пайдалануды, елдің экономикалық, энергетикалық және экологиялық қауіпсіздігін нығайтуды қамтамасыз етуге бағытталған «Магистральді құбыр жүргізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына қол қойды.

**2012 ж. 27 шілде** – Лондондағы жазғы олимпиада ойындарына Қазақстан құрамасы қатысты.

**2012 ж. 14 желтоқсан** – Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2050 Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауын жариялады.

**2013 ж.** – «Әділет» және «Руханият» партиялары бірігіп, жаңа саяси партия құрды және оның аты «Бірлік» болып аталды.

**2013 ж.** – «Қазақ» газетінің жарық көргеніне 100 жыл толды.

**2013 ж. 22–24 мамыр** – «G-Global форматында теңдестірілген экономикалық дамуы қамтамасыз ету» тақырыбында VI Астана экономикалық форумы өтті.

**2013 ж. 30 мамыр** – Тұңғыш Президенттің Жарлығымен Қазақстанда мемлекеттің «Жасыл экономикаға» көшу тұжырымдамасы және оны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді.

**2013 ж. 21 маусым** – Қазақстан Республикасының «Зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Заңы қабылданды.

**2014 ж. 17 қаңтар** – Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына «Қазақстан жолы – 2050»: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Жолдауын жариялады.

**2014 ж. 21–23 мамыр** – VII Астана экономикалық форумы өтті.

**2014 ж. 2 шілде** – Астана күні қарсаңында елордада Ұлттық мұражай ашылды.

**2014 ж. тамыз** – Елбасы Ұлытауда сұхбат беріп, еліміздегі негізгі мәселелерге байланысты көзқарастарын білдірді.

**2014 ж. 11 қараша** – Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты жолдауын жариялады.

**2015 ж.** – «Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы» деп жарияланды.

**2015 ж.** – Ұлы Жеңістің 70 жылдығы атап өтілді.

**2015 ж.** – Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылданғанына 20 жыл толды.

**2015 ж.** – Қазақстанда Қазақ хандығының 550 жылдығы мемлекеттік деңгейде жыл бойы атап өтілді.

**2015 ж. 1 қаңтар** – интеграциялық бірлестік – Еуразиялық Экономикалық Одақ (ЕАЭО) өз жұмысын бастады. Оның құрамына Қазақстан, Ресей, Белоруссия, Қырғызстан мен Армения мемлекеттері кірді.

**2015 ж. 21–22 мамыр** – «Инфрақұрылым: экономиканың орнықты өсімінің драйвері» атты VIII Астана экономикалық форумы өтті.

**2015 ж. 10–11 маусым** – Астанада «Дінді көшбасшылар мен саяси қайраткерлердің бейбітшілік және даму жолындағы диалогі» атты Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының V съезі өтті.

**2015 ж. 27 шілде** – Қазақстан Республикасы Дүниежүзілік сауда ұйымына (ДСҰ) 162-ші мүше-мемлекет болып кірді.

**2015 ж. 29 қыркүйек** – Елбасы Н.Ә.Назарбаев БҰҰ Бас Ассамблеясының 70-ші мерейтойлық сессиясына қатысып, сөз сөйледі.

**2015 ж. 30 қараша** – Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына «Қазақстан жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Жолдауын жариялады.

**2016 ж.** – Қазақстан тәуелсіздігіне 25 жыл толды.

**2016 ж.** – Ұлт көсемі Әліхан Бөкейханның 150 жылдығы ЮНЕСКО шеңберінде тойланды.

**2016 ж.** – 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске 100 жыл толды.

**2016 ж.** – Елордада Ислам ынтымақтастығы ұйымының Ғылым және технологиялар жөніндегі бірінші саммиті өтті.

**2016 ж.** – Алғашқы қазақ ғарышкері Тоқтар Әубәкіровтің ғарышқа ұшқанына 25 жыл толды.

**2016 ж.** – Семей ядролық сынақ алаңының жабылғанына 25 жыл болды.

**2016 ж.** – 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына 30 жыл толды.

**2016 ж.** – Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясының ашылғанына 70 жыл толды.

**2016 ж.** – М.Әуезов атындағы Қазақ драма театрының ашылғанына 90 жыл толды.

**2016 ж.** – «Лениншіл жас», қазіргі «Жас Алаш» газетінің бірінші нөмірінің шыққанына 95 жыл толды.

**2016 ж. 25–26 мамыр** – «Жаңа экономикалық шынайылық: әртараптандыру, инновациялар және білім экономикасы» тақырыбында IX Астана экономикалық форумы өтті.

**2017 ж.** – Астана қаласында (қазіргі Нұр-Сұлтан қ.) ЭКСПО – 2017 халықаралық көрмесі өтті.

**2017 ж.** – Қазақстан БҰҰ қауіпсіздік кеңесінің тұрақты емес мүшесі болып сайланды.

**2017 ж., 29 қаңтар мен 8 ақпан аралығы** – Алматыда қысқы университет ойындары өтті. Қысқы спорттың 12 түрінен өткен жарысқа әлемнің 57 елінен келген спортшылар қатысты.

**2017 ж.** – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың ұсынысымен латын әліпбиіне көшу жұмыстары басталды.

**2017 ж.** – еліміз Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері: Ту, Елтаңба және Әнұранының 25 жылдық мерейтойын атап өтті.

**2017 ж., 23–24 қаңтар** – Астанада Сириядағы жағдайды реттеу бойынша халықаралық кездесу өтті.

**2017 ж.** – Қазақстанның 18 миллионыншы тұрғыны дүнге келді.

**2017 ж., 12 қаңтар** – көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ғалым, Қазақстанның бірінші басшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың туғанына 105 жыл толды.

**2017 ж., 5 тамыз** – әскери ұшқыш, авиация генерал-майоры, екі мәрте Кеңес Одағының Батыры Талғат Жакыпбекұлы Бигелдиновтың туғанына 95 жыл болды.



**2018 ж.** – Тәуелсіздіктің нышаны – арайлы астанамызға 20 жыл толды.

**2018 ж. 1 қаңтар** – ақын, педагог, түрколог, ғалым Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 145 жыл толды.

**2018 ж. 1 қаңтар** – Кеңес Одағының Батыры, үш мәрте «Қызыл Ту», «Ленин» ордендері мен бірқатар медальдардың иегері И.В.Панфиловтың туғанына 125 жыл толды.

**2018 ж. 3 сәуір** – халық батыры, қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісін ұйымдастырушылардың бірі Амангелді Імановтың туғанына 145 жыл толды.

**2018 ж. 23 сәуір** – жазушы, Ұлы Отан соғысының ардагері, әйгілі партизан, Халық Қаһарманы Қасым Қайсеновтің туғанына 100 жыл толды.

**2018 ж. 25 маусым** – Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 125 жыл толды.

**2018 ж., 10–11 қазан** – Астанада (қазіргі Нұр-Сұлтан қ.) Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VI съезі өтті.

## Пайдаланған әдебиеттер тізімі

- Аяган Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Махат Д.А.* Қазіргі Қазақстан тарихы: Жоғары оқу орындарының тарихшы емес мамандықтарына (бакалавриат) арналған оқулық.– Алматы: Паритет, 2010.
- Аяган Б., Нурымбетова Г.* Политические партии современного Казахстана. 2009 год: Справочник. Алматы, 2009.
- Аяган Б.Ғ. и другие.* Назарбаев Нурсултан Абишевич – основатель независимого государства. Астана, 2009.
- Аяган Б.* Апогей и закат советского социализма. Казахстанский полигон (1970–1990-е гг.). Алматы, 1999.
- Адамбеков Б.К.* XX ғасырдағы Ресей империясы, Кеңес мемлекеті және ТМД тарихы: Оқу құралы. Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2005.
- Адамбеков Б.К.* Кеңес Одағының тарихы (1917–1991). Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2016.
- Алма-Ата 1986. Декабрь. Книга-хроника. Алма-Ата, 1991.
- Әбжанов Х.* Қазақстан: Тарих. Тіл. Ұлт. Астана, 2007.
- Внешняя политика Республики Казахстан. Хроника (1991–1999). Алматы, 1999.
- Дүйсенов С.* 11-сыныпта Қазақстан Республикасының бейбітшіл сыртқы саясатын оқыту әдістемесі. Мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал. Астана, 2004.
- Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. 4-том. Алматы: Атамұра, 2010.
- Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. Бес томдық. 5-том. Алматы: Атамұра, 2010.
- Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. 8 том. Алматы, 2006.
- Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін (Очерк): Оқу құралы. Алматы: Дәуір, 1994.
- «Қазақстанның даму стратегиясы». Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауларына шолу (1997–2012 жж.), «Стратегия развития Казахстана». Обзор Посланий Президента Республики Казахстан. (1997–2012 гг.). Астана: Акорда, 2012.
- Қазақтар, казахи. Тоғыз томдық анықтама. Алматы, 1998.
- Койгелдиев М.К.* Сталинизм и репрессии в Казахстане 1920–1940-х годов. Алматы, 2009.
- Койгелдиев М.К.* Казахстан в российских революциях 1917 года. Алматы: Алаш, 2011.
- Козыбаев М.К.* Казахстан на рубеже веков: размышления и поиски. Алматы, 2000.
- Махат Д.А.* Қазақ зиялыларының кәсіреті. Алматы: Сөздік-Словарь, 2001.
- Назарбаев Н.Ә.* Ғасырлар тоғысында. Алматы: Өнер, 1996.
- Назарбаев Н.Ә.* Қазақстан – 2030. Алматы: Білім, 1998.
- Назарбаев Н.Ә.* «Қазақстан – 2030» Стратегиясы іс жүзінде // Егемен Қазақстан. 2005, 12 қазан.
- Назарбаев Н.Ә.* Қалың елім, қазағым. Алматы: Өнер, 1998.
- Назарбаев Н.Ә.* Қазақстан – Ресей қатынастары. Алматы: Қазақстан, 1998.
- Назарбаев Н.Ә.* Тарих толқынында. Алматы: Атамұра, 1999.
- Назарбаев Н.Ә.* Бейбітшілік кіндігі. Астана: Елорда, 2001.
- Назарбаев Н.Ә.* Сындарлы он жыл. Алматы: Атамұра, 2003.
- Назарбаев Н.Ә.* Еуразия жүрегінде. Алматы: Атамұра, 2005.



*Назарбаев Н.Ә.* Қазақстан жолы. Астана, 2012.

*Назарбаев Н.Ә.* Тәуелсіздік белестері. Астана, 2012.

*Назарбаев Н.Ә.* Тәуелсіздік дәуірі. Астана, 2017.

*Омарбеков Т.* Қазақстан тарихының XX ғасырдағы өзекті мәселелері: көмекші оқу құралы. Алматы: Өнер, 2003.

Президент Н.А.Назарбаев и современный Казахстан. Том I. Н.А.Назарбаев и социально-экономическое развитие Казахстана: сборник документов и материалов в трех томах. Алматы: КІСІІ при Президенте РК, 2010.

Президент Н.А.Назарбаев и современный Казахстан. Том III. Н.А.Назарбаев и внешняя политика Казахстана: сборник документов и материалов в трех томах. Алматы: КІСІІ при Президенте РК, 2010.

*Глешов Е., Қамзабекұлы Д.* Алаш қозғалысы. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: Сардар, 2014.

*Тоқаев Қ.* Беласу. Алматы: Дәуір, 2003.

## МАЗМУНЫ

Алғы сөз .....	3
<b>СОҒЫСТАН КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРДАҒЫ ӨЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ</b>	
§ 1–2. Соғыстан кейінгі жылдардағы әлеуметтік-экономикалық өзгерістер. Пайдалы қазбаларды зерттеу және өнеркәсіптің дамуы .....	5
§ 3. Қазақ КСР ауылшаруашылығының дамуы .....	8
<b>ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨСКЕРИ-ӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕН</b>	
§ 4. Қазақстанда әскери-өнеркәсіп кешенін құру .....	11
<b>СТАЛИНДІК ИДЕОЛОГИЯНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ӨМІРГЕ ӨСЕРІ</b>	
§ 5. Соғыстан кейінгі жылдардағы қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктері .....	14
§ 6. Бекмаханов ісі .....	17
<b>«ЖЫЛЫМЫҚ» КЕЗЕҢІДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ДАМУЫ</b>	
§ 7–8. Қазақстан «жылымық» кезеңінде (1954–1964 жж.) .....	21
<b>ТЫҢ ИГЕРУ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН</b>	
§ 9–10. Қазақстандағы тын және тынайған жерлерді игеру .....	27
§ 11. Тын жерлерді игерудің экономикалық, экологиялық, демографиялық салдары .....	31
<b>ҚАЗАҚ КСР ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ШИКІЗАТҚА БАҒЫТТАЛУЫ</b>	
§ 12–13. Қазақстанда Хрущевтік кезеңдегі өнеркәсіптің дамуы .....	34
§ 14. Қазақстандағы әскери-өнеркәсіптік кешен. Байқоңыр ғарышайлағы .....	38
<b>1965–1985 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ</b>	
§ 15–16. 1965–1985 жж. Қазақстандағы өнеркәсіптің ахуалы .....	42
§ 17–18. 70–80-жылдардағы Қазақстан ауылшаруашылығындағы дағдарыстық көріністер .....	47
<b>XX ҒАСЫРДЫҢ 60–80-ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ДАМУЫНДАҒЫ ҚАРАМА-ҚАЙШЫЛЫҚТАР</b>	
§ 19–20. 1965–1985 жылдардағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси өмірдің ерекшеліктері .....	52
§ 21. Ұлттық саясаттағы бұрмалаушылық. 1979 жылғы Целиноград оқиғасы .....	56
§ 22. «Тұлғалар» тарихы: Қазақ КСР басшыларының қызметі: Ж.Шаяхметов, Д.Қонаев, Ж.Тәшенов .....	60
<b>«ТОҚЫРАУ» ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР</b>	
§ 23. «Тоқырау» жылдарындағы демографиялық өзгерістер және урбандату .....	65
<b>XX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ДАМУЫ</b>	
§ 24–25. 1945–1985 жылдардағы Қазақстандағы білім беру жүйесі .....	68



<b>XX ҒАСЫРДЫҢ 40–80-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҒАЛЫМДАРДЫҢ ҒЫЛЫМДЫ ДАМУДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІ</b>	
§ 26. Кеңестік Қазақстандағы ғылымның дамуы .....	73
<b>XX ҒАСЫРДЫҢ 40–80-ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ПЕН ӨНЕРДІҢ ДАМУЫ</b>	
§ 27–28. Кеңестік Қазақстандағы әдебиет және өнер .....	77
<b>ҚАЗАҚСТАН ҚАЙТА ҚҰРУДЫҢ БАСТАПҚЫ КЕЗЕҢІНДЕ</b>	
§ 29–30. Қайта құрудың себептері, мазмұны және салдары .....	85
<b>ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1986 ЖЫЛҒЫ ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫ</b>	
§ 31. Қазақстандағы 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы: себептері, барысы мен салдары .....	90
§ 32. 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасына қатысушыларға қатысты жазалау шаралары .....	94
<b>«ҚАЙТА ҚҰРУ» ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР</b>	
§ 33. Қазақ КСР-інде «Тілдер туралы» Заңның қабылдануы, Қазақ КСР-інің Мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясы .....	99
§ 34. Қазақстандағы қоғамдық-саяси қозғалыстар. Семей ядролық сынақ аланының жабылуы .....	101
§ 35. Кеңестік саяси жүйенің дағдарысы. Тамыз бүлігі және КСРО-ның ыдырауы ....	105
<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТӘУЕЛСІЗДІГІНІҢ ЖАРИЯЛАНУЫ</b>	
§ 36. Тәуелсіз Қазақстан мемлекеттілігінің қалыптасуы .....	110
<b>Н.Ә.НАЗАРБАЕВ – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ</b>	
§ 37–38. Тәуелсіз мемлекеттің қалыптасуындағы Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың рөлі .....	114
<b>ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ІС-ШАРАЛАР</b>	
§ 39. Тәуелсіз Қазақстанның қоғамдық-саяси институттарының қалыптасуы. Мемлекеттік құрылысы .....	127
§ 40. Қазақстандағы көппартиялық жүйенің қалыптасуы. Қоғамдық қозғалыстар және ұйымдар .....	132
§ 41. Қазақстан Республикасының Конституциясы (Ата Заңы) .....	137
<b>ҚАЗАҚСТАН – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚҰҚЫҚ СУБЪЕКТІСІ</b>	
§ 42–43. Қазақстанның әлемдік қауымдастыққа кірігуі .....	143
<b>ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ</b>	
§ 44. Нарықтық экономикаға көшудегі қиыншылықтар .....	150
<b>ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕР</b>	
§ 45–46. 90-жылдардағы Қазақстандағы әлеуметтік-демографиялық саладағы өзгерістер .....	154

**«ҚАЗАҚСТАН – 2030» СТРАТЕГИЯСЫ – МЕМЛЕКЕТ  
ДАМУЫНДАҒЫ ЖАҢА КЕЗЕҢ**

§ 47. Қазақстан Республикасының ұзақмерзімді басым мақсаттары мен стратегиялары .....	161
---------------------------------------------------------------------------------------	-----

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ 1997 ЖЫЛДАН  
БАСТАП ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫ**

§ 48. Қазақстанның 1990–2000 жылдардағы экономикалық жағдайы .....	165
§ 49. Қазақстан Республикасындағы экономикалық дамудың қорытындылары: жетістіктері мен мәселелері .....	171

**ҚАЗАҚСТАННЫҢ 1997 ЖЫЛДАН  
БАСТАП ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУЫ**

§ 50. 1990–2000 жылдардағы нарықтық экономиканың әлеуметтік салаға тигізген әсері .....	174
-----------------------------------------------------------------------------------------	-----

**ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР  
ЖҮЙЕСІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН**

§ 51–52. Қазақстанның аймақтық және халықаралық ұйымдармен қарым-қатынасы .....	178
§ 53. Қазақстан Республикасының әлемнің озық елдерімен қарым-қатынасы және көпвекторлық саясат .....	184

**ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ АСТАНАСЫ**

§ 54. Еліміздің астанасы – жаңа Қазақстанның өркендеу нышаны .....	193
--------------------------------------------------------------------	-----

**«ҚАЗАҚСТАН – 2050» СТРАТЕГИЯСЫ**

§ 55. «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты .....	199
----------------------------------------------------------------------------------------	-----

**ҚАЗІРГІ КЕЗДЕГІ ҚАЗАҚСТАН ДАМУЫНЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ**

§ 56. Қазақстанның қазіргі кезеңдегі ұзақмерзімді мемлекеттік стратегиялары .....	203
-----------------------------------------------------------------------------------	-----

**ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ  
БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУЫ**

§ 57. Қазақстан Республикасының білім мен ғылым саласындағы саясаты .....	209
---------------------------------------------------------------------------	-----

**ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН МӘДЕНИЕТІНІҢ  
ДАМУЫ**

§ 58. Қазіргі кезеңдегі өнер мен әдебиеттің даму үрдісі .....	216
---------------------------------------------------------------	-----

**ДІННІҢ ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫНДАҒЫ РӨЛІ**

§ 59. Дінаралық келісімнің қазақстандық моделі .....	225
------------------------------------------------------	-----

**«МӘНГІЛІК ЕЛ» ҰЛТТЫҚ ИДЕЯСЫ**

§ 60. Ұлттық құндылықтардың артуы. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы .....	230
Манызды оқиғалардың хронологиялық көрсеткіші .....	237
Пайдаланған әдебиеттер тізімі .....	243





*Учебное издание*

**Ускембаев Канат Салвакасович  
Сактаганова Зауреш Галымжановна  
Мухтарулы Габит**

**ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА  
(1945–2019 гг.)**

**Часть 2**

**Учебник для 8-9 классов общеобразовательных школ  
(на казахском языке)**

**Редакторы *Е. Жайнақов*  
Көркемдеуші редакторы *Ж. Болатов*  
Техникалық редакторы *Л. Садықова*  
Компьютерде беттеген *А. Кожумова***

**Баспаға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің  
№ 0000001 мемлекеттік лицензиясы 2003 жылы 7 шілдеде берілген**

**ИБ № 5934**

**Басуға 02.07.19. қол қойылды. Пішімі 70×100<sup>1/16</sup>. Офсеттік қағаз.  
Қаріп түрі «SchoolBook Kza». Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 19,96.  
Шартты бояулы беттаңбасы 80,49. Есептік баспа табағы 13,97.  
Таралымы 35 000 дана (II зауыт). Тапсырыс №**

**«Мектеп» баспасы, 050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй  
Факс: 8(727) 394-37-58, 394-42-30  
Тел.: 8(727) 394-41-76, 394-42-34  
E-mail: mektep@mail.ru  
Web-site: www.mektep.kz**

